

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ–АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КІТАПХАНА**

**2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ
АТАУЛЫ ДАТАЛАР КҮНТІЗБЕГІ**

**БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС
КӨРСЕТКІШІ**

АЛМАТЫ 2023

Құрастырушы: **Иманбекова К.Ж.**

Редактор: **Сайдембаева А.Ш.**

2024 жылға арналған білім беру саласындағы атаулы даталар күнтізбегі: библиографиялық ұсыныс көрсеткіші. – Алматы, 2023. – 283 б.

Күнтізбекте Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы тарихи және ресми құжаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы деректер, ағартушылардың, педагогтардың, ғалымдардың, білім беру саласы қызметкерлерінің, білім тарихын зерттеушілердің, оқулықтар мен оқу құралдары авторларының атаулы даталары жайлы мәліметтер берілген.

Күнтізбек үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде – білім беру саласындағы әр айдың даталар күнтізбегі; екінші бөлімде айы мен күні белгісіз даталар; үшінші бөлімде бірінші, екінші бөлімдегі – жұлдызша (*) арқылы белгіленген әрбір датаға қысқаша анықтама мен әдебиеттер тізімі берілген. Күнтізбектің соңында аталған есімдердің алфавиттік көрсеткіші, сонымен қатар авторлардың, редакторлардың және құрастырушылардың алфавиттік көрсеткіші берілген.

Күнтізбек оқытушыларға, студенттерге, оқушыларға, ағарту саласы кітапханаларының қызметкерлеріне және көпшілік қауымға арналған.

Күнтізбек қазақ және орыс тілдерінде жеке басылым болып шығады.

Осы күнтізбек туралы пікірлеріңізді мына мекен-жайға жазуға болады: 050010 Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 21/25. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана. Тел./факс 291–27–03.

**2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
САЛАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ДАТАЛАР
КҮНТІЗБЕГІ**

Қаңтар

- 1 қаңтар** **Жаңа жыл***
- 1 қаңтар** Кескіндемеші–график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР халық суретшісі **Әбілхан Қастеевтің** туғанына **120 жыл** (1.01.1904–2.11.1973).
- 1 қаңтар** Актриса, Қазақстан және КСРО халық артисі **Сәбира Майқанованың** туғанына **110 жыл** (1.01.1914–14.01.1995)
- 1 қаңтар** Әнші, Қазақ КСР–інің халық әртісі **Рабиға Есімжанованың** туғанына **110 жыл** (1914–1986).
- 7 қаңтар** **Рождество күні.**
- 7 қаңтар** Химия ғылымдарының кандидаты, профессор, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі, (1987–1988), Қазақстан Республикасы Білім министрі (1988–1993) **Шайсұлтан Шаяхметовтың** туғанына **85 жыл** (7.02.1939–30.06.2000).*
- 7 қаңтар** Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, Халықаралық инженерлік академияның академигі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі (2000–2002), қоғам қайраткері **Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғановтың** туғанына **75 жыл** (7.01.1949).*
- 10 қаңтар** «Бастауыш жеті жылдық және орта мектеп оқушыларының үлгерім бағасына бестік балды енгізу туралы» РСФСР халық комиссариаты кеңесінің қаулысына **80 жыл** (10.01.1944) // Народное образование в СССР. Сб. док. 1917–1973 гг. – М., 1974. – С.179.
- 10 қаңтар** **Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан күні.** 1992 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскері құрылды. 2014 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскері Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы болып қайта құрылды. 2015 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Заңына қол қойды. Ұлттық ұланның арнайы туы мен нышаны, жоғары әскери оқу орны, әскери бөлімдері және өңірлік қолбасшылықтардың белгіленген бір үлгідегі Жауынгерлік тулары бар.

- 10 қаңтар** «Қазақ әдебиеті» газетінің жарық көргеніне **90 жыл** (10.01.1934).
- 13 қаңтар** Абай атындағы Қазақ мемлекеттік Академиялық опера және балет театрының ашылғанына **90 жыл** (15.01.1934)
- 15 қаңтар** С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті, 1992 жылдан Әл-Фараби атындағы **Қазақ Ұлттық университетінің** құрылғанына **90 жыл** (15.01.1934)
- 15 қаңтар** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, «Қазақстан тарихы» оқулықтарының авторы **Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбековтың** туғанына **95 жыл** (15.01.1929–20.05.2015)*
- 23 қаңтар** Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Байынқол Қалиұлы Қалиевтің** туғанына **85 жыл** (23.01.1939)*.
- 24 қаңтар** **Халықаралық білім күні.** Бұл күн тарихта алғаш рет 2019 жыл 24 қаңтарда атап өтілді. Мереке БҰҰ-ның Бас ассамблеясының 2018 жылғы 3 желтоқсандағы қарарымен жарияланған болып, онда Нигерия делегациясы Брюссельде өткен Ғаламдық білім беру конференциясында осы күнді атап өту жайлы бастама көтерді және оны конференцияға қатысушы 58 мемлекет қолдады. Бұл конференцияда адамдарға өмір бойы білім алуға мүмкіндік беретін барлық деңгейде инклюзивті және тең сапалы білім беру шараларын қабылдаудың маңыздылығы айтылған.
- 30 қаңтар** Жазушы **Саттар Ерубаеттың** туғанына **110 жыл** (30.01.191—1970).
- қаңтар** Халықаралық саяси апталық «Түркістан» газетінің жарық көргеніне **30 жыл** (1994).
Қаңтар айының үшінші жексенбісі – Халықаралық қар күні. Бұл күннің мақсаты техникалық ойындарға әуес балаларды таза ауадағы қармен ойнауға тарту, қысқы спорт түрлеріне бейімдеу.
- Ақпан**
- 4 ақпан** Ақын, әдебиетші, драматург **Әбділда Тәжібайұлы Тәжібаевтың** туғанына **115 жыл** (4.02.1909–23.09.1998).
- 11 ақпан** Қазақстанның халық жазушысы, драматург **Сәкен Жүнісовтың** туғанына **90 жыл** (1934).
- 14 ақпан** **Халықаралық кітап сыйлау күні.** Бұл мереке 2012 жылы үш баланың анасы, балалар кітабы сайтының негізін салушы америкалық Эмми Бродмурдың бастамасымен пайда болды. Мақсаты балаларға кітап сыйлау арқылы кітап оқуға баулу.
- 15 ақпан** Актер, режиссер, КСРО Халық артисі **Шәкен (Шаһкерім) Аймановтың** туғанына **110 жыл** (15.02.1914–24.12.1970).

- 15 ақпан** **Интернационалист жауынгерлерді еске алу күні.** 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан Кеңес әскерінің ең соңғы бөлімшесі қайтарылды. Осы оқиғаға байланысты 15 ақпан Интернационалист жауынгерлерді еске алу күні деп жарияланды.
- 17 ақпан** Физика–математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі (1999), **Владимир Сергеевич Школьниктің туғанына 75 жыл** (17.02.1949)*
- 17 ақпан** **Дүниежүзілік мейірім күні.** Бұл күні дүниежүзілік ұйымдар адамдарды бір біріне мейірімді, қайырымды болуға шақырады.
- 18 ақпан** Қазақ әдебиетін зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі **Әнуар Жақсығалиұлы Дербісалиннің туғанына 95 жыл** (18.02.1929–4.07.1986)*
- 20 ақпан** Қоғам және мемлекет қайраткері, ҚАКСР халық ағарту комиссары (1928 қаңтар –1929 маусым) **Ораз Қыйқымұлы Жандосовтың туғанына 125 жыл** (20.02.1899–02.03.1938)*
- 20 ақпан** Педагог, қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен әдістеме құралдарының авторы **Сәукім Тілешованың туғанына 100 жыл** (20.02.1924).*
- 21 ақпан** **Халықаралық ана тілі күні.** 1999 жылдың 17 қарашасында ЮНЕСКО–ның Бас конференциясында жарияланды, 2000 жылдың ақпанынан бастап тілдік және мәдени алуандылыққа, көптілділікке қолдау білдіру үшін жыл сайын атап өтіледі. Өз кезегінде, БҰҰ–ның Бас Ассамблеясы 2008 жылды Халықаралық тілдер жылы деп жариялаған болатын.
Ақпан айының бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз Интернет күні. Бұл күн 2004 жылы Еурокомиссияның ұсынысы бойынша бекітілген. Бұл күннің мақсаты мемлекет, бизнес және қоғамның балалар мен жасөспірімдерді Интернет желісінде қауіпсіздік қағидаларын сақтап, интернет–этика мен заңға қарсы болып табылатын мәліметтерден сақтандыру болып табылады.

Наурыз

- 1 наурыз** **Алғыс айту күні.** Президент жарлығымен белгіленген Алғыс айту күнін 2016 ж. 1 наурызда барша Қазақстан халқы тұңғыш рет мерекеледі. Бұл күн ұлт пен ұлысты жақындастыратын мереке ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–қ.

- 3 наурыз** **Дүниежүзілік жазушы күні.** Дүниежүзілік жазушы күні Халықаралық Пен–клубтың 48–ші конгресінің шешімі негізінде атап өтіледі. Клуб 1921 жылы құрылған. Ұйымның атауы ағылшынның poets – ақындар, essayists – очеркшілер, novelists – романшылар сөздерінің бастапқы әріптерінен құрылған. Сонымен қатар «pen» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қаламсап» деген мағынаны береді. Ұйым атауы ағылшындық жазушы Кэтрин Эми Доусон–Скоттқа тиесілі. ПЕН–клубтың алғашқы президенті – Джон Голсуорси. 1923 жылы Лондонда ПЕН–клубтың алғашқы халықаралық конгресі өтті. Сол уақытта ПЕН–орталық әлемнің 11 елінде бар болатын. Ал қазір дүниенің 130 елінде, соның ішінде Қазақстанда да бар. ПЕН–клуб – халықаралық жазушылар бірлестігі, оның Хартиясында «әр елдің ішіндегі және барлық елдер арасындағы ақпарат бостандығы принциптерін қорғауға жақтасу» деп көрсетілген.
- 8 наурыз** **Халықаралық әйелдер күні *.**
- 14 наурыз** Қазақ мемлекеттік заң институтының (қазір Қазақ мемлекеттік заң университеті) құрылғанына **30 жыл** (14.03.1994).
- 15 наурыз** **Дүниежүзілік тұтынушыларды қорғау күні.** Бұл күн 1983 жылдан бері 15 наурызда халықаралық күнтізбекке енгізілген.
- 17 наурыз** Физика–математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық жоғары мектеп академиясының, Қазақ білім академиясының академигі **Базар Қабдошұлы Дамитовтың** туғанына **80 жыл** (17.03.1944)*
- 18 наурыз** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР–на еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері **Қадыр Жаманбайұлы Жаманбаевтың** туғанына **110 жыл** (18.03.1914–15.09.1986).
- 18 наурыз** Қазақстанның халық жазушысы **Морис Давидович Симашконың (Шамис)** туғанына **100 жыл** (18.03.1924–24.12.2001).
- 20 наурыз** Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі, Ұлы Отан соғысының ардагері **Василий Петрович Калининнің** туғанына **105 жыл** (20.03.1919–2015) *(Ол туралы 2024 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз).*
- 20 наурыз** Опера әншісі, Қазақстанның халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Әнуарбек Бейсембайұлы Үмбетбаевтың** туғанына **110 жыл** (20.03.1914–11.12.1973).
- 20 наурыз** **Халықаралық бақыт күні.** Бұл күн 2012 ж. 28 маусымда БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсынысы бойынша БҰҰ мүше 193 елдің қолдауымен 20 наурызда тойлансын деп шешілді. 2016 жылы Алматыда алғаш рет осы мереке аталып өтілді.

- 21 наурыз** **Дүниежүзілік поэзия күні.** ЮНЕСКО Бас конференциясының 1999 жылдың 30-ыншы сессиясында наурыздың 21-де Дүниежүзілік поэзия күнін атап өту туралы шешім қабылданды. Дүниежүзілік Поэзия күні тұңғыш рет ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Парижде атап өтілді. «Поэзия, – делінген ЮНЕСКО шешімінде, – қазіргі заманғы адамның өткір де терең рухани мәселелеріне жауап бере алады. Бірақ бұл үшін оған қоғам назарын мүмкіндігінше кеңірек аударту қажет. Сонымен қатар Дүниежүзілік поэзия күні қазіргі ақындардың шығармалары оқырмандарына, негізінен солардың күшімен, жол тауып жатқан шағын баспалардың, тебіреніске толы сырлы сөзбен мәңгілік дәстүрді қайта тірілтіп жүрген әдеби клубтардың өздерін кеңінен танытуына мүмкіндік беруі тиіс». Бұл күні бұқаралық ақпарат құралдарында поэзияның шын мәніндегі қазіргі заманғы, адамдар ашық қабылдай алар өнер ретіндегі жағымды кейпін қалыптастыруға қызмет етуі қажет.
- 21 наурыз** **Халықаралық қуыршақтар театры күні.** 2000 жылы Халықаралық қуыршақтар театрының одағы Халықаралық қуыршақ театрының күнін атап өту туралы ұсыныс жасады. 2003 жылғы бүкіл әлемнің қуыршақтар фестивалі осы дәстүрді енгізді. Содан бері қуыршақ театрының барлық кәсіпқойлары мен жанкүйерлері 21 наурызда Халықаралық қуыршақтар театры күнін атап өтуде.
- 21-23 наурыз** **Наурыз мейрамы*.**
- 21 наурыз** **Көктемгі демалыс (21 наурыз– 4 сәуір)***
- 22 наурыз** **Дүниежүзілік су күні.** 1992–ші жылы Бразилияның Рио–де–Жанейро қаласында өткен БҰҰ–ның қоршаған ортаны қорғау және дамыту жөніндегі конференциясында 22–ші наурыз – «Дүниежүзілік су қорлары» күні деп жарияланды. Бас Ассамблеяның 1992–ші жылғы желтоқсанның 22–сіндегі 47/193 қарарымен жарияланған Дүниежүзілік су қорлары күні – таза ауыз сумен қамтамасыз етуде қолға алынып отырған нақты күш–жігер және кездесіп отырған қиыншылықтар мен олардан арылуға бастайтын шешімдер онды нәтижелерге жетуге жәрдемін тигізетінін баршаның есіне салудың баға жетпес мүмкіндігі.
- 22 наурыз** Ағартушы, оқымысты, түркі халықтарынан шыққан ұлы астроном әрі математик Орта Азия мемлекет қайраткері **Ұлықбек Мұхаммед Тарағайдың туғанына 630 жыл (22.03.1394–1449).**
- 24-30 наурыз** **Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығы.** Бұл мереке жыл сайын оқушылардың көктемгі демалыс күндерінде өткізіледі. Бұл мерекенің тарихы былай басталған. Ұлы Отан соғысының жүріп жатқан кезі, күн суық, азық–

түлік тапшы, карточкамен берілетін. Осындай 1943 жылдың суық, сұрғылт көктемiнiң бiр күнiнде Одақтар үйiнiң суық залына балалар жазушылары мен ақындары Мәскеудiң оқушы балаларын жинап балалар кiтаптары туралы кездесу өткiздi. Осылай алғаш рет балалар кiтабы апталығы пайда болды. Қазiр бұл мереке жыл сайын «Балалар мен жасөспiрiмдер кiтаптарының апталығы» мерекесi деп дәстүрлi түрде аталып өтiледi. Бұл мерекенiң мақсаты – кiтап оқуды жас ұрпақтың қызғылықты да тиiмдi демалыс уақытына айналдыру, балалардың, жасөспiрiмдердiң рухани дамуына жағдай жасау.

27 наурыз

Дүниежүзiлiк театр күнi. 1961 жылы Халықаралық театр институтының IX конгресiнде 27 наурызды Дүниежүзiлiк театр күнi деп тойлау бекiтiлдi. Бұл барлық театр қызметкерлерiнiң мерекесi.

27 наурыз

Қазақ КСР Жоғары Кеңесiнiң «**Мектептiң өмiрмен байланысын нығайту және Қазақ КСР-iнде халыққа бiлiм беру жүйесiн одан әрi дамыту туралы**» заңына **65 жыл** (27.03.1959) // Қазақ ССР: энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 1980. – 395 б.

30 наурыз

Дүниежүзiлiк Жердi қорғау күнi. Бұл күндi жер шарының «жасылдар» қозғалысы белгiлеген. Бұл күн адам мен табиғаттың егiз екенiн ұғындырып, жердi құрметтеп, табиғатты қорғау мақсатында өткiзiледi.

Сәуiр

1 сәуiр

Халықаралық құстар күнi. 1906 жылы 1 сәуiрде «Халықаралық құстарды қорғау туралы конвенция» қабылданғаннан кейiн осы күнi аталып өтетiн болған.

2 сәуiр

Халықаралық балалар кiтабы күнi*.

7 сәуiр

Дүниежүзiлiк денсаулық сақтау күнi*.

12 сәуiр

Бұдан **40 жыл** бұрын Кеңестер Одағы Коммунистiк партиясы Орталық Комитетi мен КСРО Министрлер Кеңесi «**Жалпы бiлiм беретiн және кәсiптiк мектеп реформасының Негiзгi бағыттары**» туралы қаулы қабылдады (12.04.1984) // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3 – 225; 312 б.

12 сәуiр

Дүниежүзiлiк ғарышкерлiк күнi*.

12 сәуiр

Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президентi, қоғам қайраткерi, геология ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының, Қазақстан ғылым академиясының академигi **Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың** туғанына **125 жыл** (12.04.1899–31.01.1964).*

12 сәуiр

Ғылым қызметкерлерi күнi. Бұл мереке 2011 жылы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентiнiң жарлығы бойынша тағайындалды. 12 сәуiрде Қазақстанның көрнектi

ғалымы, академик, Қазақстан ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев дүниеге келген. Сол себепті осы күн мереке ретінде атап өтіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–қ.

15 сәуір

Халықаралық мәдениет күні. 1935 жылы көркем және ғылыми мекемелер мен тарихи ескерткіштерді қорғауға арналған халықаралық Рерих Пактісі деп аталатын келісімге қол қойылған. 1998 жылдан бастап 15 сәуір Халықаралық мәдениет күні деп аталынып келеді.

18 сәуір

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні. Жыл сайын әлем қауымдастығы 18 сәуірде Халықаралық тарихи ескерткіштерді және тарихи орындарды қорғау күнін атап өтеді. 1982 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы осы күнді бекіткен болатын. Басты мақсат – жас ұрпақты тарихи құндылықтарымызбен таныстыру, тарихи ескерткіштеріміз – мәдени мұраларымызды қастерлеп сақтауға, құрметтеуге шақыру.

20 сәуір

Кеңес Одағының Батыры **Әлия Молдағұлованың** туғанына **100 жыл** және Отан соғысында қаһармандық көрсетіп мерт болғанына **80 жыл** (20.04.1924–1944).

22 сәуір

Халықаралық Жер–Ана күні. Бұл күнді жариялау туралы қарарды БҰҰ Бас Ассамблеясы 2009 ж. сәуірдің 22–сінде бірауыздан мақұлдады. Қарарды мақұлдағандардың қатарында Қазақстан да бар. Жер–Ана күнін жариялау планетамыздың және оның экологиялық жүйесінің бізді өмірмен қамтамасыз етіп отырғанын түсінгенімізді паш етіп, сондай-ақ 1992 жылғы Рио–де–Жанейрода өткен қоршаған орта және оны дамыту Конференциясында қабылданған міндеттерді бекіте түсті. Бұл күн 2010 ж. бастап атап өтіледі.

23 сәуір

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор **Виктор Кузьмич Сидоровтың** туғанына **100 жыл** (23.04.1924–24.04.2004) *(Ол туралы 2024 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз).*

23 сәуір

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні. Бұл күнді атап өтуге себепті нәрсе – 23 сәуірдің қаламгер қауымына көп байланысты болғандығынан. 1616 жылдың 23 сәуірінде әлемді мойындатқан классик қаламгерлер Сервантес, Шекспир, Инка Гарсиласо де ла Вега дүниеден өтті. Бұл күн – сонымен қатар әлемге танымал авторлар Морис Дрюон, Х.Лакснесс, Владимир Набоков, Мануэль Мехиа Вальехоның туған және өмірден қайтқан күндері.

- Сондықтан әлемнің кітапсүйер қауымы 23 сәуірді Кітап және авторлық құқық күні ретінде атап өтеді.
- 24 сәуір** **Халықаралық жастар ынтымақтастығының күні.** Демократиялық жастар дүниежүзілік федерациясының шешімімен жыл сайын 24 сәуір күні аталып өтеді. Тұңғыш рет мереке 1957 жылы өткізілді. Бұл дата мемлекеттік органдардың, қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының назарын жастар проблемасына аударту үшін тағы бір себеп болып табылады. Аталмыш датадан бөлек, ғаламшар жастарына арналған бірнеше мереке бар, олар – 12 тамыз күні атап өтілетін Халықаралық жастар күні және 10 қараша – Дүниежүзілік жастар күні.
- 28 сәуір** **Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні.** 1999 АҚШ пен Канада еңбекшілер кәсіподағының ұйымдастыруымен қаза болған жұмысшыларды еске алу күні өткізіледі. Содан бері осындай шаралар барлық елдерде өткізіліп келеді. Ресми түрде Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні Халықаралық еңбек ұйымының тағайындауы бойынша 2003 жылдың 28 сәуірінен бастап аталып өтіледі.
- 29 сәуір** КСРО Министрлер Кеңесінің «Халыққа білім беру саласындағы ұйымдастыру мен басқару құрылымы туралы» қаулысының шыққанына **35 жыл** (29.04.1989)
// Бюллетень Госкомитета СССР по народному образованию. – 1989. – № 6. – С.2–55.
- 29 сәуір** **Халықаралық би күні.** 1982 жылдан бастап ЮНЕСКО–ның шешімімен тарихқа «заманауи балеттің негізін қалаушы» ретінде енген, хореографиялық өнердің реформаторы және теоретигі, балетмейстер Жан–Жорж Новердің туған күнінде атап өтіледі.

Мамыр

- 1 мамыр** **Қазақстан халқының бірлігі күні*.**
- 1 мамыр** Ақын, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушы **Ілияс Жансүгіровтың** туғанына **130 жыл** (1.05.1894–1938).*
- 3 мамыр** **Дүниежүзілік баспасөз күні.** БҰҰ бас Ассамблеясының 1993 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен бұл дата – Дүниежүзілік баспасөз бостандығы күні ретінде атап өтіледі.
- 3 мамыр** **Бүкіләлемдік Күн күні.** Күн энергиясы халықаралық қоғамының Еуропалық бөлімі жаңартылған энергия көзін пайдалану мүмкіндігіне назар аудару үшін 1994 жылдан бастап жыл сайын Күн күнін ұйымдастырып келеді. Энтузиастар мен кәсіпқой мамандар, қоғамдық ұйымдар мен бүкіл еуропаның фирмалары бұл күні әр түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырады және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігі туралы демонстрация өткізеді.
- 4 мамыр** **Дүниежүзілік СПИД құрбандарын еске алу күні.**

- 5 мамыр** Педагог, қоғам қайраткері, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары (1922–1924), **Нұғыман Залиевтың** туғанына **135 жыл** (05.05.1889–15.02.1938).*
- 5 мамыр** Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «**Қазақстан Республикасында мемлекеттік білім стандарттарын әзірлеу және бекіту тәртібі туралы**» қаулысына **30 жыл** (5.05.1994) // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 1994. – № 6. – 212 бап.
- 7 мамыр** **Отан қорғаушылар күні.***
- 8 мамыр** **Дүниежүзілік Қызыл Жарты Ай мен Қызыл Крест күні.** Қызыл Крест қозғалысы 1863 жылы жарақат алғандарға көмек көрсету бойынша Халықаралық Комиссия құрылған кезде пайда болды. Алғашқы кезде оның қызметі соғыста зардап шеккен әскерлерді емдеуге жұмсалған. 1864 жылы 22 тамызда Швейцарияда Жан Анри Дюнанның ұсынысы бойынша ұрыс алаңында жарақат алғандардың өмірін жақсарту бойынша конвенцияға қол қойылды. Конвенцияда дәрігерлер мен медқызметкерлердің ерекше әмбебап белгісі болу керектігі көрсетілді. Оның символы ретінде ақ фондағы қызыл крест белгісі таңдалды. Қызыл крест осылай пайда болды. 1906 жылы Осман империясында мұсылман елдеріндегі Қызыл Крестің баламасы ретінде Қызыл Жарты ай қайырымдылық ұйымы пайда болды. Қызыл Крест және Қызыл жарты ай ұйымдарының басында Женевадағы штаб-пәтері бар Халықаралық Комитет тұрды.
- 8 мамыр** Орыс–славян тілдерінің маманы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері, **Хайролла Хабиболлаұлы Махмұдовтың** туғанына **115 жыл** (8.05.1909–23.10.1983).*
- 8 мамыр** Халық ақыны, әнші, сазгер **Кенен Әзірбаевтың** туғанына **140 жыл** (08.05.1884– 1976).
- 9 мамыр** **Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні.***
- 11 мамыр** Археолог–ғалым, тарихшы, өнертанушы, Қазақ КСР Ғылым Академисының академигі **Әлкей Хақанұлы Марғұланның** туғанына **120 жыл** (11.05.1904–14.01.1985).*
- 12 мамыр** Тарихшы–ғалым, педагог, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері, қоғам қайраткері **Мұхамеджан Тынышбайұлының** туғанына **145 жыл** (12.05.1879–21.11.1937).*
- 12 мамыр** **Ата-аналардың жалпыұлттық жиналысы күні.** 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі 12 мамырда алғаш рет ата–аналардың жалпыұлттық жиналысы күнін жариялады. Осыдан бастап еліміздің барлық қалалары мен ауылдарында бір мезгілде ата–аналар жиналысы өткізілетін болды

//Алматы ақшамы. – 2017. – 16 мамыр.

- 15 мамыр** **Халықаралық отбасы күні** . Атаулы күн 1993 жылы БҰҰ–ның Бас Ассамблеясымен бекітілген. Бұл күнді белгілеу түрлі мемлекеттерде қоғамның назарын отбасына аудару қажеттігінен туындаған.*
- 18 мамыр** **Халықаралық мұражайлар (музейлер) күні**. 1977 жылы Халықаралық музейлер Кеңесінің 11–конференциясында 18 мамыр «Халықаралық музей күні» болып белгіленді. 2002 ж. мамыр айынан бастап «Қазақстан музейлері» журналы шыға бастады. Бұл күні мұражайлар келушілерге тегін қызмет көрсетеді.
- 21 мамыр** Осыдан **65 жыл** бұрын Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «**Мектепке дейінгі балалар мекемелерін одан әрі дамыту, мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесі мен дәрігерлік күтімін жақсарту шаралары туралы**» қаулысы шықты (21.05.1959) // Қазақ ССР: энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 1980. – 395 б.
- 21 мамыр** **Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні**. ҚР Үкіметінің 2013 ж. 22 қараша № 698 Жарлығы бойынша, бұл күн жыл сайын 21 мамыр күні аталып өтіледі.
- 24 мамыр** **Славян жазбасы, ағарту және мәдениет күні**. Бұл күн 1995 жылдан бастап 24 мамырда атап өтіледі. Кирилл мен Мефодий негізін салған славян алфавитін қазір көптеген елдер пайдаланады.
- 24 мамыр** Ақын, ағартушы **Сәбит Дөнентаевтың туғанына 130 жыл** (24.05.1894–25.05.1933)*.
- 27 мамыр** Осыдан **55 жыл** бұрын мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің Республикалық кеңесі болды, онда мектепке дейінгі мекемелердің жұмысын одан әрі жетілдіру, балаларды мектепке дайындау, ана тілін оқытудың формалары мен әдістері және өзге де мәселелер қаралды (27.05.1969) // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия.– Алматы, 1988. – Т.3. – 22 б.
- 28 мамыр** Мемлекет қайраткері, саяси қуғын–сүргін құрбаны **Ораз Жанұзақұлы Исаевтың туғанына 125 жыл** (1899–29.08.1938).*
- 29 мамыр** КСРО және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, Социалистік Еңбек Ері, «Ленин», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, педагог **Жақия Шайжүнісовтың туғанына 110 жыл** (29.05.1914–1983).
- 31 мамыр** **Саяси қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күні**.*
Мамыр айының аяғы – соңғы қоңырау.*

Маусым

- 1 маусым** Халықаралық балаларды қорғау күні.*
- 2 маусым** Филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітанушы ғалым **Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың** туғанына **90 жыл** (2.06.1934–2012).*
- 2 маусым** Мемлекет қайраткері **Әліби Жанкелдиннің** туғанына **140 жыл** (02.06.1884–14.08.1953).
- 4 маусым** **Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні ***
- 5 маусым** **Дүниежүзілік тіршілік өрісін қорғау күні–Экологтар күні.***
- 9 маусым** **Халықаралық мұрағаттар күні.** 1948 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Халықаралық мұрағаттар кеңесі құрылған. Осы кеңестің 60 жылдығына орай, 2007 жылы алғаш рет осы күн аталып өтті. Содан бері 9 маусым Халықаралық мұрағаттар күні деп белгіленді.
- 9 маусым** **Халықаралық достар күні.** Барлық уақытта барлық халық достықты үлкен әлеуметтік және адамгершілік құндылық деп танып келсе де, «шынайы достықты» өте сирек деп санаған. Халықаралық достар күні өмірдегі әртүрлі қиын–қыстау жағдайларға қарамастан досымыздың қаншалықты қымбат екенін айта отырып, оларды қуанту үшін ойлап табылған күн.
- 12 маусым** **Бала еңбегін пайдалануға қарсы бүкіләлемдік күрес күні.** 2002 жылдың 3–20 маусым күндері аралығында өткен Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясы сессиясының шешімімен жыл сайын атап өтіледі. Бұл күн, әлемде кеңінен жүргізіле бастаған бала еңбегін пайдалануға тыйым салу қозғалысына назар аударту мақсатында белгіленді.
- 15 маусым** **Қазақстан Жазушыларының I съезінің ашылғанына 90 жыл** (12–20 маусым 1934 ж.)
- 15 маусым** Ұйғыр тілі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі **Ғожахмет Садвақасұлы Садвақасовтың** туғанына **95 жыл** (15.06.1929–1991)*.
- 23 маусым** **Халықаралық Олимпиада күні.** 1948 жылдың қаңтар айында Санкт–Морицте өткен ХОК–тің 48–ші сессиясы кезінде Халықаралық олимпиада комитеті жыл сайын 23 маусым күні мерекелеуді шешті. 1967 жылы Халықаралық олимпиада комитеті 23 маусымды – Халықаралық Олимпиада күні деп атады.
- 23 маусым** **Мемлекеттік қызметші күні.** 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ–ның мемлекеттік қызметкері күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше әр мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Жарлығымен 23 маусым Қазақстанның мемлекеттік қызметші күні болып

белгіленді.

25 маусым **Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық оркестрінің құрылғанына 90 жыл (25.06.1934).**

25 маусым Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ Білім академиясының құрметті академигі, этнопедагогикалық оқулықтар мен әдістеме құралдардың авторы **Серғазы Қалиұлы Қалиевтың туғанына 95 жыл (25.06.1929).***

26 маусым **Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні.** Бұл күнді 1987 жылы 26 маусым күні БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен.

Маусым айының үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. КСРО кезінен бастап осы мейрам медицина қызметкерлері күні деп атап өтілетін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысы бойынша бұл күн медицина қызметкерлерінің күні деп аталатын болды // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–қ.

Маусым айының үшінші жексенбісі – Халықаралық әкелер күні. Халықаралық әкелер күнін әлемнің 52 елі маусымның үшінші жексенбісінде атап өтеді. Жалпы әкелер күні ХХ ғасырдың басынан бері аталып келе жатыр. Бұл күні отбасылық кештер әке мен балаға арналады, сонымен бірге ұрпақтың құрметі ретінде жасы үлкен ер адамдарға құрмет көрсетіліп, еске алу кештері ұйымдастырылады. Алғаш рет Әке күні 1910 жылы 19 маусымда АҚШ –та өткізілді. 2010 жылы бұл мерекеге 100 жыл толды.

Маусым айының соңғы жексенбісі – Қазақстан Республикасының баспасөз күні. 28 маусым күні Бұқаралық ақпарат құралдары туралы алғашқы Қазақстан заңына қол қойылған, сол себепті 1997 жылдан бастап, айдың соңғы жексенбісі мереке болып атап өтіледі.

Маусым айының аяғы – мектеп бітірушілер кеші.*

Шілде

1 шілде Алматы қаласы **Мұғалімдер даярлайтын алты айлық кешкі курстың алғашқы түлектерінің оқу бітіріп шығуына 105 жыл (1.07.1919).**

6 шілде **Астана күні.***

6 шілде **«Жас ұлан» ұйымының құрылған күні.***

12 шілде Қазақстанның жазушысы **Николай Раевскийдің туғанына 130 жыл (1894–1988)**

Шілде айының бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күні. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 маусым № 699 жарлығымен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланды. Жыл сайын атап

өтілетін бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі зор.

Тамыз

- 1 тамыз** Балалардың бірінші қалалық спартакиадасының ашылғанына **90 жыл** (1.08.1934) // Алматы: энциклопедия. – 1996. – 334 б.
- 1 тамыз** **Халықаралық балаларды сауықтыру лагері күні .***
- 1 тамыз** **1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы.***
- 2 тамыз** Қазақ әдебиетін зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор **Хасен Әдібайұлы Әдібаевтың** туғанына **100 жыл** (2.08.1924–2012).*
- 12 тамыз** **Халықаралық жастар күні.** 1999 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Жастар істері жөніндегі министрлердің Дүниежүзілік конференциясының тамыздың 12–сін Халықаралық жастар күні деп жариялау туралы ұсынысын қолдады. 2000 жылдан бастап бұл күн әртүрлі елдерде мерзімді түрде атап өтілуде. Мақсаты – әлемдегі жастардың жетістіктерін атау, жастардың қоғамды нығайту, жергілікті қауымдастықтарды дамыту ісіне қатысуға ынталандыру, жастардың арасындағы ерікті қызметті насихаттау. Ең алғаш Жастар күні 2000 жылы аталып өтілді.
- 15 тамыз** **Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының** (қазір Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті) ашылғанына **80 жыл** (1944).
- 17 тамыз** Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі **Рабиға Ғалиқызы Сыздықованың** туғанына **100 жыл** (17.08.1924–04.07.2020).*
- 26 тамыз** Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұлғарының **тұжырымдамасына 30 жыл** (26.08.1994) // Қазақстан жоғары мектебі. – 1995. – № 2.
- 29 тамыз** **Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні.***
- 30 тамыз** **Қазақстан Республикасының Конституция күні.***
- 31 тамыз** Әдебиет зерттеуші, аудармашы, сыншы, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР–на еңбек сіңірген мәдениет қайраткері **Зоя Сергеевна Кедринаның** туғанына **120 жыл** (31.08.1904–1992).
- Тамыз айының ортасы – «Жол ашар» акциясы***
- Тамыз айының ортасы – Тамыз мәслихаты.***
- Тамыз айының үшінші жексенбісі – Спорт және туризм күні.***

Қыркүйек

- 1 қыркүйек** **Білім күні.***
- 5 қыркүйек** Сазгер, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек

сіңірген өнер қайраткері **Сыдық Мұхамеджановтың** туғанына **100 жыл** (5.09.1924–1991).

- 5 қыркүйек** **Қазақстан халқы тілдері күні***. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген мерекелік күндердің тізбесі бойынша, бұл мереке енді 5 қыркүйекте өтеді // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–қ.
- 8 қыркүйек** **Халықаралық сауаттандыру күні**. Тегеранда 1965 жылдың қыркүйегінде өткен «Білім министрлерінің Бүкіләлемдік сауатсыздықты жою жөніндегі конференциясының» ұсынысы бойынша ЮНЕСКО 1966 жылдан бастап Халықаралық сауаттандыру күнін өткізуді жариялады. 8 қыркүйек – осы конференцияның салтанатты ашылған күні. Бұл күн ЮНЕСКО іс-қимылының басты салаларының бірі болып табылатын сауаттандыру жөніндегі қоғам күш-жігерін жандандыруға шақырады.
- 10 қыркүйек** Ағартушы, ұстаз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Халық ағарту комиссары (1921) **Сұлтанбек Қожановтың** туғанына **130 жыл** (10.09.1894–1939)*.
- 12 қыркүйек** Тұңғыш қазақ архитекторы, Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы, қазіргі архитектуралық мектептің негізін салушы **Төлеу Құлқаманұлы Бәсеновтың** туғанына **115 жыл** (12.09.1909–4.05.1976).
- 17 қыркүйек** Ағартушы–педагог, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым, Қазақ АКСР халық ағарту комиссары (1930), **Нұғыман Манаевтың** туғанына **130 жыл** (17.09.1894–14.11.1942).*
- 17 қыркүйек** Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Ғабдолла Қалиұлының** туғанына **95 жыл** (17.09.1929–2011)*.
- 21 қыркүйек** Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Халел Арғынбайұлы Арғынбаевтың** туғанына **100 жыл** (21.09.1924–8.08.1998).
- 21 қыркүйек** **Дүниежүзілік бейбітшілік күні.***
- 22 қыркүйек** Қ.Сәтбаев атындағы **Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің** ашылғанына **90 жыл** (1934 ж. Тау–кен институты, кейін В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институты)
- 27 қыркүйек** **Дүниежүзілік туризм күні .***
Қыркүйектің екінші жексенбісі – отбасы күні. *
Қыркүйектің үшінші жексенбісі - Ана күні деп белгіленді. Бұл мереке әр елде әр уақытта тойланады. Бұл күн 2012 жылдан бастап, Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен

қыркүйектің үшінше жексенбісі күні тойланатын болды. Бұл күні тек аналарды құттықтайды.

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні. ҚР Президентінің 2013 ж. 22 қараша № 698 Жарлығы бойынша, бұл күн қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтіледі

Қазан

- 1 қазан** **Халықаралық қарттар күні.** БҰҰ Бас Ассамблеясы 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 қазанды қарттар күні етіп бекітті. Бұл күні қарттардың құқығын қорғау мақсатында конференциялар, басқа да қайырымдылық шаралары өткізіледі.
- 1 қазан** **Халықаралық музыка күні.***
- 4 қазан** Филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы **Бейсенбай Кенжебаевтың** туғанына **120 жыл** (4.10.1904–17.07.1987).*
- 9 қазан** **Дүниежүзілік пошта күні.**
- 13 қазан** Жазушы **Бердібек Соқпақбаевтың** туғанына **100 жыл** (13.10.1924–1992)
- 15 қазан** Қазақ әдебиетінің негізін салушы, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері **Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің** туғанына **130 жыл** (15.10.1894–25.02.1938).*
- 15 қазан** **Алматы қаласының «Кітапханалар күні»** заңды түрде бекітілмеген. Бұл күн Алматы қаласының әкімшілігінің бастамасымен 1999 жылдан бері Алматы қаласында 15 қазан күні өткізіліп келеді.
- 15 қазан** **Халықаралық ауыл әйелдерінің күні.** Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 2008 жылдан бері қазан айының 15-і күні аталып өтеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының мақсаты – ауылдық елді мекендердегі әйел адамдардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту. Бұл туралы арнайы резолюция да қабылданған.
- 16 қазан** **Дүниежүзілік нан күні.** 2006 жылдан бастап 16 қазанда аталып өтіледі. Бұл күні көптеген елдерде нан өнімдерінің түрлі көрмелері, аспаздардың, наубайшылардың және кондитерлердің кездесулері, жәрмеңкелер, шеберлік сыныптар, халықтық серуендер, сондай-ақ мұқтаж адамдарға нанның тегін таратылуы, қайырымдылық акциялары және тағы басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.
- 18 қазан** **Рухани келісім күні.***
- 19 қазан** Ұлы Отан соғысының ардагері, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен

Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (19.10.1924–1988)

- 20 қазан** Қоғам қайраткері, профессор, тарихшы **Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың** туғанына **135 жыл** (20.10.1889–25.02.1938).*
- 22 қазан** Жазушы, Қазақстанның халық жазушысы **Әбдіжәміл Нұрпейісовтың** туғанына **100 жыл** (22.10.1924–05.02.2022).
- 24 қазан** **Халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымы күні.** Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының күшіне енуінің бір жылдығы – 1945 жылғы 24 қазан күні. 1948 жылдан бастап 24 қазан Біріккен Ұлттар Ұйымы күні ретінде тойланады. Дәстүр бойынша ол әлемде Ұйымның жетістіктері мен мақсаттарына арналған мәжілістер, пікірталастар мен көрмелер ұйымдастырумен атап өтіледі.
- 24 қазан** **Кітапханашы күні.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 қазандағы № 833 қаулысы бойынша 24 қазан – «Кітапханашы күні» кәсіби мерекесі болып бекітілді. Мерекенің мақсаты – кітапханашы мамандығының имиджін көтеру және оны кәсіби аренада ынталандыру.
- 25 қазан** **Республика күні.** 1990 жылдың 25 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР–нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды. Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері тойланып келе жатқанымен мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізілді. Бұл күн 2001–2009 жылдар аралығында мемлекеттік мереке ретінде атап өтіліп келді. 2009 жылы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілуіне сәйкес, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ұлттық мереке болып өзгертілуіне байланысты, 25 қазан – Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған еді.
- 2022 ж. 16 маусымдағы Ұлттық құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 25 қазан – Республика күні қайта жаңғыртылып, еліміздің ұлттық мерекесі статусы беріліп, жыл сайын атап өтілуі керектігі туралы ұсыныс жасады.
- 26 қазан** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, психолог **Құбығұл Бозайұлы Жарықбаевтың** туғанына **95 жыл** (26.10.1929).*
- 26 қазан** Тарихшы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері **Сәкен Мамажанұлы Кенжебаевтың** туғанына **105 жыл**

(26.10.1919–14.08.1980). (Ол туралы 2024 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз).

28 қазан

Жазушы, аудармашы, сыншы **Герольд Карлович Бельгердің** (Гарри Карлсон) туғанына **90 жыл** (28.10.1934–7.02.2015)

Қазан айының бірінші дүйсенбісі – Халықаралық дәрігерлер күні. Бұл күн дүниежүзі дәрігерлерінің ынтымақ күні ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымымен атап өтіледі.

Қазан айының төртінші дүйсенбісі – Халықаралық мектеп кітапханаларының күні.*

Қазан айының бірінші жексенбісі - мұғалімдер күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысымен бекітілген. // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–қ.*

Қараша

5 қараша

Күзгі демалыс (5–13 қараша).*

7 қараша

«Қыз-Жібек» операсының алғашқы қойылғанына **90 жыл** (7.11.1934).

7 қараша

«Балдәурен» Республикалық оқу–сауықтыру орталығының құрылған күні*.

9 қараша

Дүниежүзілік сапа күні.

10 қараша

Дүниежүзілік жастар күні.*

15 қараша

Ұлттық валюта – теңге күні (15.11.1993)*

15 қараша

Қазақ әдебиетінің негізін салушы, жазушы, қоғам қайраткері, ағартушы–педагог **Бейімбет Майлиннің** туғанына **130 жыл** (15.11.1894–26.02.1938).*

15 қараша

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі **Әжес Петрұлы Сейтешевтің** туғанына **95 жыл** (15.11.1929)*.

16 қараша

Халықаралық төзімділік (толеранттық) күні. Бұл күні «Төзімділік принциптері Декларациясын» ЮНЕСКО салтанатты түрде жариялаған. 1995 жылы ЮНЕСКО–ның 28–ші Бас конференциясында Декларация бекітілген. Декларацияда төзімділік (толеранттылық) «біздің әлеміміздің аса бай көптүрлі мәдениетіне, өз–өзін таныту формаларына және адамның жеке даралығын көрсету әдістеріне құрметпен қарау, қабылдау және дұрыс түсіну» мағынасында көрсетілді. Декларацияда «адамдар табиғатынан сыртқы келбеттерімен, беделімен, сөйлеу мәдениетімен, тәртібімен, құндылықтарымен ерекшеленеді және бейбітшілікте өмір сүру, өзінің даралығын сақтап қалу құқығына ие» делінген.

17 қараша

Халықаралық студенттер күні. Бұл күн 1939 ж. 17 қарашада фашистік неміс басқыншылары атып өлтірген чех патриот студенттерін еске алуға арналған Дүниежүзілік студенттер

Конгресінде 17 қарашаны патриот чех студенттерінің құрметіне Халықаралық студенттер күні деп атау бекітілді. Студенттер күні алғаш рет 1941 жылы 17 қарашада Лондонда өтті.

- 20 қараша** Дүниежүзілік балалар күні. БҰҰ Ассамблеясы 1959 жылы 20 қараша күні Балалар құқы декларациясын, ал 1989 жылы Балалар құқы Конвенциясын қабылдаған. 1954 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бүкіл әлемде балалардың аман-саулығын қамтамасыз етуге бағытталған игі іс-қимылдарға арналған балалардың бүкіләлемдік бауырластығы мен өзара түсіністігінің белгісі ретінде Дүниежүзілік балалар күнін барлық елдерде атап өтуді ұсынды.
- 21 қараша** Педагогика ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі оқулықтары мен әдістеме құралдарының авторы **Балғаным Балғынбайқызы Құлмағамбетованың** туғанына **95 жыл** (21.11.1929).*
- 22 қараша** Театр суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері **Құлахмет Қоңырқожаұлы Қожықовтың** туғанына **110 жыл** (22.11.1914–1986)
- 25 қараша** Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері **Цезарь Львович Фридманның** туғанына **105 жыл** (25.11.1919– өлген жылы белгісіз)
- 26 қараша** Қоғам және мемлекет қайраткері, Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатушылардың бірі **Тұрар Рысқұловтың** туғанына **130 жыл** (26.11.1894–1943).
- 26 қараша** Дүниежүзілік ақпарат күні. БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік кеңестерінде бас консультативтік дәрежесі бар Халықаралық ақпарат академиясы мен Дүниежүзілік ақпараттық парламенттің бастамасымен 1994 жылдан бастап жыл сайын 26 қарашада атап өтіледі. 1992 жылы бұл күні Ақпараттандырудың алғашқы халықаралық форумы өтті. Бүгінде Дүниежүзілік ақпарат күні әлемнің көптеген мемлекеттерінде атап өтіледі.
- 28 қараша** Педагогика ғылымдарының кандидаты, психолог **Абдолла Хұсайынұлы Темірбековтың** туғанына **120 жыл** (28.11.1904–14.04.1972).*
- Қарашаның үшінші бейсенбісі** – Халықаралық шылымқорлықтан бас тарту күні.*
- Желтоқсан**
- 1 желтоқсан** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні*.
- 1 желтоқсан** Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күні.*

- 5 желтоқсан** Педагог, әдіскер, орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының авторы **Жаңылхан Досымбекқызы Адамбаеваның** туғанына **95 жыл** (5.12.1929).*
- 5 желтоқсан** Дүниежүзілік еріктілер (волонтерлер) күні. *
- 9 желтоқсан** Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбековтың** туғанына **115 жыл** (9.12.1909–1983).
- 10 желтоқсан** **Халықаралық адам құқықтары күні.** 10 желтоқсан БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылдың 10 желтоқсанында Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясын қабылдау және жариялау құрметіне таңдалып алынған. Ол 1950 жылдың 4 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясымен құрылған.*
- 13 желтоқсан** Филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, түрколог, ұйғыртанушы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Әбдуали Туғанбайұлы Қайдаровтың** туғанына **100 жыл** (13.12.1924–27.02.2019).*
- 14 желтоқсан** Орыс жазушысы, аудармашы, Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет) оқытушысы **Анна Борисовна Никольскаяның** туғанына **125 жыл** (14.12.1899–21.11.1977).
- 15 желтоқсан** Филология ғылымдарының докторы, профессор, түрколог, қазақ тілі оқулықтарының авторы **Әзиза Нұрмаханқызы Нұрмаханованың** туғанына **100 жыл** (15.12.1924–2001).*
- 15 желтоқсан** Суретші, актер, Қазақстанның халық суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері **Гүлфайруз Мансұрқызы Исмаилованың** туғанына **95 жыл** (15.12.1929–12.05.2013).
- 16 желтоқсан** **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.***
- 19 желтоқсан** Ағартушы–педагог, тіл білімінің негізін салушы, түрколог, профессор **Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың** туғанына **125 жыл** (19.12.1899–25.02.1938).*
- 20 желтоқсан** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қартбай Бекемұлы Бержановтың** туғанына **100 жыл** (20.12.1924–23.02.1975).*
- 27 желтоқсан** Педагогика ғылымдарының докторы, халық ағарту ісінің қайраткері **Георгий Матвеевич Храпченковтың** туғанына **95 жыл** (27.12.1929–1999).
- 28 желтоқсан** **Қысқы демалыс** (28 желтоқсан – 11 қаңтар).*

**Айы мен күні белгісіз 2024 жылы
аталатын даталар**

- Мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым–педагог, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі (1974–1983) **Тұрғанбек Қатаевтың** туғанына **105 жыл** (1919–17.03.2004).*
- Қыздар педагогикалық институтының алғашқы ректоры, Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі **Тұрсын Мырзабекованың** туғанына **110 жыл** (1914–1996).
- Ақын **Шолпан Иманбаеваның** туғанына **120 жыл** (1904–18.09.1926).
- Ағартушы–педагог әдіскер, тарихшы, әдебиеттанушы **Телжан Шонановтың** туғанына **130 жыл** (1894–1938).*
- Қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, аудармашы, 1935 жылы репрессияға ұшырап атылған, **Ахмет Баржақсиннің** туғанына **130 жыл** (1894–1935).
- Қазақ ақыны, жазушы–драматург, аудармашы, ғалым, педагог **Жүсіпбек Аймауытовтың** туғанына **135 жыл** (1889–1931).*
- Жазушы, драматург, педагог **Тайыр Жомартбаевтың** туғанына **140 жыл** (1884–1937).*
- Ақын, ағартушы, журналист **Мұхаметсәлім Көшімовтың** туғанына **140 жыл** (1884–1935).*
- Қазақтың халық композиторы, балуан, шебер күресші **Балуан Шолақтың** (**Нұрмағанбет Баймырзақұлы**) туғанына **160 жыл** (1864–1914).
- Ақын, қазақ халқын өнер, білімге, оқуға үндеген **Нұржан Наушабаевтың** туғанына **165 жыл** (1859–1919).
- Күйші, композитор **Қазанғап Тілепбергенұлының** туғанына **170 жыл** (1854–1921)
- Ақын, 1836–1838 жылдардағы шаруалар көтерілісін ұйымдастырушы **Махамбет Өтемісұлының** туғанына **220 жыл** (1804–1846).*
- Қазақтар жөнінде Ресейде алғашқы монографиялық еңбек жазған ғалым **Алексей Левшиннің** туғанына **225 жыл** (1799–1879)
- Тарихшы, әдебиетші **Мұхаммед Хайдар Дулатидің** туғанына **525 жыл** (1499–1551).*

Қазақстан Республикасы білім саласындағы маңызды оқиғалар

- Талдықорған музыкалық училищесінің (қазіргі колледж) құрылғанына **45 жыл** (1979).
- Шучинск индустриялық–педагогикалық техникумының (қазіргі колледж) құрылғанына **55 жыл** (1969).
- Осыдан **65 жыл** бұрын (1959) Алматы жас техниктер станциясы балалар арасында мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізетін

республикалық әдістемелік нұсқау беретін орталыққа айналды // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1989. – Т.3. – 29 б.

- Осыдан **65 жыл** бұрын үкімет шешімі бойынша, колөнер, темір жол, ауыл–шаруашылық училищелері мен 130 мектеп қалалық және селолық кәсіптік–техникалық училищелер болып қайта құрылды (1959) // Қазақ ССР: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 1980. – 399 б.
- Осыдан **70 жыл** бұрын Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының «**Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика және морфология)**» зерттеу еңбегі шықты (1954).
- Осыдан **70 жыл** бұрын 1954–1955 оқу жылынан бастап, 1–4 сыныптарда еңбек сабағы, 5–7 сыныптарда шеберханалар мен оқу–тәжірибе учаскелерінде практикалық сабақтар жүргізіле бастады.
- Ақтөбе педагогикалық институтының ашылғанына (қазір Құдайберген Жұбанов атындағы университет) **70 жыл** (1954).
- Қазақстан композиторлар Одағының құрылғанына **85 жыл** (1939).
- Қазақстанның Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының құрылғанына **85 жыл** (1939).
- Осыдан **90 жыл** бұрын «СССР–дегі бастауыш және орта мектептің құрылымы туралы» (1934) қаулысы халық ағарту органдарының жұмысын, республикадағы мектеп құрылысын жандандыра түсті. Екі жылдық мектептерде оқу мерзімі төрт жылдық бастауыш болып қайта құрылды, мұның өзі қазақ балаларын оқуға көптеп тартуды қамтамасыз етті // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 24 б.
- Ы.Алтынсарин атындағы Түркістан педагогикалық училищесінің (қазіргі колледж) құрылғанына **90 жыл** (1934).
- Өскемен педагогикалық училищесінің (қазіргі колледж) құрылғанына **95 жыл** (1929).
- Жаркент педагогикалық училищесінің (қазіргі колледж) құрылғанына **95 жыл** (1929).
- Павлодар педагогикалық училищесінің (қазіргі колледж) құрылғанына **95 жыл** (1929).
- Осыдан **95 жыл** бұрын (1929) Қазақ АКСР астанасы Қызылордадан Алматыға ауысты.
- Осыдан **100 жыл** бұрын Қызылордада қазақ қыздары үшін қысқа мерзімді курстар ашылды (1924) // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3 – 22 б.
- Осыдан **100 жыл** бұрын Қызылорда қаласында мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлерінің Бүкіл Қазақстандық тұңғыш конференциясы өтті (1924) // Қазақ ССР: энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 1980. – 395 б;
- Осыдан **100 жыл** бұрын Орынборда ғылыми–педагогикалық мақалалардың тұңғыш жинағы (қазақ тілінде) басылып шықты

- (1924) // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 22 б.
- Осыдан **100 жыл** бұрын Алматы қаласында № 12 С.М.Киров атындағы қазақ орта мектебі ашылды (1924) (қазір Ш.Уәлиханов атындағы мамандандырылған гимназия).
 - Осыдан **100 жыл** бұрын «Жетісу әйелі» газеті шықты (1924) // Жетісу: энциклопедия. – Алматы, 2004. – 674 б.
 - Осыдан **110 жыл** бұрын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы шықты (1914).
 - Осыдан **125 жыл** бұрын (1899) Ақсу ауданының «Қарағаш» мекенінде Маман балалары «Ғалия» үлгісімен салдырған медресе, «Мамания мектебі» ұйымдастырылып, ол 1903–1904 жж. салынып бітті // Жетісу: энциклопедия. – Алматы, 2004. – 673 б.
 - Жоңғар басқыншылығына қарсы біріккен қазақ қолының Аңырақай шайқасына **295 жыл** (1729) // Жетісу: энциклопедия. – Алматы, 2004. – 139 б.

АТАУЛЫ ДАТАЛАРҒА ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР

1–2 қаңтар – Жаңа жыл

Жаңа жыл – әлемнің көптеген халықтары тойлайтын ортақ мереке. Алайда, оның шығу тарихын әр халық өзінен бастағысы келеді. Тарихи деректер Жаңа жыл мерекесінің біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта өмір сүрген Месопотамия халқы арасында тойланғанын мәлім етеді. Мамандар 1 қаңтарда тойланатын Жаңа жыл мерекесінің христиандардікі емес деп уәж айтады. Өйткені, осыдан бес мың жыл бұрын мерекенің тарихы басталған кезде христиан діні болмаған да еді. Мұсылмандардың кейбірі діни сеніміне байланысты Жаңа жылды тойламайды. Сауд Арабиясында желтоқсанның 31-інен қаңтардың 1-іне қараған түні Жаңа жылды тойласа, жауапқа тартылады екен.

Ал, 1699 жылы Ресей патшасы І Петр Григориан күнтізбесін қолданысқа енгізген. Патшаның әмірімен жыл басы қаңтардың 1-і болып белгіленіп, қол астындағы елге мерекені ерекше жағдайда тойлауды бұйырады. Католик дінін ұстанатын еуропалықтар үшін Жаңа жылдың маңыздылығы 25 желтоқсанда тойланатын Рождество мерекесінен көп төмен.

Біз үшін ең қызығы, көп ұлтты мерекенің әр елде әрқалай тойлануы болып отыр. Мәселен, Шотландия мен Уэлсте жылдың соңғы секундында есікті кеңірек ашып, ескі жылды «шығарып» жіберіп, Жаңа жылды «кіргізіп» алатын дәстүр бар екен. Үндістанның әр ауданында Жаңа жылды әр уақытта, қыркүйектен наурызға дейін қарсы алады. Мереке құрметіне ұшырылған

көлемі өте үлкен, түрлі-түсті батпырауықты екі мерген садақпен атады. Бір оқтың басындағы оттан батпырауық жанған кезде той салтанаты басталады.

Бір қызығы, кезінде Ресейге І Петрдің жарлығымен енгізілген 1 қаңтарда аталып өтетін Жаңа жыл мейрамын көп халықтар мойындамайды да. Олар үшін 1 қаңтар әлем бойынша жаңа жыл басталатын ресми күн ғана екендігі аңғарылады.

Қазақстанда да әр жылдың бірінші қаңтарына қараған түні Жаңа Жыл мерекесі тойланады. Халқымыз осы күні мол дастархан дайындап, шыршасын құрып, отшашуын жағып, мерекелеп, Президенттің жаңажылдық құттықтауын күтіп отырады.

Төменгі сынып оқушыларына арнап «Жаңа жылдық мереке» ертеңгілік, ал жоғары сыныптар үшін «Жарқыра жалындай түс, көгілдір от!» атты жаңа жылдық кеш, «Әлемде Жаңа жылды қалай қарсы алады» деген тақырыпта тәрбие сағатын, оқушылардың өздері жасаған жаңа жылдық костюмдерінің көрсетілімін, т.б. қызықты шаралар өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әлібекова А. Жаңа жыл! / А. Әлібекова // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 12. – 27–30 б.

Жаңа жыл мерекесіне арналған сценарий.

Елхондиева Қ. Жаңа жыл – жаңа жыр / Қ. Елхондиева // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 12. – 31–34 б.

Жаңа жыл мерекесіне арналған сценарийі.

Жақсылықова Р. Сыйқырлы Жаңа Жыл! / Р. Жақсылықова // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 12. – 23–26 б.

Жаңа жыл мерекесіне арналған сценарийі.

Жұбатқан Қ.М. Жаңа жыл ертеңгілігінің бағдарламасы / Қ. М. Жұбатқан // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 11. – 24–27 б.

Жаңа жылды өткізу бағдарлама –сценарийі.

Нәрекова Ж. Жасыл шырша жанында / Ж.Нәрекова, К.Танатова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. – № 12. – 57–60 б.

Жаңа жылдық ертеңгілік.

Тіленбаева Қ. Жасыл шырша жанында: мерекелік кеш // Мектептегі мерекелер. – 2019. – № 12. – 32–35 б.

Қаңтар Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының
7 жұлдыз корреспондент-мүшесі, Халықаралық шығармашылық академиясының мүшесі, Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі (1987–1988), Қазақстан Республикасы Білім министрі (1988–1993) **Шайсұлтан Шаяхметовтың** туғанына **85 жыл** (7.02.1939–30.06.2000).

Шаяхметов Шайсұлтан 1939 жылы 7 ақпанда Қостанай облысы Наурызым кентінде дүниеге келген. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін Қазақ мемлекеттік университетінде кіші ғылыми қызметкер болып істеді, КСРО Ғылым Академиясы институтының аспирантурасында оқыды, оқытушылық қызмет атқарды.

1972 жылдан 1977 жылға дейін Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінде түрлі лауазымдық қызметтер атқарды. 1977–1987 жылдары Министрлер Кеңесі іс басқармасының бөлім меңгерушісі болып істеді. 1987–1988 жылдарда Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрі болды. 1988–1993 жылдары Қазақстан Республикасының Білім министрі болды. Осы уақытта Ш.Шаяхметовтің қатысуымен республикалық білім беру жүйесінің заңды, нормативті-құқықтық базасы құрылды. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» және «Жоғары білім беру» жөніндегі заңы қабылданды.

1993–1997 жылдары Ұлт саясаты жөніндегі Мемлекеттік Комитет төрағасының орынбасары болды.

Ш.Шаяхметов 1998 жылдан Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығын басқарды.

Ол ондаған ғылыми еңбектердің, студенттерге арналған оқулықтар мен химия саласындағы орысша–қазақша сөздіктердің авторы. Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі және Халықаралық шығармашылық академиясының (Москва) мүшесі болып сайланған. Гранд Каньон (АҚШ) университетінің құрметті профессоры атанды.

Ш.Ш.Шаяхметов қоғамдық жұмыспен белсенді айналысты, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланды.

Ш.Шаяхметовтың еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ш.Шаяхметов 2000 жылы қайтыс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Шаяхметов Ш. Тұңғыш кітап: өлеңдер / Ш.Шаяхметов. – Алматы: Жалын, 1977. – 40 б.

Нұрахметов Н.Н. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / Н. Н. Нұрахметов, Ш. Ш. Шаяхметов. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 192 б.

Нұрахметов Н., Шаяхметов Ш. Химиялық орысша-қазақша сөздік / Н.Нұрахметов, Ш.Шаяхметов. – Алматы: Қайнар, 1993. – 317 б.

Нұрахметов Н.Н. Химия және химиялық технология терминдерінің орысша–қазақша түсіндірме сөздігі / Н. Н. Нұрахметов, Ш. Ш. Шаяхметов. – Алматы: Қайнар, 1993. – 320 б.

* * *

Шаяхметов Ш. Болашақ бүгіннен басталады // Қазақстан мектебі. – 1988. – №12. – 3–7 б.

Қазақ КСР Халыққа білім беру министрі Ш.Ш.Шаяхметовпен әңгіме / әңгімелескен Ә.Рахметоллаұлы

Шаяхметов Ш. Жаңа кезең – жаңа талап / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мектебі. – 1989. – № 9. – 3–6 б.

Қазақ КСР Халыққа білім беру министрінің мақаласы

Шаяхметов Ш. Басты бағыттармен / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мектебі. – 1990. – № 10. – 3–6 б.

Шаяхметов Ш. Ағартушы-педагог, жазушы қайраткер / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мұғалімі. – 1991. – 29 қараша.

Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл.

Шаяхметов Ш. Балалар мен жастарға жалпы міндетті білім беру туралы / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мұғалімі. – 1991. – 11 қазан.

Шаяхметұлы Ш. «Өзгермелі өмірдің өнегесі» // Жалын. – 1991. – № 6. – 37–41 б.

Қазақстан Республикасы Білім министрі Ш.Шаяхметовпен әңгіме / әңгімелескен Д.Досжанов

Шаяхметов Ш. Тамыры терең ел мықты / Ш.Шаяхметов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991. – № 3. – 3–8 б.

Қазақ халқының салт–дәстүрлері туралы.

Шаяхметов Ш. Ыбырай тағылымы / Ш.Шаяхметов // Егемен Қазақстан. – 1991. – 18 желтоқсан.

Республикада кеңінен аталып өткен Ы.Алтынсариннің 150 жылдық мерейтойынан кейінгі ой.

Шаяхметов Ш. Ана мектебі / Ш.Шаяхметов // Мұрагер. – 1992. – № 1. – 3–6 б.

Баланы алты жасқа дейін өмір режиміне қалыптастыру жайлы.

Шаяхметов Ш. 1992 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері туралы / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мұғалімі. – 1992. – 27 наурыз.

«Біз біркелкі ұқсастықтан арылдық» // Қазақстан мұғалімі. – 1992. – 4 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының Білім министрі Ш.Ш.Шаяхметовпен сұхбат.

Шаяхметов Ш. Білімге құштар жас толқын // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 17 маусым.

Қазақстан Республикасының Білім министрі Ш.Шаяхметовпен әңгіме.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...» // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 30 көкек.

Қазақстан Республикасы Білім министрі Ш.Шаяхметовпен сұхбат / әңгімелескен Ж.Шағатай

Шаяхметов Ш. Білімді жасқа жол ашық // Жас алаш. – 1993. – 27 мамыр.

Қазақстан Республикасының Білім министрі Ш. Шаяхметовпен сұхбат / әңгімелескен Б.Сманов.

Шаяхметов Ш. 700 мектептің орны толып келеді / Ш.Шаяхметов // Ана тілі. – 1993. – 27 мамыр.

Шаяхметов Ш. Жоғары білімге – биік талап // Ақиқат. – 1993. – № 9. – 10–15 б.

Қазақстан Республикасының Білім министрі Ш.Шаяхметовпен әңгіме / әңгімелескен Б.Сманов.

Шаяхметов Ш. Шығармашылық жұмысқа – кең өріс / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мұғалімі. – 1993. – 4 маусым.

Шаяхметов Ш. Ұлы мұрат – ұлттық мектеп / Ш.Шаяхметов // Қазақстан мектебі. – 1993. – № 1. – 3–5 б.

Шаяхметов Ш. Құрғақ насихаттан нақты әрекет артық // Қазақстан мектебі. – 1999. - № 6. – 13–17 б.

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жанындағы мемлекеттік тілді жеделдете оқытудың Республикалық Орталығының директоры Ш.Шаяхметовпен сұхбат / сұхбаттасқан Ш.Қайырбек

Шаяхметов Ш. Мемлекеттік тілді оқыта білсеңіз... / Ш.Шаяхметов // Ана тілі. – 2000. – 18 мамыр.

Ол туралы:

Шаяхметов Шайсұлтан // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2 – 450 б.

Шаяхметов Шайсұлтан Шаяхметұлы // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2001. – 69–70 б.

Шаяхметов Шайсұлтан Шаяхметұлы // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2020. – 87–90 б.

Шаяхметов Шайсұлтан // Егемен Қазақстан. – 2000. – 30 маусым.

Қазанама.

Әбдікәрімұлы Б. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді / Б.Әбдікәрімұлы // Айқын. – 2009. – 17 қаңтар.

1987–1988 жж. Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрі, 1988–1993 жж. Қазақстан Республикасы Білім министрі болған Шайсұлтан Шаяхметов туралы.

Калжанов А. «Тұңғыш» сөзін тіл ұшына оралтар Шайсұлтан Шаяхметовтің өнегелі өмірі туралы не білеміз? / А. Калжанов // Астана ақшамы. – 2014. – 12 шілде.

Қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстанның тұңғыш Білім министрі болған Ш.Шаяхметовтің туғанына 75 жыл толуына орай.

Күзембай Қ. Жан шуағы жүзінен байқалатын. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Шайсұлтан Шаяхметұлы туралы толғаныс / Қ.Күзембай // Алматы ақшамы. – 2009. – 24 қаңтар.

Қош, аяулы ұстаз! // Алматы ақшамы. – 2000. – 30 маусым..

Білім, ғылым жүйесіне, оның дамуына өзіндік үлес қосқан белгілі қоғам қайраткері, ұстаз Ш.Шаяхметов дүниеден өтті.

Нұрахметов Н. Халқына адал ұл еді / Н.Нұрахметов // Егемен Қазақстан. – 2003. – 31 желтоқсан.

Ғалым, министр Шайсұлтан Шаяхметов туралы.

Пірәлиев С. Артында өшпейтұғын із қалдырған. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шайсұлтан Шаяхметов туралы толғаныс / С. Пірәлиев // Президент және халық. – 2014. – 7 қараша.

Сманов Б. Адамның ұлы болып өтті өмірден...(Тәуелсіздік тұсындағы тұңғыш министр Ш.Шаяхметов туралы) / Б. Сманов // Ана тілі. – 2014. – 6–12 қараша.

Сүлейменова Ә. ҚР Президенті Архивінің қор құрушылары: Шайсұлтан Шаяхметов (7 қаңтар 1939 жыл–29 маусым 2000 жыл) / Ә. Сүлейменова // Открытая школа. – 2019. – № 2. – 54–57 б.

Шойынбет Ж. Дара қасиет / Ж. Шойынбет // Ана тілі. – 2009. – 26 наурыз.

Білім министрі болған Шайсұлтан Шаяхметов туралы.

Қаңтар 7 жұлдыз Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі және корреспондент–мүшесі, Халықаралық инженерлік академияның академигі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі (2000–2002), қоғам қайраткері **Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлының туғанына 75 жыл (7.01.1949).**

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы 1949 жылы 7 қаңтарда Ақмола қаласында дүниеге келген. 1966–1971 жылдары В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті) металлургия факультетінде оқыды. Еңбек қызметін 1971 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының жүйесінде бастады. 1971 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясы химия–металлургия институты жоғары кремнийлі металдар химиясы мен технологиясы зертханасының инженері, 1974 ж. – аға инженер, 1976 ж. – кіші ғылыми қызметкер, 1978 ж. – аға ғылыми қызметкері, 1979 ж. – ғылыми хатшы, 1982 ж. – зертхана меңгерушісі болып қызмет істеді.

1990–1992 жылдары – Қарағанды химия технология институтының бөлім меңгерушісі. 1992 ж. ақпаннан – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесі академик–хатшысының орынбасары, бюро мүшесі, Қарағанды облысы әкімінің әлеуметтік сала

жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясы Қарағанды бөлімшесінің төрағасы, Қазақстан Инженерлер Одағының төрағасы, облыстағы ғылыми және инженерлік ұйымдар одағы басқармасының төрағасы. 1997 жылы қарашадан – Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ішкі саясат департаментінің директоры. 1998–2000 жылдары – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрінің орынбасары.

1990 жылы техника ғылымдарының докторы болды. Докторлық диссертациясының тақырыбы: «Ауыр түсті металдардың қышқылданған және аралас кендерін дайындаудың физикалық-химиялық негіздері мен технологиясы». 1991 жылдан профессор. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болды, 1993 ж. Халықаралық инженерлік академиясының академигі, 1994 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. 1998 жылдан Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің вице-министрі болды.

2000–2002 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болды. 2002–2004 жылдары – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі. 2004–2006 жылдар – ҚР БҒМ «Химия–технологиялық зерттеулер орталығы» РМӨ Бас директоры. 2006–2008 жылдары – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Жер, металлургия және байыту туралы ғылымдар орталығы» РМӨ Бас директоры – «Жер, металлургия және байыту туралы ғылымдар орталығы» АҚ-ның уәкілетті тұлғасы. 2008 ж. ақпанынан 2008 тамызына дейін – «Самғау» Ұлттық ғылыми–технологиялық холдинг» АҚ-ның Басқарма Төрағасының орынбасары, 2008 жылы – «Самғау» Ұлттық ғылыми–технологиялық холдинг» АҚ-ның уәкілетті тұлғасы. 2008–2009 жылдары – «Парасат» Ұлттық ғылыми–технологиялық холдинг» АҚ-ның уәкілетті тұлғасы. 2009 жылғы ақпаннан 2013 жылға дейін – «Парасат» Ұлттық ғылыми–технологиялық холдинг» АҚ-ның Басқарма Төрағасы. 2014 жылдан бері Ұлттық Ғылыми Кеңестің төрағасы.

Негізгі ғылыми зерттеулер бағыты әртүрлі біріктірілген химиялық–байытылған процесстерді, қиын байытылатын, полиметалл шикізатын, мыс металлургиясын кешенді қайта өңдеуді зерттеу болып табылады. 300-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы, оның ішінде 11 монография, 45 жаңалық ашулар.

Н.Бектұрғанов төрт кітап, үш кітапша және 300–ге жуық жарияланым, оның ішінде «Гидротермальды сульфидизациялау процесінің кейбір технологиялық ерекшеліктері», «Ауыр түсті металдардың оттегілі шикізатын кешенді қолдану», «Қиын байытылатын қышқылданған шикізатын гидротермальды сульфидизациялауды қолданып байыту технологиясы» ғылыми еңбектерінің авторы. Неміс тілін меңгерген.

Мемлекет қайраткері ретінде, саяси қозғалыстар мен партиялардың өзара пікір алмасуына, елдегі бұқаралық ақпарат құралдары жұмысын үйлестіруге елеулі ықпал етті.

Н.Бектұрғанов Оксфордтың «Имя в науке» халықаралық марапат иесі, сонымен бірге Ресейдің «За заслуги в развитии образования» «Платон Алтын Медалімен», «За заслуги в деле возрождения науки и экономики России» құрмет медалімен, «Звезда успеха» құрмет белгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдарымен; «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгісімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бектұрғанов Н. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері / Н.Бектұрғанов, Ә.Әбдәкімов. – Қарағанды, 1996. – 64 б.

Бектұрғанов Н. Аккредитация – білім беру сапасының кепілі / Н.Бектұрғанов // Жас Алаш. – 2001. – 31 шілде.

Бектұрғанов Н. Аккредитация – білім беру сапасының кепілі / Н.Бектұрғанов // Қазақстан мұғалімі. – 2001. – 15 тамыз.

Жоғары оқу орындарының білім сапасын тексеру жайы.

Бектұрғанов Н. Басты тұлға – әрқашанда мұғалім / Н.Бектұрғанов // Қазақстан мұғалімі. – 2001. – 19 қыркүйек.

Астана қаласында 22–23 тамызда өткен бірінші Республикалық педагогикалық кеңесте жасалған баяндама.

Бектұрғанов Н. Елімізге заң білімі туралы концепция қажет / Н.Бектұрғанов, З.Кенжалиев // Заң газеті. – 2001. – 10 қаңтар.

Бектұрғанов Н. Нұралы Бектұрғанов: Жанталасқан күндерден өттік, енді даму жолы күтіп тұр // Жас алаш. – 2001. – 17 наурыз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Нұралы Бектұрғановпен сұхбат / сұхбаттасқан Әділ Бек Қаба.

Бектұрғанов Н. Жоғары оқу орындарын тіркеу – бүгінгі күн талабы // Егемен Қазақстан. – 2001. – 21 шілде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Н.Бектұрғановпен сұхбат / сұхбаттасқан тілші.

Бектұрғанов Н. ХХІ ғасырда Қазақстан Республикасының білім саласын реформалауды жетілдірудің негізгі мәселелері мен жолдары (Бірінші Республикалық педагогикалық кеңестен) / Н.Бектұрғанов // Бастауыш мектеп. – 2001. – № 10. – 6–18 б.

Бектұрғанов Н. «Заман талабы – білім мен білік» // Егемен Қазақстан. – 2001. – 13 сәуір; Қазақстан мұғалімі. – 2001. – 20 сәуір.

Білім және ғылым министрі Н.Бектұрғановпен әңгіме / әңгімелескен С.Мәмет.

Бектұрғанов Н. Тарихтан – тағылым / Н.Бектұрғанов // Қазақстан: ХХІ ғасыр. – 2001. – №3. – 19 – 22 б.

Бектұрғанов Н. Тарихтан – тағылым / Н.Бектұрғанов // Үкімет жаршысы. – 2001. – № 3. – 19–22 б.

«Ғасырлар эстафетасы» атты ұлттық акция шараларының бірі «Байырғы түрік өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми–теориялық конференция жайында.

Бектұрғанов Н. Тұтастық тағылымы / Н.Бектұрғанов // Егемен Қазақстан. – 2001. –18 мамыр.

Бектұрғанов Н. ХХІ Ғасырда Қазақстан Республикасының білім саласын реформалауды жетілдірудің негізгі мәселелері мен жолдары (Бірінші Республикалық педагогикалық кеңестен) / Н.Бектұрғанов // Бастауыш мектеп. – 2001. - № 10. – 6–18 б.

Бектұрғанов Н. Айтарымыз бар, арман да жетерлік /Н.Бектұрғанов //Ақиқат. – 2002. – № 2. – 7–12 б.

Журнал редакциясы бірталай министрлік басшыларының жолдаған хаттарына Білім және ғылым министрі Н.Бектұрғановтың жауабын жариялап отыр.

Бектұрғанов Н. Қазақстан экономикасының дағдарыстан кейінгі серпінді дамуы жаңа технологияларға негізделуі тиіс // Егемен Қазақстан. – 2009. – 24 маусым.

Техника ғылымдарының докторы, «Парасат» ұлттық ғылыми–техникалық холдингі АҚ президенті, академик Нұралы Бектұрғановпен әңгіме] / әңгімелескен Ә.Құланбай.

Бектұрғанов Н.С. Арық атқа қамшы да ауыр. «Еуразия» каналы жүзеге аса ма? // Түркістан. – 2009. – 10 қыркүйек.

«Парасат» Ұлттық ғылыми–технологиялық холдингінің төрағасы, белгілі ғалым Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғановпен әңгіме /әңгімелескен Жаңабек Шағатай.

Ол туралы:

Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев).

Н.С.Бектұрғановты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі етіп тағайындау туралы: 2000 ж. 22 желтоқсан № 526 жарлық // Егемен Қазақстан. – 2000. – 23 желтоқсан.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Алматы, 1999. – Т.2. – 261 б.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – Т.1. – 236–237 б.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 126 б.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы. Қазақстан ғалымдарының библиографиясы=Бектұрғанов Нұралы Султанович. Библиография ученых Казахстана: биография отдельного лица / сост. Л. А. Мылтыкбаева и др. – Алматы: ОГК, 2008. – 268 с.

Бектұрғанов Нұралы (1949) // Қазақстан Республикасының білім саласын басқарған министрлер. Қысқаша энциклопедиялық (анықтамалық)

жинағы / құраст. Д.Айтмағамбетов, С.Ахметова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. –195–196 б.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2001. –82 б.

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана 2020. – 110–114 б.

Кәпқызы Е. Ахмет Байтұрсынұлы: Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын / Е.Кәпқызы // Түркістан. – 2001. – 14 ақпан.

Республикалық мұғалімдер съезінде Білім және ғылым министрі Н.С.Бектұрғановтың баяндамасының кейбір түйінді тұстары.

Мәмет С. Алуан қырлы, бір сырлы (айтулы ғалым–металлург, белгілі қоғам қайраткері Нұралы Бектұрғанов туралы сөз) /С. Мәмет // Егемен Қазақстан. – 2009. – 7 қаңтар.

Қаңтар 15 жұлдыз Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі **Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбековтің** туғанына **95 жыл** (15.01.1929–20.05.2015)

Асылбеков Мәлік–Айдар Хантемірұлы 1929 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм (қазіргі Шардара) ауданы Шардара кентінде дүниеге келген. 1948 жылы Шымкент мұғалімдер институтын, 1959 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін (қазіргі Әл–Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) бітірген. Қызылқұм ауданында орта мектепте мұғалім, директор, ауданның оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1958 жылдан Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері, 1963–1968 жылдары Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімінде ғылыми хатшы, 1968–1980 жылдары аға ғылыми хатшы, 1981–1984 жылдары бөлім меңгерушісі, 1984–1985 жылдары Институт директорының орынбасары болды.

130 дан астам ғылыми еңбек жазды. Бұл қызметінің негізгі бағыты – XIX ғ. 2 жартысы мен XX ғасырдағы әлеуметтік–демографиялық процестер, индустрия саласында ұлттық мамандардың қалыптасуы, XX ғасырдағы аграрлық және ұлттық қозғалыстар, саяси–экономикалық жағдай, осы тақырыптарға қатысты тарихнамалық және деректану мәселелері. М.А.Асылбеков 2015 жылы қайтыс болды.

(М.Х.Асылбековтің еңбектері орыс тілінде, 2024 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз).

ӘДЕБИЕТТЕР:

Асылбеков М.Х. Бегежан Сүлейменов – тарихшы–ғалым / М.Х.Асылбеков, С.А.Есқалиев. – Алматы, 2001. – 14, 25 б.

Ол туралы:

Асылбеков Мәлік–Айдар Хантемірұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. –Т.1. – 501 б.

Асылбеков Мәлік–Айдар Хантемірұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – Т.1. – 137 б.

Асылбеков Мәлік–Айдар Хантемірұлы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 111 б.

Академик Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбеков – 80 жаста // Отан тарихы. – 2009. – № 1. – С.215–219.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі.

Академик Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбеков 85 жаста // Отан тарихы. – 2014. – № 1. – 203–207 б.

Академик, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор (8.01.1929)]

Асылбеков Мәлік–Айдар Хантемірұлы // Қазақ тарихы. – 2015. – № 5. – 56 б.

ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор 87 жасқа қарағанда дүниеден озды.

Мәлік–Айдар Асылбеков: (ғалым, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (15.01.1929–2015)) // Қазақ тарихы. – 2015. – № 5. –56 б.

Қазанама.

Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбек (тарих ғылымдарының докторы, профессор (15.01.1928–20.05.2015) // Отан тарихы. – 2015. – № 3. – 193 б.

Қазанама.

Алтаев А.Ш. Академик ашқан ақиқат / А. Ш. Алтаев, С.Смағұлов // Алматы ақшамы. – 2019. – 25 мамыр.

Ғалым Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбеков туралы.

Құдайбергенова А.И. Академик М.Х.Асылбековтың ғылыми және қоғамдық қызметінің негізгі қырлары / А. И. Құдайбергенова // Отан тарихы. – 2019. – № 2. – 64–79 б.

Нәрібаев К. Тұлғатанушы ғалым / К. Нәрібаев // Ақиқат. – 2019. – № 6. – 98–102 б.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Асылбек Мәлік–Айдар Хантемірұлы туралы

Сманов Б. Тарих ғылымының тарланбозы / Б. Сманов // Ана тілі. – 2014. – 5–11 маусым.

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәлік–Айдар Хантемірұлы Асылбеков туралы.

Қаңтар Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы,
23 жұлдыз профессор **Байынқол Қалиұлы Қалиевтің** туғанына **85 жыл** (23.01.1939)

Қалиев Байынқол Қалиұлы 1939 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Саты ауылында туған. 1963 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) филология факультетін бітірген. 1963–1966 жж. осы университеттің аспиранты. 1967–1968 жж. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші, 1970–1974 жж. аға ғылыми қызметкер, 1986–1991 жылдары осы институтта жетекші ғылыми қызметкер. 1991–1995 жылдары терминология бөлімінің меңгерушісі. 1995 жылдан Алматыдағы Қазақ мемлекеттік тілдер университетінің (қазіргі Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) қазақ филология кафедрасының меңгерушісі болды, 1998 жылдан Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі.

Қазақ тіл білімінің фонетика, лексика, лексикография, терминология, этнолингвистика, тіл мәдениеті, аударма салалары бойынша зерттеулер жүргізді.

1967 жылы «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1991 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1996 жылдан бастап профессор. 2007 жылдан бастап, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы 2007–2011 жылдарға жоспарланған ғылыми–зерттеу тақырыптарына қатысады.

Б.Қалиев 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» авторларының бірі, жауапты редакторы. 5 монография, 2 оқулық, 3 кітапша және 150–ден астам ғылыми мақалалар жариялап, 16 сөздік жасады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы / Б.Қалиев. – Алматы, 1984.

Қалиұлы Б. Өсімдік атауларының орысша қазақша сөздігі / Б.Қалиұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 б.

Қалиұлы Б. Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері / Б.Қалиұлы. – Алматы: Дайк–пресс, 1997. – 150 б.

Қалиев Б. Жалпы тіл білімі / Б.Қалиев. – Алматы, 2000.

Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе: мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал / Б.Қалиұлы. – Алматы: Мектеп, 1997. – 95 б.

Қалиев Б. Орысша–қазақша және қазақша–орысша терминдер сөздігі / Б.Қалиев, Ш.Күркебаев. – Алматы: Рауан, 1996. – 32 б.

Қалиұлы Б. Қазақ тілі терминдерінің қысқаша сөздігі / Б.Қалиұлы. – Алматы: РБК, 2000. – 62 б.

Қалиев Б. Сөз мағыналарының негіздері. Жоғары оқу орындары филология фак. студ. арналған оқу құралы / Б.Қалиев, А.Ш. Жылқыбаева. – Алматы: [б. и.], 2002. – 110 бет.

Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері / Б.Қалиұлы; ҚР Білім және ғылым м–гі, Абылай хан атын. ҚХҚжӘТУ. – Алматы: Әлішер, 2008. – 160 б.

Қалиұлы Б. Сөзстан: мақалалар жинағы / Б.Қалиұлы; ҚР Білім және ғылым м–гі, Абылай хан атын. ҚХҚжӘТУ. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ, 2009. – 342 б.

Қалиұлы Б. Танымдық қазақ тілі: монография / Б. Қалиұлы, С.Исақова; ҚР Білім және ғылым м–гі, Абылай хан атын. ҚХҚжӘТУ, С. Бәйішев атындағы Ақтөбе ун–ті. – Алматы: Әлішер, 2009. – 132 б.

Қалиұлы Б. Жаңа қазақ–латын әліпбиі қандай болуы керек? / Б. Қалиұлы // Жас Алаш. – 2017. – 21 қыркүйек.

Қалиұлы Б. Латын графикасына көшу – өмір талабы / Б. Қалиұлы // Президент және халық. – 2017. – 24 қараша.

Латын графикасына көшкенде әріптерді таңбалауда туындайтын кейбір қиындықтар, яғни апострофтар туралы.

Үшбайұлы К., Қалиұлы Б. Дәрілік өсімдіктер / К.Үшбайұлы, Б.Қалиұлы // Парасат. – 2006. – №10–12; 2007. – №№ 1–12.

Дәрілік өсімдіктер туралы мақалалар топтамасы.

Қалиев Б. Жаңа әліпби ережесін қалай нақтылаймыз? / Б. Қалиев // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 1 наурыз.

Латын әліпбиіне көшу кезіндегі қазақ тілінің ережесі туралы.

Ол туралы:

Қалиев Байынқол Қалиұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. –Т.5 – 499 б.

Қалиев Байынқол Қалиұлы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 234 б.

Қалиев Байынқол // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. –Т.2 – 66 б.

Қалиев Байынқол // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – Т.2. – 24 б.

Қалиев Байынқол Қалиұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш / ҚР Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті; құраст. Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова. – Алматы: Арыс, 2009.– 144 б.– (Қазақстан ғалымдарының библиографиясы).

Жұмаділова Ш. Таушелектің түлегі / Ш.Жұмаділова // Жетісу. – 2009. – 17 қаңтар.

Тілші–ғалым, қазақ тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы туралы.

Исақова С. Тіл әлемінің қазыналы қариясы / С. Исақова // Almaty aqshamy. – 2019. – 28 ақпан. – 30 б.

Қазақ тіл білімін биік белестерге көтерген филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлының ұстаздық жолына үнілгенде.

Құрманбайұлы Ш. «Тіл!» – деп тыным таппаған: / Ш.Құрманбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 17 қаңтар

Филология ғылымдарының докторы, профессор, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Байынқол Қалиұлы туралы.

Смағұлова Г. Мінез / Г.Смағұлова // Түркістан. – 2009. – 22 қаңтар.

Профессор Байынқол Қалиұлы туралы.

Ақпан 17 жұлдыз Физика–математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі (1999), **Владимир Сергеевич Школьниктің** туғанына **75 жыл** (17.02.1949).

Школьник Владимир Сергеевич 1949 жылы 17 ақпанда Ресей Федерациясы Мәскеу облысы Серпухов қаласында туған.

1966–1967 жылдары Мәскеу облысы Серпухов радиотехника зауытының радиоаспаптар реттеушісі. 1967–1973 жылдары Мәскеу инженерлік–физика институтын физика–энергетика факультетінің «Физика–энергетикалық қондырғылары» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Институтты бітірген соң Қазақ КСР Маңғыстау энергокомбинатына бөлінеді. Онда 1999 ж. дейін істейді. 1973–1978 ж.ж. Шевченко қаласындағы Маңғыстау энергокомбинаты (МАЭК) БН–30 реакторының инженер–физигі. 1978–1987 ж.ж. – МАЭК физика–технологиялық зертханасы бастығының орынбасары. 1987–1988 жылдары – МАЭК бас инженерінің реакторлық өндіріс жөніндегі орынбасары. 1988–1989жж. – МАЭК директорының ғылым және экономика жөніндегі орынбасары. 1989–1992ж.ж. – МАЭК директорының ғылым, ядролық қауіпсіздік және реакторлық өндіріс жөніндегі орынбасары.

1992 ж. тамызынан 1994 ж. тамызына дейін – Қазақстан Республикасы Атом энергетикасы жөніндегі агенттігінің Бас директоры. 1994 ж. тамыздан 1996 ж. наурызға дейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрі. 1996 ж. наурыздан 1999 ж. қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ғылым министрі, Ғылым академиясының президенті.

1999 ж. қаңтардан қазанына дейін – Ғылым және жоғары білім министрі. 1999 ж. қазаннан энергетика, индустрия және сауда министрі. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрі, вице–премьер. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, 2009 жылдан бері «Казатомпром» басшысы болды.

2014 ж. тамызынан 2016 ж. наурызына дейін Қазақстан Республикасының энергетика министрі болды.

Атом энергетикасы, нейтронды–физикалық және жылу–гидравликалық процестер мен ядролық энергетикалық қондырғыдағы жылу–гидравликалық процестерді математикалық үлгілеу, ядролық реакторлардың техникасы мен физикасы, ядролық қауіпсіздік саласындағы маман. Реактордың физикалық қосылуы нәтижелерін өңдеуден бастап реактордың нейтронды–физикалық сипаттамасын зерттеуге, реактордың жұмыс режимін жетілдіруге, реакторлық қондырғының қауіпсіздік қасиетін арттыруға, реактордың физикалық процестерін математикалық үлгілеу жүйесін жасауға, реактордың физикалық қасиеттерін есептік–эксперименталды зерттеуін жүргізуге зор үлес қосты. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен жүргізілген зерттеулерінің нәтижелерінде ғылым мен техника саласындағы КСРО мемлекеттік сыйлығын алуға екі мәрте ұсынылды.

1981 жылы физика–математика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация, 1991 жылы «Шапшаң реакторы бар АЭС–терді математикалық үлгілерін дамыту мен оларды ғылым зерттеулер үшін қолдану және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету» атты жабық тақырып бойынша докторлық диссертация қорғаған, 1998 ж. В.Школьникке профессор атағы берілді.

В.Школьник Халықаралық ғылыми–техникалық орталықтың Басқарушылар Кеңесінің мүшесі, Атом энергетикасы жөніндегі Халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) жоғары эксперттер тобының құрамына енеді, Қазақстанның ИНТАС–тағы байланыс өкілі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық Кеңес мүшесі (1997 ж. ақпан–қараша) болды.

Қазақстан ядролық қоғамының президенті. Ақтау қалалық Кеңесінің депутаты (1985–1987, 1989–1994).

В.С.Школьник «Парасат», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев», «Отан» ордендерімен, «Астанаға 10 жыл» медалімен және көптеген басқа медальдармен марапатталған. Өл–Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің құрметті профессоры.

В.Школьник 5 кандидаттық диссертацияға жетекшілік етті. 140 ғылыми еңбек, мақалалардың, Франциядағы, Англиядағы, АҚШ–тағы, Германиядағы, Австриядағы, Италиядағы және т.т. халықаралық симпозиумдар мен конференциялардағы баяндамалардың авторы.

Еңбектерін және ол туралы 2024 жылғы орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Школьник В.С. Қазақстанда радиоактивті қалдықтарды бақылаусыз көміп тастау мүмкін емес / В.С.Школьник // Егемен Қазақстан. – 1996. – 10 ақпан.

Школьник В.С. Болашағың қандай болмақ, қазақ ғылымы / В.С.Школьник // Зерде. – 1996. – № 5. – 2–3 б.

Школьник В.С. Ғылым тұрақты даму жүйесіне түседі / В.С.Школьник // Заң. – 1996. – 7 тамыз.

Ол туралы:

Школьник Владимир Сергеевич // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2. – 457 б.

Школьник Владимир Сергеевич // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – Т.2. – 536 б.

Школьник Владимир Сергеевич // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы, 2007. –Т.9. – 518–519 б.

Школьник Владимир Сергеевич // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2001. – 78–80 б.

Школьник Владимир Сергеевич // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2020. – 104–106 б.

Ақпан 18 жұлдыз Қазақ әдебиетін зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент–мүшесі **Әнуар Жақсығалиұлы Дербісалиннің** туғанына **95 жыл** (18.02.1929–4.07.1986)

Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы 1929 жылдың 18 ақпанында Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Саралжан совхозында (қазіргі Қызылжар ауылы) дүниеге келген.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) 1950 жылы бітірген. 1954–1955 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер, кейін Қазақ КСР Оқу Министрлігінің Педагогикалық ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болды. 1958–1986 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болды.

1955 жылы «Б.Алтынсариннің жазушылық қызметі» тақырыбына кандидаттық, 1969 ж. «Қазақтың Октябрь алдындағы әдебиеті» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ғылыми–зерттеу еңбектері негізінен ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған. Сондай–ақ түркі және жазба ескерткіштері мен қазақ ақын жырауларының әдеби мұрасы туралы зерттеу еңбектерінің авторы. «Оғыз Наме», Мұхаббат–наме», «Қорқыт Ата кітабы» сияқты көне қазыналарды зерттеуге елеулі еңбек сіңірді. Алты томдық «Қазақ әдебиеті тарихы»

авторларының бірі және редколлегия мүшесі болды. Ә.Дербісалин 1986 жылы Алматыда қайтыс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Дербісалин Ә. Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы / Ә.Дербісалин. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1967. – 113 б.

Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар: (Ғылыми еңбектерінің жинағы) / ҚазССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты / Ә.Дербісалин. – Алматы: Ғылым, 1990. – 295 б.

Дербісалин Ә. V–X кластардың қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларға атеистік тәрбие беру туралы / Ә.Дербісалин. – Алматы, 1957. – 19 б.

Дербісалин Ә. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті: Даму жолдары / Ә.Дербісалин. – Алматы: Ғылым, 1966. – 311 б.

Дербісалин Ә. Мезгіл және қаламгер: Мақалалар мен зерттеулер / Ә.Дербісалин. – Алматы: Жазушы, 1968. – 190 б.

Дербісалин Ә. X класта С. Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал / Ә.Дербісалин. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1957. – 60 б.

Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар / Ә.Дербісалин. – Алматы, 1990.

Ол туралы:

Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 197 б.

Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – Т.3. – 201 б.

Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 157 б.

Дербісалин Әнуар Жақсығалиұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – Т.1. – 360 б.

Ақыш Н. Ыбырайтанушы / Н.Ақыш // Ана тілі. – 2009. – 19 ақпан.

Көрнекті әдебиеттанушы, ғалым Әнуар Дербісалин туралы.

Ақпан 20 жұлдыз Қоғам және мемлекет қайраткері, ҚАКСР халық ағарту комиссары (1928 қаңтар–1929 маусым) **Ораз Қыйқымұлы Жандосовтың туғанына 125 жыл** (20.02.1899–02.03.1938).

Жандосов Ораз Қыйқымұлы Алматы облысы, Қаскелең ауданында 1899 жылы 20 ақпанда туған. 1918 жылы Верныйдағы ерлер гимназиясын бітіргеннен кейін, Жетісудың облыстық ұлт істері жөніндегі бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1919–1923 жылдары Түркістан Коммунистік партиясы мұсылман коммунистері секциясының төрағасы, Жетісу облыстық әскери–революция комитетін және облыстық дихандардың «Қосшы» одағын басқарды.

1920—1925 жылы БК(б)П Түркістан КП ОК–нің мүшесі және бюро мүшесі, Түркістан ОАК төралқасының және БОАК–нің мүшесі, Қазақ ОАК

және оның төралқасының мүшесі, Қазақстан өлкетану қоғамы басқармасының төрағасы болды.

1921–1923 жылдары Түркістан Коммунистік партиясы орталық комитетінің үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі болды, 1923–1924 жылдары К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясында оқыды.

1924–1928 жж. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқырды. 1916 жылғы ұлт–азаттық қозғалысының 10 жылдығына орай, 1926 жылы Жетісудағы Қарқара көтерілісіне қатысқандарды мәңгі есте қалдыру мақсатында көтерілісшілер жиынын өткізген, кейін «Ереуілтөбе» атанып кеткен жерге ескерткіш орнатпақ болып, тас үйіп белгі қалдыруға қоғам қайраткерлері Ыдырыс Көшкінов, т.б. азаматтармен бірге қолдау көрсетіп, ат салысады. Ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарды, ғылыми–зерттеу жұмысымен айналысып, ғылыми еңбектер жазды.

О.Қ.Жандосов 1928 жылдың қаңтарынан –1929 маусымына дейін ҚАКСР халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі әл.Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) оқытушы, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының алғашқы директоры, Республикалық кітапханасының директоры, 1933–1934 жылдары Кеген аудандық комитетінің бірінші хатшысы, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

1922 жылғы жер–су реформасын жүргізу «Қосшы» одағының Жетісу облыстық комитетінің төрағасы О.Жандосовтың қызметімен байланысты. Ораз Жандосов «Қосшы» одағын басқару барысында әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Қосшы» одағы мектеп жасындағы балаларды есепке алып, оларды оқуға тартуға тырысты, мектептерді жөндеуден өткізу және жаңа мектептер салу, мектептерді және мектеп мұғалімдерін отынмен қамтамасыз ету, мәдени–ағарту іс–шараларына арнап салғырттар жинау олардың міндетінде болды. Сонымен бірге қазақ әйелдерінің тағдырына байланысты олардың құқықтарын қорғауда, білім алуына, сауатты болуына байланысты көптеген іс–шараларды жүзеге асырды.

1937 жылы тамызда партиядан шығарылады да, жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 жылы наурызда атылған.

Ораз Жандосовтың отбасы да қуғын–сүргінге ұшырады. Оның әйелі үш баласын алып, Өзбекстанның Қоқанд қаласына кетуге мәжбүр болады.

1957 жылы 5 шілдеде КСРО Жоғарғы Әскери сотының шешімімен О.Қ.Жандосовтың ісі жабылып, 1998 жылдың 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының қорытындысы бойынша Ораз Жандосов толық ақталған.

Қазақ ақыны К.Әзірбаев тұтқынға алынған О.Жандосовпен өзінің қоштасқан сәті туралы «Оразжан» әнін шығарған.

Алматыда Ораз Жандосов есімімен аталатын көшеде оған ескерткіш орнатылған, ол оқыған Верный ерлер гимназиясының ғимаратында ескерткіш тақта орнатылған және Алматы облысы Қарасай ауданында оның атындағы село бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жандосов О. Баянды болатын жаңалық (Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуына орай); Латын алфавиті мәдени революцияның қуатты қозғаушысы // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 218–220 б.

Ол туралы:

Жандосов Ораз Қыйқымұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – Т.3. – 536–537 б.

Жандосов Ораз Қыйқымұлы // Жетісу: энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 288–289 б.

Жандосов Ораз Қыйқымұлы // Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2006. – 251 б.

Жандосов Ораз // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана, 2020. – 34–38 б.

Жандосов Ораз Қиқымұлы // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын-сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 144 б.

Ораз Жандосов (1889–1937) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық .Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998. – Т. 2. – 171–172 б.

Ораз Жандосов (1899–1938) // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2.– 217–218 б.

Арыстанов Ж. Естен кетпес есімдер: (естелік, очерктер, публицистикалық мақалалар) / Ж.Арыстанов. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 76 б.

Арыстанов Ж. Сұңқар да жерде мекендейді. Документальды повесть / Ж.Арыстанов. – Алматы: Жазушы, 1966. – 299 б.

Қайран Ораз. Ораз Жандосов замандастар көзімен / құраст., ред. Ә.Жандосов. – Алматы: ТОО Графика–Принт, 1999. – 400 б. (қазақ, орыс тілдерінде.)

Қожакеев Т. Болашақ барлаушысы (Ораз Жандосов) / Т.Қожакеев // Қожакеев Т. Көк сенгірлер. – Алматы, 1992. – 152–163 б.

Қыдырбеков Б. Ораз Жандосов: очерк / Б.Қыдырбеков. – Алматы: Жазушы, 1967. – 31 б.

* * *

Әбжанов Х. Ораз Жандосов және 1916 жылғы көтеріліс: Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында / Х. Әбжанов // Президент және халық. – 2014. – 11 шілде.

Есполов Т. «Верныйды» Алматыға ауыстырған қайраткер / Т. Есполов // Ана тілі. – 2014. – 15–21 мамыр.

Қоғам қайраткері Ораз Қиқымұлы Жандосов туралы.

Ноғайбаев Қ. Жазылар естеліктер мен туралы / Қ. Ноғайбаев // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2007. – № 4. – 72–76 б.

Ораз Жандосов туралы

Нұрымбетова Г. Біз Жандосов жайлы жақсы білеміз бе? / Г. Нұрымбетова // Айқын. – 2010. – 25 ақпан.

Қоғам және мемлекет қайраткері Ораз Жандосов туралы.

Қапалбекұлы Н. Алаштың ардақты тұлғасы / Н. Қапалбекұлы // Жетісу. – 2011. – 9 шілде.

Қайраткер Ораз Жандосов жайлы.

Қапалбекұлы Н. Заманынан асып туған (Ораз Жандосов есімі қалай қастерлеуге де лайық) / Н. Қапалбекұлы // Президент және халық. – 2011. – 16 қыркүйек.

Өзбеков Ж. Ораз Жандосовтың өмірі мен ағартушылық қызметі / Ж. Өзбеков // Открытая школа. – 2016. – № 1. – 57–60 б.

«Халық жауы» Ораз Жандосовтың тергеушіге берген жауабы // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 11 наурыз. – 8–9 б.

О.Жандосовтың тергеушіге берген жауабы одан ары 1937 жылы ұсталғанға дейінгі өмірі, атқарған қызметі, ұлтшыл топтармен байланысы жайында.

Ақпан 20 жұлдыз Педагог, қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен әдістеме құралдарының авторы **Сәукім Сатыбалдықызы Тілешованың** туғанына **100 жыл** (20.02.1924)

Тілешова Сәукім Сатыбалдықызы 1924 жылы 20 ақпанда Алматы облысы Қаскелең ауданында дүниеге келген. 1946 жылы С.М.Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ) тарих–филология факультетін бітірген. 1946–1947 жылдары Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында сабақ берді, ал 1948–1950 жж. Жамбыл Жабаев атындағы № 18 қазақ орта мектебінің мұғалімі, 1954–1989 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылыми–зерттеу институтының қызметкері, 1970 жылы Педагогика ғылымдарының кандидаты болды. Кандидаттық диссертация тақырыбы: «Қазақ әдебиеті сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары». 1974 жылы осы институттың Қазақ әдебиеті бөлімінің аға ғылыми қызметкері. 1983 жылдан Еңбек зейнеткері. Қазақ әдебиеті әдістемесі туралы 20–дан астам еңбектің авторы, 5–8 сыныптарының қазақ әдебиеті бағдарламасының негізін салушылардың бірі.

С.Тілешова Халыққа білім беру саласында табыстарға жеткені үшін Қазақ КСР Оқу министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылыми–зерттеу институтының негізін қалағанына 50 жыл толуына байланысты 1983 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумы Грамотасымен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Тілешова С. Класқа арналған «Әдебиет оқу кітабына» методикалық нұсқау. Өнд.толықтырылған 2–бас. / С.Тілешова. – Алматы: Мектеп, 1987. – 60 б. (Мектеп мұғалімі кітапханасы)

Тілешова С. Әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру (IV–VII класс) мұғалімдерге көмекші құрал / С.Тілешова. – Алматы: Мектеп, 1984. – 103 б. (Қазақ тілі мен әдебиеті кітапханасы)

Тілешова С. «Әдебиет оқу кітабына» методикалық нұсқау: (VII класс) / С.Тілешова. – Алматы: Мектеп, 1984. – 96 б.

Тілешова С. Әдебиет сабағында жүргізілетін жазу жұмыстары (IV–VII) Мұғалімдерге арналған көмекші құрал / С.Тілешова. – Алматы, 1971. – 116 б.

Тілешова С. Әдебиет оқулығына әдістемелік нұсқау: (8–сыныпқа арналған) / С.Тілешова. – Алматы: Рауан, 1995. – 96 б.

Тілешова С. VII класта әдебиет сабақтарында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары: (метод.нұсқау хат) / С.Тілешова. – Алматы: Ғылыми зерттеу институты, 1965. – 59 б.

Әдебиет оқу кітабы: 5 класқа арналған оқулық. Хрестоматия / құраст. Ш.Кәрібаев, С.Тілешова. – 25–бас. – Алматы: Мектеп, 1988. – 238 б.

Әдебиет оқу кітабына қосымша материалдар: 5 класқа арналған / құраст. С.Тілешова. – Алматы: Мектеп, 1987. – 112 б.

Дайырова Ә., Тілешова С. «Әдебиет» оқулығына әдістемелік нұсқау: 5–сыныпқа арналған / толықт.,өнд. 5–бас. / Ә.Дайырова, С.Тілешова. – Алматы: Рауан, 1996. – 108 б. (Мектеп мұғалімі кітапханасы)

Дайырова Ә., Тілешова С. 4 класқа арналған «Әдебиет оқу кітабына» методикалық нұсқау 3–бас. / Ә.Дайырова, С.Тілешова. – Алматы: Мектеп, 1987. – 93 б.

Кәрібаев Ш., Тілешова С. Әдебиеттің оқу кітабы: 5 класқа арналған оқулық хрестоматия / құрастырушылар Ш.М.Кәрібаев, С.Тілешова; өнд. 23–бас. – Алматы: Мектеп, 1984. – 223 б.

«Қазақ әдебиеті» бойынша дидактикалық материалдар (6 класс үшін) / құраст: С.Тілешова, Назарғалиева. – Алматы: Рауан, 1990 – 94 б.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер күні әлемнің көптеген елдерінде тойланады. Тіпті кейбір жерлерде ол ұлттық мереке болып табылады. Бұл күні жер бетінің әйелдері ұлтына, тіліне, этникалық жағдайына қарамастан бірігіп, өздерінің қаншалықты құрмет пен сыйға лайық екендіктерін іс жүзінде мойындатады. Түрлі экономикалық, әлеуметтік жағдайларда өмір сүріп жатқан нәзік жандар қазіргі кезде өздерінің білімімен, мәдениетімен, жасампаздығымен, мықты күш–жігерлерімен әлемді мойындатып отырғандықтары ақиқат. Олар теңдік пен бауырмалдықты, достық пен сүйіспеншілікті, бейбітшілік пен өзара түсіністікті ту етіп ұстауда.

Халықаралық әйелдер мерекесінің негізін қалағандар – Нью-Йорктегі фабрика мен мақта-мата өндірісінің жұмысшы әйелдері. Олар 1857 жылы тұңғыш рет бас көтеріп, өз құқықтарын қорғап, ереуілге шыққан болатын.

1908 жылдың 8 наурызында Нью-Йорктың социал-демократиялық көзқарастағы әйелдер ұйымы әйел теңдігі жөнінде ұран көтеріп, митингке шыққан. Оған 15 мыңнан астам әйел қатысты, олар өздеріне еркектермен бірдей жағдай жасауды талап етті. Сонымен қатар, әйелдер сайлауға қатысуға құқылы екендіктерін де жеткізді.

1909 жылы Американың Социалистік партиясы әйелдер күнін жариялады. Ол 1913 жылға дейін аталып келді. 1909 жылы Копенгагенде өткен әйелдер жиынына АҚШ-тан делегаттар келді, олардың арасында Клара Цеткин де болды. Ол Екінші Халықаралық социалист әйелдер конференциясының делегаты еді.

1910 жылы беделді неміс социалист әйелі Клара Цеткин Екінші Халықаралық конференция делегаттарына әйел теңдігі туралы күрес күнін белгілеуді ұсынды. Бұл Копенгагенде 27 тамызда жүзеге асты. Мұнда Екінші Интернационалдың 8-інші Конгресі өткен болатын.

Бірінші Халықаралық әйелдер күні Германияда, Австрияда, Данияда, Швейцарияда 1911 жылы 19 наурызда аталып өтті. Көп адам қатысқан митинг те болды. 1912 жылы ол 12 мамырда осы елдерде аталды. 1913 жылы 12 наурызда Германияның, 9 наурызда Австрия, Чехия, Венгрия, Швейцария, Голландияның әйелдері, 2 наурызда Франция мен Ресейдің әйелдері бас көтерді.

1914 жылғы 8 наурызда көптеген елдер Халықаралық әйелдер күнін атап өтті. 1975 жылдан бастап БҰҰ-ның ұйғарымымен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні ретінде аталып өтуде.

Бұл мерекеде барлық мектептерде ұстаздарды, аналарды, қыз балаларды құттықтау, құрметтеу мақсатында көптеген іс-шаралар өтіледі. Атап айтсақ әртүрлі тақырыптағы тәрбие сағаттары, қыз сыны байқаулары және мерекелік кештер. Аналар күніне арналған «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» атты мерекелік кештің өтілу барысына келсек «Сәбидің дүниеге келуі» (сахнада ана мен сәби), «Батыр ана» көріністері қойылады. 8-9 сынып оқушылары аналарды өлеңдермен құттықтай отырып «Кешір ана», ару қыздарға арналған «Арулар асыл жандар...» бейнеклиптері көрсетіледі, күйлер орындалады. Сонымен қатар 8-наурыз мерекелік кешінің шығу тарихы жайлы да мағлұматтар береді. Кеш оқушылардың әдеби монтаждарымен аяқталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абданова А.С. Ана – өмір шуағы / А.С.Абданова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 3. – 18–20 б.

8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік сценарийі.

Ана – шуақ, ана – күн... // Qazaq adebieti. – 2022. – 4 наурыз. – 6,7 б.

Көктеммен бірге келген мейрамға орай, қаламгерлердің аналары жайлы жазған ыстық лебіздері.

Анаш Д. Құтқарушы қыздар. Төтенше жағдаймен күресте әйелдердің де орны бар / Д. Анаш // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 8 наурыз. – 6 б.

Асанкелдіұлы А. Әйелді аялау – әлемді аялау / А. Асанкелдіұлы // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 7 наурыз. – 2 б.

Сыртқы істер министрлігінде бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселесінде әйелдердің рөлі тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті.

Әлиман Ж. Мейірім мерекесі / Ж.Әлиман // Egemen Gazagstan. – 2022. – 8 наурыз.

8 наурыз мерекесіне арналған мақала.

Есаман Х. Жақсы кітап – жан азығы / Х. Есаман // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 2 маусым. – 16 б.

Жамбыл облысындағы «Анаға тағзым» орталығында «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасының аясында «Анаммен бірге кітап оқимын» атты шығармашылық байқаудың өтуі.

Жубанышева А. Сыйынар ем, ана деген тәңірге / А.Жубанышева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2019. – № 3. – 32–33 б.

8 наурыз аналар мерекесіне арналған тәрбие жұмысы.

Ибишева Б.Б. Ай дидарлы анашым / Б.Б.Ибишева // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 3. – 34–36 б.

8 наурыз мерекесіне арналған сценарий.

Қайырлы А. Қыз бұзылса – ұлттың бұзылғаны (Сыр–сұхбат кеші) // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 1. – 11–12 б.

Қамалетдинов С. Әскердегі айымдар / С.Қамалетдинов // Egemen Gazagstan. – 2022. – 8 наурыз.

Әскери қызметте жүрген қыз–келіншектер туралы материал.

Құдайберген Ж. Анаға құрмет кемімесе екен / Ж. Құдайберген // Заң газеті. – 2022. – 4 наурыз. – 1–2 б.

Менеева А. Қыз бала қандай болу керек? / А.Менеева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – 5–6 б.

Қыз бала тәрбиесі, қыз баланы шынайы құрметтеп, қастерлей білуге баулу.

Октябрь А. Жанарына жарық күн ұялаған (Мың баланы бауырына басқан ана жайлы бір үзік ой) / А.Октябрь // Egemen Gazagstan. – 2022. – 7 наурыз.

«Нұр» отбасылық балалар үйінің негізін салушы Тұяқ Қазкенқызы туралы.

Оразмагамбетова А. Айналайын, анашым: тәрбие сағаты / А.Оразмагамбетова // Мектептегі мерекелер. – 2019. – №4. – 12–12 б.

**Наурыз
17 жұлдыз**

Физика–математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық жоғары мектеп академиясының корреспондент–мүшесі, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, білім сапасы мен оны жетілдірудің халықаралық expertі, халықаралық білім сапасы

Ассоциациясының мүшесі **Базар Қабдошұлы**
Дамитовтың туғанына **80 жыл** (17.03.1944)

Дамитов Базар Қабдошұлы 1944 жылы Шығыс Қазақстан облысы Көктерек ауылында туған. 1967 жылы Мәскеудің инженерлік–техникалық институтын, 1971 жылы Курчатов атындағы атом энергиясы институтының аспирантурасын бітірген.

1971–1973 жылдары Онкология және радиология ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері. 1973 жылдан бері жоғары білім беру саласында еңбек етіп келеді. 1973–1983 жж. Талдықорған педагогикалық институтында физика кафедрасының меңгерушісі, физика–математика факультетінің деканы, ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, оқу–тәрбие жөніндегі проректоры болып қызмет етті.

1983–1986 жылдары Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігінің педагогикалық жоғары оқу орындары бөлімінің бастығы болды. 1986–1991 жылдары Жамбыл педагогикалық институтының ректоры болды.

1991–1992 жылдары Б.Дамитов Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының спорт және жастар ісі бөлімінің меңгерушісі. 1992–1995 жылдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің білім, мәдениет, спорт және жастар ісі бөлімін басқарды, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының ішкі саясат бөлімін басқарды.

1995–1997 жылдары Білім министрлігінің жоғары білім және ғылым Бас басқармасының бастығы, ал 1997–1999 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің жоғары және орта арнаулы білім Департаментінің басқарма бастығы.

1997 жылдың қарашасынан Б.К.Дамитов Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитеті төрағасының орынбасары болды.

1999–2000 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі болды.

2000–2003 жылдары Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры болды. 2004–2005 жылдары «Бөбек» Ұлттық білім орталығының директоры.

2005 жылдан 2009 жылға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім сапасын бағалау Ұлттық ғылыми орталығының директоры болды.

2009 жылдан Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті білім сапасын талдау институтының директоры.

Б.К.Дамитов Халықаралық жоғары мектеп академиясының корреспондент-мүшесі, ТМД елдерінің білім бойынша Мемлекетаралық кеңесінің мүшесі. Халықаралық конференциялар мен семинарларда, ЮНЕСКО–ның Женевада өткен 44–ші сессиясында, АҚШ, Германия, Францияның университеттерінде баяндамалар оқыды.

Б.К.Дамитовтың өңдеуімен «Сборник законодательных и нормативных документов по высшему образованию в Республике Казахстан» атты жинақ шықты. 80–нен астам ғылыми жұмыс, 2 монография, 10 ғылыми–әдістемелік кітапшалардың авторы.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері. «Құрмет», «Қазақстанның тәуелсіздігіне 10 жыл» ордендері, «Астана» медалімен, КСРО жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің «Жоғары білім саласындағы үздік көрсеткіштері үшін», «ҚазКСР ағарту саласының үздігі» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен; көптеген грамота және дипломдармен марапатталған.

Еңбектері орыс тілінде. Ол туралы 2024 ж. арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Дамитов Б.К. Білім беру жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама / Б.К.Дамитов, Н.Т.Ермеков, О.И.Можаева // Педагогика мәселелері=Вопросы педагогики. – 2009. – № 4. – 4–172 б.

Ол туралы:

Кенжебаев Ғ. Ер–азамат ел алдында сыналар / Ғ. Кенжебаев // Айқын. – 2014. – 15 наурыз.

Ғалым, жоғары мектептің ұйымдастырушысы, академик, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Базар Қабдошұлы Дамитов туралы.

21–23 наурыз – Наурыз мейрамы

Ежелгі жыл санағы бойынша 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Өз Наурыз», «Өз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған.

Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл қалың қыстан аман–есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір–бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады.

1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылып, сынын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атақ берді.

Наурыз мейрамы қазақтың ұлттық мейрамы. Бұл мерекеге орай мектептерде көптеген іс-шаралар өтеді. «Қош келдің, әз Наурыз», «Жыл басы – Наурыз» атты мерекелік кештер, «Наурызым – мерекем, наурызым – берекем» атты және т.б. көптеген тәрбие сағаттары өтіледі. «Қош келдің, Наурыз думан» атты мерекелік кештің өтілу барысы: Мерекелік кешке бастауыш, орта буын, жоғары сынып оқушылары қатысады. Мерекелік кеш әжелеріміздің наурыз шашуымен ашылады. Шашу шашылған соң ата салтымызға сай бата алу үшін ортаға Қыдыр ата шақырылады. Осыдан кейін мерекелік кеште шілдеhana, қырқынан шығару, ат қою, бесікке салу, тұсау кесер сияқты тағы басқа ұлттық салт Орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының алғашқы авторларының бірі дәстүрлерімізден көріністер көрсетіледі, ән шырқалып, би биленеді. Мереке соңында ұлттық ойындардан жарыс өткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бегманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты. Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбат / Қ.Бегманов. – Алматы: Өлке, 2010. – 480 б.

Кенжеахметұлы С. Жеті қазына / С.Кенжеахметұлы. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 136 б.

Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 428 б.

Қош келдің, Наурыз! – Алматы: Өлке, 1993. – 80 б.

Нұрмаханбетова Р. Қазақстанның төл мерекелері / Р.Нұрмағанбетова. – Алматы: Аруна, 2003. – 11 б.

Нуртазина Р. Наурыз: мектеп жасындағы балаларға арналған / Р. Нуртазина, В. Пак. – Алматы: Аруна, 2001. – 11 б.

* * *

Абугалиева А.М. Қош келдің, Наурыз! / А. М. Абугалиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 19–21 б.

Мерекеге арналған сценарий.

Артықбаев Ж. Ұлттық құндылықтарды жандандыратын мейрам / Ж. Артықбаев // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 17 наурыз. – 9 б.

Тарих ғылымдарының докторы, этнограф ғалыммен Наурыз мейрамы жайында сұхбат / әңгімелескен Л.Науан

Бекмурзаева Н.Б. Наурызым – нұрлы ырысым / Н. Б. Бекмурзаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 4. – 6–8 б.

Берекенің мерекесі – әз Наурыз // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 19 наурыз. – 8–9 б.

Елімізді мекен еткен өзге ұлт диаспораларының пікірлер топтамасы / әзірлеген А. Төлендіқызы.

Ділмағанбетова Ж. Наурыз мерекесі / Ж.Ділмағанбетова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – 11–18 б.

Наурыз мерекесін тойлау сценарийі.

Елемисова Д.С. Қош келдің, өз–Наурыз! / Д. С. Елемисова // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. – 2021. – № 3. – 84–91 б.

Қазақ халқының салт–дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеуге арналған сыныптан тыс шара қазақ, орыс тілінде жүргізу.

Ерғали С. Наурыз – ұлттық мереке, этнография емес! Наурыз мейрамын жаңаша өткізу тұжырымдамасы / С. Ерғали // Қазақстан дәуірі. – 2020. – 27 ақпан. – 1, 4 б.

Мәдениеттанушы, этнографпен сұхбат / әңгімелескен З.Тілегенқызы.

Жексембаева Р.С. Наурыз – түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы / Р. С. Жексембаева // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = Открытый урок. Факультативные работы. – 2022. – № 4. – 8 б.

Жас мемлекеттің жаңарған Наурызы // Түркістан. – 2021. – 18 наурыз. – 3 б.

1988 жылы Наурыз мерекесінің тойлана бастауы, 14–23 наурыз күндерінің аталуы: Көрісу күні, Жайлау күні, Шежіре күні, Тарихи тағлым күні, Игі істер күні, Шымырлық пен шеберлік күні, Зияткерлік күні, Ұлттық тағамдар күні, Ұлыстың ұлы күні, Жоралғы күні жайлы / әзірлеген А. Жұмағалиұлы.

Қазақбаева А. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз – көктемнің жаңару мерекесі! / А. Қазақбаева // Қазақстан дәуірі. – 2021. – 18 наурыз. – 12 б.

Қайназар Ұ. Қош келдің, өз Наурыз! / Ұ. Қайназар // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 3. – 30–33 б.

Наурыз мерекесіне арналған сценарий.

Қайратұлы Б. Береке басы – Наурыз, қазына құты – Тайқазан / Б. Қайратұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 16 наурыз. – 1,3 б.

Наурыз мейрамы туралы 1991 жылы шыққан жарлық жайында, қасиетті Тайқазан туралы қысқаша мәлімет.

Макарова А. Наурыз – думан / А. Макарова, Д. Жұбатова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 3. – 26–29 б.

Наурыз мерекесіне арналған сценарий.

Медеубаева Ж. Наурыз келді еліме! / Ж.Медеубаева // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – 7–10 б.

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт–дәстүрін насихаттау.

Мұхтарова Г. Қазақтың сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурыз / Г. Мұхтарова // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 19 наурыз. – 7 б.

«Есік» мемлекеттік тарихи–мәдени қорық музейінің директорымен сұхбат / әңгімелескен Д. Нұрмағанбетқызы.

Назарбек Н. Наурызды тұғырына қондырған тұлға / Н. Назарбек // Айқын. – 2021. – 20 наурыз. – 8 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков жайында.

Ниеталиева А. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз! / А. Ниеталиева, Ж. Адамбаева // Мұғалім шеберханасы = Мастерская учителя. – 2022. – № 2–3. – 37–39 б.

Наурыз мерекесін сыныптан тыс өткізу, сценарийі.

Смыкова Н.Б. Армысың, Әз Наурыз! / Н.Б.Смыкова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – 14–18 б.

Наурыз мерекесін тойлау сценарийі.

Хасенова А. «Наурыз мейрамы – барлық қазақстандықтарға ортақ мейрам» атты жобаның сценарийі / А. Хасенова, М. Жампеисова // Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім = Профильная школа и профобразование. – 2020. – № 1. – 21–22 б.

Шаргынова Ж.Т. Қош келдің, Наурыз! / Ж. Т. Шаргынова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 3. – 5–7 б.

21 наурыз–4 сәуір – Көктемгі демалыс

Наурыздың 11–і мен 21–і аралығында «Наурыз мейрамы» мерекесіне дайындық: мектеп мұражайларының экспозицияларын жаңарту, ішкі бөлмелерді, ғимараттардың қасбеттерін (фасадтарын) безендіру, мектеп ауласын жинап, тазалау, сенбіліктер, еңбек десанттары, ағаштар мен бұталар отырғызу, талдарды әктеу, спорт ойын алаңдарын сырлау.

Көктемгі демалыс кезеңінде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу: көктемгі демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс–шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін әзірлеу, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата–аналарға арналған қабырғалықты ресімдеу. Көктемгі демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысаны туралы ата–аналарды ата–аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында таныстыру. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс–шаралар жүргізу: ықшамаудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез–құлқы девиантты оқушылармен әңгімелер өткізу.

Құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер, судағы және жолдардағы қауіпсіздік техникасы туралы профилактикалық әңгімелер өткізу.

21 наурыз – 22 наурыз – **Наурыз мейрамы**. «Қош келдің, әз–Наурыз!», «Наурыз шапағаты», «Наурыз – жыл басы» атты ата–аналардың, педагогикалық ұжымның ардагерлерінің, мектеп қамқоршыларының қатысуымен мектепте және сыныптарда мерекелер өткізу. Қалалық және облыстық салтанаттарда және орталық алаңдардағы мерекелік концерттерге қатысу.

23 наурыз – **Достық пен келісім күні**. Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің қатысуымен «Ынтымағы жарасқан елміз», «Ынтымақ пен

келісім», «Халық достығы – тіл достығы», «Ақпыз, қара, сарымыз – ағайынбыз бәріміз», «Біз бәріміз әр түрліміз» атты фестивальдерін, мерекелік концерттерді, көркемөнерпаздар байқауларын өткізу.

24 наурыз – **Білімділер мен мен білгірлер күні**. «Білімді шығар биікке» атты үздік оқушылар слеттерін, «Әдебиеттік оқу пәнінің алғыры», «Математика білгірлері», «Болашақ биолог», «Химия біздің өмірімізде» т.б. жалпымектептік зияткерлік викториналар, конкурстар, олимпиадалар, ғылыми жобаларды қорғауды өткізу.

25 наурыз – **Қолөнер үйірмелері күні**. Мектеп үйірмелері мен клубтарымен таныстыру, олардың бағыттарымен, және олардың жетекшілерімен танысу, «Қолөнершілер парады», «Менің үйірмем», «Біздің мектептің шеберлері», «Өнерпаз оқушылар» атты оқушылар мен мұғалімдер қолымен жасалған заттар мен бұйымдардың көрмелерін ұйымдастыру. Үйірмелерге қабылдау. Үйірмеге қатысушылардың концертін ұйымдастыру.

26 наурыз – **Отбасы күні**. Әкелердің, аналардың, ата-әжелердің қатысуымен «Ардақта ата-ананды!», «Әкем, анам және мен – көп тілді отбасымыз», «Отбасы – адамгершіліктің алтын қазынасы», «Ана күннің шуағы», «Әжелер – отбасының берекесі» атты конкурстар, мерекелік концерттер, тақырыптық викториналар өткізу. Егіздердің қатысуымен «Біз егіздерміз» жалпымектептік, аудандық және қалалық фестивальдер, олардың әуестіктері парадын, егіздердің ең спорттық, тапқырлар, көңілді, сазды және шығармашыл жұбының шығармашылық конкурсын өткізу.

27 наурыз – **Отан күні**. «Туған елім – Қазақстан», «Мен – патриотпын», «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында ойындар, викториналар, конкурстар мен саяхаттар өткізу.

Мектеп мұражайларындағы экспозицияларды жаңарту.

Тарихи-өлкетану, көркемсурет мұражайларына, әдебиет және өнер мұражайларына, қала бойынша саяхатқа ұжыммен шығуды ұйымдастыру.

«Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын және қорғаушысымын» тақырыбындағы оқушылардың үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері өкілдерімен кездесулерін, тұрғылықты жері бойынша волонтерлік командаларын ұйымдастыру.

28 наурыз – **Әдептілік күні**. Балаларға әдепті болу деген не, өзін қалай әдепті ұстау керек, этикет деген не, сыпайы сөйлеудің мәні туралы «Әдептілік – адам көркі», «Әдептілік – тәрбие бастауы», «Әдептілік әліппесі» «Әдеп – ең қымбат мирас» атты балалардың қатысуымен шағын көріністер дайындау.

29 наурыз – **Озық ойлы тапқырлар күні** «Не? Қайда? Қашан?», «Ғасыр көшбасшысы», «Білімді мыңды жығар» «Тапқырлар сайысы» жас білгірлер зияткерлік конкурсын, жалпымектептік «Эрудит» интеллектуалдық ойынын, танымдық және тақырыптық викториналар өткізу.

30 наурыз – **Спорт күні**. «Спорт – біздің досымыз», «Салауатты өмір салты – өмір мәні» «Бірінші байлық – денсаулық» жалпымектептік, аулааралық, қалалық спорттық жарыстар, «көңілді» старттар, өңірде іс

басында жүрген танымал спортшыларды, жаттықтырушыларды қатыстыра отырып, спорт тақырыбына зияткерлік викториналар өткізу.

31 наурыз – **Қайырымдылық күні**. Отбасы мүшелерінің қатысуымен «Менің інім ең үздік», «Мен және менің қарындасым (сіңілім)», «Берекелі отбасымыз», «Менің отбасым – менің команدام» атты шығармашылық конкурстар өткізу. Қайырымдылық шараларын өткізу.

1 сәуір – **Күлкі күні**. Оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың арасында «Ең көңілді балалар» Көңілділер және тапқырлар клубының сайысын, мысқыл мен күлкі кештерін өткізу.

1 сәуір – **Құстар күні**. Бұл күні әртүрлі сайыстар (топтық сайыс, сурет сайысы), викториналық сұрақтар және жасанды құс ұяларын ілу жұмыстарын өткізу. «Құстар – біздің досымы, қорғауға үлес қосыңыз!» атты мерекеге келген қонақтар мен қатысушыларға құстар жайлы әңгімелер айтылып, құстардың түрлері таныстырылады. Жақсы өнер көрсеткен балалар мақтау қағазымен марапатталып, сыйлықтар алды.

2 сәуір – **Балалар кітабы күні**. «Кітап – алтын қазына», «Отбасындағы кітап» немесе «Кітап – біздің досымыз» атты мектеп кітапханасында, басқа балалар кітапханаларында түрлі экскурсиялар, конференция сабақтар, «Отаным да, үйім де киелі мекен қазақ жері» атты кітап көрмесін және жаңа кітаптар көрмесі, кітап авторларымен кездесу ұйымдастыру.

3 сәуір – **Хайуанаттар мен жануарлар күні**. «Жаса, жұмыр жер» экологиялық акциялары мен фестивальдерін өткізу, ғылыми жобаларды қорғау, үгіт бригадаларының, суреттер, плакаттар конкурстары. Үйдің сүйікті жануарларының көрмелерін, «Хайуанаттар әлемінде», «Менің ең сенімді серігім» атты төрт аяқты достар мен олардың иелеріне арналған шығармашылық конкурстар ұйымдастыру, мүмкіндік болса, хайуанаттар бағына саяхатқа шығу.

4 сәуір – **Туған қала / ауыл / күні**. Аула балалары мен ықшамаудан тұрғындарына арналған ашық алаңда «Менің сүйікті қалам», «Менің сүйікті ауылым» атты шағын концерттік шаралар өткізу. Аулаларда еңбек десанттарын, тазалық сенбіліктерін ұйымдастыру, қала тұрғындарына тазалықты сақтауға және аула аумақтарын көріктендіруге шақыратын парақшалар тарату.

5 сәуір – Көктемгі демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды ұйымдастыру жұмысының қорытындыларын (қатысу рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, көктемгі демалыс кезеңіндегі іс-шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпымектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абадилова А. Тәуелсіздік – болашаққа аманат (8–11 сыныптар) / А. Абадилова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – 5–8 б.

Тәуелсіздік күніне арналған кеш.

Аққайыр Ж. Тәрбие құралы таяқ па? / Ж. Аққайыр // Айқын. – 2021. – 13 ақпан. – 5 б.

Бала тәрбиесіндегі ата–аналар мен психолог пікірі.

Апахаева М.Х. Адам әдептілігімен көрікті (тәрбие сағаты) / М. Х. Апахаева // Мектеп. – 45 минут. – 2021. – № 5. – 12–13 б.

Асұқанбаева Г. Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары / Г. Асұқанбаева // Қазақстан мектебіндегі директор=Директор казахстанской школы. – 2019. – № 1. – 19–22 б.

Оқушыларға «Қызыл кітап» туралы, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстырып, мағлұмат беру.

Ахметова Г. Әдеппен сөйлеп әдеттен / Г. Ахметова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 6. – 12–14 б.

Оқушыларды мәдениеттілікке, әдептілікке, әділеттілікке тәрбиелеу.

Әшімқұл А. Төрт түлік мал / А.Әшімқұл // Мектептегі мерекелер. – 2019. – № 4. – 30–32 б.

Сөйлеуді дамытуға, төрт түлік малға қамқор болуға арналған ертеңгілік.

Байсакова М. Қазақтың баласымын / М.Байсакова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 18–20 б.

Ұлы даланың тарихын, өнері мен музыкасын, тарихын білуге тәрбиелеу.

Дене шынықтыру құралдарымен оқушы жастарды спортқа баулу арқылы зиянды әдеттерден сақтандыру / А. Р. Әбішев и др. // Мектептегі дене шынықтыру. – 2021. – № 5–6. – 3–6 б.

Дені саудың – жаны сау // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2019. – № 3. – 30–32 б.

Жас ұрпаққа денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада демалу екендігін тәрбие сағатында ұғындыру.

Даулетказина М.А. Мемлекеттік рәміздер – жарқын болашақтың кепілі / М. А. Даулетказина // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 8. – 3–6 б.

Жигитова О. Баланың бас ұстазы – ата–анасы / О. Жигитова // Тәрбие құралы. – 2022. – № 3. – 33–34 б.

Кабирова М. Кітап – сарқылмас қазына / М.Кабирова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 9–10 б.

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілетін пікір алысу сабағы.

Кусаинова А. Әлемді жақсарту үшін кітап оқы / А.Кусаинова, Г.Бибекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 4. – 23–25 б.

Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілін дамыту кітапты құрметтеуге баулу.

Карибаев С. «Рухани жаңғыру» ұлт тарихына жаңа көзқараспен қарауды талап етеді / С. Карибаев, Қ. Уразбаев // Білімді ел = Образованная страна. - 2020. – 5 мамыр. – 10–11 б.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ–нің «Туған жер» бағдарламасын іске асыруы, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің зерттеу жұмыстары жайлы.

Қаба Ә. Балалар әдебиетіне стратегиялық мәселе ретінде көңіл бөлу қажет / Ә. Қаба// Қазақ әдебиеті. – 2020. – 27 қараша. – 10–11 б.

Тіл саясаты комитеті балаларға арналған кітаптарға қатысты жас жазушылармен кездесу өткізуі, мектеп кітапханалары, мәдениет саласындағы балалар кітапханасының қорын балалар әдебиетімен толықтыру, балалардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселесін көтеруі.

Қайырымдылық қазақты ұлт ретінде сақтап қалды. Елордадағы еріктілер жиынында Тоқаев айтқан 4 тезис
// Қала & мен Дала. – 2020. – 14 ақпан. – 3 б.

Елордада «Birgemiz» республикалық фронт–кеңесінің ресми ашылуына ҚР Президенті Тоқаевтың қатысуы.

Қыяқбаева Ұ. Көркем шығармалар арқылы балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру / Ұ. Қыяқбаева, Б. Ауакир // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 3. – 25–28 б.

Мендыгарина К.С. Спорт – жан серігі / К.С.Мендыгарина // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – 30–32 б.

Спорттық эстафеталық ойындар.

Ниеталиева А. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз! / А. Ниеталиева, Ж. Адамбаева // Мұғалім шеберханасы = Мастерская учителя. – 2022. – № 2–3. – 37–39 б.

Наурыз мерекесін сыныптан тыс өткізу, сценарийі.

Олжабай С. Балаңыз кітап оқи ма? / С. Олжабай // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 29 шілде. — 15 б.

Баланы кітап оқуға тәрбиелеу.

Ортаев Б.Т. Қолөнерді оқытудың тәрбиелік мүмкіндіктері / Б. Т. Ортаев // Қазақстан мектебіндегі директор = Директор казахстанской школы. – 2021. – № 1. – 9–14 б.

Омарова Д. Балаларды тәрбиелеудегі ата–ананың рөлі / Д. Омарова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 8. – 24–27 б.

Рахымбердина Н.М. Отбасындағы мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу / Н. М. Рахымбердина // Тәрбие құралы. – 2022. – № 2. – 33–34 б.

Сабирова Ш. Қамқор әке – бақытты жанұя / Ш.Сабирова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 4. – 22–24 б.

Отбасындағы әке тәрбиесі туралы.

Сәрсенғалиева Г. Отбасы құндылығы / Г.Сәрсенғалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 4–6 б.

Отбасы құндылықтарын дәріптеу, отбасы тәрбиесінің маңызын ашып көрсетуге бағытталған пікір алмасу, сұрақ жауап сабағы.

Тоқтағанова А. Дағдыны дамыту және бақылау жолдары / А. Тоқтағанова // Білімді ел=Образованная страна. – 2021. – 19 қаңтар. – 14 б.

Оқушының өзін–өзі реттеу дағдысын қалыптастыруы.

Тусупова А. Кім алғыр? / А.Тусупова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – 25–26 б.

Оқушылардың сабақта алған білімдерін қорытындылау, топтағы оқушылар арасынан алғыр, білімді оқушыны анықтау.

Уменова Б. Әдептілік – тәрбие бастауы / Б. Уменова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 6. – 25–29 б.

Әдептілік туралы ұғымды қалыптастыру, инабаттылыққа тәрбиелеу

Утарбаева Г. Кітап оқуға қызығушылығын арттыру / Г. Утарбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 28–30 б.

Мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасымен жұмыс жүргізе бастағаны жайлы.

Шәкен Р. Кейінгі толқын кітап оқи ма? / Р. Шәкен // Аіқун. – 2021. – 18 тамыз. – 7 б.

Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу.

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

Балалар кітабы халықаралық кеңесінің бастамасы және шешімімен 1967 жылдан бастап балалардың сүйікті ертегішісі Ганс Христиан Андерсеннің туған күні, яғни 2 сәуір халықаралық балалар кітабының күні (ICBD) деп бекітілген. Жыл сайын Балалар кітабының халықаралық кеңесінің ұлттық секцияларының бірі аталған керемет мерекенің демеушісі болады және жыл сайын дәстүр бойынша әлем балаларына Жолдау және Халықаралық балалар кітабы күніне арналған плакат жазу үшін танымал жазушы мен белгілі суретшіні шақырады. Осылай әр жылы балаларға белгілі бір тақырыппен жолдау жолданады. Әрине, мұның басты мақсаты – әлем балаларын әдебиетке жақын болуға, кітап оқуға үндеу, адам өмірінде кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру, «Кітап – білім бұлағы, ал білім – өмір шырағы» екенін жеткізу.

Осы мерекеге орай оқушылармен сыныпта, мектеп кітапханаларында, басқа балалар кітапханаларында және әр түрлі саладағы кітапханаларда түрлі конференция сабақтар, пікір талас, жаңа кітаптардың көрмелерін т.б. ұйымдастыруға да болады. Мұндай шаралар оқушылардың көпшіліктің алдында өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырады, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытады. Сонымен қатар үлкен көлемдегі кітапханаларға экскурсия ұйымдастыру олардың қажетті білімді қайдан іздеу керектігін білу мүмкіндіктерін арттырады. Мысалы «Кітап – алтын қазына» сынып сағатында кітап авторларымен кездесу өткізу, оның өмірімен, шығармашылығымен байланыстырылса оқушылар үлгі болып, биік белестерге ұмтылады. «Кітап – біздің досымыз» атты конференция сабақты алсақ, ең алдымен оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын таныстырып өтеді.

Басқа балалар сұрақтар қояды. Конференция соңында жаңадан шыққан бір кітаптың тұсаукесерімен аяқтауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абылкасымова К. Ар–намысқа, ерлікке жетелейтін шығармалар / К. Абылкасымова // Ұлағат. – 2021. – № 2. – 24–31 б.

Балаларға арналған Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» шығармалары жайында.

Адырбек Н. Кітап оқып, тұлға бол! / Н.Адырбек // Aigyn. – 2022. – 12 наурыз.

«Шұғыла» қоры мен «Дария» дамыту орталығы «Тұлға болам» кітап оқу сайысын биыл үшінші рет ұйымдастырып отыр.

Айдарқызы А. Балаларға арналған үздік 10 кітап / А. Айдарқызы // Айқын. – 2021. – 9 ақпан.

Балалар әдебиетін қолдауда «Фолиант» баспасы 2020–2021 жылдары балалар әдебиетінің үздік шығармаларын жарыққа шығаруы.

Аққайыр Ж. Бізден Илон Масктар қашан шығады? / Ж. Аққайыр // Айқын. – 2021. – 17 ақпан. – 1,6 б.

Балаларға арналған фэнтези, детектив, ғылыми фантастика тақырыбында жазылған кітаптар жайында, осы бағытта қазақ жазушылары шығармаларының жоқтың қасы екендігі туралы.

Ақыш Н. Ұлы ғұламаның балалар әдебиетіне қосқан үлесі / Н. Ақыш // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 15 сәуір. – 6 б.

Ахмет Байтұрсынұлының балалар әдебиетіне қосқан үлесі.

Алатаева Г.Ә. Балалар әдебиеті – ұрпақ тәрбиесінің талбесігі / Г. Ә. Алатаева // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. – 2021. – № 6–7. – 126–128 б.

Арыққарақызы Е. Қазақы болмысты Хэрри Поттер / Е. Арыққарақызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 наурыз. – 18 б.

Ж.К. Роулингтің «Хэрри Поттер» балаларға арналған кітабы жайында.

Байбол Ә. Бүгінгі баланы кітапқа қалай қызықтырамыз? / Ә. Байбол // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 3 желтоқсан. – 23 б.

Балаларға арналған кітаптар жайында.

Байшымыров Д. Кітап оқу адамды тығырықтан шығарады / Д. Байшымыров // Қала & мен дала. – 2021. – 16 сәуір. – 15 б.

Кітап оқудың балаға пайдасы жайлы.

Бектас Г. Балалар әдебиетіне бетбұрыс басталды / Г. Бектас // Айқын. – 2021. – 6 ақпан. – 6 б.

Балалар әдебиетін дамыту туралы.

Бықай Ф. Онлайн кітапхана – оқырман талабы / Ф.Бықай // Егемен Қазақстан. – 2020. – 24 қаңтар. – 9 б.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханасының бірнеше жобалармен жұмыс жүргізуі жайында .

Ғұбайдуллин Б. Балалар әдебиетінің кредосы – шынайылық / Б. Ғұбайдуллин; әңг. М. Әбіш // Егемен Қазақстан. – 2021. – 27 мамыр. – 13 б.

Балалар жазушысымен сұхбат.

Дағжан Ә. Карантин кітап оқытты / Ә. Дағжан // Алматы ақшамы. – 2021. – 2 наурыз. – 10 б.

Карантин кезіндегі кітап сатылымы, балаларға арналған аударма кітаптар жайында.

Дүйсенбин П. Ғылым – білімге ұмтылу – ұлтымыз үшін анағұрлым маңызды / П. Дүйсенбин; әңг. Е. Досалы // Ақиқат. – 2022. – № 9. – 77–82 б.

Балалар жазушысы, қаламгермен сұхбат.

Есдәулет Т. Қазақ балалар әдебиетінің таңы атып келеді / Т. Есдәулет // Қазақстан дәуірі. – 2021. – 25 ақпан. – 3 б.

Ұлттық академиялық кітапханада ақын, аудармашы, «Серпер» сыйлығының лауреаты Саят Қамшыгердің «Арайлап атар әр таңым», «Тастамашы ана», «Ертегісіз өткен балалық», «Көше балалары» атты аударма жинағының тұсаукесері өткендігі.

Есенжол А. Балалар әдебиетінің бірегейі / А. Есенжол // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 13 қазан. – 13 б.

Балалар әдебиетінің қаламгері Сейітжан Омаров туралы.

Жұманазарова Н. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе / Н.Жұманазарова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 5. – 3–6 б.

Абайдың өмірімен оқушыларды жете таныстыра отырып, ақынның өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқуға жаттықтыру.

Кабирова М. Кітап – сарқылмас қазына / М.Кабирова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 9–10 б.

Білімнің кітап арқылы берілетінін, кітаптың адам өміріндегі пайдасын түсіндіретін пікір алысу.

Кусаинова А. Әлемді жақсарту үшін кітап оқы / А.Кусаинова, Г.Бибекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 4. – 23–25 б.

Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілін дамыту, Абай шығармаларын оқуға тарту.

Күмісбек М. Балалар кітапханасының базынасы / М. Күмісбек // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 23 қараша. – 1,13 б.

Балалар кітапханасының қазіргі кездегі жағдайы, балалар әдебиеті, қазақ тіліндегі ертегілер жайында.

Қаба Ә. Балалар әдебиетіне стратегиялық мәселе ретінде көңіл бөлу қажет / Ә. Қаба // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 27 қараша. – 10–11 б.

Тіл саясаты комитеті балаларға арналған кітаптарға қатысты жас жазушылармен кездесу өткізуі, мектеп кітапханалары, мәдениет саласындағы

балалар кітапханасының қорын балалар әдебиетімен толықтыру, балалардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселесін көтеруі.

Қадыр Б. Балалар әдебиеті: есейген қаламгер ме, балалар ма? / Б. Қадыр // Түркістан. – 2021. – 4 наурыз. – 7 б.

Қайнарұлы М. Абай мен Шәкәрімді оқығандар өз орнын табады / М. Қайнарұлы // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 2 маусым. – 15 б.

Балалар жылы аясында Жидебай жерінде Абай оқуларының облыстық байқауының өткені жайлы.

Қамшыгер С. Баланы жазасыз тәрбиеле! / С. Қамшыгер // Қазақстан дәуірі. – 2020. – 20 ақпан. – 11 б.

Е.Ертайұлының «Баланы жазасыз тәрбиеле» атты отбасыларына арналған кітабы жайында.

Қамшыгер С. Балалар әдебиетіндегі поэзия / С. Қамшыгер // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 3 желтоқсан. – 3 б.

Балалар әдебиетінің 2021 жылы басылып шығуы. Б. Қошым–Ноғайдың «Жан–жануарлар мен құстар әліппесі», Б. Асановтың «Ең әдемі құс қайсы?», С. Әктамұлының «Ұқыпты бала», Қ. Адиевтің «Кемпіркосақ», «Дәрумендер дауасы», С. Хасанның «Әкесінің қызы», Б. Тікебайдың «Нұрлы көктем» балаларға арналған кітаптар.

Құлабай Н. Балғындарға арналған көркемсөз байқауы / Н. Құлабай // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 27 мамыр. – 16 б.

Балалар жылына арналған «Сөз құдіреті» байқауын Қостанай облысының Б. Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруы.

Мұңалбаева Ү. «Балалар жазушыларының кеңесін құруды ұсынамын» / Ү. Мұңалбаева // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 12 наурыз. – 21 б. –

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылына арналған мақалада балаларды кітап оқуға баулу, балалар әдебиетін дамыту.

Нұрлан М. Әдебиет оқымайтын оқушы көп / М. Нұрлан // Айқын. – 2020. – 12 ақпан. – 6 б.

Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов мектептер тарапынан көркем әдебиетке деген сұраныстың жоқтығын, балалардың кітапқа, әдеби кітаптар оқуға қызығушылығының жоқтығын айтты.

Олжабай С. Балаңыз кітап оқи ма? / С. Олжабай // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 29 шілде. – 15 б.

Баланы кітап оқуға тәрбиелеу.

Сүлейменова Ш.М. Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын жандандыру: кітапханалық жобалар / Ш. М. Сүлейменова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 10. – 27–31 б.

Талдықорған қаласының С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапхана жұмысы жайында.

Сыныптан тыс оқу // Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. – 2021. – № 2. – 32–38 б.

Оқушыларға сыныптан тыс оқуға әңгімелер беру.

Тасмағамбетова А. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы (Кітапханалық сабақ) / А.Тасмағамбетова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 7–8 б.

Кітаптың адам өміріндегі маңызы мен пайдасы туралы айту.

Тоқсанбай Қ. Кітап оқудан кім алда? / Қ. Тоқсанбай // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 22 ақпан. – 10 б.

Мектеп оқушылары арасында өткен «Кітап оқығанды жақсы көремін» республикалық байқауының өтуі.

Тоқтамұрат Қ. Қазақ кітабының күні қажет / Қ. Тоқтамұрат // Егемен Қазақстан. – 2021. – 22 сәуір. – 7 б.

Еуропа елдерінде кітап мерекелері, кітап сыйлау үрдісі жақсы қолға алынған, «Буккроссинг» – кітаптың айналыста жүруі, қолдан–қолға өтуі, Қазақстанда кітап оқу челлендж, мектеп оқушылары арасында кітап оқудан сайыс ұйымдастыруды қолға алғаны жайында.

Төлтай Ф. Балаларға базарлық: Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / Ф. Төлтай // Кітап патшалығы. – 2022. – № 1. – 26–31 б.

Балаларға арналған «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» кітабы туралы, құрастырып шығарған Б. Қошым–Ноғай.

Тұрлығазы А. 500–ге жуық балалар әдебиеті тарту етілді / А. Тұрлығазы // Almaty aqshamy. – 2022. – 26 сәуір. – 12 б.

Балалар жылына орай Түркия Республикасы «Turktav» түркі мәдениеті және тарихы қоры Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхананың қызметі туралы нұсқаулық» атты кітапты жарыққа шығарды.

Тұрсынқожа Г. Кітап оқуға деген махабатты анамыз сыйлады / Г. Тұрсынқожа // Қазақстан дәуірі. – 2021. – 1 сәуір. – 11 б.

2021 жыл Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп жариялануына орай баланы кітап оқуға баулу.

Утарбаева Г. Кітап оқуға қызығушылығын арттыру / Г. Утарбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 28–30 б.

Мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасымен жұмыс жүргізе бастағаны жайлы.

Шәкен Р. Кейінгі толқын кітап оқи ма? / Р. Шәкен // Aiqun. – 2021. – 18 тамыз. – 7 б.

Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу.

Ідрісова К. Балалар әдебиеті – рухани әлемнің тұңғиығы / К. Ідрісова // Кітап патшалығы. QZ. – 2021. – № 3. – 60–64 б.

Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының балалар әдебиетін насихаттауы.

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні 1948 жылы құрылғаннан бері жыл сайын 7 сәуір күні аталып өтеді. Сол тарихи күннен бастап Дүниежүзілік

денсаулық ұйымына екі жүзден аса мемлекет мүше болды. 1950 жылдан бастап денсаулық күнін өткізу дәстүрге айналды. Денсаулық күні адам өмірінде денсаулықтың маңызды екенін түсінуге және адам денсаулығын жақсарту үшін не істеу керектігін шешу мақсатында жүргізіледі.

Жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық күні денсаулық сақтау ғаламшарының алдында тұрған жаһандық мәселелерге арналып «Ұзақ өмір сүру жолы – белсенділік», «Жүктілік – сенің өміріндегі аса маңызды оқиға», «Климаттың өзгеруінен денсаулығымызды қорғайық» деген ұрандармен өтеді.

Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығы, өмір сүру қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіруде, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүру үшін бұл мерекенің маңызы зор. Бұл күні бастауыш сынып оқушыларына «Денсаулық – зор байлық» атты ата-аналармен бірге саяхат сабақ, «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты дәрігерлермен жүздесу кеші, «Біз осы өмірді таңдаймыз» атты тренингтер, «Денсаулық – адамның бірінші байлығы» атты мектепшілік конференциялардың берері көп. «Денсаулық – зор байлық» атты саяхат сабақта оқушылар «Салауат», «Тазалық», «Табиғат» атты үш топқа бөлінеді. Әр топта бір-бірден ата-аналар отырады. Әр топтың алдына кішкентай киіз үйлер яғни «Пікір алмасу ауылы», «Еңбек ауылы», «Мақал-мәтелдер ауылы», «Өнер ауылы», «Білім ауылы», «Денсаулық ауылы» атты бірнеше ауылдар тұрады, оларда әртүрлі тапсырмалар болады. Сабақ соңында «Жүректен жүрекке» атты бөлімде әр оқушы бір-бірлеріне жылы лебіздерін алдарындағы жатқан жүректерге жазады, бір-бірлеріне береді де, «Денсаулық» ауылынан дәм татуға шақырады. Ата-аналар өз топтарындағы балаларға көмектесіп отырады.

«Денсаулық – адамның бірінші байлығы» атты мектепшілік конференциясында мектеп дәрігерлерінің және мектеп оқушыларының конференция тақырыбына сай әртүрлі баяндамалары оқылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2006 ж. 7 шілде № 170–III ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Заң // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы= Вестник Парламента Республики Казахстан. – 2006. – № 14. – 91-қ.

Қазақстан Республикасы. Кодекс.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: Кодекс. 2009 ж. 18 қыркүйек № 193–IV ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Кодекс // Егемен Қазақстан. – 2009. – 29 қыркүйек.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 29 қараша № 1113 Жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев) Жарлық // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2011. – № 3–4. – 39-қ.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 ж. 15 қаңтар № 176 жарлығы / Қазақстан Республикасы Президенті (1991–; Н.Назарбаев) Жарлық // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2016. – № 5–6. – 19–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №1260 «2008–2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (ҚР ПҰАЖ–ы, 2007 ж. № 47, 577–қ) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 18 ақпан № 186 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2009. – № 12. – 77–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

2008–2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсан № 1260 Қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2007. – № 47. – 576–қ.

* * *

Анаш Д. Халықаралық ұйымдар оқушыларға алаңдаулы / Д. Анаш // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 29 қазан. – 19 б.

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ДДҰ және жергілікті серіктестермен бірігіп мектеп оқушыларының денсаулығы мен қауіпсіздік құқықтарын қорғау бойынша вебинарларды іске қосуы, офлайн оқытуы.

Андасова Ж.М. Оқушылардың салауатты өмір салтын имандылық негізінде қалыптастыру / Ж.М. Андасова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 1. – 10–12 б.

Ауелбеков Е. Дене тәрбиесі – салауатты өмір негізі / Е. Ауелбеков // Мектептегі дене шынықтыру. – 2022. – № 1–2. – 9–11 б.

Арстанова С.А. Оқу тәртібінде және сыныптан тыс уақыттардағы денені шынықтыру, сауықтыру іс–шараларының тиімділігі / С. А. Арстанова // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 4. – 44–47 б.

Байғанаева А.С. Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу / А.С. Байғанаева // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 1. – 14–16 б.

Дәлелханқызы А. Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі / А. Дәлелханқызы // Оқу–инновациялық технологиялар = Учебно–инновационные технологии. – 2022. – № 3. – 23 б.

Дәнен Т. Салауатты өмір сүрсең қызғалдақтай өнерсің / Т. Дәнен // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 4. – 2–3 б.

Ескендір Р. Білімге бетбұрыс / Р. Ескендір // Алматы ақшаму. – 2020. – 24 желтоқсан. – 1–2 б.

Қала әкімі Б. Сағынтаевтың қатысуымен онлайн–режимде өткен кеңеске Бала құқықтары жөніндегі уәкілі А. Саин, Білім беру ұйымдары қауымдастығының төрайымы Р. Садықова, білім беру ұйымдарының басшылары қатысты, жиында мектептер мен балабақшаларда орын тапшылығын азайту, қашықтан оқытуда білім сапасын арттыру, балалар денсаулығы, тамақтануы, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау сияқты мәселелер қаралды.

Жұмабаева С. Оқушылардың денсаулық сақтау сауаттылығын қалыптастыру мәселелері / С. Жұмабаева // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 5. – 44–45 б.

Қасымов С. Дене тәрбиесі – салауатты өмір салтының негізі / С. Қасымов // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 3. – 11 б.

Құдаш С. Дене тәрбиесі пәні арқылы студенттерге салауатты өмір салтын ұстануды қалыптастыру / С. Құдаш // Qazaq. – 2022. – 5 шілде. – 7 б.

Мырзахмет Ғ. Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл / Ғ. Мырзахмет // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 5. – 2–6 б.

Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Сабиров Х. Салауатты ұрпақ тәрбиесі – басты міндет / Х. Сабиров // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = открытый урок. Факультативные работы. – 2021. – № 4. – 15 б.

Сұлтанова Б.Қ. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі / Б.Қ.Сұлтанова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 5. – 32–34 б.

Дұрыс тамақтану мәдениетімен, әдебімен таныстыру.

Утарбаева Г. Ұлт болашағы – дені сау ұрпақтың қолында / Г.Утарбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – 2–3 б.

Денсаулық, гигиена туралы түсінік.

12 сәуір – Дүниежүзілік ғарышкерлік күні

1961 жылдың 12 сәуірінде таңғы сағат 9–дан 7 минут өткенде Кеңес Одағы қазақ жеріндегі Байқоңыр ғарыш айлағынан әуе кеңістігіне «Восток» кемесін аттандырды. Ол кемеде әлем тарихындағы орбитаны бойлай ұшқан тұңғыш ғарышкер, аға лейтенант **Юрий Алексеевич Гагарин** болған еді. Жерден мыңдаған шақырым алыс ұшқан оның сапары дәл сол кезең үшін рекордтық көрсеткіш болды. Сапар 1 сағат 48 минутқа (108 минут) созылды. «Восток» кемесі 302 км биіктікте Жерді бір айналып шықты да, сағат 10-нан 55 минут өткенде, Саратов облысындағы Смеловка ауылына жақын маңға қонды. Осы аңызға айналған сапары үшін ғарышкер Кеңес Одағы Батыры

атағын алды. Оның ерлігі бүкіл адамзат баласының сан мыңдаған жылдар бойғы арман–тілегін жүзеге асырды. Осы оқиғадан кейін ғылыми-техникалық революцияға ерекше серпін беріліп, спутниктік телевидение, интернет, ауа-райын бақылау, бағдарлау секілді заманауи өмірдің игіліктеріне жол ашылды. Осы сағаттан бастап, 12 сәуір Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңес Төралқасының қаулысымен мемлекеттік мереке – ғарышкерлер күні болып белгіленді.

1968 жылы қарашада өткен Жалпы Халықаралық авиация федерациясының 61–конференциясының қаулысына сәйкес, дәл осы күнді Халықаралық авиация және ғарышкерлер күні ретінде атап өту туралы шешім шығарылды.

Қазақ халқының үш ұлына ғарышта болу бақыты бұйырды. Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, Жерге аман–есен оралды

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы. 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресейдегі Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, Авиация институтын бітірген. Әскери-әуе күштерінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары, Мәскеудегі Тәжірибелік конструкторлық бюроның ұшқыш–сынақшысы міндеттерін атқарды. Ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ–13» кемесімен ғарышқа ұшты. Өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми–зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери–патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев – ғарышкер, техника ғылымдарының докторы, авиация генерал–лейтенанты, ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы. 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылында туған. 1974 жылы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын бітірген. Азаматтық авиацияда ұшқыш, ұшақ командирі қызметтерін атқарған. 1991 жылдан бастап ғарышқа ұшуға даярланды. 2007 жылдың 11 сәуірі ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы болып тағайындалды. 1994 жылы «Союз ТМ–19» кемесінде бірінші рет ғарышқа ұшып, онда 126 күн өткізді. Араға 4 жыл салып екінші рет ұшқанда (Союз ТМ–27) ғарышта 208 күн болған.

Айдын Ақанұлы Айымбетов – еліміздің ұшқыш–ғарышкері, ҚР Халық қаһарманы, «Отан» орденінің иегері. 1972 жылы 27 шілде күні Алматы облысы Талдықорған қаласының Өтенай ауылында дүниеге келген. 1993 жылы Армавир жоғары әскери авиациялық училищесін бітірді. Л–39, Миг–23, Миг–27 және Су–27 ұшақтарында ұшуды меңгерген. 2003–2009 жылдары Ресейдегі Юрий Гагарин атындағы ұшқыштар даярлау

орталығында жалпы ғарыштық дайындықтан өтті. 2009 жылдан бастап ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінде жұмыс істейді. 2015 жылдың қыркүйегінде «Союз ТМА–18М» ғарыш кемесінің бортинженері болып, халықаралық ғарыш станциясына ұшты. Айдын Айымбетов 10 күндік сапары кезінде денсаулық сақтау саласы мен Арал және Каспий теңіздеріндегі экологиялық ахуалға қатысты зерттеулер жүргізді. Елбасының Жарлығымен Ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін Қазақстан Республикасының ғарышкері Айдын Ақанұлы Айымбетовке «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – «Алтын жұлдыз» бен «Отан» ордені тапсырылды.

Бұл мерекеде мектептерде оқушылардың ғарыш, ғарыш айлағы және алғашқы Қазақстандық ғарышкерлер Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтың ғарыш саласындағы еңбектері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Қазақстан және ғарыш» тәрбие сағатын өткізуге болады. Сабақта интерактивті тақтаны қолдану арқылы үш ғарышкердің өскен ортасы, өмір жолдары, ғарыш саласындағы жеткен жетістіктері туралы мәліметтерді слайдтармен көрсетуге болады. Сонымен қатар «Байқоңыр – Ғарыш айлағы» атты деректі фильмді көрсету, оқушылардың ғарыш туралы білімдерін дамытып, аспан әлемі туралы қызықты мәліметтерге сусындатады. Батырлық, ерлік, туған жер туралы мақал–мәтелдер айтылады. «Кім болсам екен?» атты сахналық көрініс оқушыларды ғарышкер болуға баулиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айымбетов А. Айдын Айымбетов: Айға ұшу – арманым / А. Айымбетов // Айқын. – 2018. – 11 сәуір.

Халық Қаһарманы, ұшқыш–ғарышкер Айдын Айымбетовпен сұхбат / жазып алған Айбек Тасқали.

Ақжан Машанов пен Тоқтар Әубәкіров кабинеттері ашылды // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 31 наурыз. – 9 б.

Қарағанды қаласындағы әл–Фараби атындағы мектеп–гимназиясында академик А. Машанов пен тұңғыш ғарышкер Т. Әубәкіров кабинеттерінің ашылуы. .

Әнуарбек Ә. Ғарыштың мініп кемесін... Қазақтың үшінші азаматы ғарышқа аттанды. 2015 ж. 2 қыркүйекте «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз ТМА–18М» ғарыш кемесі ұшты. Кеме бортында Қазақстан Республикасының ғарышкер–сынақшысы Айдын Айымбетов, ресейлік ғарышкер Сергей Волков және Данияның алғашқы астронавты Андреас Могенсен бар / Ә. Әнуарбек // Түркістан. – 2015. – 3 қыркүйек.

Әубәкіров Т. Қазақша сөйлеуге, жазуға міндетті / Т. Әубәкіров // Айқын. – 2017. – 11 қараша.

Тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы» Тоқтар Әубәкіровпен әңгіме / сұхбаттасқан М.Жанысбай.

Бәкір Қ. Дербестік ғарышты игеруге жол ашты. Қазақстанның ғарыш саласы: кеше, бүгін және ертең / Қ. Бәкір // Қазақ. – 2020. – 25 ақпан.

Есиркина С.Ф. 15 жыл күткен сәтті сапар...Танымдық кеш (Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның төл ғарышкері Айдын Айымбетов жайлы

танымдық кеш) / С. Ғ. Есиркина // Физика Қазақстан мектебінде=Физика в казахстанской школе. – 2016. – № 4. – 35–38 б.

Ескендір Р. «Алтын ұяға» Айдын келді / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. – 2017. – 14 қаңтар.

Алматы қаласындағы № 12 мектепке Халық Қаһарманы, ғарышкер Айдын Айымбетов кездесуге келді.

Жанаділов М. Айдын ғарышқа аттанды / М. Жанаділов // Президент және халық. – 2015. – 4 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының ғарышкер–сынақшысы Айдын Айымбетов, Ресей ғарышкері Сергей Волков, Даниялық астронавт Андреас Могенсен «Союз–ТМА–18М» ғарыш кемесімен 2015 ж. 2 қыркүйекте ғарышқа аттанды.

Жұмабаев С. Батыр қазақ / С. Жұмабаев // Алматы ақшамы. – 2021. – 31 шілде. – 4 б.

Ғарышкер, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтың «Союз ТМ–13» кемесінің ғарышқа ұшырылғанына 30 жыл толды.

Жұртбай Т. Намыс тақырыбының оқулықтарда қамтылмаған үлгісін бейнелейтін фрагменттер / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. – 2017. – 29 мамыр (соңы. басы алдыңғы номерлерде).

Ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы.

Искакова А.Ж. Шоқтығы биік Қазақ ғарышкерлері / А. Ж. Искакова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2019. – № 5. – 11–15 б.

Ғарышкерлік күніне арналған тәрбие жұмысының сценарийі.

Исләмбек А. Ғарыштағы кездесу / А. Исләмбек // Айқын. – 2018. – 24 сәуір.

Алматыдағы Ш.Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназияда тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның халық қаһарманы, «Отан», «Құрмет», «Алтын жұлдыз» ордендерінің иегері, ғарышкер–ұшқыш Тоқтар Әубәкіровпен кездесу өтті.

Кенжебаев Д. Қазақстандық ғарыштың даму тарихы және оны меңгеру мен зерттеу дереккөздері / Д. Кенжебаев // Қазақ тарихы. – 2018. – № 2. – 29–30 б.

Лебаева Б. Ғарышкерлер күніне арналған кеш / Б.Лебаева // Математика және физика. – 2014. – № 1. – 57–59 б.

Сатылған С. Халық Қаһармандары / С. Сатылған // Аіқун. – 2021. – 16 шілде. – 4 б.

Халық қаһармандары: Қазақстанның тұңғыш ғарышкері генерал–майор Тоқтар Әубәкіров, ғарышкер, генерал–майор Талғат Мұсабаев, ғарышкер Айдын Айымбетов.

Сәрсенбай Қ. Кісілік құндылықтардың көрсеткіші / Қ.Сәрсенбай // Ана тілі. – 2021. – 5–11 тамыз. – 1,2 б.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров – 75 жаста.

Серікбаев Б. Бетпе–бет / Б. Серікбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – 20 қаңтар.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы әңгіме.

Сүйінбай Т. Үш ғарышкер / Т. Сүйінбай // Егемен Қазақстан. – 2016. – 12 сәуір.

Қазақ ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов туралы.

Сүйінбай Т. Ер Тоқтар / Т. Сүйінбай // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 28 шілде. – 11 б.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал–майоры, еңбек сіңірген сынақшы–ұшқыш Тоқтар Әубәкіров – 75 жаста

Тасбулатова С.О. Ғарыш әлеміне саяхат / С. О. Тасбулатова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2019. – № 5. – 16–17 б.

Ғарышкерлер күніне арналған тәрбие сағаты.

Шәріп А. Президент ғарышкерге «Халық қаһарманы» атағын берді / А. Шәріп // Айқын. – 2015. – 15 қазан.

Еліміздің үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов туралы.

Сәуір 12 жұлдыз Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қоғам қайраткері, геология ғылымдарының докторы, профессор **Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың** туғанына **125 жыл** (12.04.1899–31.01.1964).

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Сәтбаев ауылы) дүниеге келді.

1918 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіріп, 1918-1919 жылдары Семейдегі 2 жылдық педагогикалық курстың мұғалімі болды. 1926 ж. Томск технология институтын бітірген.

1926–1929 жылдары «Атбасар түсті металл» тресінің геология бөлімінің жетекшісі, 1929–1941 жылдары Қарсақбай комбинатының барлау бөлімінің бастығы, бас геологы болды. 1941–1946 жылдары Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы президиумы төрағасының орынбасары, төрағасы болды, ал 1946–1952 жылдары және 1955–1964 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болды.

Негізгі ғылыми еңбектері Қазақстанның кен орындарын және минерал қорларын зерттеуге арналған.

Қ.И.Сәтбаев Лениндік сыйлықтың және КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 4 рет Ленин орденімен, 2–дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталды.

Қаныш Сәтбаевтың құрметіне оның есімімен Қазақ КСР Ғылым Академиясының Геология ғылымдар институты, Жезқазған кен-металлургия комбинаты, Жоңғар Алатауының мұздығы және шыңы, Қаратау ванадий кенінен табылған минерал аталған. Қаныш Сәтбаевтың құрметіне Қарағанды облысында қаланың аты берілді. Республикамызда көптеген қала, селолардағы мектептерге, көшелерге Қаныш Сәтбаевтың есімі берілген. Ол Жезқазған қаласының құрметті азаматы. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Геология ғылымдар институтында және Алматыда тұрған үйінде мемориалдық тақта орнатылған. Қ.Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы 1999 жылы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді.

1964 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болды, Алматыда жерленген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 5 томдық / құраст.Қ.А.Ақышев, Т.М.Әлжанов. – 2–ші бас. Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. – Т.1. Қазақстан менің отаным. – 384 б.

Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары /Қ.И.Сәтбаев. – Алматы: Ғылым, 1989. – 429 б. – (Қаз.ССР Ғылым Акад. Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, архелогия және этнография инс–ты) мәтін қазақ және орыс тілінде.

Сәтбаев Қ. И. Алгебра оқулығына кіріспе // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 216–217 б.

Марғұлан Ә., Сәтбаев Қ. Обаған: (Мақалалар) / құраст. А. Егеубаев. – Алматы: Рауан, 1996.– 110 б. – («Арқас» тарихи–танымдылық басылымдар сериясы).

Сәтбайұлы Қ. Алгебра / Қ.И.Сәтбайұлы // Қазақстан мұғалімі. – 1999. – 31 наурыз.

Сәтбаев Қ. И. Қаныш Сәтбаев: Сталинге хат / Қ.И.Сәтбаев //Ақиқат. – 1999. – № 4. – 33–51 б.

12 сәуір – Қ.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл.

Ол туралы:

Қаныш Сәтбаев (1899 – 1964) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 215–216 б.

Қаныш Сәтбаев (1899–1964) // Тарихи тұлғалар. Танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы: Алматыкітап, 2005. – 91 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Түркістан: халықаралық энциклопедия – Алматы, 2000. – 552–553 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005.– Т.7. – 616–617 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2. – 305–307 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 186–187 б.

Әлжанов Т.М., Сәтбаева М.К. Қаныш Сәтбаев – қазақ елінің тұлғасы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 164 б.

Нысанбаев Ә. Биіктік: Қаныш Сәтбаев (1899–1964 ж.ж.) / Ә.Нысанбаев // Дала даналары / құраст. Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы, И.Тасмағамбетов, А.Құдабаев. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2001. – 597–605 б.

Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев: деректі ғұмырнама / М.Сәрсекеев. – Алматы: Жалын, 1988. – 526 б.

Сәрсекеев М. Қуғындалған «Сәтбаев»: естелік–эссе / М.Сәрсекеев. – Алматы: Шабьт, 1994. – 246 б.

* * *

Алпартегі Ж. Қаныштың қоңыр домбырасы / Ж. Алпартегі // Айқын. – 2009. – 30 сәуір.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың әншілік пен күйшілік өнері жайлы.

Арынұлы С. Қазақтың Қанышы – адамзат арысы / С. Аринұлы // Айқын. – 2011. – 11 тамыз.

Қаныш Сәтбаев туралы.

Әбжанов Х. Сәтбаев тағылымы – қазақ зиялыларының темірқазығы / Х. Әбжанов // Астана ақшамы. – 2009. – 11 сәуір.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы.

Баймухаметов С. «Қазақмыс» – ұлы ғалым Қанекеннің перзенті / С.Баймухаметов // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 13 тамыз. – 4 б.

Геолог, КСРО Ғылым академиясының академигі Қаныш Сәтбаев Қазақстанның тау–кен металлургия кешенінің даму жолдарын айқындады бұл «Қазақмыс корпорациясы».

Бекішев Ә.С. Қ.И.Сәтбаев: академиялық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы / Ә. С. Бекішев, С.Р.Рахымжанова // Отан тарихы. – 2015. – № 1. – 51–59 б.

Дүйсенова Н. Қаныш қалай қудаланды? / Н.Дүйсенова // Қазақ тарихы. – 2004. – № 2. – 126–129 б.

Қ.Сәтбаев туралы.

Елшібек Ж. Күнді алақаныңмен жаба алмайсың / Ж. Елшібек // Ана тілі. – 2021. – 10–16 маусым. – 3 б.

Ж. Елшібектің академик Қаныш Сәтбаев туралы ойтолғауы.

Есқали А. Ғалымдар және ғылымдар / А. Есқали // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 сәуір.

Алматыдағы «Ғылым ордасы» РМК ғимаратында ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 115 жылдығын атап өтті.

Исабай Қ. Сәтбаевтың тағы бір ерлігі / Қ.Исабай // Егемен Қазақстан. – 2002. – 24 сәуір.

Мұнай көздерін зерттеп, ашуға қосқан үлесі жайлы.

Көшербаев Қ. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары / Қ. Көшербаев // Ана тілі. – 2021. – 8–14 шілде. – 1,3 б.

Нұр-Сұлтан қаласында геолог, ғалым Қ. Сәтбаев пен күйші Д. Нұрпейісоваға ескерткіш орнатылды.

Қасенова Г. Әдебиет пен мәдениет жанашыры / Г.Қасенова // Ұлағат. – 2006. – № 1. – 3–8 б.

Ғалым Қ.И.Сәтбаевтың әдебиет, мәдениет, өнер, ғылымға жасаған еңбектері.

Қожанов О. Сәтбаев тағылымы / О. Қожанов // Мәдени мұра = Культурное наследие. – 2011. – № 4. – 54–59 б.

Қ.Сәтбаевтың соңынан Баянауыл өңірінен шыққан академиктер мен қоғам қайраткерлері: Ә.Марғұлан, Ә.Бектұров, Е.Бекмаханов, С.Бейсембаев, Ш.Шөкин, Х.Жұматов, К.Ақышевтар туралы.

Құрманбай Ш. Кен қазу ісіндегі Қаныш Сәтбаевтың мақсаты не еді? / Ш.Құрманбай // Айқын. – 2007. – 15 наурыз.

Мұзафар Б. Ақсақ Темірдің белгісін тапқан Қаныш Сәтбаев екенін осы жұрт бүгінде біле ме? / Б. Мұзафар // Егемен Қазақстан. – 2009. – 11 сәуір.

Академик, ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевтың туғанына – 110 жыл.

Мылқайдаров Ә. Қытай ғалымдарын қайран қалдырған Сәтбаев / Ә. Мылқайдаров // Алматы ақшамы. – 2014. – 12 сәуір.

Ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 115 жылдығы.

Нұрпейісова М.Б. Ұлылықты ұлықтау – парыз / М. Б. Нұрпейісова // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 6 сәуір.

Академик Қ.И.Сәтбаев туралы.

Нұрпейісова М. Тұңғыш академик / М. Нұрпейісова // Ана тілі. – 2019. – 11–17 сәуір.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы.

Оразбаев Х. Академик Қаныш Сәтбаев / Х.Оразбаев // Қазақ тарихы. – 2003. – № 3. – 34–35 б.

Оралбаев Ж. Ұлтының ұлы перзенті / Ж. Оралбаев // Ана тілі. – 2014. – 4–10 қыркүйек.

Академик Қаныш Сәтбаев жайлы.

Рсаев Т. Қазақ ғылымының асқар шыңы / Т. Рсаев // Ана тілі. – 2012. – 15–28 наурыз.

Ғалым Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі туралы «Қаныш Сәтбаев» энциклопедиясы басылып жарыққа шықты.

Салықов К. Ұлылыққа тағзым / К.Салықов // Егемен Қазақстан. – 2004. – 10 сәуір.

12 сәуірде ұлы ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 105 жыл толды.

Саркенова К. Фарабитанудың негізі қалай қаланды? / К. Саркенова // Qazaqstan dauiri. – 2020. – 14 мамыр. – 8 б.

Фарабитану саласының негізін қалаушы профессор Ақжан Машанов пен Қаныш Сәтбаев жайында.

Сәрсекке М. «Мен қазақпын, жаратылысым да, жаным да – қазақы...». И.Сәтбаевтың Т.А.Кошкинаға хаттары, 1925–1929 ж.ж. / М. Сәрсекке // Егемен Қазақстан. – 2012. – 25 қаңтар.

Сәрсекке М. Қаныш ағаның құпиясы / М. Сәрсекке // Егемен Қазақстан. – 2010. – 24 ақпан.

Қаныш Сәтбаевтың Камила Досқызы Өтегеновадан туған қызы Жамила Қанышқызы Өтегенова туралы.

Усов М.А. Қазақ сахарасында / М.А.Усов // Ақиқат. – 2003. – № 2. – 70–79 б.

Қаныш Сәтбаевтың Том технологиялық институтында оқыған кездері жайлы.

Халқым менен де биік... (Белгілі ғалым, қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 110 жыл) // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2009. – № 4. – 18–20 б.

Шыныбеков Ж. Бір ауылды ажалдан алып қалған академик / Ж. Шыныбеков // Алматы ақшамы. – 2013. – 21 наурыз.

Академик Қаныш Сәтбаев жайлы.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан халқының бірлігі күні – Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. Мереке 1996 жылдан бастап тойланады. 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н Назарбаевтің жарлығы бойынша 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні деп жарияланды.

Бұл күн мемлекеттік мейрам болып табылады және 1996 жылдан бастап атап өтіліп келеді. 140–тан астам ұлт өкілі тұратын Қазақстан үшін бұл мереке дәстүрлі де маңызды мейрамдардың біріне айналды. Себебі Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – оны мекен еткен халықтардың арасындағы келісім мен еліміздегі тыныштық.

Осы күні еліміздің барлық өңірлерінде театрландырылған қойылымдар, мерекелік концерттер, фестивальдар мен көпшілік шерулер өтеді.

Бұл күнді еліміздің басты мерекесіне айналдыру идеясына Президент Н. Назарбаев бастамашылық жасаған болатын. Көптеген ұлттардың ортақ шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгілік жолды нұсқап келеді. Әйтсе де, ұлтаралық келісім мен дін аралық татулықтың алтын бесігін тербету аяқ астынан туындаған немесе қазақ даласында өздігінен пайда болған дүние еместігі бесенеден белгілі. Ел иесі, жер иесі саналатын қазақ халқы алмағайып замандарда шартараптан бас сауғалаған, тағдыр тәлкегімен босып келген басқа жұртты бауырына басты. Өзінің тоз-тозы шыққанына қарамастан, басқаның қайғысына да ортақтығын танытты. Кеңестік жүйе қыспағымен қазақ даласын паналаған бөтен жұрт осында мәңгілік тұрақтап қалды. Тәуелсіздік тұсында да қырық жамаудай болған ұлттық құрамдағы осы ерекшелікті негізге алғандар «жаңадан пайда болуы ықтимал үлкен қақтығыстар алаңы» ретінде қазақ даласын меңзеген еді. Алайда, қазақ халқының даналығы, кеңдігі мен сыйластығы этностық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай, жаңа мемлекеттің барша азаматының ұйысуына себепші болды.

Көп ұлтты Қазақстан халқының татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы танымдық ойларын дамытып, барлық ұлттардың бір-бірін құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «Ынтымағы жарасқан Қазақстан» атты тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатында нақыл сөздерді, көгершінді, шарларды, жалаушаларды көрнекілік ретінде қолданады. Сабақ екі бөлімнен тұрады: 1-бөлім – әдеби монтаж. 2-бөлімде оқушылар әр ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері, ұлттық киімдері мен ұлттық тағамдарын көрсетеді және әр түрлі ұлттың биін билеп, әндерін орындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Алимбекова А. Толеранттылық – жан мейірімі / А.Алимбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 1. – 17–20 б.

Оқушылардың мейірімділікке, достарына, басқа адамдарға деген құрметтің маңыздылығына тәрбиелеу.

Ахмет К. Ассамблеяның ел білмейтін міндеті көп / К. Ахмет // Айқын. – 2018. – 27 сәуір.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы.

Әбдібек С. Бірлік пен келісім айшықталған күн / С. Әбдібек // Егемен Қазақстан. – 2018. – 3 мамыр.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

Бабаиш Б. Корейлер қазақтарға ескерткіш қойды / Б. Бабаиш // Егемен Қазақстан. – 2017. – 6 қараша.

«Қазақ халқына мың алғыс!» деген сөз жазылған ескерткіш Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылында бой көтерді.

Жұмаділдаева Н. Ел бірлігі – мемлекеттілік негізі / Н. Жұмаділдаева // Егемен Қазақстан. – 2018. – 26 сәуір.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

Капизаева К.А. Рухани жаңғыру жағдайында жастарды қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу / К. А. Капизаева // Білім берудегі менеджмент = Менеджмент в образовании. – 2019. – № 3. – 125–128 б.

Келдібек Ж. Бір халық – бір ел – бір тағдыр толеранттылық аясындағы тарих және жаңа ғасыр / Ж. Келдібек // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2020. – № 3. – 74–77 б.

Қаныбек Ғ.К. Өскелең ұрпақтың толеранттылық пен патриоттық сезімін тәрбиелеу / Ғ. К. Қаныбек // Алғашқы әскери және технологиялық дайындық = Начальная военная и технологическая подготовка. – 2022. – № 6. – 2–3 б.

Минжасарова Г.А. Кеңпейілдік – ізгі ниет үлгісі / Г.А.Минжасарова // Өзін-өзі тану.kz=Самопознание.kz. – 2021. – № 11. – 47–48 б.

Қазақ халқының кең пейілдігі мен адамгершілігі туралы.

Нұрымбетова Н.Ә. Бірлік – береке бастауы / Н.Ә.Нұрымбетова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 5. – 7–9 б.

1 мамыр мерекесі туралы түсініктеме беру.

Саябаева Г.Ж. Толеранттылық – бейбітшілік жолы / Г. Ж. Саябаева // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2022. – № 4–5–6. – 21–22 б.

Тимощенко Ю. Бірліктің бірегей үлгісі / Ю. Тимощенко // Егемен Қазақстан. – 2018. – 27 сәуір.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

Түймебаев Ж. Елбасы және Ассамблея: Татулық пен келісім жолы / Ж. Түймебаев // Егемен Қазақстан. – 2019. – 29 сәуір.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы туралы.

Мамыр Ақын, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушы
1 жұлдыз **Ілияс Жансүгіровтың** туғанына **130 жыл** (1.05.1894–1938).

Жансүгіров Ілияс 1894 жылы 1 мамырда Талдықорған обл. (қазіргі Алматы облысы) Ақсу ауданында туған.

Ол алғаш Қараағаш ауылындағы мектепте жадитше оқиды, бұдан кейін 1919 ж. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі де, оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болады. 1922 жылы Алматыға бір жола көшіп келіп «Тілші» газетінде әдеби қызметкер болып орналасып, одан кейін Алматыдағы қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады. 1925–1928 жылдары Мәскеуде Коммунистік журналистика институтында оқыды. 1928–1932 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкері, 1932–1934 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы, 1934 жылдан 1937 жылдың күзіне дейін Қазақстан көркем әдебиет баспасында редактор болып істеді.

Ілияс Жансүгіровтың ақындық жолы 1915 жылдардан басталды. Оның жасынан-ақ әдебиетке, өнерге қабілеті бары байқалды. Көпшілік алдында қисса, дастандарды жатқа айтатын, домбыра тартып, ән шырқайтын Ілиясты туған елі «жырау бала» атап кетті. Ол әдебиеттің барлық жанрларында қалам тартқанмен, негізінде ақындық өнерді айрықша қадірлеген кісі. Ілияс Жансүгіров творчествосының алғашқы кезеңінде халық тіршілігін, әлеуметтік өмірді жырлады. Ел ішінде жатып ішер жалқаулар мен мал табудың оңай жолын іздейтін қуларды сынады. Жастарды білім алуға шақырып, оқу–ағарту идеясын насихаттады.

І. Жансүгіров халықтың бай фольклорын жинауға, оны бастырып халық игілігіне айналдыруға, соларды өзі жазған мектеп оқулықтары мен хрестоматияларына еңгізіп, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге, оларға халықтың өткен өмірін танытуға, балалар поэзиясына көп еңбек сіңірді. Ақын әдебиет сыны мен аударма саласында, сатира жанрында да мол жұмыс атқарды.

І. Жансүгіровтың творчестволық биік шыңы – оның поэмалары. Ол 15–ке жуық поэма жазды.

Қазақстанның бірсыпыра село, совхоз, мектептер, көше, ауданға, Талдықорғандағы университетке оның есімі берілген. Талдықорғанда І.Жансүгіровтың әдеби-мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы / І.Жансүгіров. – Алматы: Жазушы, 1986.

Т.1. Өлеңдер – 1986. – 328 б.

Т.2. Поэмалар – 1987. – 344 б.

Т.3. Жолдастар. Роман. – 1987. – 415 б.

Т.4. Әңгімелер, очерктер, фельетондар. – 1988. – 430 б.

Т.5. Пьесалар, мақалалар – 1988 – 366 б.

Жансүгіров І. Жастарға. Өлеңдер жинағы / І.Жансүгіров. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 60 б.

Жансүгіров І. Жетісу 1730–1916. / І.Жансүгіров. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 178 б.

Жансүгіров І. Құлагер: поэмалар мен өлеңдер / І.Жансүгіров. – Алматы: Жазушы, 1994. – 256 б.

Жансүгіров І. Құқ: фельетондар мен сықақ әңгімелер / ред. А. Отарбаев / І.Жансүгіров. – Алматы: Қайнар, 1995. – 128 б.

Ол туралы:

Жансүгіров Ілияс (1894–1938) // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – Т.3. – 542–544 б.

Жансүгіров Ілияс // Түркістан: халықаралық энциклопедия – Алматы, 2000. – 309 б.

Жансүгіров Ілияс // Жетісу: энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 290–291 б.

Жансүгіров Ілияс // Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 251–252.

Жансүгіров Ілияс // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 207–208 б.

Жансүгіров Ілияс (14.5.1894–1938) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 48 б.

Жансүгіров Ілияс (1894–1938) // Қазақстандағы білім мен педагогиканың даму тарихы (VI–XXғ.ғ.) II бөлім. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы, 2004. – 44–47 б. (Республикалық ғылыми педагогикалық кітапхана

Жансүгіров Ілияс // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: библиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 29–32 б.

Ілияс Жансүгіров // Қызыл қырғын. 37–де опат болғандар / құраст. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. – Алматы, 1994. – 39–41 б.

Ілияс Жансүгіров (1894–1938) // Тарихи тұлғалар. Танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы: Алматыкітап, 2005. – 158 б.

Ілияс Жансүгіров (1894–1938) // Тарихи тұлғалар. Танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған / құраст.Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы: Алматы баспасы, 2011. – 187 б.

Азамат ақын: Ілияс Жансүгіров туралы естеліктер / құрастырған С. Дәуітұлы. – Алматы: Жазушы, 1994. – 191 б.

Дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіровтың мырзашөлге келуі // Ерімбетов М. Аманат. – Алматы, 1991. – 97–110 б.

«Жан қайығын жарға ұрдым»: І.Жансүгіров жайында естелік / құраст., алғы сөзін жазған М.Иманғазин. – Алматы: Қазақстан Жазушылар Одағының ауд.алқасы, 1995. – 92 б.

Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін (Ілияс Жансүгіровтың туғанына 100 жыл). – Алматы, 1994. – 10 б. (Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы)

* * *

Аққұлова А. Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы / А. Аққұлова // Қазақ тілі мектепте, колледжде және ЖОО–да оқыту. – 2006. – № 3. – 10–13 б.

Аханбайқызы А. «Бала Ілияс» бойы тұнған өлең–жыр / А.Аханбайқызы // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 17 тамыз. – 8 б.

Ілияс Жансүгіровтың ауылында «Бала Ілияс» атты ескерткіш орнатылды.

Ахметұлы Д. Қалтайлар. Күнтайлар. Сартайлар осыдан 103 жыл бұрын Ілияс жазған «Не күйде?» атты өлеңді оқығанда туған ой / Д. Ахметұлы // Ана тілі. – 2022. – 17–30 наурыз. – 8 б.

Әбдіқалық К. Ілияс Жансүгіров шығармаларының текстологиясы / К. Әбдіқалық // Жалын. – 2010. – № 9. – 56–57 б.

Әкеміздің ұлы ісін насихаттап келеміз / әңгімелескен Қ.Байдаулетова // Айқын. – 2011. – 26 шілде.

Дарынды сөз зергері І.Жансүгіровтің ұлы Саят Жансүгіров әкесі жайлы әңгімелейді.

Батырхан Т. Сара сөздің салтанаты. Жетісу жерінде жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгірұлының 125 жылдығы лайықты атап өтілді / Т. Батырхан, А.Аханбайқызы, Қ.Мұқаметқали // Егемен Қазақстан. – 2019. – 14 қазан.

Бейісқұлов Т. Білгір тарихшы, қамқоршы / Т. Бейісқұлов // Мәдениет. – 2010. – № 2. – 9–13 б.

Ақын Ілияс Жансүгіров туралы.

Бейісқұлов Т. Құлагер ақынның қазасы хақында / Т. Бейісқұлов // Жас Алаш. – 2014. – 22 мамыр.

Ақын Ілияс Жансүгіровтың туғанына 120 жыл.

Дүйсебаев С. Ілияс оқулары Сыр елінде / С. Дүйсебаев // Қазақ және әлем әдебиеті. – 2005. – № 1. – 3 б.

2004 жылдың 6–7 желтоқсанында өткен І.Жансүгіровтың туғанына 110 жыл толуына арналған мерекелік шаралар жайлы.

Жансүгіров С. Репрессия құрбаны. Осыдан 70 жыл бұрын Ілияс Жансүгіровке оқ атылды / С.Жансүгіров // Президент және халық. – 2008. – 29 ақпан.

І.Жансүгіровтың ұлы Саят Жансүгіров әкесі жайлы.

Жансүгіров С.І. Халқының ұлы перзенті / С. І. Жансүгіров // Президент және халық. – 2007. – 25 мамыр.

Ілияс Жансүгіров жайлы.

Жансүгірұлы І. «...Баяғы бейілсіз қалам бейілдене бастады» (Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезіне жасалған баяндама) / І. Жансүгірұлы / дайындаған Ә.Нарымбетов // Әдебиет айдыны. – 2005. – 17 ақпан.

Жансүгірұлы І. Қазақ кеңес әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері / І. Жансүгірұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 9. – 4–13 б.

Жансүгіров С. Саят Жансүгіров: Анамның өмірі аянышты болды / С. Жансүгіров // Ана тілі. – 2014. – 6–12 наурыз.

Ақын Ілияс Жансүгіровтың тұңғыш ұлы Саят Жансүгіров әкесі жайлы әңгімелейді.

Жансүгіров С. Саят Жансүгіров: Әкемді құлаған үйдің қабырғасымен көме салған / С. Жансүгіров // Айқын. – 2018. – 30 мамыр.

Ақын Ілияс Жансүгіров туралы.

Жансүгіров неге «Жапон тыңшысы» деп айыпталды? // Түркістан. – 2015. – 29 қаңтар.

Жетісу мемлекеттік университеті «Ілиястану» ғылыми–практикалық орталығының ғылыми қызметкері, зерттеуші Қажет Андаспен сұхбат / сұхбаттасқан Шынар Оңашбай.

Жұмынұлы Б. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді...» / Б. Жұмынұлы // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 2 маусым.

Ақсу ауданы дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіровтың туған күнін аттап өтті.

Иманғазин М. Сатира майданында (1 мамыр – І.Жансүгіровтың туған күні) / М. Иманғазин // Жетісу. – 2005. – 30 сәуір.

Күмісбек М. Ақын рухын аялаған шаңырақ / М. Күмісбек // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 21 шілде. – 11 б.

Қазақ поэзиясының Құлагері Ш.Жансүгіровтің музейі Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында орналасқан.

Қамзин К. «Сөз басы солаң емес, сұңғыла болуы керек» деген Ілияс Жансүгіров / К. Қамзин // Жас алаш. – 2007. – 1 қараша.

Қасенов Е. Ілияс Жансүгіровтың ұстаздық жолы туралы не білеміз? Е.Қасенов // Республика ұстаздары. – 2006. – 15 тамыз.

Қоқымова К. Ілияс архивінің ізімен / К. Қоқымова // Егемен Қазақстан. – 2019. – 25 ақпан.

Ілияс Жансүгіровтің жеке архиві туралы.

Нұртайұлы Ә. Қазақ поэзиясының бәйтерегі / Ә.Нұртайұлы // Жас Алаш. – 2014. – 22 мамыр.

Ұлы ақын, қазақ поэзиясының бәйтерегі Ілияс Жансүгіровтың туғанына 120 жыл.

Салықов К. Үш арыс / К. Салықов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 28 сәуір.

Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин туралы.

Сыдықов Т. Жетісудың жүрегі немесе Ілияс жайлы сөз / Т. Сыдықов // Жетісу. – 2005. – 12 наурыз; 24,26 наурыз.

Дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров.

Тастағанова Ж. Ілияс – лирика шыңының биігі / Ж.Тастағанова // Қазақ және әлем әдебиеті. – 2007. – № 3. – 20–21 б.

Тоқтарбай Е. Ілияс – Абай түрлеген модерн әдебиеттің өкілі. Абай мен Ілияс поэзиясындағы сөз өрнектері турасында / Е. Тоқтарбай // Түркістан. – 2020. – 18 маусым. – 6 б.

Тұрысбек Р. Кең тыныс, кәусар жыр (Ш.Жансүгірұлының поэмалары туралы) / Р. Тұрысбек // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – № 1. – 115–117 б.; № 2. – 94–97 б.

Мамыр Педагог, қоғам қайраткері, Қазақ АКСР Халық ағарту
5 жұлдыз комиссары (1922–1924), **Нұғман Залиевтың** туғанына
135 жыл (05.05.1889–15.02.1938).

Залиев Нұғман Орал облысы, Жаңақала ауданында туған. Қамыс–Самар бастауыш қазақ орыс мектебін 1902 ж., Орда қалалық орыс–қазақ училищесін, 1905 жылы училище жанындағы педагогикалық курсты, 1909 жылы Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген. Қазанда оқып жүріп, Альфаузов заводы жұмысшыларымен бірге РСДРП (Россия социал–демократиялық жұмысшы партиясы) жергілікті комитеті жанынан жасырын құрылған оқушылар ұйымына мүше болған. Сол үшін сенімсіз деп танылып, жандармдардың бақылауына алынған.

Тіленшісай мектебінде (қазіргі Батыс Қазақстан обл., Казталов ауданындағы Қараоба ауылының маңында) жағырафия, тіршіліктану пәндерінен сабақ берген. «Қазақстан» газетін шығаруға қатысты. 1916 жылғы ұлт–азаттық көтеріліс тұсында С.Меңдешев екеуі бірге тұтқындалып, Астрахан түрмесіне қамалды. Абақтыдан 1917 ж Ақпан төңкерісінен соң шығып, Бөкей ордасы өңіріндегі әлеументтік қозғалысқа қызу араласты. 1918 ж. өткен Бөкей облысының кеңесі 1-съезінің, Бөкей өңірі мұғалімдерінің 1-және 2-съезінің делегаты, 1919 ж. қаңтарда Бөкей облысы атқару комитетінің жанындағы халық ағарту бөлімінің алқа мүшесі, осы бөлім жанындағы ұлттық мектептер секциясының мүшесі болды, сол жылғы тамызда облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

1920–1922 жылдары Қамыс–Самар уездік атқару комитетінің төрағасы, 1922–1924 жылдары Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының төрағасы қызметтерін атқара жүріп, шалғай ауылдарда мектеп ашу, мектеп жүйесін оқулықтармен, әдістемелік құралдармен жабдықтау, қазақша оқу құралдарын шығару ісін ұйымдастырады. 1924 ж. Гурьев уездік партия комитетінің хатшысы, 1925 ж. уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. 1925–1926 ж.ж. Гурьев–Доссор тар табанды темір жолы Н.Зәлиевтің басшылығымен салынады. 1927 ж. сәуірде Орал губерниясы атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. 1930–1935 ж.ж. Қостанай, Ақтөбе губерниясының халық ағарту басқармасының бастығы, 1936–1937 жылдары Орынбордағы мұғалімдер курстарының директоры қызметтерін атқарады. 1937 ж. 22 қыркүйекте «халық жауы» деген жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 ж. 15 ақпанда КСРО Жоғары соты Әскери коллегиясы шешімімен Ақтөбе қаласында 57 адамдық топпен бірге атылды. Бейіті Ақтөбе қаласынан жиырма бес шақырым жердегі Түйетөбе қонысында.

Ол туралы:

Залиев Нұғыман (1889–1938) // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1984. – Т.1. – 157 б.

Залиев Нұғыман (5.5.1889–15.2.1938) // Қазақстан ғалымдары. энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 55–56 б.

Залиев Нұғыман // Ақтөбе: энциклопедия. – Ақтөбе: Отандастар, 2001. – 444 б.

Залиев Нұғыман Залиұлы // 1937–2007. Тауқымет пен тағзым (өмірбаяндық анықтамалық, құжаттар, мақалалар) / ред. Б.Төлепберген. – Алматы: РИИЦ АЗИЯ, 2007. – 101–102 б.

Залиев Нұғыман Залиұлы // Қазақстанның халық комиссарлары. 1920–1946 жж. Өмірбаяндық анықтамалық. – Алматы, 2004. – 214–215 б.

Залиев Нұғыман (1889–1938) // Қазақстан Республикасының білім саласын басқарған министрлер. Қысқаша энциклопедиялық (анықтамалық) жинағы / құраст.: Д.Айтмағамбетов, С.Ахметова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 39–45 б.

Залиев Нұғыман // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2001. – 22 б.

Залиев Нұғыман // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2020. – 23–25 б.

Залиев Нұғыман // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 43–44 б.

Асылбеков М. Арманда кеткен арыстар // Қазақстан мұғалімі. – 1997. – 16 сәуір.

Алматы қаласындағы Республикалық педагогикалық мұражайдағы «Халық жауы» атанып кеткен арыстар Н.Залиев, А.Байтұрсынов, А.Кенжин, С.Садуақасовтарға арналған бөлім туралы.

Тортаев Т.К. Қазақстанның халық ағарту сферасының ұлы тұлғаларының бірі қоғам қайраткері Нұғыман Залиев (1889–1938) / Т. К. Тортаев // Техникалық және кәсіптік білім. – 2016. – № 2. – 63–65 б.

7 мамыр –

Отан қорғаушылар күні

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР–ның мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың қарауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Президенттен басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал–полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып бекітілгендіктен «7 мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

Аталған жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен үш жүйелі штаб – жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери–теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. Аэроұтқыр күштерге Жоғарғы Бас қолбасшының резерві құзыры берілді. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери – Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округке бөлінді.

Бүгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару–жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе–қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді. Өз кезегіне қарай, қарулы күштер түрлі бөлімдерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады.

Мектептерде бұл мереке қарсаңында көптеген іс–шаралар өтеді. Оқушыларды Қазақстан Қарулы Күштерімен таныстырып, олардың қандай түрлері бар екенін түсіндіру мақсатында әр сыныпта тәрбие сағатын өткізу керек. Сонымен бірге осы күнге лайықты басқа да шаралар ұйымдастыруға болады. Атап айтсақ, 5–8 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз дөңгелек»

атты әскери–спорттық жарыстар болса, 9–11 сыныптар арасында «Саптық байқау» жарыстары өтеді. Сонымен қатар патриоттық әндерден мектепішілік байқау ұйымдастыруға болады. 9–11 сынып оқушыларының «Саптық байқау» жарыстарында оқушылар әскери киімдер киіп, өздерінің ұрандарын және патриоттық әнді сап түзей жүріп айтып шығады. Одан кейін әртүрлі әскери жаттығулардан жарыстарға қатысады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абайұлы Н. Ұранды ердің ұрпағы қаһарман болар / Н. Абайұлы // *Ana tili.* – 2022. – 5–11 мамыр. – 1,3 б.

7 мамыр Отан қорғаушылар күні.

Айбынды армия – Тәуелсіздігіміздің қорғаны. Президент Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиынға қатысты // *Almaty aqshamy.* – 2022. – 7 мамыр. – 3 б.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиында сөз сөйлеп, сардарлар мен сарбаздарды, ардагерлерді мерекемен құттықтады

Әділжан Б. Әскеріміздің келбеті қандай? / Б. Әділжан // *Egemen Qazaqstan.* – 2022. – 6 мамыр. – 7 б.

Батырхан Т. Ерлікті дәріптейтін ескерткіштер / Т. Батырхан // *Egemen Qazaqstan.* – 2021. – 30 қараша. – 13 б.

Қазақстан Қарулы Күштердің Әскери–тарихи музейіне – 6 жыл.

Берсугурова Г. «Жігіт сұлтаны» байқауы / Г.Берсугурова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 4. – 34–36 б.

Жігіттерді батырлыққа, тапқырлыққа, өз Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.

Ержанұлы Е. Отан қорғаушының мәртебесі биік / Е. Ержанұлы // *Заң газеті.* – 2022. – 6 мамыр. – 1,3 б.

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде қазақстандықтар бір емес, үш бірдей мемлекеттік мерекені атап өтеді. Олар 1 мамырдағы – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, 7 мамырдағы – Отан қорғаушы күні және 9 мамырдағы – Жеңіс күні.

Жунибекова К.Б. Патриоттық тәрбие беру / К. Б. Жунибекова // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. – 2021. – № 1. – 68–71 б.

Жүсіпова А. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы / А. Жүсіпова // *Білім кілті = Ключ знаний.* – 2021. – № 7. – 3–7 б.

Көшербайұлы Ж. Қарулы Күштер: Борыштан жауынгерлік жаттығуға дейін / Ж. Көшербайұлы // *Егемен Қазақстан.* – 2020. – 4 қараша.

Қарулы күштер – ел қорғаны // *Egemen Qazaqstan.* – 2022. – 6 мамыр. – 1 б.

Тәуелсіздіктің тұғыры биік, ел қауіпсіздігі мығым болуы үшін де мықты, айбынды әскер керек.

Лепесова А. Ерлердің ісі бітер ме... // *Түркістан.* – 2020. – 7 мамыр. – 7 мамыр.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні.

Махметов С.С. «Жас сарбаз» арнайы сыныбын ашу: дайын бағдарлама / С. С. Махметов // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2020. – № 2. – 31–35 б.

Әскери іс негіздері, курсын оқыту, әскери–патриоттық және азаматтық тәрбие беру.

Тасболатов А. Қазақстан армиясы: Отыз жылғы белес / А. Тасболатов // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 6 мамыр. – 7 б.

Осыдан 30 жыл бұрын Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы генерал–лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовтің басшылығымен елімізде жаңа Қарулы Күштерін қалыптастыру жөніндегі дайындық жұмыстары басталған еді.

Уәлибек Д. Айбыны асқақ армия – азаттықтың кепілі / Д. Уәлибек // Turkistan. – 2022. – 5 мамыр. – 1–2 б.

Қазақстанның Қарулы Күштері 1992 жылғы 7 мамырда құрылды. Осылайша бұл дата «Отан қорғаушылар күні» деп жарияланып, 2012 жылы мемлекеттік мейрам мәртебесіне ие болды.

Шұғай Қ.Ш. Болашақ Отан қорғаушылардың патриоттық және әскери–адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары / Қ. Ш. Шұғай // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2020. – № 1. – 36–38 б.; Алғашқы әскери және технологиялық дайындық = Начальная военная и технологическая подготовка. – 2020. – № 1. – 8–9 б.

Мамыр 8 жұлдыз Орыс–славян тілдерінің маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері, **Хайролла Хабиболлаұлы Махмұдовтың** туғанына **115 жыл** (8.05.1909–23.10.1983).

Махмұдов Хайролла Хабиболлаұлы 1909 жылы 8 мамырда қазіргі Орынбор облысы, Тасты ауданы Бәшір ауылында дүниеге келген.

1937 жылы Ленинград (қазіргі Санкт–Петербург) университетін бітіріп, 1937–1940 жылдары осы университеттің аспирантурасында оқыды. Ал 1940 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінде (қазіргі әль–Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) қызмет етті. 1942–1943 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. 1945 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі және факультет деканы, доценты болды.

Махмұдов Х.Х. орыс тілі, түркология және жалпы тіл білімі саласында 40-тан астам еңбектің авторы. Х.Махмұдов жалпы тіл білімі, түркология мәселелеріне, орыс және қазақ тілінің байланыстарына көркем әдебиет стилистикасына арналған зерттеу еңбектерді жазды.

Махмұдов Х.Х. Еңбек Қызыл Ту орденімен және үш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және көптеген медальдармен марапатталды. 1975 жылы Қазақ КСР–на еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері деген атақ берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Махмудов Х. Қазақша–орысша сөздік / Х.Махмудов. – Алматы, 1951. – 364 б.

Махмудов Х. Қазақша–орысша шағын сөздік / Х.Махмудов, Ғ.Бегалиев, Ғ.Мұсабаев. – Алматы: Қазмембас, 1959. – 250 б.

Махмудов Х. Қазақша–орысша сөздік / Х.Махмудов, Ғ.Мұсабаев. – Алматы:Өнер, 1995. – 442 б.

Махмудов Х. Қазақша–орысша сөздік. Өңделіп тол. 3–бас. / Х.Махмудов, Ғ.Мұсабаев. – Алматы: Қазақ совет энциклопед. бас ред., 1989. – 480 б.

Махмудов Х. Қазақша–орысша сөздік. Өңделіп тол. 2-бас. / Х.Махмудов, Ғ.Мұсабаев.– Алматы: Қазақ Совет энциклопед. бас. ред., 1987. –507 б.

Махмудов Х. Қазақша–орысша сөздік / жауапты ред. Ғ.Мұсабаев / Х.Махмудов, Ғ.Мұсабаев. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академ. баспасы, 1954. – 574 б.

Махмудов Х. Орысша–қазақша мектеп сөздігі. Қазақтың сегіз жылдық және орта мектептеріне арналған / ред. басқарған Х. Махмудов / Х.Махмудов, Ғ.Мұсабаев, Т. Қордабаев. – Алматы, 1960. – 476 б.

Махмудов Х. и др. Школьный русско–казахский словарь. Оқушыларға арналған орысша–қазақша сөздік / Х. Махмудов, Т. Қордабаев, Ғ.Мұсабаев. – 2 изд., перераб. – Алма–Ата: Рауан,1990. – 320 б.

Ол туралы:

Махмудов Хайролла Хабиболлаұлы // Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 358 б.

Махмудов Хайролла Хабибуллаұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2. – 145 б.

Махмудов Хайролла Хабибуллаұлы (8.5.1909–23.10.1983) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – Т.2. – 127 б.

9 мамыр - Жеңіс күні

1941–1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн. адам, соның ішінде 1,5 млн. қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Прибалтика мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам Даңқ орденінің толық жинағының иегері атанды.

Ұлы Отан соғысындағы Қазақстандықтардың ерен ерлігімен таныстыру, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында мектеп қабырғасында көптеген мерекелік шаралар

өтіледі. Солардың бірі «Ер есімі – ел есінде» атты тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатының көрнекілігі: интерактивті тақта, сыныпты гүлмен, шармен, жалаулармен безендіруге болады. Барысы: 1. Жеңіс күніне арналған өлеңдер мен қанатты сөздер. 2. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ батырларының ерлігі және жеңіс туралы әндер айтылып, билер биленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бұлқышев Б. Адамзатқа хат. Шығармалар жинағы. Ұлы Отан соғысы жеңісіне 60 жыл / Б.Бұлқышев. – Алматы: Санат, 2005. – 208 б.

Жұмағалиев Б. Қазақтар Ленинград майданында / Б.Жұмағалиев. – Астана: Елорда, 2005. – 184 б.

Көлбаев Т. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін! / Т.Көлбаев. – Алматы: Асыл сөз, 2015. – 384 б.

Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында (тарихи–құжаттық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2010. – 640 б.

Қайсенов Қ. Жау тылында / Қ.Қайсенов. – Алматы: Санат, 2005. – 288 б.

Момышұлы Б. Соғыс қателікті кешірмейді / Б.Момышұлы. – Алматы: Өнер, 2009. – 304 б.

Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын / Б.Момышұлы. – Алматы: Өнер, 2010. – 200 б.

Сейітов С. Майдангер көзімен / С.Сейітов. – Алматы: Санат, 2005. – 208 б.

* * *

Айбосынов Ш. Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылған журналист, ақын, гвардия капитаны Әдис Ахетов / Ш. Айбосынов // *Qazaqstan dauiri*. – 2022. – 5 мамыр. – 10 б.

Айбосынов Ш. ...Көрдің бе жарын арудың, соғыстан қайтқан солдаттар / Ш. Айбосынов // *Жас алаш*. – 2022. – 5 мамыр. – 10 б.

Екінші Дүниежүзілік соғыс 1418 күнге созылып, адамзат баласына ұмытылмас қайғы–қасірет әкелді. Бұл соғысқа 1,7 миллиард халқы бар дүниежүзінің 61 мемлекеті, әлем халқының 80 пайызы қатысты.

Айтаханов Қ. Жеңіс шеруіне қатысқан қаһарман / Қ. Айтаханов // *Egemen Qazaqstan*. – 2022. – 28 сәуір. – 9 б.

Мәскеу. Қызыл алаң. 1945 жыл. Маусым. Жеңіс парады. Бұл сапта соғыстың 1295 күнін алдыңғы шепте өткізген, кеудесі орден–медальдармен жарқыраған Талқа Әуелұлы Әйменов те бар еді...

«Ата-анам байлыққа да, мансапқа да қызыққан жоқ» // *Egemen Qazaqstan*. – 2022. – 16 мамыр. – 11 б.

Әскери ұшқыш–штурман, «Халық қаһарманы» Хиуаз Доспанованың биылғы 100 жылдық мерейтойына орай ұлы Ерболат Әміровпен әңгіме / әңгімелескен М.Әбіш.

Әбдірайымова А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің ерлігі / А. Әбдірайымова, А.Өтешова (Утешова) // *Қазақ тарихы*. – 2019. – № 9. – 35–38 б.

Байтұрсынұлы Д. Ерлік ескірмейді немесе қараша – Панфилов дивизиясының адамзатқа даңқы шыққан ай / Д. Байтұрсынұлы // Ана тілі. – 2019. – 28 қараша–4 желтоқсан.

Бейсенұлы Б. Кутузовтың төсбелгісін алған қазақ / Б. Бейсенұлы // Ана тілі. – 2022. – 5–11 мамыр. – 10 б.

Соғыс тарихында қасіретімен таңбаланып қалған Керчь майданына қатысқан жауынгер–батыр Мүсілім Нүсенов.

Бегелдинова О. Аспан әміршісі / О. Бегелдинова // Айқын. – 2018. – 4 мамыр.

Ұшқыш Талғат Бегелдинов туралы.

Бектемірқызы Ә. Ыбырайым мерген / Ә. Бектемірқызы // Turkistan. – 2022. – 5 мамыр. – 1,8 б.

2–ші дүниежүзілік соғысқа қатысып, өшпес ерлік жасаса да, Кеңес Одағының Батыры атағы берілмей қалған қаһармандардың саны көп. Солардың бірі – сұрапыл жылдар кезінде атағы жайылған даңқты мерген – Ыбырайым Сүлейменов.

Жағыпарұлы Ж. Қазақ қыранының қайталанбас қаһармандығы / Ж. Жағыпарұлы, М.Кәрім // Егемен Қазақстан. – 2018. – 20 ақпан.

Ұлы Отан соғысында жаудың танк колоннасына қарсы «отты таран» жасап, ерлікпен қаза тапқанына 75 жыл толған қазақтың қаһарман ұлы, ұшқыш Нұркен Әбдіровтың ерлігі туралы

Жаналиева А. Халықтың қаһарман перзенті – Бауыржан Момышұлы / А.Жаналиева, М.Маделимова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 5. – 15–19 б.

Жұмағұл С. Елім деп өткен ер Баукең (Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл) / С. Жұмағұл // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 8 мамыр.

Жұмахметұлы Е. Қазақтан шыққан қанша кеңес одағының батыры бар? / Е. Жұмахметұлы // Turkistan. – 2022. – 5 мамыр. – 1–2 б.

2–ші Дүниежүзілік соғыста қазақстандық 500 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, соның ішінде 96–сы қазақ батыры деп танылып жүр. Ресми құжат солай дейді. Бірақ уақыт тарихқа өз түзетулерін ендіріп жатыр.

Қыдырәлі Д. Батыр Бауыржан және Алаш аңсары / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 22 мамыр.

Бауыржан Момышұлы туралы

Назарбек Н. Қошқарбаевтың ерлігі неге кеш мойындалды? / Н. Назарбек // Аісун. – 2022. – 12 мамыр. – 7 б.

Ерлік көрсеткен аталарымыздың арасында аты аңызға айналған Рақымжан Қошқарбаев та бар. Атамыз – алғаш Рейхстагқа ту тіккен батыр ұланның бірі. Өкініштісі, қазақтың батыр ұлының бұл ерлігі ұзақ жылдар бойы ресми мойындалмай келді.

Оразалин Н. Дәуір бітімді тұлға / Н. Оразалин // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 4–17 мамыр.

Партизан–жазушы, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтың туғанына 100 жыл толуына орай.

Садық М. Соғыста жасалған қиянаттар / М. Садық // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 12 мамыр. – 9 б.

Сұлтанғалиева Г.Т. Отты жылдар шежіресі / Г.Т.Сұлтанғалиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – 10–14 б.

Ұлы Отан соғысы туралы.

Тантакова А.И. Ұрпақтарға ұран болған – Ұлы Жеңіс! / А. И. Тантакова // Мектеп кітапханашысы жұмыс әдістемелігі = Школьный библиотекарь: методика работы. – 2019. – № 5–6. – 18–20 б.

Ұлы Отан соғысына арналған кеш.

Тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар // Almaty aqshamy. – 2022. – 7 мамыр. – 1,8 б.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран! Ұлы Жеңіс күні де біз үшін тағылымдық мерекелер. Бабалар ерлігі, аға ұрпақтың даңқты жолы ешқашан ұмытылмайды.

Төлешов А. Әлия мен Мәншүктей ерлік көрсетсе де, елеусіз қалғандар бар / А. Төлешов // Turkistan. – 2022. – 5 мамыр. – 1,8 б.

Тұрлығазы А. Қазақтың батыр қызы / А. Тұрлығазы // Almaty aqshamy. – 2022. – 12 мамыр. – 12 б.

Хиуаз Доспанова – 100 жыл

Халық қаһармандары Президент Жарлығымен Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен үш майдангер марапатталды // Almaty aqshamy. – 2022. – 7 мамыр. – 10 б.

Әбдібеков Төлеуғали Насырханұлы, Несмиянов Александр Александрович, Сүлейменов Ыбырайым.

Шарахымбай Б. Жеңіс күніне жаңа көзқарас немесе 9 мамыр қандай мереке? / Б. Шарахымбай // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 5 мамыр. – 4 б.

Мамыр 11 жұлдыз Археолог–ғалым, Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы, тарихшы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі **Әлкей Хақанұлы Марғұланның** туғанына **120 жыл** (11.05.1904– 14.01.1985).

Марғұлан Әлкей Хақанұлы 1904 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Павлодар қаласында мұғалімдер курсы бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді.

Ә.Марғұлан 1925–1929 жылдары Ленинградтың (қазіргі Санкт–Петербург) Шығыстану институтының түркітану және тарих–филология факультеттерінде қатар оқыды. Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімшесінде оқыды. 1926–1930 жылдары КСРО Ғылым Академиясының Қазақстан экспедициясы құрамында қазақтардың әдет–ғұрып, тұрмысы мен өнерін зерттеді. 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды.

1930 ж. Қазақ КСР Оқу Халық Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер, 1931–1935 жылдары Материалдық мәдениет тарихы жөніндегі академияның (ГАИМК) аспиранты, сонымен қатар 1931–1935 жылдары Шығыстану институтында оқытушы, 1936–1938 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының материалдық мәдениет тарихы институтында ғылыми қызметкер. 1939–1941 жылдары КСРО ҒА-ның қазақ бөлімшесі тарих институтының аға ғылыми қызметкері болды.

1933 жылы Бүкілодақтық география қоғамының мүшесі, 1946 жылы филология ғылымдарының докторы, 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, 1958 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, 1960 жылы профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының және Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты.

1938 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ КСР Ғылым Академиясында аға ғылыми қызметкер, тарих, археология–этнография институтында сектор, бөлім меңгерушісі болды. Сырдария, Талас, Шу өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнына алғашқы рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Тараз, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ мәдениетін зерттеді. Оның басшылығымен Ш. Уәлихановтың таңдамалы және 5–томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Ә.Марғұланның ғылыми еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды. 1991 жылы Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтындағы археологиялық орталықтың негізінде Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер Ә.Марғұлан есімімен аталады. Павлодар қаласында мүсіні орнатылған, сондай-ақ, С.Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық университетінде Ә.Марғұлан атындағы стипендия тағайындалып, мұражай ашылған. 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті.

Ә.Х.Марғұлан «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен және медальдармен марапатталды. Ә.Х.Марғұлан 1985 жылы 12 қаңтарда Алматыда қайтыс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми зерттеу мақалалар / құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

Марғұлан Ә. Н. М. Пржевальский: саяхатшы ғалым / Ә.Марғұлан. – Алматы: Оқу құрал баспасы, 1951. – 126 б.

Марғұлан Ә. Қозы Көрпеш–Баян сұлу кешені: Естияр балалар үшін / Ә.Марғұлан. – Алматы: Өнер, 1994. – 32 б. (Ескерткіштер еліне саяхат)

Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас» / Ә.Марғұлан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.

«Манас» жырының Шоқан жазып алған нұсқауы туралы зерттеу.

Марғұлан Ә. Қазақстан архитектурасы / Ә.Марғұлан, Т.Бесенов, М.Меңдіғұлов. – Алматы: Қазмембас, 1959. – 172 б.

Марғұлан Ә. Сәтбаев К. Обаған: мақалалар / құраст. А. Егеубаев / Ә.Марғұлан. – Алматы: Рауан, 1996. – 110 б. – («Арқас» тарихи танымдылық басылымдар сериясы).

Марғұлан Ә. 26-кітап / бас ред.Е.М.Арын. – Павлодар: ЭКО,ҒӨФ, 2003. – 233 б. (Рухнама)

Ол туралы:

Әлкей Марғұлан (1904–1985) // Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы: Алматыкітап, 2005. – 93–95 б.

Әлкей Марғұлан (1904–1985) // Айгөлек. – 2003. – № 1. – 6–7 б.

Әлкей Марғұлан (1904–1985) // Абай. – 2004. – № 2. – С.109–110 б.

Әлкей Марғұлан (1904–1985) // Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған / құраст.Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы: Алматы баспасы, 2011. – 112–114 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000.– 467–468 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы,1988. –Т.3 – 349 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – Т.6. – 368–369 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 67 б. (Қазақ КСР Ғылым Академиясы Қазақстан ғылымдарының библиогр. материалдары)

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2006. – 556–558 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 360–361 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2. – 138–139 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. –Т.1 – 164–165 б.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Жезқазған: энциклопедиялық анықтама. – Алматы: Эверо, 2004. – 324 б.

* * *

Жолдасбеков М. Академик Марғұлан // Жолдасбеков М. Асыл арналар: Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 316–324 б.

Орынбеков М. Маңдайы жарқыраған марқасқа: Әлкей Марғұлан (1904–1985) / М.Орынбеков // Дала даналары / құраст. Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы, И.Тасмағамбетов, А.Құдабаев. – Алматы: Қазақстан даму институты, 2001. – 606–617б.

Өтетілеуов Е. Тас та сөйледі / Е.Өтетілеуов // Өнеге әңгімелер / құраст. М. Мәтжанов. – Алматы,1984 – 42–44 б.

Қазақтың атақты тарихшы ғалымы, белгілі әдебиетші Ә. Ә. Марғұланнның балалық шағы.

Сүйіншәлиев Х. Әлкей Марғұлан / Х.Сүйіншәлиев / /Қазақ фольклористикасы – Алматы, 1972. – 232–242 б.

* * *

Ақордаұлы Қ. «Қазақ мәдениеті» мені зертте деп маңырап тұр...» / Қ.Ақордаұлы //Ақиқат. – 2004. – № 6. – 39–40 б.

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы.

Атажан Д. «Марғұлан оқулары» / Д. Атажан // Almaty aqshamy. – 2022. – 19 сәуір. – 7 б.

Алматыда «Марғұлан оқулары – 2022» халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференциясы өтті.

Ахмадия О. Әлкейді әлі зерттеу қажет / О. Ахмадия // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 17 мамыр. – 10 б.

Павлодар педагогикалық университетінде «Академик Ә. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени–тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми–практикалық конференциясының өткендігі жайлы.

Әлкейқызы Д. Дәнел Әлкейқызы: Марғұлан мұрасы – ұлттық руханиятымыздың қазынасы / Д. Әлкейқызы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 15 наурыз.

Ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан туралы.

Балтабекқызы І. Тарихтың ақыны / І. Балтабекқызы // Айқын. – 2019. – 2 наурыз.

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы

Жолдасбеков М. Асылдарым: эссе / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 қаңтар.

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы.

Жолдасбеков М. Асылдарым: эссе / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2011. – 7 қаңтар.

Ғалымдар Бейсембай Кенжебаев және Әлкей Марғұлан туралы.

Жолдасбеков М. Асылдарым: эссе / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2011. – 6 қаңтар.

Ғалым Әлкей Марғұлан, жазушы Мұхтар Әуезов, профессор Есмағамбет Ысмайылов туралы.

Жолдасбеков М. Шоқан мен Әлкей бірінсіз–бірін қарастыруға болмайтын егіз ұғымға айналды / М. Жолдасбеков //Аңыз адам. – 2013. – № 1. – 16–17 б.

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы.

Имамбаева Д. Археология араша сұрайды / Д. Имамбаева // Ана тілі. – 2021. –18–24 қараша. – 6 б.

Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты «Марғұлан оқулары–2021: Этномәдени зерттеу контексіндегі Ұлы дала» атты халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференция өтті .

Кемелбаева А. Әлкей Марғұланның «Қазақ әлемі» хақында /А.Кемелбаева //Абай. – 2004. – № 2. – 70–75 б.

Қазақстандағы тарихи–мәдени үдерістердің өткені, бүгінгі мен болашағы: Марғұлан оқуларының ғылыми жинағы. – Жезқазған: ЖезУ, 2000. 310 б.

Қалиұлы С. Әлкей Марғұлан – көне халық мұрасының феномені / С.Қалиұлы // Білім. – 2004. – № 3. – 124–129 б.

Қожанов О. Сәтбаев тағылымы / О. Қожанов // Мәдени мұра=Культурное наследие. – 2011. – № 4. – 54–59 б.

Қ.Сәтбаевтың соңынан Баянауыл өңірінен шыққан академиктер мен қоғам қайраткерлері: Ә.Марғұлан, Ә.Бектұров, Е.Бекмаханов, С.Бейсембаев, Ш.Шөкин, Х.Жұматов, К.Ақышевтар туралы.

Қоңыратбай Т. Қазақ ғылымының есігін алғаш фольклортанушы ретінде ашты / Т. Қоңыратбай // Аңыз адам. – 2013. – № 1. – 47 б.

Ғалым Әлкей Марғұлан туралы филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы Тынысбек Қоңыратбай әңгімелейді / сұхбаттасқан Марфуға Шапиян.

Мананова Ә. Әлкей Хақанұлының зерттеулерінің негізгі бағыты қола дәуірі болды / Ә. Мананова // Аңыз адам. – 2013. – № 1. – 42–44 б.

Ғалым, қазақ археология ғылымының атасы Әлкей Марғұлан туралы.

Марғұлан Д. Қолына жара шыққан кезде ескі қағаздарды қолғап киіп отырып қарады / Д. Марғұлан // Аңыз адам. – 2013. – № 1. – 10–12 б.

Ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлкей Марғұланның қызы Дәнел Марғұлан әкесі жайлы әңгімелейді / сұхбаттасқан Бердалы Оспан.

Самашев З. Марғұлан жайлы хроникалық деректерді жинастырып, «Тамаша адамдар өмірінен» сериясындай дүние жасау керек–ақ / З. Самашев // Аңыз адам. – 2013. – № 1. – 24–25 б.

Ә.Марғұлан туралы естелік / сұхбаттасқан Рауза Молдайыпқызы.

Сәрсенбай Қ. Тұлғаны тұлға ғана таниды / Қ.Сәрсенбай // Алматы ақшамы. – 2007. – 26 мамыр.

Әлкей Марғұлан туралы.

Серікқызы Э. Марғұлан оқулары өтті / Э. Серікқызы // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 21 сәуір. – 6 б.

Әл–Фараби атындағы ҚазҰУ–де «Марғұлан оқулары – 2022» халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференциясының өткені жайында.

Сұрағанов С. Академик Әлкей Марғұлан – этномәдени білім мазмұнын жасаушы / С.Сұрағанов // Қазақстан мектебі. – 2004. – № 11. – 38–41 б.

Мамыр Тарихшы, педагог, қоғам қайраткері **Мұхамеджан 12 жұлдыз Тынышбайұлының** туғанына **145 жыл** (12.05.1879–21.11.1937).

Тынышбайұлы Мұхамеджан 1879 жылы 12 мамырда Талдықорған облысы, Қапал ауданында дүниеге келген. 1900 жылы Верный гимназиясын алтын медальмен бітіріп, 1906 жылы Петербург транспорт инженерлері

институтын бітірді. 1906 жылдан бастап Орта Азиядағы темір жол құрылысында инженер болып жұмыс істеді. 1905–1907 жылдардағы бірінші Ресей революциясының ықпалымен азаттық қозғалысына қатысады. 1907 жылы Жетісу губерниясынан II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Думада М.Тынышбайұлы патшаның отаршыл саясатына қарсы бағыт ұсынды.

1901–1918 жж. Урсатьевск–Андижан станциясында темір жол құрылысының бастығы және бас инженері, Жетісу темір жол құрылысына қарасты Арыс–Әулиеата темір жол бөлімінің бастығы және бас инженері болды. 1916 жылы М.Тынышбайұлы Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысқаны үшін тұтқындалды. 1917 ж. ақпан революциясынан кейін М.Тынышбайұлы Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті құрамына мүше болып тағайындалды. Мұнда ол 1916 ж. Қытайға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек көрсетуді ұйымдастырды.

1917 жылдың желтоқсанында М.Тынышбайұлы «Алашорда» үкіметінің құрамына кіреді. 1919 жылы Бүкілодақтық Атқару комитеті (ВЦИК) бұрынғы алашордалықтарға кешірім жариялағаннан кейін, ол Түркістан өлкесінің Семей халық ағарту комиссариатында жауапты қызметтер атқарды. 1924 жылдан бастап Қазақ педагогика институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық Университеті) оқытушы болып еңбек етті. Онда ол алгебра, география, физика пәндерінен студенттерге дәріс оқыды.

М.Тынышбайұлы ғылыми–зерттеу жұмыстарымен де айналысып, Қазақстан тарихы мен қазақ халқының рулық–тайпалық құрамы туралы «Қырғыз–қазақ руларының шежіресі», «Қазақ этнонимі туралы», «Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» сияқты еңбектер жазды. Ол Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу бөлімінің «Талап» ұйымының мүшесі болды.

1922–1926 жылдары Түркістан АКСР Су шаруашылығы басқармасында, Ташкентте Жер суландыру бөлімінде, Қызылорда қаласының құрылыс-жөндеу жұмыстарында, Жетісу губерниясының Жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инженер–маман ретінде таныта білді.

1926 ж. РСФСР Халық комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың ұсынысымен Түркістан–Сібір темір жол жобасын жасауға қатысып, 1927 жылдан бастап магистральдің құрылысына белсене араласады. Түркістан–Сібір темір жолын салып жатқан кезде 1930 жылы тұтқындалып, Воронежге жер аударылады. 1933–1937 жылдары ол айдауда жүріп Москва–Донбасс темір жол құрылысында инженерлік қызмет атқарады.

1937 ж. елге оралады, бірақ көп уақыт өтпей–ақ қайтадан тұтқындалып, кеңестік саяси қуғын–сүргіннің құрбаны болды.

Алматы қаласындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына М. Тынышбайұлы есімі берілген. Алматы облысы Сарқант ауданындағы бір ауыл және Алматы қаласындағы бір көше М.Тынышбайұлы есімімен аталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Тынышбайұлы М. Қазақ руларының шежіресі / М.Тынышбайұлы // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.– Алматы, 1998. – Т.ІІІ. – 81–116 б.

Мұхамеджан Тынышбаевтың адмирал Колчакқа хаты /әзірлеген ҚазМУ – аспиранты Г.Жүгенбаева // Егемен Қазақстан. – 1999. – 4 қыркүйек.

Ол туралы:

Мұхамеджан Тынышбайұлы (1879–1937) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – Алматы, 1998. –Т. ІІ. – 152–153 б.

Мұхамеджан Тынышбайұлы // Қызыл қырғын. 37–де опат болғандар / құраст.Қ.Ұсенов,Ә.Төреханов. – Алматы, 1994. – 19–22 б.

Мұхамеджан Тынышбаев (1879–1937) // Тарихи тұлғалар: Танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. – Алматы: Алматыкітап, 2005. – 51–53 б.

Тынышпаев Мұхамеджан // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 612 б.

Тынышпаев Мұхамеджан // Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 595–596 б.

Тынышпаев Мұхамеджан (12.05.1879–21.11.1937) // Қазақ ССР 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1989. – Т.4. – 685 б.

Тынышпаев Мұхамеджан // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – Т.8. – 614–615 б.

Тынышбаев Мұхамеджан // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2 – 390 б.

Тынышбаев Мұхамеджан (12.5.1879–1938) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 97 б.

Тынышбаев Мұхамеджан // Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2006. – 710–711 б.

Тынышбайұлы Мұхамеджан (1879–1937) // Қазақстандағы білім беру мен педагогиканың даму тарихы (ҮІ–XX ғғ.) ІІ бөлім. (Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші). – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 91–92 б. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы

Тынышбайұлы Мұхамеджан // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: библиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 69–71 б.

* * *

Абаған Б. Тынышбаев атындағы қор / Б.Абаған // Айқын. – 2007. – 14 қыркүйек – 4 б.

Мұхамеджан Тынышбаев атындағы қордың тұсаукесеріне арналған үлкен шара жайлы.

Абдрахманов Б. Алаштың ұлы – Мұхамеджан Тынышбаев / Б. Абдрахманов, С.Раздықов // Қазақ тарихы. – 2019. – № 8. – 31–35

Айтөлен Ұ. Нұршәкеннің мақсаты – Тынышбаевқа қатысты ақтаңдақтарды түгел анықтау / Ұ. Айтөлен // Айқын. – 2013. – 20 қараша.

Қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаев туралы жиен қарындасы Н.Жүнісқызы деректер іздеуде.

Аупбаев Ж. Сом алтынның сынығы / Ж.Аупбаев // Егемен Қазақстан. – 2000. – 4 ақпан.

М.Тынышбаевтың баласы Дәулет Мұхамеджанұлы Шейх–Али әкесі туралы әңгімелейді.

Балқияұлы Н. М.Тынышбаев – Қазақстанның көлік экономикасының негізін қалаушы / Н. Балқияұлы // Республика ұстаздары. – 2014. – № 9–10. мамыр.

Дәулет Шейх–Әли–Тынышбаев: Менің міндетім – әкеме қатысты деректерді жинастыру / Д. Шейх–Әли–Тынышбаев // Айқын. – 2009. – 11 маусым.

Саяси қуғын–сүргін құрбаны болған Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы Дәулет Шейх Әли–Тынышбаевпен сұхбат / сұхбаттасқан Ұлбосын Айтөлен.

Жұртбай Т. «Қазақ ауылына – азаматтық соғыс жариялады!» / Т. Жұртбай // Ақиқат. – 2010. – № 12. – 82–92 б.

Қоғам қайраткері, тәжірибелі инженер Мұхамеджан Тынышбаев туралы.

Жүгенбаева Г. Тынышбаевтың ғылыми–ағартушылық қызметі / Г.Жүгенбаева // Қазақ тарихы. – 1999. – № 4–5. – 53–56 б; // Қазақ тарихы. – 2000. – № 1. – 49–53 б.

Мұхамеджан Тынышбаев туралы.

Жүгенбаева Г. Тәуелсіздік үшін күрескен тұлға / Г. Жүгенбаева // Отан тарихы. – 2011. – № 1. – 59–69 б.

Алаш қайраткері Мұхамеджан Тынышбаев туралы.

Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірін Алаш қозғалысынан бөле қарауға болмайды / Г. Жүгенбаева // Жұлдыздар отбасы. – 2018. – № 11. – 22–23 б.

Жүнісқызы Н. Тынышбаевтар әулеті үлкен қудалауға ұшырады / Н. Жүнісқызы // Жұлдыздар отбасы. – 2018. – № 11. – 19–21 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш темір жол инженері М.Тынышбаев туралы.

Қонысбай Қ. Әке арманын ақтаған ұл / Қ. Қонысбай // Айқын. – 2011. – 10 ақпан.

Мұхамеджан Тынышбаевтың баласы Дәулет Мұхамеджанұлы Шейх–Әлимен әңгіме.

Нұрқасымов С. Алаштың ақтаңгері / С. Нұрқасымов // Жетісу. – 2009. – 16 мамыр.

Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына – 130 жыл.

Нүсіпұлы Е. Дегдар. М.Тынышбайұлы туралы сөз / Е. Нүсіпұлы // Түркістан. – 2019. – 5 желтоқсан.

Сарсенбаев А.Б. М.Тынышбаев және Алаш азаматтары / А. Б. Сарсенбаев // Отан тарихы. – 2018. – № 4. – 137–146 б.

Сембаева Р. Заңғар тұлға Мұхамеджан Тынышбайұлы / Р. Сембаева // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2008. – № 6. – 45–49 б.

Еліміздің Тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен ерлерді еске алып, тағзым ету.

Төлбасиева С. Тынышбаев – инженер–тарихшы / С.Төлбасиева // Қазақ тарихы. – 2002. – № 1. – 47–53 б.

Тынышбаев Д. КСРО кезіндегі қуғын–сүргін / Д. Тынышбаев // Айқын. – 2012. – 31 мамыр.

Белгілі қоғам қайраткері Мұхамеджан Тынышбаевтың отбасының қуғын–сүргінге ұшырауы жайлы баласы Дәулет Тынышбаев (Шейх–Әли) әңгімелейді.

Шейх–Әли Д.М. Дәулет Мұхамеджанұлы: Тегім Тынышбаев деп жазылса, тірі қалмас едім... / Д. М. Шейх–Әли // Айқын. – 2018. – 12 мамыр.

Мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлымен сұхбат / сұхбаттасқан Майра Жанысбай.

Шүрегеев С. Мұхаметжан мұраты / С. Шүрегеев, Б.Бисұлтанұлы // Жетісу. – 2009. – 16 мамыр.

Алаш қозғалысының қайраткері М.Тынышбаев туралы.

15 мамыр - Халықаралық отбасы күні

Бұл атаулы күн 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген еді. Бұл күн әртүрлі мемлекеттердің қауымдастығының назарын отбасының көптеген проблемаларына аударту үшін белгіленген болатын. Адам өмірі отбасынан басталады, адам отбасынан азамат болып қалыптасады. Отбасы – махаббат, құрмет, береке мен сүйіспеншіліктің көзі, соның негізінде кез келген өркениетті қоғам құрылады, онсыз адам өмір сүре алмайды. Отбасының дәулеттілігі – мемлекет дамуы мен прогресінің өлшемі.

Отбасы күнінде мұғалімдер оқушылардың отбасы жарастығы, татулығы мен отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімін арттыру мақсатында «Отбасы жарастығы» атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізуге болады. Мұғалім оқушылардың отбасы жарастығы мен татулығы және ол арқылы адамдар қандай табыстарға жете алатындығы туралы түсініктерін дамыта түсу үшін «Ойланайық, пікірлесейік» айдарымен берілген сұрақтар бойынша әңгімелесу әдісін жүргізеді. Мұғалім әңгімелесу барысында оқушылардың түйген ойларын «Отбасы татулығы» атты аңыз әңгімемен жалғастырады. Жаңа ақпарат отбасы туралы оқушы білімдерін нығайта түседі. Содан соң «Сахналау» айдарымен берілген тапсырмаларды рөлдермен орындату арқылы отбасындағы үлкен мен кішінің бір–біріне ізет–құрметін, қарым–

қатынасын айқындай түседі. Сабақта әртүрлі ойындар да ойнатуға болады. Мыс: «Айналайын, толғанайын!» ойынында мұғалім оқушылардың ортаға кезекпен шығып, үлкен адамдардың өздерін еркелетіп, жақсы көріп айтатын сөздерін солардың дауыс ырғағына салып айтуды ұйымдастырады. «Назар аударыңыз» айдарымен берілген қорытындылау оқушылардың отбасы жарастығы мен сыйластығы туралы білімдерін бекітіп, сабақтан алған білімдерін бір ойға тоғыстырады. Оқушылар осы сабақтан алған әсерлерін «Әкем-әнім» әнін айтумен жалғастырып, мұғалім сабақты аяқтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абакова С. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі (Уатсап желісі арқылы онлайн сұхбат) / С. Абакова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 30–31 б.

Абдрахманова К. Отбасындағы бала тәрбиесі / К. Абдрахманова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – 24–25 б.

Азимова А. Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне отбасының әсері / А. Азимова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 2. – 36–40 б.

Ақкөзова Қ. Қазақ отбасындағы тәрбие психологиясы / Қ. Ақкөзова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2022. – № 7. – 3–6 б.

Асилова А.А. Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасылық тәрбиенің негізі / А. А. Асилова // Өзін-өзі тану. KZ = Самопознание. KZ. – 2021. – № 1. – 10–12 б.

Әлқожаев Қ. Отбасы – мемлекет болашағының кепілі / Қ. Әлқожаев // Заң. – 2020. – № 1. – 25–27 б.

Әуезханов Ә.Ә. Отбасы – тәрбие бастауы / Ә. Ә. Әуезханов // Қызықты психология. – 2020. – № 1. – 3–4 б.

Байболова Ж. Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы / Ж. Байболова // Республика ұстаздары. – 2021. – № 3–4. – 2–3 б.

Байзакова Р. Отбасы мен балалардың құқықтарын қорғау / Р. Байзакова, А. Бекбергенова // Заң. – 2022. – № 5. – 40–42 б.

Бекенова Г. Өнегелі отбасы – рухани жаңғырудың өзегі / Г. Бекенова // Мектеп кітапханасы = Школьный библиотекарь. – 2020. – № 5–6. – 13–14 б.

Гумарова А. Қазақ отбасындағы тәрбие психологиясы жайлы бірер сөз / А. Гумарова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2022. – № 6. – 6–8 б.

Даутбекқызы Ы. Қазіргі отбасында баланы жауапкершілікке тәрбиелеу / Ы. Даутбекқызы, Г. Т. Абилбакиева // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2020. – № 6. – 16–17 б.

Дәуітова Н. Балам бақытты болсын десеңіз / Н. Дәуітова // Республика ұстаздары. – 2020. – № 1–2. – 1,6 б.

Отбасындағы бала тәрбиесі.

Джаксыбаева М.Ж. Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру / М. Ж. Джаксыбаева // Мектепке дейінгі білім және тәрбие = Дошкольное образование и воспитание. – 2022. – № 2. – 17–18 б.

Жасөспірімнің жан дүниесін тану. Өтпелі жастан қалай өту керек, отбасылық ережелердің тиімділігі неде? // Қазақстан әйелдері. – 2020. – № 2. – 14–15 б.

Жигитова О. Баланың бас ұстазы – ата–анасы / О. Жигитова // Тәрбие құралы. – 2022. – № 3. – 33–34 б.

Жунусова Л.Б. Отбасы – рухани адамгершілік тәрбиесінің бастауы / Л. Б. Жунусова // Тәрбие құралы. – 2021. – № 3. – 18–21 б.

Кезенбаева А.К. Отбасы және жастардың рухани–адамгершілік тәрбиесі / А. К. Кезенбаева // Өзін–өзі тану. kz = Самопознание. kz. – 2021. – № 7. – 4–7 б.

Қуанышев Ж. Ата–ана және ұрпақ тәрбиесі: Кінә мен реніш / Ж. Қуанышев // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 9 тамыз. – 7 б.

Молдағажиева К. Тәрбиенің алтын діңгегі отбасынан басталады / К. Молдағажиева // Сыныптағы тәрбие. – 2021. – № 5–6. – 18–20 б.

Наурыз А. Адамның бақыты – балада / А. Наурыз // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 37–38 б.

Жанұядағы бала тәрбиесі.

Омарова Д. Балаларды тәрбиелеудегі ата–ананың рөлі / Д. Омарова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 8. – 24–27 б.

Өмірзақова Ж.Ә. Бала тәрбиесіндегі ата–ананың рөлі / Ж. Ә. Өмірзақова // Қызықты психология. – 2020. – № 2. – 29–30 б.

Рахымбердина Н.М. Отбасындағы мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу / Н. М. Рахымбердина // Тәрбие құралы. – 2022. – № 2. – 33–34 б.

Сарсенғалиева Г. Отбасы құндылығы / Г. Сарсенғалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 4–6 б.

Отбасы тәрбиесінің мән–маңызы, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Смағұл Б. Әкенің қас–қабағы – баланың бас сабағы / Б. Смағұл // Егемен Қазақстан. – 2019. – 27 қараша. – 8 б.

Отбасындағы әке тәрбиесінің рөлі.

Түкиев А. Жасөспірімдер қылмысына айыпты ма? / А. Түкиев // Заң газеті. – 2020. – 7 қаңтар. – 1,8 б.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер қылмысына әлеуметтік теңсіздік пен отбасындағы түрлі жағдайлардың әсер етуі, негізгі тәрбие ата–анасының міндеті және мектепте мұғалімнің тәрбие жұмысын жүргізуі туралы.

Утегенова Д.М. Жеке тұлға қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен қоғамның маңызы / Д. М. Утегенова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 9–10. – 9–12 б.

Мамыр Ақын, ағартушы **Сәбит Дөнентаевтың туғанына 130 жыл**
24 жұлдыз (24.05.1894–23.05.1933)

Дөнентаев Сәбит 1894 жылы Павлодар облысының Ақсу ауданында кедей шаруа отбасында туып өскен. Әуелі молладан хат танып, кейін Павлодардағы төте оқу жолына негізделген Қасым қажы медресесінде

оқыған. Қасым қажы медресесін бітірген соң 1913–1916 жылдары Павлодар облысы Ұрық болысында мұғалім болып қызмет істейді. Сәбит Дөнентаевтың тұңғыш өлеңі «Қиялым» 1913 жылы «Айқап» журналында жарияланды. 1915 жылы алғашқы «Уақ–түйек өлеңдер» жинағы басылып шығады.

1916 ж. Екібастұз өндірісінде темір жолда жұмысшы болды. Одан майданның кара жұмысына алынады. 1917 ж. ақпан революциясынан кейін С.Дөнентаев Рига түбіндегі окоп қазу жұмысынан қайтып, Семейдегі мұғалімдік семинарияға түседі. Сол кезде Семей қазақтың ұлттық қозғалысының мәдени, саяси, рухани орталығына айналып, «Алаш қаласы» деп аталады. Семей семинариясы зиялы азаматтар оқып бітірген білім ордасына айналады. Мұнда Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов те оқиды. С.Дөнентаев оны бітіріп, мұғалім болады, баспасөзде қызмет істейді.

1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ даласы ақтардан сейіліп, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, 1920 жылдан 1922 жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді.

1923 жылдан бастап Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінде қызмет етеді, жаңа тақырыпта жазған көптеген өлеңдері, фельетон, әңгіме, очерк мақалалары жарияланады. Қалың малға тыйым салу үшін күресіп, әйелдердің тең құқықтары үшін күресіне үлес қосқан. Сонымен бірге қазақ әліпбиін_латын әрпімен құрастырған дұрыс деп, оны қолдаған адам. 1929 жылы ол Қазақстан Жазушылар ұйымының мүшелігіне алынады.

1930 жылы С.Дөнентаев тағы да өз ауылына оралып мұғалім болады. 1931ж. Семейге қайта келіп «Жаңа ауыл» (бұрынғы «Қазақ тілі») газетіне орналасады. С.Дөнентаев ағартушы болғандықтан оқу–білім мәселесіне үлкен мән берген. «Замандастар», «Талап», «Балалық», «Менің жайым» сияқты өлеңдері жастарды білімге шақырады. Ол үшін жаңалыққа, талапты болуға тиіс, ізденбей оқу жоқ, оқу тілмаш болу үшін емес, халыққа қызмет көрсету үшін қажет дейді ақын. Осы оқу–білім тақырыбын ақын «Балалық» атты өлеңінде елдің жалпы прогреске жету идеясымен ұштастырады. Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығына Абайдың, Крыловтың, Тоқайдың өлеңдері, мысалдары әсер етті.

1913 жылы «Айқап» журналында Сәбит Дөнентаевтың «Қиялдарым» өлеңі шығады. Бұл журналда кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы басқа қазақ ақындарының өлеңдері шыққан.

1915 жылы Уфа қаласында Сәбит Дөнентаевтың «Уақ–түйек» деген өлеңдер жинағы шығады. Ақын өз халқының қамын ойлап, оның өмірі, тағдыры, халі, тұрмысы туралы өлеңдер жазған, сатира ақыны болып, елін қанаған байлар мен патша өкіметін сынайды, әділет туралы ойлайды.

Ақынның «Бозторғай», «Көк төбетке», «У жеген қасқырға», «Екі теке» мысалдары бар. Бұл еңбектері Крыловтың шығармашылығының ақынға әсер еткенінен жазылған. «Биік тау», «Заман кімдікі» әділет туралы, болашақ туралы ойлайтын–толғайтын азаматтың мұңдары. «Қазақтан шыққан білгендер» – жастарға үгіт–насихат бағытында жазылған. 1916 жылы жазған

«Өгей ұл», 1924 жылы жазған «Көркемтай» повестері жетімнің тағдыры туралы.

С.Дөнентаев қазақ әдебиет тарихынан үлкен орын алатын көрнекті суреткер, ойшыл, шебер ақын, Тоқайдың, И.А.Крыловтың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Ақын–демократ, қаламгер, мұғалім–ағартушы, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаев 1933 жылы 23 мамырда қайтыс болған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Дөнентаев С. Шығармалар / С.Дөнентаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1957. – 404 б.

Дөнентаев С. Бозторғай / С.Дөнентаев. – Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.

Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: Өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала, естеліктер / С.Дөнентаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.

Дөнентаев С. Балалық; Балалықты сағыну; Көзі тоймаған ит; Екі теке; Ауырған арыстан; Бозторғай; У жеген қасқырға; Көктөбетке (Өлеңдер) / С.Дөнентаев // Асыл сөз: өлеңдер, ертегілер, аңыздар. – Алматы, 1987. – 400 – 407 б.

Дөнентаев С. Балалықты сағыну; Балалық; Бозторғай; Биік тау; Ой; Әр жан әр түрде: өлеңдер / С.Дөнентаев / XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия / құраст.Қ.Ергөбек. – Алматы, 1994. – 308– 310 б.

Дөнентайұлы С. Жаз: өлең. («Қазақ» газеті, 1915 жыл, №121) / С.Дөнентаев // Ұлағат. – 2002. – № 3.– мұқабаның 2–ші бетінде.

Ол туралы:

Дөнентаев Сәбит (1894–1933) // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – Т.3. – 282 б.

Дөнентаев Сәбит // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 166 б.

Дөнентаев Сәбит (1894–25.5.1933) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 43 б.

Сәбит Дөнентаев // Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы, 1958. – 221 – 239 б.

Сәбит Дөнентаев // Кенжебаев Б., Есназаров О. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1966. – 223 – 243 б.

Сәбит Дөнентаев (1894–1933) // Қазақ әдебиетінің тарихы.. – Алматы, 1965. – II том. – 448 – 493 б.

Сәбит Дөнентаев (1894–1933) // Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы (жоғары оқу орындарындағы филология факультеті студенттеріне арналған оқу құралы). – Алматы, 1994. – 287– 301 б.

Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы / Б.Ысқақов. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.

Мамыр айының соңы – Соңғы қоңырау

Соңғы қоңырау – оқуды тәмамдайтын оқушылардың дәстүрлі мерекесі. Мектептерде соңғы қоңыраулар мамырдың соңында өткізіледі. Бұл кезде оқу аяқталады, ал бітіру емтихандары әлі басталмайды. Соңғы қоңырау мектеп оқушылары үшін оқу жылының аяқталуын білдірсе, мектеп бітірушілер үшін соңғы қоңырау бүкіл сабақтарымен, үзілістерімен және бақылау сабақтарымен, үй тапсырмаларымен бірге көпжылдық оқу процесінің аяқталуын білдіреді.

Соңғы қоңырау – оқушыларға, мектеп бітірушілерге, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған үлкен жалпымектептік мереке. Салтанатты рәсім қонақтардың, директордың, алғашқы ұстаздың, ата-аналардың, мұғалімдердің сөздерін, бірінші сынып оқушыларының құттықтауларын, тілектерін қамтиды.

Салтанатты мерекеге қыздар мектеп киімін, кей жағдайда – ақ блузка мен қара, көк түсті белдемше киеді. Жеткіншектер бұл күні дәстүрлі костюм киеді.

Соңғы қоңырауға дәстүр бойынша мектеп бітіруші жасөспірімдер мен қыздар киімнің үстіне көгілдір түсті «Жас түлек» деген жазуы бар таспа тағады, ал киімдеріне кейде кішкентай қоңыраушалар, немесе қоңыраушалар түріндегі белгілер бекітіп алады. Мектепті үздік бітіріп, «Алтын белгіге» үміткер түлектер «Алтын белгі» деген жазуы бар таспа тағады.

Мерекелеу кезінде символдық тұрғыда сабақтың басталғанын не аяқталғанын білдіретін мектеп қоңырауын бейнелейтін қоңыраушаны сыңғырлатады. Бұл ретте әдетте қоңыраушаны түлектің иығына мінген бірінші сынып оқушысы ұл немесе қыз бала сыңғырлатады. Көбіне түлектер аспанға әуе шарларын жібереді, алғашқы мектеп вальсін билейді. Мереке әдетте концерттік бағдарламамен аяқталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Акашаева Л. Алтын ұя – мектебім / Л.Акашаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 6. – 17–18 б.

Соңғы қоңырау салтанатын өткізу сценарийі.

Баильдинова Қ.Т. Ұшырса ұямыз, қалайша қиямыз! / Қ.Т.Баильдинова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 4. – 27–30 б.

Спортта дарынды балаларға арналған мектеп–интернаты түлектерінің соңғы қоңырауы.

Бүркітбаева М.Ж. Сыңғырла, күміс қоңырау / М.Ж.Бүркітбаева // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 5. – 16–22 б.

Соңғы қоңырау өткізу сценарийі.

Ескендір Р. Ақжол, жас түлек! / Р.Ескендір // Алматы ақшамы. – 2020. – 4 маусым.

Алматы қ. № 59 мектепте «Күміс қоңырау» атты мектеп бітіруші түлектерге арналған соңғы қоңырау мерекесі өткені туралы.

Ескендір Р. Көңілде көп арман / Р.Ескендір // Алматы ақшамы. – 2020. – 6 маусым.

Төтенше жағдай кезінде де соңғы қоңырау өткізіп, түлектерін шығарып салған Алматы қаласының мектептері туралы.

Жанасыл А. Соңғы қоңырау таяды: ұстазға сыйлық беру міндет пе? / А. Жанасыл // Аіқун. – 2021. – 15 мамыр. – 6 б.

Соңғы қоңырау мен мұғалімдер мерекесі кезіндегі берілетін сыйлықтар жайлы.

Жүсіп Н. Мектеп бітірушілер және мейірім / Н. Жүсіп // Айқын. – 2019. – 18 мамыр. – 1 б.

Мектепті бітірушілердің соңғы қоңырауды өткізу шаралары жайында.

Казиева А.А. Сыңғырла, соңғы қоңырау / А.А.Казиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 4. – 25–27 б. – Соңғы қоңырау мерекесін өткізу сценарийі.

Мерей М. Сағың сынбасын, жас түлек! / М.Мерей // Жас Алаш. – 2018. – 24 мамыр. – 25 мамыр

Соңғы қоңырау салтанаты алдында түлектерге сәттілік тілеу.

Сүлеймен Г. Сыңғырла, соңғы қоңырау / Г. Сүлеймен // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. – № 5. – 55–60 б.

«Соңғы қоңырау» сыңғыры // Алматы ақшамы. – 2019. – 25 мамыр. – 16 б.

Балаларының соңғы қоңырауы жайында ата–аналардың лебіздері /өзірлеген Р.Ескендір.

Соңғы қоңырау, бесінші тоқсан және ҰБТ / дайынд. Д. Маратова // Ұлан. – 2021. – 18 мамыр. – 1,3 б.

Соңғы қоңырауды ашық алаңда өткізу жайында.

Сыңғырла, соңғы қоңырау / С. Жарболина т.б. // Оқыту–тәрбиелеу технологиясы. – 2018. – № 2. – 55–57 б.

Соңғы қоңырау мерекесін өткізудің сценарийі.

Үкібаева Ж.Х. Қош сүйікті мектеп, сазды әуен / Ж.Х.Үкібаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 6. – 15–16 б.

Соңғы қоңырау салтанаты.

Шәріп А. Соңғы қоңырау үнін интернеттен тыңдайды / А. Шәріп // Аіқун. – 2020. – 23 мамыр. – 1 б.

Онлайн режимінде өткен соңғы қоңырау

Шотбайқызы А. Соңғы қоңырау: Пандемиядан қандай сабақ алдық / А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 25 мамыр. – 8 б.

Қашықтан оқыту кезіндегі білім, соңғы қоңырау, жазғы мектептердің ашылуы жайында.

Шотбайқызы А. Сыңғырла, соңғы қоңырау! / А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 26 мамыр. – 8 б.

2020–2021 оқу жылындағы мектеп оқушыларының соңғы қоңырауы.

Шотбайқызы А. Соғылды соңғы қоңырау / А. Шотбайқызы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 25 мамыр. – 1 б.

«Түлек–2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» мектеп бітіру іс–шараларын өткізу.

Шотбайқызы А. Соңғы қоңырау сыңғыры / А. Шотбайқызы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 26 мамыр. – 1 б.

2022 жылдың соңғы қоңырауының өтуі.

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі № 3443 Жарлығына сәйкес 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ұлттық тарихты зерделеу, ұрпақтар сабақтастығы, жалпыұлттық келісім, халықтық бірлікті нығайтуға бағытталған.

Бұл күні ең алдымен, 1937 жылы жазықсыздан–жазықсыз атылып кеткен алаш ардақтыларын еске аламыз. Зерттеушілердің деректері бойынша, 1921 жылдан 1954 жылға дейін бұрынғы Кеңес Одағында сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 777 мың болса, олардың ішінде 642 мың адамға ең жоғары жаза қолдану үкімі шығарылған. Қазақстанда саяси себептер бойынша 100 мың адам сотталған, 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілген.

Халықтың ұлттық, азаматтық және мемлекеттік сана–сезімдерінің қалыптасуындағы алғашқы қазақ демократтарының тарихи рөлін көрсетуге талпыну мақсатында «31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» орай «Алаш арыстары» тәрбие сағатын өткізуге болады. Тәрбие сағатының жоспарына Алаш қозғалысының әлеуметтік салдары, Алашорда бағдарламасы мен мақсаттары және алаш азаматтары жайлы оқушылардың баяндамаларын кіргізуге болады. Оқушылардың «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің өмір жолы, еңбектері туралы жинаған материалдарынан көрмелер ұйымдастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Алдажұманов Қ. Ұлтқа жасалған қылмыс / Қ. Алдажұманов // Ана тілі. – 2019. – 30 мамыр – 5 маусым.

Ашаршылық туралы.

Аллаберген Д. Алғашқы редактор да атылып кеткен еді / Д. Аллаберген // Айқын. – 2020. – 30 мамыр.

Семейде шыққан «Жұмысшы» газетінің алғашқы редакторы Мақсұт Тайшыбаев туралы және басқа да репрессияға ұшыраған азаматтар туралы.

Ахмет А. Архив деректеріндегі ашаршылық жайы / А. Ахмет // Егемен Қазақстан. – 2020. – 27 мамыр.

Аштық: «Ұлттық қасірет күні» жариялануы керек // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 31 мамыр–6 маусым.

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты өткен басқосуға белгілі тарихшылар Т.Омарбеков, М.Қойгелді, Қ.Алдажұманов, С.Шілдебай қатысып, редакция журналистерінің сұрақтарына жауап берді.

Әбжанов Х. Қазақстандағы қуғын–сүргін және ұлт менталитеті / Х. Әбжанов // *Aқиқат*. – 2021. – № 5. – 17–26 б.

Бек К. Нәубет / К. Бек // *Жас Алаш*. – 2020. – 29 мамыр.

31 мамыр – Саяси қуған–сүргін құрбандарын еске алу күні.

Байболсынова А. Сарғайған істе сақталған сурет / А. Байболсынова // *Egemen Qazaqstan*. – 2022. – 29 наурыз. – 11 б.

Қазақстанда 1921–1954 жылдары 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырап, 25 мыңнан аса адам ату жазасына кесілген. Ауыр айыптан тұтас әулеттер де жапа шекті. Сталиндік саясаттың қасіретін шеккен қазақ зиялыларының қатарында Қаратаевтар әулеті де бар.

Жақыпқызы Н. Халқымыз жадындағы жазылмас жара / Н. Жақыпқызы // *Ana tili*. – 2021. – № 21. – 27 мамыр–2 маусым. – 8 б.

31 мамыр – саяси қуғын–сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні.

Замана зұлматы. Ашаршылық кезеңдері бөлек қаралуы тиіс // *Egemen Qazaqstan*. – 2020. – 1 маусым.

31 мамыр – Саяси қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ғалымдар, жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері қатысқан онлайн дөңгелек үстел өтті.

Киндлер Р. Ашаршылықтан қазақтар өте көп зардап шеккен / Р. Киндлер // *Egemen Qazaqstan*. – 2020.

1 маусым. – Неміс тарихшысы Роберт Киндлермен әңгіме / әңгімелескен Абай Асанкелдіұлы.

Қабышұлы Ғ. Ашаршылықтың «астары» мен «тысы» / Ғ. Қабышұлы // *Қазақ әдебиеті*. – 2019. – 24–30 мамыр.

Қойшыбаев Б. Ашаршылық құрбандарына мәңгі борыштымыз / Б.Қойшыбаев // *Жас Алаш*. – 2018. – 31 мамыр.

1930 жылдардағы ашаршылық туралы.

Қойшыбаев Б. 30–жылдардағы ашаршылық: себептері, салдары / Б. Қойшыбаев // *Алматы ақшамы*. – 2018. – 31 мамыр.

Қойшыбаев Б. Халық жады мәңгілік. Ашаршылық құрбандарын еске алу күні / Б. Қойшыбаев // *Алматы ақшамы*. – 2019. – 30 мамыр.

Қозыбақова Ф. Тұрар Рысқұлов және аштықпен күрес / Ф. Қозыбақова, Б.Тілеп (Тілепі) // *Қазақ тарихы*. – 2019. – № 1. – 29–30 б.

Қойшыбаев Б. Ашаршылықтың ащы шындығын әлем білсін / Б. Қойшыбаев // *Айқын*. – 2020. – 29 мамыр.

Қойшыбаев Б. Қазақстандағы саяси репрессиялардың түп себептері хақында / Б. Қойшыбаев // *Aқиқат*. – 2022. – № 6. – 107,114 б.

Құрманбаева А. Тау тұлғалары биіктей түскен Алаш арыстарын ұлықтау – ұлттығымыздың кепілі / А. Құрманбаева // *Түркістан*. – 2017. – 30 қараша. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің 100 жылдығына орай.

Мәмет С. Алапат аштық, сұм соғыс өмірін қиды қаншаның... / С. Мәмет // *Egemen Qazaqstan*. – 2020. – 20 мамыр.

Мұхатова О.Х. Қазақстандағы 1920–1930 жылдардағы халық ағарту комиссариатының қызметі туралы архив деректері / О.Х. Мұхатова // Отан тарихы. – 2021. – № 1. – 15–28 б.

Сақтағанова З. 1920–1980 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын–сүргін: оналту кезеңдері, салдары және проблемалары / З. Сақтағанова // Отан тарихы. – 2021. – № 3. – 136–143 б.

Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы қуғын–сүргін туралы.

Сәрсенбай Қ. Қасіретті түсіне алмағаннан қасиет те күтуге болмайды. Бұл күнді «Ұлттық аза тұту күні» деп жарияласа болмас па? / Қ. Сәрсенбай // Алматы ақшамы. – 2020. – 30 мамыр.

31 мамыр – Саяси қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күні.

Сейтқали Е. Қуғын–сүргін құрбандары толық ақталады / Е. Сейтқали // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 21 сәуір. – 1,11 б.

Сүндетұлы Қ. Қуғын–сүргін құрбандары / Қ. Сүндетұлы // Ана тілі. – 2018. – 8–14 ақпан.

30 жылдардың қуғын–сүргін құрбандары, Батыс Қазақстан облысында қызмет еткен Халел Досмұхамедұлы, Төлепкерей Өтеулиев, Серікқали Жақыпов, Шияп Қожахметов туралы.

Сімәділ Қ. Жазықсыз жапа шеккендер, тәуелсіздік дәнін еккендер / Қ. Сімәділ // Ана тілі. – 2022. – 19–25 мамыр. – 1 б.

120 мыңнан аса адам...Тарихшылардың айтуынша, 1921–1954 жылдары Қазақстанда осынша адам репрессия құрбаны болған. Осы күні тарихшылар бұл санның әлдеқайда көп болуы мүмкін екенін айтады. Яғни жүздеген мың адам репрессияға ұшырап, тағдыр теперішін көрді.

Омарбеков Т. Ашаршылық апаты анықталды ма? / Т. Омарбеков // Жас Алаш. – 2020. – 29 мамыр.

31 мамыр – Саяси қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күні.

Омарбеков Т. Саяси қуғын–сүргіндердің тарихы қайта қарауды қажет етеді / Т. Омарбеков // Жас Алаш. – 2021. – 3 маусым. – 6 б.

Тасболатұлы Ж. «37–жыл»: Боздақтарға қойылған ескерткіш / Ж. Тасболатұлы // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 25 қараша. – 18–19 б.

Тұрсын Х. Қасіреттен қасиет іздеген / Х. Тұрсын, К.Беркімбаев // Алматы ақшамы. – 2018. – 31 мамыр.

Саяси қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күні.

Хасан С. СЛОН сорлатқан қазақтар / С. Хасан // Айқын. – 2017. – 8 сәуір.

Соловецкий лагерь особого назначения (СЛОН) деп аталған Ресейдің Архангельск облысындағы Соловки аралдарындағы лагерде болған қазақтар.

Хамидуллина Д. Шахзада Шонанова (Қаратаева) – саяси қуғын–сүргін құрбаны болған қазақ қызы / Д. Хамидуллина, Ы.Қатарова // Қазақ тарихы. – 2018. – № 8. – 43–46 б.

Хасан С. Қазақ байлары қалай қуғындалды? / С. Хасан // Айқын. – 2020. – 30 мамыр.

1928 жылғы конфискация туралы.

Шәріп А. Депортация – Ұлы дала қасіреті / А. Шәріп // Айқын. – 2020. –30 мамыр.

31 мамыр – қуғын–сүргін құрбандарын еске алу күні.

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

Бүкіл әлемде 1–ші маусым Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтіп, ескі халықаралық мейрамдардың бірінен саналады. Оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Алғашқы халықаралық балаларды қорғау күні 1950 жылы өткізілді БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет - болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Айтулы мерекеде елімізде балаларға арналған концерттік бағдарламалар, түрлі сахналық қойылымдар ұйымдастырылады. Көрсетілетін барлық шаралар тек балалар үшін. Барлығы жарасымды. Саябақтар да мереке күні балаларды ерекше ілтипатпен құшақ жая қарсы алады. Саябақтың дәл ортасында орналасқан су бұрқақ, балалар ойнайтын алаңқай, су шашылып, тазаланған жасыл аллеялар мен сырланған орындықтар халықтың тынысын ашқандай әсер қалдырады. Осындай таза аудан бейнесімен сәбидің таза күлкісімен үндескен саябақтағы мерекеде балаларға қайырымдылық қорының ұйымдастырған «тәтті үстелден» тегін тәттілер және сыйлықтар жиынтығы таратылады. Осы мерекеде өнерлі балалардың өнерін тамашалап, спорт жарыстарын өткізіп, асфальтқа «Менің бақытты балалық шағым» деген тақырыпта сурет салудан жарыстар өткізіледі. Дегенмен бұл атаулы күн балалардың көңілін көтеретін мереке ғана емес, қоғамда балалардың құқықтарының сақталуы мен оларға тиісті жағдай жасау қажеттігін еске түсіретіндігімен де маңызды. Бүгінде елімізде 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің саны 3 миллионнан асады. Мемлекет халықтың осы бір бөлігіне баса назар аудару үшін, Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы балалар құқығы туралы конвенцияға қол қойды.

Осы мерекеде балаларға Конвенцияда қарастырылған құқықтары жөнінде түсіндіру мақсатында мектепте түрлі көпшілік жұмыстар өткізуге болады: бастауыш сынып оқушыларына «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты Ы.Алтынсаринның әңгімелері бойынша ертеңгілік, орта буын оқушыларына «Сен және сенің құқықтарың» атты сұрақ–жауап кеші, жоғары сынып оқушыларына «Адам және заң» атты ішкі істер органы, заң қызметкерлерімен әңгіме, сұрақ-жауап, видеосюжеттер арқылы кездесу кешін өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыз №253–IV Қазақстан Республикасының Заңы / Қазақстан Республикасы. Заң // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2010. – №5. – 18 –қ.

Қазақстан Республикасы. Заң.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 ж. 9 сәуір № 501–Ү ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Заң // Қазақстан Республикасы парламентінің жаршысы. –2016. –№ 8–II. – 67–қ.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 ж. 10 ақпан № 192 жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев) Жарлық // Егемен Қазақстан. – 2016. – 12 ақпан.

Қазақстан Республикасы. Президент (2019 – ; Қ.Тоқаев)

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № № 118–VII ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Президент (2019–; Қ.Тоқаев) // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. – 2022. – № 9–10. – 6–28 б.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 30 наурыз № 382 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2012. – № 40. – 523–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата–анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп–бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 30 наурыз № 383 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2012. – №40. – 524–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 30 наурыз № 386 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2012. – № 40. – 527–қ.

Қазақстан Республикасы. Білім және ғылым министрлігі.

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау

өлшемдерін және тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 17 қазандағы № 421 бұйрығы / Қазақстан Республикасы. Білім және ғылым министрлігі. Бұйрық // Егемен Қазақстан. – 2013. – 11 желтоқсан.

Жарылғасымова Г.Н. Сен азаматсың. Ты гражданин / қаз. ауд. Ә.Файзуллаұлы / Г.Н.Жарылғасымова, Е.П.Кузьмина. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 40 б.

* * *

Анесова Г.Ж. Сен – бақытты ұлансың! / Г.Ж.Анесова // Мектептегі мерекелер. – 2020. – № 6. – 28–31 б.

Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған ертеңгілік.

Асанкелдіұлы А. Балалардың құқығын қорғауға баса мән беріледі / А. Асанкелдіұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 15 сәуір. – 2 б.

Сенат Спикері М.Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Жиын барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарады.

Аюпова А.Н. Бала құқықтары мен міндеттері / А.Н. Аюпова // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика. – 2021. – № 2. – 17–18 б.

Тәрбие сағаты.

Байзакова Р. Отбасы мен балалардың құқықтарын қорғау / Р. Байзакова, А. Бекбергенова // Заң. – 2022. – № 5. – 40–42 б.

Ғабитова А. Зорлық–зомбылыққа жол бермеу міндет / А. Ғабитова // Заң. – 2021. – № 4. – 8–10 б.

Мектеп оқушыларының бір–біріне немесе мұғалімнің оқушыға, ата-ананың балаға зорлық–зомбылық көрсетуі жайлы.

Ғалымжанқызы С. Әлемде бала құқығы қалай қорғалады? / С. Ғалымжанқызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 маусым. – 4 б.

1–маусым –Халықаралық балаларды қорғау күні жайында.

Дембаев Б. Балаларға жанашырлық – бәрімізге ортақ міндет / Б. Дембаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 16 сәуір. – 9 б.

«Бала құқықтары туралы», Тұрмыстық зорлық–зомбылық профилактикасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы және балаларды қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» және басқа заңдардың қабылдануы, балаларды қорғау үшін қажетті құқық базасының құрылуы.

Ескендір Р. Бала құқығы қорғалады / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. – 2021. – 25 мамыр. – 1–2 б.

Алматы қаласының Білім беру сапасын қамтамасыз ету департаментінде кәмелетке толмағандардың құқығы мен мүддесін қорғау шаралары жиында қаралды.

Жанасыл А. Бала құқығы неге бұзылады / А. Жанасыл // Айқын. – 2021. – 1 маусым. – 1,6 б.

Балалар құқығын қорғау мәселелері жайлы.

Жанысбай М. Бала тағдырына бәрі жауапты / М. Жанысбай // Айқын. – 2018. – 4 сәуір. – 4 б.

«Отбасы – бала амандығының басты факторы» атты республикалық конференциясында балалардың құқығын қорғау, отбасыларға көмек көрсету мәселелерінің қаралуы.

Көкше Б. Балаға жағдай жасағаның – болашаққа жағдай жасағаның / Б. Көкше // Айқын. – 2022. – 29 сәуір. – 3 б.

Балалар мен жасөспірімдердің басшылық және шығармашылық мүмкіндіктерін, балалар бірлестіктерінің қызметіне белсенді араластыру, қабілеттері мен іскерліктерін, дағдыларын дамыту, өзін-өзі тануға, жүзеге асыруға, жетілдіруге деген ынталарын дамыту мақсатында шеберлік-сыныптар, «XXI ғасыр тобы» отряд визиткасын қорғау кеші, Форум ашылуы («Жас ұлан» қатарына қабылдау), «Болашақ бүгіннен басталады» өз командасын шығармашыл таныстыру, «Еліміз үшін» жоба презентациясы (үй жұмысы бойынша), «Лидер-старт» – ұлттық ойындар спорттық сайысы, «Біз – тәуелсіздік ұрпағымыз!» дебаттық турнирі, «Өнерлі өрге жүзер» балалар шығармашылығының көрмесі (сурет салу, моншақ өру, қол өнер, жас техниктер және т.б.), «Жаңа уақыт көшбасшысы» тренингі, «Болашақ үшін» кездесу сериясы («Болашақ» бағдарламасының түлектерімен кездесу), «Жас ұлан» жаршысы» күнделікті газетін шығару жұмыстары ұйымдастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айтбаев Ғ.К. «Жас Қыран» жасағы / Ғ.К. Айтбаев // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 43–44 б.

Байдилдаева Д.К. Жас ұрпақтардың «Жас Ұланнан» алар үлгісі / Д. К. Байдилдаева // Орта мектеп жаршысы=Вестник средней школы. – 2016. – № 3. – 7–10 б.

Балғынбаев Г.Т. Ұландарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде жұмыс формалары мен әдістері / Г. Т. Балғынбаев // Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері = Начальная военная подготовка. Основы безопасности жизнедеятельности. – 2018. – № 1. – 17–19 б.

Досжанова Ж.Т. «Жас Ұлан» – жарқын болашақ / Ж. Т. Досжанова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2016. – № 4. – 33–34 б.

«Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының» қатарына мектеп оқушыларын қабылдау сценарийі

Ескендір Р. «Жасұландықтар» «Өрнекте» бас қосты / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. – 2016. – 14 маусым.

«Өрнек» сауықтыру орталығында «жасұландықтардың» қалалық VI слеті өтті.

Ескендір Р. Ел ертеңі – «Жас қыран» мен «Жас ұлан» / Р.Ескендір // Алматы ақшамы. – 2018. – 27 қараша.

6–10 жастағы оқушылар үшін «Жас қыран» балалар бірлестігі, 11–16 жастағыларға арналған «Жас ұлан» қозғалысы туралы.

Қани А. Жарты ғасыр бұрын құрылған «Жас ұлан» / А. Қани // Ана тілі. – 2019. – 28 қараша – 4 желтоқсан.

1969 жылы Павлодар қаласында ұлтшыл жасөспірімдердің құрған «Жас ұлан» ұйымы туралы.

Кобыланова Г. Жас ұлан – жарқын болашақ / Г. Кобыланова // Білім – жаңа бағдар. – 2016. – № 2. – 44–45 б.

«Жас ұлан» ұйымының қатарына қосылу күні.

Күзембаева С.Б. «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысы / С. Б. Күзембаева // Мұғалім шеберханасы=Мастерская учителя. – 2017. – № 2. – 11–12 б.

Қажгереева Ж.А. «Жас Ұлан» – менің әлемім! / Ж. А. Қажгереева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2016. – № 12. – 29–31 б.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жайлы

Қалиева Ш. «Жас ұлан» қатарына қабылдау / Ш. Қалиева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2016. – № 2. – 47–50 б.

Никанова А. Менің болашақ іс-әрекетім қазіргі заманғы балалар ұйымының дамуына қалай көмектеседі? / А. Никанова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 41–42 б.

«Жас Ұлан» ұйымы жайлы.

Сариева Д.К. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы / Д.К. Сариева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 23–25 б.

Тойшыбек А.А. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы / А.А. Тойшыбек // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 2–3. – 41 б.

Удаева Ш.К. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау / Ш. К. Удаева // Бастауыш мектеп. – 2020. –№ 11–12. – 44-45 б.

Салтанатты онлайн қабылдау рәсімі.

Уринбай Д. Менің болашақ іс–әрекетім қазіргі заманғы балалар ұйымының дамуына қалай көмектеседі? / Д. Уринбай // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 40–41 б. – «Жас Ұлан» ұйымы жайлы

1 тамыз - Халықаралық балаларды сауықтыру лагері күні

Жаз айлары – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасындағы берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезіндегідей демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Бастауыш және орта буын сыныптарының балалары үшін бұл уақыт тән – тұрпаттың табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңітін, көзқарас қалыптасып, үйренуге ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі.

Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз – тәрбиешілерге оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл–ой қызметін тынықтыратын, қарым–қуатты жетілдіретін іс–әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шындалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс–шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Осыған орай, балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында, олармен түрлі шаралар өткізуде тәрбиешілер балалардың денсаулығын, жас, психологиялық, ұлттық, аймақтық, діл, жыныстық, т.с.с. ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі қажет.

Жазғы мектеп лагеріндегі топтардың аттары мен ұрандары, ұрандық сөйлесімдері балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеліп алынады.

Топтардың аттары «Жұлдызша», «Балдырған», «Ақ көгершін», «Қарлығаш», «Жалын», «Қыран», «Болашақ», «Мұрагер», «Балдәурен», «Жас толқын» т.б. деп атауға болады.

Топ ұрандарының үлгілік нұсқалары:

- Қырандар самғайды,
- Біз біргеміз,
- Дос болайық бәріміз,
- Көңілді тапқырлар,

- Бәріміз біріміз үшін;
- Тіл достықтың тірегі, т.б.

Жазғы маусымдық лагерлерде балалармен жүргізілетін жұмыс алуан түрлі болуы мүмкін. Олар: спорттық, ұлттық, танымдық және жергілікті ойындар; алғырлық, зерделік, тілдік шоу – сайыстары; ер балалар мен қыз балалар арасындағы әдеп, салт–дәстүрге байланысты сын–байқаулар; ұлттық дәстүрлер мерекесі; өнер байқаулары; әдеби викториналар; сурет көрмесі, плакаттар байқауы; пікірталас, пікір–сайыстар, интерактивті тапсырмалар; көңілді тапқырлар клубы (КВН); сөздік сайыстар, саяхаттар; поэзия кештері; ән-күй кештері; концерттік кештер; би кештері, т.б.

Іс-шаралардың тақырыптық үлгілері: жазғы демалыс лагерінде демалуға келген балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өткізуге мүмкін іс-шаралар тақырыптары: «Менің елімнің нышандары» әңгіме, «Қазақстандық елжандылық – бұл...» пікірталастар, «Әнім сенсің, Туған жер!» ән кеші; «Қазақстанның ұлы адамдары» шығарма, «Тілге құрмет – елге құрмет» КТА (КВН), «Менің елім, менің ауылым» жобалар сайысы, «Лагерь аруы» қыздар арасындағы сайыстар, «Көңілді карнавал», музыкалық сайыс, «Қандай көркем, туған өлкем» табиғат аясына саяхат, «Ұлтымның ұланымын» ер балалар арасындағы сайыс, «Лагерь жетістіктері» баспасөзге мақала беру.

Лагерь жұмысын жоспарлауға ескерілетін даталы күндер:

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні,

4 маусым – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні,

5 маусым – Дүние жүзілік қоршаған ортаны қорғау күні,

6 шілде – Астана күні;

6 шілде – «Жас ұлан» ұйымының құрылған күні.

1 тамыз – Халықаралық балаларды сауықтыру лагері күні;

Тамыз айының үшінші жексенбісі – спорт және туризм күні;

ӘДЕБИЕТТЕР:

Балалар күндіз болатын лагерьдің нормативтік-құқықтық қамтымы
// Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2019. – № 5. – 11–14 б.

Жазғы сауықтыру лагерінде балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар
// Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2019. – № 5. – 15–17 б.

Мектеп жанындағы және мектептен тыс (күндіз болатын) жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру қазғидалары
// Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2019. – № 5. – 18–20 б.

* * *

Алақай, демалыс! / әзірлеген А. Тұрлықазы // Алматы ақшамы. – 2021. – 12 маусым. – 7 б.

Оқушылар мен студенттердің жазғы демалысқа шығуы.

Әбдібек С. Бала өмірі қырағылықты қажет етеді / С. Әбдібек // Егемен Қазақстан. – 2019. – 6 маусым. – 1,6 б.

Жаз айларында балалардың жол апатына ұшыруы, суға кету, терезеден құлау, улану, батуттардан болатын оқыс жағдайлар, мектеп оқушыларының жазғы демалыс лагерлеріндегі қауіпсіздігі жайында.

Байәділ Б. Демалыс лагерлерінің өрісі кеңісе... / Б.Байәділ // Егемен Қазақстан. – 2019. – 31 мамыр.

Балалардың жазғы демалысы туралы.

Байәділ Б. Балалар лагерінің бағы жанбай тұр / Б.Байәділ // Егемен Қазақстан. – 2020. – 17 маусым.

Көкшетау облысындағы балалар лагерлерінің жағдайына көңіл толмайтындығы туралы.

Жолдасбекқызы А. Жан жадыратар жазғы демалыс / А. Жолдасбекқызы // Түркістан. – 2022. – 14 шілде. – 6 б.

Жазғы демалыс жайында оқырман қауым пікірлері.

Күзекбай Ш. Аз демалып, көп оқимыз ба? / Ш. Күзекбай // Ақпун. – 2022. – 5 сәуір. – 1,5 б.

Оқушылардың жазғы демалыстың мерзімі туралы.

Қайдар Р. Қауіпсіз әрі көңілді каникул / Р. Қайдар // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 маусым. – 3 б.

«Балдәурен», республикалық оқу–сауықтыру орталығында жазғы демалысты ұйымдастыру.

Құттымұратұлы Қ. Оқушылар жазғы лагерьге барады / Қ. Құттымұратұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 27 мамыр. – 10 б.

Жазғы сауықтыру лагерьлеріне зертханалық зерттеу мен вакцинаның толық курсы өткен қызметкерлер мен оқушылар қабылданатыны жайында.

Мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру және бақылау // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2022. – № 5. – 34–41 б.

Намазбаева Г. Жазғы демалыс лагерлеріндегі әлеуметтік педагогтың жұмыс бағыттары / Г. Намазбаева // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 12. – 29–33 б.

Нөкербекова Г. Оқушылардың жазғы лагерьде бейімделуіне психологиялық қолдау жасау / Г. Нөкербекова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2019. – № 7. – 30–31 б.

Рахман Г. Қала баласы қайда демалады? / Г. Рахман // Айқын. – 2019. – 4 маусым. – 6 б. – Қала балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру.

Сейдалиева С. Балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру / С. Сейдалиева // Бала тәрбиесі. – 2021. – № 6. – 7–8 б.

Шынтемірқызы Г. Балалардың демалысы. Жазғы лагерьлерді жанаша ұйымдастыру қажет / Г.Шынтемірқызы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 28 мамыр

1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы

Жаңа оқу жылы қарсаңында 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін Республиканың барлық аймақтарында «Мектепке жол» акциясы өткізіледі, бұл акцияның мақсаты аз қамтылған, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және оларға толықтай білім алуға жағдай жасау.

Акцияның мақсаты – оқумен қамтылмаған оқушыларды анықтау, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларының оқушыларына, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындалуына материалдық көмек көрсету және әлеуметтік жағдайы бойынша мектепке келмеудің алдын алу және қоғам назарын балалардың негізгі орта білім алу құқығын сақтауға, өмірдің қиын жағдайына душар болған жасөспірімдер проблемасына аудару, әр баланың жағдайы үшін мүдделі құрылымдармен өзара қызмет ету.

Өмірдің қиын жағдайына душар болған балаларға, нақты бір балаға немесе аз қамтылған отбасына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар мекемесіне көмектесемін деген әрбір азамат немесе мемлекеттік, қоғамдық, жеке меншік құрылымдар «Мектепке жол» акциясына қатыса алады. Көмек киіммен, аяқ киіммен, мектеп құрал-жабдықтарымен және т.б. көрсетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әділғазы Ә. «Мектепке жол» жалғасын тапты / Ә.Әділғазы // Ана тілі. – 2017. – 24–29 маусым.

Алматы қ. Наурызбай ауданы мектептеріндегі өткізілген акция.

Ибрагимова С.К. Дамытушылық ойындар балаларды мектепке оқуға дайындау құралы ретінде / С. К. Ибрагимова // Тілашар. Түзету педагогикасы = Логопед. Коррекционная педагогика. – 2020. – № 2–3. – 6–8 б.

Искакова А. Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары / А. Искакова // ХХІ ғасыр мектебі. – 2019. – № 1–2. – 4–5 б.

Кудеринова А. Балаларды мектепке дайындау / А. Кудеринова // Жантану мәселелері = Вопросы психологии. – 2021. – № 5. – 16–18 б.

Петерсен А. Оқушыларды мектепке қалай дайындаймыз? / А. Петерсен // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 31 тамыз. – 3 б.

Психолог маманның жауабы / дайындаған М. Бүркітбай.

Рахимбеков Е.Ж. Мектеп пен жанұя бірлігі – оқушылардың жан-жақты дамуы / Е. Ж. Рахимбеков // Оқу–инновациялық технологиялар = Учебно–инновационные технологии. – 2021. – № 5. – 18–20 б.

Шотбайқызы В. Орта білім беру ісіндегі өзгерістер / В. Шотбайқызы // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 1 сәуір. – 10 б.

Педагогтердің біліктілігін арттыру, мамандандырылған мектептерге 6 жастан оқушыларды іректеу конкурсы арқылы қабылдау, офлайн форматта оқу туралы.

Тамыз Қазақ әдебиетін зерттеуші, жазушы, филология
2 жұлдыз ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек
сіңірген жоғары мектеп қызметкері **Хасен Әдібайұлы**
Әдібаевтың туғанына **100 жыл** (2.08.1924– 2012).

Әдібаев Хасен Әдібайұлы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан обл.) Шұбартау ауданы Қосағаш ауылында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947-1950 жж. Аягөз ауданында комсомол қызметінде болды.

1955 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетін бітірді, 1959 жылдан Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) ассистент, аға оқытушы, доцент, ал 1979-1983 жылдары. Орыс және қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1983 жылдан осы кафедрада профессор.

Ғылыми зерттеу еңбектері әдеби шеберлік пен жанрлар типологиясына және қазақ әдебиетінің негізін салушылар творчествосына арналған, жоғары оқу орындары мен орта мектептерге арналған бірнеше әдебиет оқулықтарын жазған. «Уақыт және суреткер», «Талант, талғам, тағдыр», «Көкжиек» атты сын-зерттеу кітаптары сонымен қатар «Таңбалы адам» жинағы, «Отырар ойраны» тарихи романы, «Әуілдек» повестер мен әңгімелер жинағы жарық көрді.

Х.Әдібаевтың еңбегі жоғары бағаланып «Қызыл Жұлдыз», 2–дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет» ордендерімен және екі рет «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әдібаев Х. Уақыт және суреткер: Шеберлік туралы сырласу / Х.Әдібаев. – Алматы: Жазушы, 1967. – 226 б.

Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр: монография / Х.Әдібаев. – Алматы: Жазушы, 1971. – 256 б.

Әдібаев Х. Қазақ әдебиетінен курстық жұмыс / Х. Әдібаев. – Алматы, 1972. – 72 б.

Казахская литература: Оқулық. Арнаулы орта оқу орындарына арналған / Х.Әдібаев, т.б. – Алматы: Мектеп, 1973.

Әдібаев Х. Қазақ совет әдебиетінен бақылау–жаттығу жұмыстар / Х. Адибаев. – Алматы, 1975. – 61 б.

Казахская литература: Оқулық. Орыс мектебінің ІХ–Х кластарына арналған /Х.Әдібаев, т.б. – Алматы: Мектеп, 1975.

Әдібаев Х. Қазақ Совет әдебиетінен бақылау жаттығу жұмыстары: Педагогика ин–тының филология факультеттерінің сырттан оқитын студенттері үшін / Х.Әдібаев. – Алматы, 1975 – 62 б.

Әдібаев Х. Таңбалы адам: повестер мен әңгімелер / Х.Әдібаев. – Алматы: Жазушы, 1975. – 304 б.

Әдібаев Х. Көкжиек: әдеби сын зерттеу / Х.Әдібаев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 296 б.

Казахская литература: оқулық. Жоғары оқу орындарына арналған / Х.Әдібаев, т.б. – Алматы: Мектеп, 1980.

Әдібаев Х. Отырар ойраны: роман / Х. Әдібаев. – Алматы, 1986. – 304 б.

Әдібаев Х. Әуіпідек / Х. Әдібаев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 366 б.

Қазақ әдебиеті: 11 кл. арналған оқулық. (Х.Әдібаев, З. Қабдолов, Р.Нұрғалиев, М. Базарбаев). – Алматы: Рауан, 1994. – 330 б.

Қазақ совет әдебиеті: 11 жылдық орта мектептің 11 кл. арналған оқулық / Х.Әдібаев, М. Базарбаев, З. Қабдолов, Н. Нұрғалиев – Алматы: Мектеп, 1989. – 381 б.

Әдібаев Х. Отырар ойраны. Шыңғысханның соңғы жылдары: тарихи роман / Х. Әдібаев. – Астана: Елорда, 2001. – 460 б.

Әдібаев Х. Өмірдария: роман / Х.Әдібаев. – Алматы: Атамұра, 2006. – 320 б.

* * *

Әдібаев Х. Қызғаныш: әңгіме / Х. Әдібаев // Қазақстан әйелдері. – 1971. – № 7. – 22–23 б.

Әдібаев Х. Шерлі көңі: әңгіме / Х. Әдібаев // Қазақстан әйелдері. – 1973. – № 8. – 14–15 б.

Әдібаев Х. Студенттер: повесть / Х. Әдібаев // Жалын. – 1975. – № 3. – 67–94 б.

Әдібаев Х. Бір тамшы жас; Ай жасыл еді; Қайықта орын біреу–ақ: новеллалар / Х. Әдібаев // Қазақстан әйелдері. – 1982. – № 2. – 22–24 б.

Әдібаев Х. Жазира жерім: өлең / Х. Әдібаев // Мәдениет және тұрмыс. – 1979. – № 12. – 20–21 б.

Әдібаев Х. Отырар ойраны / Х. Әдібаев // Жұлдыз. – 1986. – № 3. – 54–115 б.

Әдібаев Х. Шырғалаң: әңгімелер / Х. Әдібаев // Жұлдыз. – 1990. – № 11. – 46–71 б.

Әдібаев Х. Ақбақайдың өлімі: аңыз–әңгіме / Х. Әдібаев // Арай. – 1991. – № 9. – 22–24 б.

Әдібаев Х. Нарқызылдың өлімі: әңгіме / Х. Әдібаев // Жұлдыз. – 1994. – № 9. – 102–117 б.

Әдібаев Х. Хасүлгі: новелла / Х. Әдібаев // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 24 қараша. – 6–7 б.

Әдібаев Х. Үштаған: әңгіме / Х. Әдібаев // Жұлдыз. – 2011. – № 2. – 106–117 б.

Ол туралы:

Әдібаев Хасен Әдібайұлы // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия.. – Алматы, 1988. – Т.3– 106 б.

Әдібаев Хасен // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – Т.1. – 639 б.

Әдібаев Хасен // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2004. – 49 б.

Әдібаев Хасен // Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 112 б.

Әдібаев Хасен // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 80 б.

Әдібаев Хасен // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық.. – Алматы: Қазақ әдебиеті, 2012. – Т.1. – 330–331 б.

Тамыз айының ортасы республикалық «Жол ашар» акциясы

Бұл акция Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқықтар мен өмірін жақсарту бойынша ұзақ мерзімді перспективаның Ұлттық жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында әрбір адамның бостандығы мен құқықтарын сақтауға кепілдік беру арқылы қоғамдық мүдделерінің негізінде жеке тұлғаның бастапқы мүдделер қағидасын жариялаған. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қатынасы – бұл дамуында ауытқушылығы бар баланың белгілі деңгейдегі дербестік пен қоғамдағы тәуелсіздігін болжайтын әлеуметтік оңалту идеясына негізделген.

Халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы инклюзивті білім беруді төмендегідей қағидалар арқылы жүзеге асырады:

– қоғамдық ортадағы жағымсыз әсерлерді, баспалдақтар мен тар есіктерді жойып, сонымен қатар өмірдің барлық сферасына қатысу үшін барлық адамдарды тең құқылы мүмкіндіктермен және ережелермен қамтамасыз ету;

– адамның денсаулық күйіне және даму ерекшеліктеріне қарамастан адамдардың тепе-теңдігін мойындайды;

– жаңа мәдени норма – адамдар арасындағы айырмашылықтарына сыйластықпен қарау қалыптасады;

– мемлекет мүмкіндігі шектеулі баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып әлеуметтік ортаға жемісті бейімделуіне барлық қажетті жағдаятпен және қызмет түрлерімен қамтамасыз етуге міндеті;

– мектеп барлық баланың дене, интеллектуалды, әлеуметтік, эмоционалды, тіл және тағы басқа ерекшеліктеріне қарамастан қабылдап, оның сәтті білім алудың жолдарын іздестіруге міндеті;

– мүмкіндігі шектеулі балалар қалыпты деңгейдегі балаларға тән ережелермен емес, керісінше, баланың мүмкіндігі мен жағдаяттарына қарай әлеуметтік ортаға біріктірілуі қажет.

Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру

Акцияның мақсаты – балаға қатысты проблемаларға қоғамның тұрақты назарын аудару, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге қарасты мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мен қалыптастыру бойынша мемлекеттік,

қоғамдық, жеке меншік құрылымдардың, халықаралық ұйымдардың, бизнес ортасын, ақпарат беруші құралдарын және тағы басқа әлеуметтік топтардың күштерін біріктіру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56–VII ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Заң // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. – 2021. – № 11–12. – 106–116 б.

Аманбаева Г.Б. Инклюзивті білім беру жүйесі / Г. Б. Аманбаева // Әлеуметтік педагогика және өзі—өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2022. – № 1. – 5–6 б.

Асанова М.А. Инклюзивті білім беруде тиімді әдістерді қолдану / М. А. Асанова // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 5–6. – 15–17 б.

Аутаева А.Н. Инклюзивті білім беру – уақыт талабы / А. Н. Аутаева // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 9 қараша. – 4 б.

Байдилдаева Ә. Инклюзивті білім берудегі кітапхана қызметін ұйымдастыру / Ә. Байдилдаева // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 11. – 40–41 б.

Байшимирова Г.Б. Сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру / Г. Б. Байшимирова, Р. А. Кылышбаева // 12 жылдық білім беру = 12 –летнее образование. – 2021. – № 1. – 31–34 б.

Есдәулет Т. Инклюзивті білім берудегі озық тәжірибе / Т. Есдәулет // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 12 мамыр. – 3 б.

Жанахметова А.М. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру. Инклюзивті білім беру / А. М. Жанахметова // 12 жылдық білім беру = 12 –летнее образование. – 2021. – № 2. – 45 б.

Ибраимова Ж. Арнайы білім беру салалары / Ж. Ибраимова // Дефектология. – 2020. – № 11. – 2–10 б.

Сурдопедагогика, тифлопедагогика, логопедия, олигофренопедагогика, коррекциялық педагогика жайында.

Ислямова А.А. Инклюзивті білім беру – қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі / А. А. Ислямова // 12 жылдық білім беру = 12–летнее образование. – 2022. – № 2. – 6–9 б.

Кубесова Д. Заманауи педагогикалық технологиялар және инклюзивті оқыту – өмір қауіпсіздігі / Д. Кубесова // Мектептегі психология= Психология в школе. – 2021. – № 12. – 15–19 б.

Қасым А. Инклюзивті білім ауылдық жерлер үшін де өзекті / А. Қасым // Егемен Қазақстан. – 2020. – 23 қаңтар. – 8 б.

Шығыс Қазақстан облысының қала, ауыл мектептерінде инклюзивті білімнің енгізілуі жайында.

Құрлыс Б.С. Инклюзивті білім беруде мұғалім мен әртүрлі мамандардың қызметтік міндеттері / Б. С. Құрлыс // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 43–45 б.

Нақып К. Ерекше балаларға «Болашақ» қорының қолдауы / К. Нақып // Аіқун. – 2021. – 16 қараша. – 3 б.

Намазбаева Ж.И. Инклюзивті білім беруде сөйлеу тілі бұзылған балаларды әлеуметтік оналту мәселесі бойынша шетел және отандық ғалымдардың көзқарастары / Ж. И. Намазбаева, Қ. Ү. Шайжанова, А. Ә. Жақесова // Дефектология. – 2022. – № 6. – 23–26 б.

Науан Л. Инклюзивті білім беру жүйесі: оның тиімділігі неде? / Л. Науан // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 17 наурыз. – 14 б.

Раимова Д.Ш. БСЕ бар баланы тексеруді қалай ұйымдастырамыз / Д. Ш. Раимова // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2021. – № 2. – 40–45 б.

Білімге сұранысы ерекше балаларды тексеру жұмыстары жайлы.

Рыспаева А.К. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды қашықтықтан оқытуды психологиялық–педагогикалық сүйемелдеу / А. К. Рыспаева // Республика ұстаздары. – 2021. – № 1–2. – 5 б.

Сәт З.Қ. Инклюзивті білім берудегі мұғалімнің ерекшеліктері / З. Қ. Сәт // Тілашар. Түзету педагогикасы = Логопед. Коррекционная педагогика. – 2022. – № 2–3. – 2–3 б.

Спанова А.К. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға үздіксіз білім беру / А. К. Спанова, И. А. Оралканова // Қазақстан жоғары мектебі = Высшая школа Казахстана. – 2022. – № 2. – 40–43 б.

Тулеуова Л.Н. Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі / Л. Н. Тулеуова // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = Открытый урок. Факультативные работы. – 2022. – № 2. – 9–10 б.

Халикова А.И. Инклюзивті білім беру – заман талабы / А. И. Халикова // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде = Казахский язык и литература в русской школе. – 2020. – № 1. – 58–59 б.

Тамыз айының ортасы –

Тамыз мәслихаты

Тамыз мәслихаты – әрбір мұғалім қатысуға болатын ашық білім беру қоғамдастығы.

Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында мұғалімдердің тамыз педагогикалық мәслихаты өткізіледі. Дәстүрлі мұғалімдер мәслихаты өткен жылдың қорытындыларын шығарып, алдағы оқу жылының болашағын талқылайды. Қазақстан Республикасында 1996 жылдан бері жыл сайынғы тамыз педагогикалық мәслихаты белгіленген тақырыпта өткізіледі. Тамыз мәслихатының дайындығы мен өткізілу барысында осы тақырыптарға көп

көңіл бөлінеді. Төменде 1996–2021 жылдар аралығында өткен Тамыз мәслихаттарының талқыланған тақырыптары туралы мәлімет берілген.

Тамыз мәслихатының тақырыптары

1996–2021 ж.ж.

Ескерту: Тамыз мәслихатының 1999, 2001, 2006 жылдардағы тақырыптары белгіленбеген.

1996 жыл

Тақырыбы: «Жалпы білім мекемелерін білім беруді адамгершілік және демократияландыру принциптері негізінде реформалаудағы білім басқармасы органдарының міндеттері».

1997 жыл

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасы және 1997–1998 оқу жылындағы білім мекемелері қызметінің негізгі бағыттары туралы».

1998 жыл

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасында білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыруда білім беру мекемелерінің міндеттері туралы»⁷

2000 жыл

Тақырыбы: «Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жағдайы мен проблемалары, болашаққа бағдар»

2002 жыл

Тақырыбы: «Егемен Қазақстанның бүгінгі ұстазы: әлеуметтік беделі және кәсіптік мәртебесі».

2003 жыл

Тақырыбы: «Білім берудің сапасы: мәселелері және оларды шешу жолдары».

2004 жыл

Тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі сапалы білім беру»

2005 жыл

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан Халқына жолдауы аясында ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау».

2007 жыл

Тақырыбы: «Мұғалім – мектептің жүрегі».

2008 жыл

Тақырыбы: «Балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамалық бағыттары».

2009 жыл

Тақырыбы: «Білім берудің сапасы – Қазақстан Республикасының тұрақты даму ұстанымдарын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамсыз ету кепілі».

2010 жыл

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі заманғы дамыту стратегиясы: жаңа талаптар, жаңа мүмкіндіктер».

2011 жыл

Тақырыбы: «Отбасы, мектеп, қоғам – игілікті болашақ үшін бірге».

2012 жыл

Тақырыбы: «Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты».

2013 жыл

Тақырыбы: «Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы»

2014 жыл

Тақырыбы: «Білім саласының инновациялық стратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның даму факторы»

2015 жыл

Тақырыбы: «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсіл – мектеп табысының кілті»

2016 жыл

Тақырыбы: «Білімді ел – Мәңгі ел»

2017 жыл

Тақырыбы: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі»

2018 жыл

Тақырыбы: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал»

2019 жыл

Тақырыбы: «Білім және ғылым»

2020 жыл

Тақырыбы: «Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшеліктері»

2021 жыл

Тақырыбы: «Білім және ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі»

2022 жыл

Тақырыбы: «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аймағамбетов А. Алматы білім саласы бойынша көш бастап тұр: мегаполис төрінде 23 мыңнан астам ұстаз құлақ түріп, көз тіккен дәстүрлі Тамыз форумы өтті / *А. Аймағамбетов* // *Almaty aqshamy.* – 2022. – 27 тамыз. – 3,12 б.

Анаш Д. Жаңа оқу жылында сапаға назар аударылады / *Д.Анаш* // *Егемен Қазақстан.* – 2017. – 23 тамыз.

2017 жылғы тамыз кеңесі «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі» тақырыбында өтті.

Асан М. Тамыз кеңесі: білім саласында қандай бетбұрыс бар? / М.Асан // Егемен Қазақстан. – 2018. – 20 тамыз.

2018 ж. тамыз кеңесі «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» атты тақырыппен өтті.

Әлішева Н. Заманауи мектеп қандай болуы керек?: Алматыда өткен Білім форумында осы және өзге де сауалдарға жауап табылды / Н. Әлішева // *Almaty aqshamy.* – 2022. – 1 қыркүйек. – 4 б.

Алматы қаласы педагогтарының Тамыз форумына қала әкімі Е. Досаев, Оқу–ағарту министрі А. Аймағамбетов те қатысты.

Бектас Г. Тамыз кеңесі: жоспар орындалды, жоба бекітілді / Г.Бектас // Айқын. – 2016. – 25 тамыз.

Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында тамыз кеңесі өтті.

Есали А. Жаңа оқу жылына дайындық. Республикалық білім беру ұйымдарының тамыз кеңесі өтті / А. Есали // Егемен Қазақстан. – 2014. – 16 тамыз.

2014–2015 оқу жылының басталуы туралы кеңес Алматы қ. Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп–интернатында өтті.

Ескендір Р. Жаңа пәндерді енгізуге дайынбыз ба? Мұғалімдердің дәстүрлі Тамыз мәслихаты өтті / Р.Ескендір // Алматы ақшамы. – 2009. – 27 тамыз.

Алматыда «Білім берудің сапасы – Қазақстан Республикасының тұрақты даму ұстанымдарын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету кепілі» атты тақырыпта тамыз мәслихаты өтті.

Ескендір Р. А.Есімов: «Мектеп директорларының мәртебесін көтерген жөн» / Р.Ескендір // Алматы ақшамы. – 2013. – 22 тамыз.

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Алматы қаласындағы білім қызметкерлерінің «Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы» деп аталатын Тамыз кеңесі болып өтті.

Ескендір Р. Ахметжан Есімов: Қалада әлі де 8 мектеп салуымыз қажет / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. – 2014. – 21 тамыз.

«Алатау» мәдениет орталығында Алматы қ. білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз кеңесі болып өтті.

Ескендір Қ. Мектеп – кеме, білім – теңіз / Қ. Ескендір // Егемен Қазақстан. – 2015. – 22 тамыз.

Алматы қ. «Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану» деген атпен тамыз кеңесі болып өтті. Бұл жиынға ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев, ҚР Білім және ғылым министрінің орынбасары Е.Иманғалиев және Алматы қ. әкімі Б.Байбек қатысты.

Ескендір Р. Білім – әлемдік, тәрбие – ұлттық болуы керек /Р.Ескендір //Алматы ақшамы. – 2016. – 25 тамыз.

Алматы қ. білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңесі биыл «Білімді ел – мәңгілік ел» деген атпен Абай атындағы опера және балет театрында өтті.

Ержанова А.С. Колледждерде базалық білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру / А. С. Ержанова // Өзін-өзі тану KZ = Самопознание KZ. – 2019. – № 8. – 20–24 б.

2019 жылдың 15–16 тамызында өткен Республикалық тамыз конференциясында оқыған баяндама.

Жағыпарұлы Ж. Елордалық білім сапасы ел назарында / Ж. Жағыпарұлы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 23 тамыз.

Конгресс–Холл сарайында Астана қ. мұғалімдердің тамыз кеңесі болып өтті. Оған қала әкімі И.Тасмағамбетов, Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов, Парламент және қалалық мәслихат депутаттары, елордадағы жоғары оқу орындарының жетекшілері қатысты.

Жаңалық Алматыдан басталады. Білімге бөлінген биылғы қаржы былтырғыдан 16 пайызға жоғары // Алматы ақшамы. – 2010. – 26 тамыз.

Білім беру саласы қызметкерлерінің бас құрылтайы дәстүрлі Тамыз кеңесі қазақ өнерінің қара шаңырағы Абай атындағы Опера және балет театрында «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың қазіргі замандық стратегиясы: жаңа талаптар, жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында өтті.

Жаңа сын–қатерлер жағдайындағы қалыптасулар // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 6 тамыз. – 26 б.

Республикалық тамыз кеңесі шеңберінде мамандандырылған білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «21 ғасыр дағдылары: олардың жаңа сын-қатерлер жағдайында қалыптасуы» тақырыбында панельдік сессияны ұйымдастыруы.

Жұмағұлов Б. Ұстаз болу – ұлағатты іс / Б. Жұмағұлов // Айқын. – 2019. – 28 тамыз. – 6 б.

Елордада өткен Тамыз конференциясына ҚР Президентінің қатысуы

Жұматай Е. Инновациялық зертханалар есігін ашпақ / Е.Жұматай // Түркістан. – 2016. – 25 тамыз.

Елорда мектептерінде оқушыларға арналған инновациялық зертханалар құрылды. Бұл туралы елорда білім қызметкерлерінің тамыз кеңесінде Астана қ. әкімі Әсет Исекешев мәлімдеді.

Имамбаева Д. Тамыз кеңесі: бағдар мен бастама / Д.Имамбаева // Ана тілі. – 2017. – 17–23 тамыз.

Жаңартылған білім бағдарламасы: «0+11», яғни мектепалды немесе «нөлдік» сыныптар туралы және аптасына 5 күндік оқу туралы.

Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің 2009 жылғы Тамыз педагогикалық кеңесінде қаралатын мәселелер үлгісі // Мектеп директоры=Директор школы. – 2009. – №4. – 17–27 б.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Б. Жұмағұловтың Астана қаласында «Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты» атты білім беру

қызметкерлерінің тамыз конференциясында сөйлеген сөзінен // Қазақстан мұғалімі. – 2012. – №18–19. – 30 тамыз; // Мектеп директоры=Директор школы. – 2012. – № 5. – 3–8 б.

Қайратқызы А. «Қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеу керек» / А. Қайратқызы // Ана тілі. – 2014. – 28 тамыз–3 қыркүйек.

Астана қ. «Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы» деген тақырыппен педагог қызметкерлерінің тамыз жиналысы өтті.

Құмар Н. Ұстаз еңбегі – құрметке лайық / Н. Құмар // Ана тілі. – 2014. – 28 тамыз – 3 қыркүйек.

Алматы қ. «Алатау» мәдениет орталығында білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі болып өтті.

Мәмет С. Мұғалімдер форумы / С. Мәмет, Ж.Байділда // Егемен Қазақстан. – 2011. – 26 тамыз.

Білім және ғылым министрлігінің ұйытқы болуымен Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғимаратында «Отбасы, мектеп, қоғам – игілікті болашақ үшін бірге!» деген тақырыпта отандық педагогтардың форумы өтті.

Оразбекұлы Қ. Ұстаздардың арына дақ түспеуі керек / Қ. Оразбекұлы // Айқын. – 2012. – №156. – 22 тамыз.

Тамыз мәслихаты.

Отбасы. Мектеп. Қоғам: Білім саласы қызметкерлерінің биылғы Тамыз кеңесі осы үш бірлік төңірегінде өрбіді // Астана ақшамы. – 2011. – 25 тамыз.

Конгресс–холда білім беру қызметкерлерінің «Отбасы, мектеп және қоғамның игілікті болашақ жолындағы өзара ынтымақтастығы» тақырыбы бойынша Тамыз кеңесі өтті.

Педагогтердің Республикалық тамыз конференциясының пәндік сессиялары: тақырып: Мұғалім тәжірибесіне әдістемелік қолдау көрсету // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 6 тамыз. – 16 б.

Сапарбаев Б. Министрлік пен жергілікті билік арасындағы байланыс жақсартылуы қажет / Б. Сапарбаев // Президент және халық. – 2015. – 28 тамыз.

Астана қ. «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсіл – мектеп табысының кілті» деген тақырыпта білім беру қызметкерлерінің республикалық тамыз педагогикалық кеңесі өтті. Конференцияда сөз алған Премьер–Министрдің орынбасары Б.Сапарбаев білім беру саласының барша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап, педагогтар алдында тұрған маңызды міндеттерге тоқталды.

Сейілова А. Әр оқушыға сапалы білім мен тәрбие / А.Сейілова // Егемен Қазақстан. – 2013. – 24 тамыз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Сапалы білім мен тәрбие – Қазақстан мемлекеттік саясатының басымдығы» деген тақырыпта республикалық тамыз кеңесі өтті.

Сейілова А. Жүйені жаңғырту – ілгерілеу кепілі / А. Сейілова // Егемен Қазақстан. – 2012. – 25 тамыз.

Республикалық педагогикалық тамыз мәслихаты туралы.

Сенбай Е. Тестілеуден құтылсақ, мәселе шешіле ме? / Е. Сенбай // Айқын. – 2014. – 22 тамыз.

Астанада өткен білім саласы қызметкерлерінің «Тамыз кеңесінде» Ұлттық бірыңғай тестілеуден құтылуы керек жайында сөз болды.

Тоқаев Қ.-Ж. Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діндегі / Қ.Тоқаев // Бала тәрбиесі. – 2019. – № 9. – 5–11 б.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Білім және ғылым» атты Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі.

Тұрапбайұлы А. Ұстаз – ұлт ойының діндегі / А. Тұрапбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2015. – 26 тамыз.

Астана қ. «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және білікті ықпал ету – табысты мектепке бастар қадам» деген тақырыпта білім беру қызметкерлерінің республикалық педагогикалық тамыз кеңесі болып өтті.

Тілеубек Д. Еңбегі – ауыр, жалақысы – аз тәрбиеші деген маман бар / Д. Тілеубек // Айқын. – 2019. – 20 тамыз. – 8 б.

Тамыз конференциясында Президент Қ.Тоқаев келер жылы балабақша мен науқас балалар мектеп–интернатының тәрбиешілерінің жалақысы қаралатынын атап өтті.

Үйренішбекқызы А. Сапалы білім санмен өлшенбейді / А. Үйренішбекқызы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 24 тамыз.

Елордада білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз мәслихаты болып өтті.

Шотбайқызы А. Жаңартылған білім мазмұны сапаға ықпал ете ала ма? / А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 2 қыркүйек. – 4 б.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Тамыз кеңесіне қатысуы, 2021 жылы мектептерде жаңартылған білім беру мазмұнына көшіруді аяқтауы, білім беру сапалығы қозғалды.

Шотбайқызы А. Тәрбие мен білімді ұштастыру – басым бағыт / А. Шотбайқызы // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 24 тамыз. – 1–2 б.

Онлайн форматта өткен білім және ғылым саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз конференциясынан.

Экологиялық білім оқу жүйесіне интеграцияланады // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 27 тамыз. – 11 б.

Тамыз конференциясында көтерілген тақырыптың бірі экологиялық мәдениетті дамыту.

Тамыз Қазақтың Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі,

17 жұлдыз филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (2003), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері **Рабиға Сәтіғалиқызы (Ғалиқызы) Сыздықованың** туғанына **100 жыл** (17.08.1924–04.07.2020).

Сыздықова Рабиға Сәтіғалиқызы 1924 жылдың 17 тамызында Ақтөбе облысының Ойыл ауданында дүниеге келген.

1940–1945 жылдары орта мектепте мұғалім және Темір және Ақтөбе қаласындағы педучилищелерде сабақ берді. 1944 жылы Ақтөбенің мұғалімдер институтының тіл және әдебиет факультетінде 1945–1947ж. Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) филология факультетінде, 1947–1951 жылы аспирантурада оқыды. 1951–1957 жж. Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі болды.

1957–1960 жж.. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері. 1960–1994 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бөлімін басқарды. 1959 жылы «Абай прозасы тілінің морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1972 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1994 жылдан құрметті демалыста.

Р. Сыздықованың ғылыми зерттеу еңбектерінің көпшілігінде қазақ тілінің тарихы мен грамматикасы, тіл мәдениеті мәселелерін, ХҮ–ХҮІ ғасырлардағы ақын–жыраулар тілі, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінің тарихы мен лексика–грамматикалық құрылымы, текстологиясын зерттеген. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салуда Абай Құнанбаев творчествосының зор маңыз атқарғанын дәлелдеді. Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеген еңбектер топтамасы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алған. Сонымен қатар, мектепке арналған оқулықтар мен әдістеме құралдардың авторы. Студенттерге арналған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968), «ХҮІІІ–ХІХ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің тарихы»(1984) оқулықтарының авторы.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін» және басқа да бірнеше медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы / Р.Сыздықова. – Алматы: Ғылым, 1970. –174 б.

Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі: монография / Р.Сыздықова. – Алматы: Санат,1995. – 207 б.

Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов / Р.Сыздықова. – Алматы: ҚазССР «Білім» қоғамы,1990. – 52 б.

Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері: мектеп мұғалімдері үшін. – Өнд., толықт. 3–бас. / Р.Сыздықова. – Алматы: Рауан, 1996. – 286 б.

Сыздықова Р. Қазық әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғғ.) / Р.Сыздықова. – Алматы: Ана тілі, 1993 – 320 б.

Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш: Баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін / Р.Сыздықова. – Алматы: Мектеп, 1974. – 269 б.

Сыздықова Р. ХУІІІ–ХІХ ғғ. қазақ әдеби тарихы: университеттер мен педагогика институттарының филология факультетіне арналған / Р.Сыздықова. – Алматы: Мектеп, 1984. – 245 б.

Сыздықова Р. Сөз сазы: (Сөзді дұрыс айту нормалары) / Р.Сыздықова. – Алматы: Санат, 1995 – 119 б.

Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді: мұғалім мен студентерге арналған көмекші құрал / Р.Сыздықова. – Алматы: Мектеп, 1980 – 126 б.

Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолдану тарихынан) / Р.Сыздықова. – Алматы: Санат, 1994. – 192 б.

Сыздықова Р. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы / Р.Сыздықова М.Қойгелдиев. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.

Сыздықова Р. Көркем текст лингвистикалық талдау / Р.Сыздықова, Б.Шалабаев. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.

Сыздық Р. Ғылымға өмірдің өзі әкелді // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 15 қазан.

Академик, профессор Рабиға Сыздықпен сұхбат / сұхбаттасқан Ө.Абайұлы

Сыздық Р. Шоқанның тілтанымдық тұлғасы / Р. Сыздық // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 22 қазан.

Ш.Уәлиханов туралы.

Сыздық Р. Сом алтынның сынығы / Р. Сыздық // Ана тілі. – 2007. – 8 қараша.

Үлгілі ұстаз, филология ғылымдарының докторы профессор Асқар Құдайбергелі Жұбанов – 70 жаста

Сыздық Р. Қазақ тілі – өміршең тіл. Оның бір белгісі – сөздік қатынасының байлығы / Р. Сыздық // Ана тілі. – 2008. – 25 желтоқсан–7 қаңтар.

Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы және терминология мәселелері / Р. Сыздық // Жалын. – 2009. – № 6. – 19–24 б.

Сыздық Р. Парасатты Фаузия / Р. Сыздық // Егемен Қазақстан. – 2009. – 5 желтоқсан.

Филолог–ғалым, педагог, профессор Фаузия Оразбаева туралы

Сыздық Р. «Тіл – миллиондардың мүлкі» / Р. Сыздық // Алтын Орда. – 2010. – 24–30 маусым.

Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, көрнекті ғалым Рәбиға Сыздықпен сыр–сұхбат / сұхбаттасқан Қызжібек Бәкір.

Сыздық Р. Ғылым көгінің жарық жұлдызы. Құдайберген Жұбанов және қолданбалы тіл білімі (Асқар Жұбановтың мақалаларынан үзінді) / Р. Сыздық // Ана тілі. – 2013. – 4–9 қаңтар.

Сыздық Р. Бабалар тілін барлаған ғалым / Р. Сыздық // Алматы ақшамы. – 2016. – 12 шілде.

Белгілі түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғұбайдолла Айдаровтың өмірі мен еңбек жолы туралы.

Сыздықова Р. Латын әліпбиін үйрену қиын болмайды / Р. Сыздықова // Егемен Қазақстан. – 2018. – 4 мамыр

Академик Рабиға Ғалиқызы Сыздықпен латын әліпбиі туралы сұхбат / әңгімелескен Құралай Күдерінова .

Сыздықова Р. Абайға, Мұхтарға шабуылдар солақай саясаттың кесірінен болды / Р. Сыздықова // Егемен Қазақстан. – 2019. – 1 қараша.

ҰҒА академигі, Рәбиға Сыздықовамен сұхбат / әңгімелескен Айгүл Аханбайқызы.

Тіл тазалығына ерекше мән беру керек – дейді филология ғылымдарының докторы, академик Рәбиға Сыздықова / әңгімелескен А.Аханбайқызы // Республика ұстаздары. – 2017. – № 15–16 тамыз.

Ол туралы:

Сыздықова Рабиға Ғалиқызы // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия.. – Алматы, 1988. – Т.3– 492 б.

Сыздық Рабиға Сәтіғалиқызы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. – Т.8. – 127 б.

Сыздықова Рабиға Ғалиқызы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 374–375 б.

Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. –Т.2. – 338 б.

Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық.. – Алматы: Қазақ әдебиеті, 2012. – Т.1.– 192–193 б.

Сыздықова Рабиға Ғалиқызы: библиография / Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы / құраст.Н.Уәлиев ж.б. – Алматы: Ғылым,1994. – 62 б. – Қазақша, орысша.

Сыздықова Рабиға Ғалиқызы (17.8.1924) // Ақтөбе: энциклопедия. – Ақтөбе: Отандастар–полиграфия, 2001. – 659 б.

Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзін түлеткен тұлға / Ө. Айтбайұлы // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 10–16 қазан.

Ғалым Рәбиға Сыздықованың туғанына 90 жыл.

Алдашева Қ. Рәбиға Сыздық және қазақ неологиясы / Қ. Алдашева // Айқын. – 2021. – 22 қаңтар.

Асабаев З. Рәбиға апай не ойлайды? / З. Асабаев // Алматы ақшамы. – 2014. – 20 қыркүйек.

Ғалым Рәбиға Сыздықова туралы.

Әбілқасымов Б. Ана тілінің абыз анасы / Б. Әбілқасымов // Егемен Қазақстан. – 2014. – 7 қазан.

Ғалым, академик Рәбиға Сыздықова туралы.

Әміржанова Н. Профессор Рәбиға Сыздық және емле мәселесі / Н. Әміржанова // Ақиқат. – 2020. – № 3. – 70–73 б.

Балаубаева Б. Үш құрдас – үш бәйтерек / Б. Балаубаева // Ана тілі. – 2015. – 5–11 ақпан.

Ғылым ордасының «Ғылым сардарлары» клубының аясында Ана тіліміздің үш алыбы, академиктер Рәбиға Сыздықованың, Шора Сарыбаевтың, Әбдуәли Қайдаровтың 90 жылдық мерейтойларына арналған салтанатты жиын болып өтті.

Есенова Қ. Айтулы ғалым, үлкен ұстаз / Қ. Есенова // Түркістан. – 2014. – 25 қыркүйек.

Академик Рабиға Ғалиқызы Сыздықова туралы.

Жандәулетұлы Н. Қазақ сөзінің құдіретін танытқан / Н. Жандәулетұлы // Ана тілі. – 2014. – 16–22 қазан.

Академик Рабиға Сыздықованың 90 жасқа толу мерейтойына орай «Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені» атты халықаралық ғылыми–теориялық конференция өтті.

Жұбаева О. Шамшырақ / О. Жұбаева // Ана тілі. – 2019. – 31 қазан–6 қараша.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық туралы.

Жұмабайқызы Г. Рабиға Сыздықова, ҚРҰлттық ғылым академиясының академигі: бала бір тілде ойлап, сөйлеп, түс көруі тиіс... / Г. Жұмабайқызы // Айқын. – 2017. – 3 ақпан.

Иманбекова К. Ұлтын сүйген ғалым / К.Иманбекова // Қазақстан мұғалімі. – 2004. – 15 желтоқсан.

Р.Сыздықованың 80 жылдығына арналған Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапханада өткен кездесу кеші туралы.

Мәкім Қ. Өмірі өнегеге айналған ұстаз / Қ. Мәкім // Айқын. – 2014. – 18 қыркүйек.

Ғалым, академик Рәбиға Сыздықова туралы.

Пірәлиева Г. Қазақтың әдеби тілі академик Рәбиға Сыздықованың еңбектерінде қалай зерттелді? / Г. Пірәлиева // Ана тілі. – 2012. – 8–14 наурыз.

Смағұлова Г. «Көп туса қазақ дәл сіздей қызды» / Г.Смағұлова // Түркістан. – 2004. – 14 қазан.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Рабиға Сыздық 80 жаста.

Шалабай Б. Халқымыздың ғұлама қызы. Ана тілінің абыздарының бірі – Рабиға Сыздық туралы / Б.Шалабай // Ана тілі. – 2004. – 4 қараша.

Спорт күні

Қазақстанда Спорт және туризм күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1998 жылдан бастап тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтеді. Елордада Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде кең ауқымда аталып өтетін бұл күндері көптеген спорттық шаралар өткізіледі.

Іс-шаралардың желісі – Қазақстанның спорт саласындағы жетістіктерін, салауатты өмір салты құндылықтарын, бұқаралық спорт және дене шынықтыруды дамытуды, Тәуелсіздік жылдарындағы спорттық инфрақұрылымды дамытуды насихаттау.

«Қазақстанда спорт мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Біз республиканың әрбір тұрғыны әлеуметті тұрмысы мен жасына қарамастан, спортпен айналысуға мүмкіндігі болуына жағдай жасаймыз». Н.Назарбаев.

Салауатты өмір салтын сақтаудың бір жолы – спортпен шұғылдану. Мектептерде дене шынықтыру сабағымен қатар үнемі өткізіліп отыратын спорттық шаралардың маңызы зор. Осы мерекеге орай «Спортпен достасқаның – күшіңе күш қосқаның» атты оқушыларды екі топқа бөліп, 3 бөлімді эстафеталық жарыс өткізуге болады.

Эстафеталық жарыс 3 бөлімнен тұрады. 1 бөлім – таныстыру. 2 бөлім – жарыс түрлері. 3 бөлім – «Қимылды ойын». 1 бөлімде – әр топ өзін әділқазыларға таныстырады. 2 бөлімдегі ойындар 6 түрден тұрады (арқан тарту, доппен жүгіру, кім жылдам т.б.). «Қимылды ойын» бөлімінде «Секіргіштер» ойыны ойналады. Бұл ойынды екі топ қосылып ойнайды. Жарыс соңында топтарды мадақтап, құттықтайды. Таза ауада өткізілетін спорттық ойындар оқушылардың денсаулығын нығайтып, жазғы демалыс кезінде балаларды шынықтырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Дене шынықтыру және спорт туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2014 ж. 3 шілде № 228–Ү ҚРЗ // Егемен Қазақстан. – 2014. – 10 шілде

Қазақстан Республикасы. Білім және ғылым министрлігі.

Қосанов Б.М. С.Қожанұлы – ана тіліндегі математикалық терминологияның негізін салушылардың бірі / Б. М. Қосанов, К. Қали // Бастауыш мектеп. – № 4–5. – 6–8 б.

Құдайбергенұлы Ж. Сұлтанбек Қожанов және Иосиф Сталин / Ж. Құдайбергенұлы // Түркістан. – 2008. – 6 қараша.

Сардар Ж. Ол ұлтын шексіз сүйді / Ж. Сардар // Таң–Шолпан. – 2011. – № 3. – 10–22 б.

Алаш қайраткері Сұлтанбек Қожанов туралы.

Төлепбергенов А. Ұлттық мүдделердің жанашыры / А. Төлепбергенов // Президент және халық. – 2011. – 13 мамыр.

Қоғам қайраткері, Алаш арысы Сұлтанбек Қожанов туралы.

Шайзадаев Ұ. С.Қожанов пен Т.Рысқұловтың дүниетанымындағы әлеуметтік–мәдени көзқарастар / Ұ. Шайзадаев, М.Сұлтанбек // Қазақстанның ғылыми әлемі=Научный мир Казахстана. – 2010. – № 4. – 53–55 б.

Қыркүйек айының екінші жексенбісі –

Отбасы күні

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйектің екінші жексенбісі – отбасы күні болып белгіленді. Отбасы күні Қазақстанда тұңғыш рет 2013 жылы 8 қыркүйек күні аталып өтілді. Оның мақсаты – жанұялық құндылықтарды нығайту.

Адам өмірі отбасынан басталады, адам отбасынан азамат болып қалыптасады. Отбасы – махаббат, құрмет, береке мен сүйіспеншіліктің көзі, соның негізінде кез келген өркениетті қоғам құрылады, онсыз адам өмір сүре алмайды. Отбасының дәулеттілігі – мемлекет дамуы мен прогресінің өлшемі.

Отбасы күнінде мұғалімдер оқушылардың отбасы жарастығы, татулығы мен отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімін арттыру мақсатында «Отбасы жарастығы» атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізуге болады.

Мұғалім оқушылардың отбасы жарастығы мен татулығы және ол арқылы адамдар қандай табыстарға жете алатындығы туралы түсініктерін дамыта түсу үшін «Ойланайық, пікірлесейік» айдарымен берілген сұрақтар бойынша әңгімелесу әдісін жүргізеді. Мұғалім әңгімелесу барысында оқушылардың түйген ойларын «Отбасы татулығы» атты аңыз әңгімемен жалғастырады. Жаңа ақпарат отбасы туралы оқушы білімдерін нығайта түседі. Содан соң «Сахналау» айдарымен берілген тапсырмаларды рөлдермен орындату арқылы отбасындағы үлкен мен кішінің бір-біріне ізет-құрметін, қарым-қатынасын айқындай түседі. Сабақта әртүрлі ойындар да ойнатуға болады. Мысалы: «Айналайын, толғанайын!» ойынында мұғалім оқушылардың ортаға кезекпен шығып, үлкен адамдардың өздерін еркелетіп, жақсы көріп айтатын сөздерін солардың дауыс ырғағына салып айтуды ұйымдастырады. «Назар аударыңыз» айдарымен берілген қорытындылау оқушылардың отбасы жарастығы мен сыйластығы туралы білімдерін бекітіп, сабақтан алған білімдерін бір ойға тоғыстырады. Оқушылар осы сабақтан алған әсерлерін «Әкем-әнім» әнін айтумен жалғастырып, мұғалім сабақты аяқтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абакова С. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі (Уатсап желісі арқылы онлайн сұхбат) / С. Абакова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 30–31 б.

Абдрахманова К. Отбасындағы бала тәрбиесі / К. Абдрахманова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 2. – 24–25 б.

Азимова А. Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне отбасының әсері / А. Азимова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 2. – 36–40 б.

Ақкөзова Қ. Қазақ отбасындағы тәрбие психологиясы / Қ. Ақкөзова // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2022. – № 7. – 3–6 б.

Аққайыр Ж. Тәрбие құралы таяқ па? / Ж. Аққайыр // Айқын. – 2021. – 13 ақпан. – 5 б.

Бала тәрбиесіндегі ата-аналармен психолог пікірі.

Аманбаева Г.Б. Отбасы – басты құндылық / Г. Б. Аманбаева // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2022. – № 2–3. – 17–18 б.

Асилова А.А. Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасылық тәрбиенің негізі / А.А. Асилова // Өзін-өзі тану. KZ = Самопознание. KZ. – 2021. – № 1. – 10–12 б.

Ахмедалиева Д.У. Ата-ана қарым-қатынасының бала тәрбиесіне әсері / Д.У. Ахмедалиева // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика. – 2021. – № 2. – 5–8 б.

Ахметова А.С. Отбасы – бала тәрбиесінің қалыптастырушы ең алғашқы бесігі / А.С. Ахметова // Мектепалды даярлық: мектепте және балабақшада = Предшкольная подготовка в школе и детском саду. – 2021. – № 1–2. – 18–20 б.

Байболова Ж. Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы / Ж. Байболова // Республика ұстаздары. – 2021. – № 3–4. – 2–3 б.

Байдаулетова Л. Адамгершілік тәрбиесі – отбасынан / Л. Байдаулетова, Ж. Сламғалиева // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 7. – 39–41 б.

Отбасындағы бала тәрбиесі.

Бекенова Г. Өнегелі отбасы – рухани жаңғырудың өзегі / Г. Бекенова // Мектеп кітапханасы = Школьный библиотекарь. – 2020. – № 5–6. – 13–14 б.

Даутбекқызы Б. Қазіргі отбасында баланы жауапкершілікке тәрбиелеу / Б. Даутбекқызы, Г. Т. Абилбакиева // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2020. – № 6. – 16–17 б.

Есенкабылова А.С. Бала тәрбиесі – отбасынан басталады! / А. С. Есенкабылова // Өзін-өзі тану. kz = Самопознание. kz. – 2021. – № 7. – 32–35 б.

Ермағамбетова Р.У. Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы / Р. У. Ермағамбетова // Білім кілті = Ключ знаний. – 2022. – № 4. – 26–27 б.

Жасөспірімнің жан дүниесін тану. Өтпелі жастан қалай өту керек, отбасылық ережелердің тиімділігі неде? // Қазақстан әйелдері. – 2020. – № 2. – 14–15 б.

Жигитова О. Баланың бас ұстазы – ата-анасы / О. Жигитова // Тәрбие құралы. – 2022. – № 3. – 33–34 б.

Жүрсін Н.Қ. Бала өз отбасымен және ата-анасымен бақытты / Н. Қ. Жүрсін // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2020. – № 6. – 24–25 б.

Жунусова Л.Б. Отбасы – рухани адамгершілік тәрбиесінің бастауы / Л. Б. Жунусова // Тәрбие құралы. – 2021. – № 3. – 18–21 б.

Калиакбар Х. Отбасындағы ұлттық тәрбие / Х. Калиакбар // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 3. – 35–37 б.

Қаймоллаева Е. Менің отбасым / Е. Қаймоллаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2018. – № 6. – 28–30 б.

Оқушыларды сүйіспеншілікке, сыйластыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Мамутова Г.У. Отбасы – алтын діңгек / Г. У. Мамутова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2021. – № 1–2. – 8–9 б.

Мектептің ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі, байланысы.

Мұратханова Р. Отбасы тәрбиесінің философиясы... / Р. Мұратханова, Т.Т. Нуртазаев // Өзін-өзі тану. KZ = Самопознание. KZ. – 2021. – № 1. – 4–6 б.

Отбасында ұрпақ тәрбиелеп, оқытудың түрлі тиімді әдіс-тәсілдері, ұлттық дәстүрмен ұштастыра отырып отбасылық өмірге тәрбиелеу жайында.

Наурыз А. Адамның бақыты – балада / А. Наурыз // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 2. – 37–38 б.

Жанұядағы бала тәрбиесі.

Омарова Д. Балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі / Д. Омарова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 8. – 24–27 б.

Оракова А.Ш. Отбасының ерекшеліктері және олардың тәлім-тәрбиелік рөлі / А. Ш. Оракова // 12 жылдық білім беру = 12 летнее образование. – 2020. – № 3. – 27–31 б.

Өмірзақова Ж.Ә. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі / Ж. Ә. Өмірзақова // Қызықты психология. – 2020. – № 2. – 29–30 б.

Рахман Н.А. Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері / Н. А. Рахман // Психологическая наука и образование. – 2020. – № 2. – 10–12 б.

Рахымбердина Н.М. Отбасындағы мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу / Н. М. Рахымбердина // Тәрбие құралы. – 2022. – № 2. – 33–34 б.

Руминов Р. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас / Р. Руминов // Оқу-инновациялық технологиялар = Учебно-инновационные технологии. – 2021. – № 3. – 10–12 б.

Сабирова Ш.К. Форум тақырыбы: «Әке – отбасының тірегі» / Ш. К. Сабирова // Қазақстан тарихы. – 2020. – № 6. – 70–77 б.

Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданында өткен аудандық форумда бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі, қоғамда белсенді, ізгілікті-рухани құндылықтар негізінде қоғамда азаматтарды тәрбиелеу мақсатында өткізуі.

Сарсекова Г.К. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі / Г. К. Сарсекова // Тәрбие құралы. – 2021. – № 3. – 21–23 б.

Тлеубаева М. Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері / М. Тлеубаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 3. – 34–36 б.

Утегенова Д.М. Жеке тұлға қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы мен қоғамның маңызы / Д. М. Утегенова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 9–10. – 9–12 б.

Қыркүйек 17 жұлдыз Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Ғабдолла Қалиұлының туғанына 95 жыл** (17.09.1929–2011)

Қалиұлы Ғабдолла 1929 жылы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Ақсуат ауданында туған.

1949 жылы Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын бітірген (қазіргі Семей мемлекеттік педагогикалық институты). 1950–1953 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университеті) қазақ тілі кафедрасының аспиранты болды. 1954–1958 жылдары сол институттың қазақ тілі кафедрасында ғылыми қызметкер. 1958–1961 жылдары, 1972–1977 жылдары қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды.

1954 жылы «Қазақ тілінің Арал говоры» тақырыбында кандидаттық диссертация, 1990 жылы «Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Еңбекте қазақ тіл білімінде сөзжасам тек әдеби тіл материалы негізінде қарастырылып келгендігі ескеріліп, ұлттық тіл құрамына кіретін халықтық говорлардың сөзжасам

жүйесіндегі заңдылықтары мен ерекшеліктері зерттелген. 1992 жылы профессор атағы берілді.

170–тен аса ғылыми–әдістемелік еңбектердің авторы. «Қазақ тілінің лексикологиясы, диалектологиясы, тарихи грамматикасы» (М.Томановпен бірге), «Түркітануға кіріспе курстары» бағдарламаларының авторы. 1960 жылы диалектология курсының қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралын, кейін 1967, 1979, 1991 жылдары бірлескен авторлықпен осының оқулығын, 1967 жылы практикумын, 1972, 1983, 1997 жылдары қазақ тілінің лексикологиясы мен фонетикасы бойынша практикалық курсының оқулығын және осы курстар бойынша 1992 жылы лабораториялық жұмыстардың оқу құралын шығарды.

Лениннің 100 жылдық мерекелік медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің грамотасымен (2 рет), Қазақ КСР Білім министрлігінің Құрмет Грамотасымен (3 рет) марапатталған. КСРО және Қазақ КСР оқу озаты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қалиұлы Ф. Қазақ диалектологиясының мәселелері: оқу құралы / *Ф.Қалиұлы.* – Алматы, 1960.

Қалиұлы Ф. Қазақ диалектологиясы: оқулық / *Ф.Қалиұлы, Ш.Сарыбаев.* – Алматы: Мектеп, 1967. – 167 б.

Қалиұлы Ф. т.б. Қазақ диалектологиясы: оқулық / *Ф.Қалиұлы, Ш.Сарыбаев.* – Алматы: Мектеп, 1979. – 204 б.

Қалиұлы Ф. т.б. Қазақ диалектологиясы: оқулық / *Ф.Қалиұлы, Ш.Сарыбаев.* – Алматы: Мектеп, 2002. – 200 б.

Қалиұлы Ф. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі / *Ф.Қалиұлы.* – Алматы, 1969.

Қалиұлы Ф. Қазақ говорлары жүйесін зерттеу мәселелері / *Ф.Қалиұлы.* – Алматы, 1977.

Қалиұлы Ф. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру / *Ф.Қалиұлы.* – Алматы, 1985.

Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі: жаттығулар жинағы: көмекші құрал / *Ф.Қалиев, Н.Оралбаева т.б.* – Алматы: Ана тілі, 1997. – 328 б.

Қалиев Ф. Ауыл шаруашылығы экономикасының анықтамалық сөздігі / *Ф.Қалиев, Е.Теміров.* – Алматы: Қайнар, 1993. – 288 б.

Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқу құралы. 3–ші бас. / *Ф.Қалиұлы, Ә.Болғанбаев.* – Алматы, 2006. – 264 б.

Қалиев Ф. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері: оқу құралы / *Ф.Қалиев.* – Алматы: Ғылым, 2002. – 190 б.

Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі / *Ф.Қалиев.* – Алматы: Сөздік–словарь, 2005. – 440 б.

Ол туралы:

Қалиұлы Ғабдолла // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 234–235 б.

Қалиев Ғабдолла // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – Т.2. – 66 б.

Қыркүйек 17 жұлдыз Ағартушы–педагог, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым, Қазақ АКСР халық ағарту комиссары (1930), **Нұғыман Манаевтың** туғанына **130 жыл** (17.09.1894–14.11.1942).

Манаев Нұғыман 1894 жылы 17 қыркүйекте бұрынғы ішкі Бөкей ордасында (қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданы) дүниеге келген. Жастайынан тұрмыс ауыртпашылығын басынан кешірген. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан ол Уфада мұсылман училищесінде оқыған.

«Шығыс баспасөзі» баспаханасында әріп теруші, корректор және мұғалім болған.

1916 жылы «Ғалия» медресесін үздік бітірген ол, туған ауылына келіп ұстаздық еңбегін бастайды.

1917 жылы сәуір айында Орда қаласында өткен Бөкейлік қазақтардың губерниялық съезіне Н.Манаев Екінші теңіз бойы округі бойынша делегат болып қатысады.

Н.Манаев Қазан социалистік революциясынан кейін Бөкей губерниясында кедейлер комитетінің төрағасы, 1920–1924 жылдары уезд комитетінің төрағасы, Бөкей губерниясының халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1924–1926 жылдары Бөкей губерниясының партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1926–1929 жж. БК(б)П Жетісу губкомының және Ақтөбе округтық комитетінің жауапты хатшысы, 1929 жылы Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланып, 1930 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары болып тағайындалады. Ол кезде халық ағарту комиссариатының жұмысы сан арналы болатын. Сондықтан Н.Манаев мектеп пен оқу орындары жұмысымен қоса мәдениет, өнер, әдебиет, баспа мәселелерімен де шұғылданды, жаңа білім беру жүйесі мен жаңа өнерді қалыптастыру ісінде қабілетін танытты.

Н.Манаев Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметін атқара жүріп қала мен ауыл балалары арасында оқу–тәрбие, тұрмыстық алшақтық туралы, жаңа әліпті екі жыл, қазақ тілінде жүзеге асырудың шаралары мен әдістері, кеңсе ісін жаңа әліпке көшіру, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару туралы ойлары ұстаздар қауымының жан ашыр насихатшысы болған «Жаңа мектеп» журналының бетінде жарияланды.

Мәселен, «Мәдениет аттанысында шабандық бар», «Ағарту жұмыстарымыз жайында бірнеше сөз», «Бес жоспар туралы ағарту жұмыстарымыз», «Кешегі екпін бүгінгіге жарамайды» т.б. мақалалары – соның айғағы. Сонымен қатар, бірнеше оқулықтардың авторы. Оның екі кітабының («Иман ислам», «Тіл жайында») бүгінгі таңда мәні орасан зор. Ол сондай-ақ көрнекті ақын Т.Жароковпен бірігіп «Ұлан дауасы» кітабын жазған. Н.Манаевтың «Жастар арасында», «Азамат» атты шағын пьесалары ауыл, мектеп сахналарында қойылған. Бұлар қазақ жастарын оқуға, білімге шақыратын, жаңашылдықты, жарқын болашақты көздейтін тәлім–тәрбиелік ойлары бар туындылар. «Ұлан асуы» кітабы әдеби шығарма. Леонид

Соболевтің «Кішкентай Төлегеннің бақыты» аудармасы Қазақстанның ұлан-асыр даласының байлығын игерудегі жастардың күш-жігерін айқындап, осындай байлығы бар даланың ұрпақтары бақытты ғұмыр кешетінін көрсеткен.

Н.Манаев Өмірінің соңғы жылдары таза ғылыми-шығармашылық және аудармашылық жұмыспен айналысты. Ол бұрынғы марксизм институтының Алматы бөлімшесінде (бұрынғы партия тарихы институты) Ленин шығармаларын қазақ тіліне аударуда елеулі еңбек етті. Осы институттың директорының орынбасары және классиктердің еңбегін аудару бөліміне жетекшілік етті.

Халқымыздың тарихи мәдени өмірінде із қалдырған, сталиндік тоталитарлық саясаттың құрбаны болған майталман ағартушы-педагог, белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым Нұғыман Манаевтың ғылыми-педагогикалық, ұстаздық мұрасын жан-жақты зерттеу қажеттілігі арта түсуде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Манайұлы Н. Оқу жұмыстарымыз жайында / Н.Манайұлы // Еңбекші қазақ. – 1929. – 20–23 август.

Манаев Н. 1916 жыл туралы есімде қалғандар / Н.Манайұлы // Еңбекші қазақ. – 1926. – 2 август.

Ол туралы:

Манаев Нұғыман // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.– Алматы, 1989. – Т.4. – 670 б.

Манаев Нұғыман // Қазақстан Республикасының білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2020. – 38–41 б.

Сәрсенбаев Ә. Қажырлы қайраткер // Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар. Әдебиет туралы ойлар, толғаулар мен естеліктер. – Алматы, 1986. – 70–83 б.

Мемлекет қайраткері, ұстаз, ағартушы, халық ағарту комиссары Н.С.Манаев жайында.

Қабекенов Ғ. Манаев Нұғыман – ағартушы-педагог / Ғ.Қабекенов // Биология, география және химия. – 2000. – № 3. – 65 б.

Қабекенов Ғ. Қоғам және мемлекет қайраткері / Ғ.Қабекенов // Қазақ тарихы. – 2000. – № 4. – 62 б.

Ағартушы-педагог, қоғам қайраткері Манаев Нұғыман туралы.

Қабекенов Ғ. Н.Манаевтың тіл мәселесі жөніндегі ой-пікірі / Ғ.Қабекенов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – № 8. – 54–55 б.

Н.Манаев халық ағарту комиссары болған азамат.

Қабекенов Ғ. Нұғыман Манаев шығармаларындағы адамгершілік және имандылық мәселелері // Ұлт тағылымы. – 2000. – № 3. – 96–99 б.

Муталафханқызы С. Педагог-журналист, аудармашы, қоғам қайраткері / С. Муталафханқызы // Открытая школа. – 2015. – № 7. – 51–52 б.

Мемлекет қайраткері, ұстаз, ағартушы, халық ағарту комиссары Нұғман Сәрсенұлы Манаев жайында.

Назыметов Е. Ағартушы әрі қоғам қайраткері / Е.Нағыметов // Қазақстан мұғалімі. – 1980. – 8 август.

Нұғыман Манаев туралы.

Сейталиев К. Нұғыман Манаев – көрнекті ағартушы–педагог / К.Сейталиев // Қазақстан жоғары мектебі. – 1998. – № 2. – 130–133 б.

Сейталиев К. Нұғыман Манаев туралы сөз / К.Сейталиев // Қазақстан мектебі. – 1998. – № 5. – 62–65 б.

Тоталитарлық саясаттың құрбаны болған ағартушы–педагог, қоғам қайраткері, әдебиетші, ғалым Н.Манаев жайлы.

21 қыркүйек – Дүниежүзілік бейбітшілік күні

Бұл атаулы күн 1982 жылдан бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Бас Ассамблеясының шешімімен қыркүйектің үшінші сейсенбісінде аталып өтіледі.

1981 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 34–ші сессиясында БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес ұйымның негізгі мақсаты – ұлттық және халықаралық деңгейде бейбітшілікті қолдау екендігі еске алынды және әлемнің ұлттары мен ұлыстары арасында бейбітшілікті нығайтуға және мерекелеуге арналған күн белгілеуге шешім қабылданды.

2001 жылы қыркүйектің 7–сінде БҰҰ-ның бас Ассамблеясы Халықаралық бейбітшілік күнінің маңызын арттырып, барлық әлемдегі жауласып жатқан тараптарды жыл сайын Бүкілдүниежүзілік оқ атуды тоқтату күнін атап өтуге шақырды.

Осы мереке туралы оқушыларға мағлұмат беру мақсатында сыныптарда сынып сағаттарын, әңгімелер өткізуге болады. Халықаралық бейбітшілік күнінің маңызы мен мақсаты, қазіргі кездегі Дүниежүзіндегі бейбітшілікті нығайтуға қосылып жатқан шаралар туралы, соғыс зардаптары, атом полигондарының адамзатқа әкелетін зияны туралы толық түсіндіріп өту керек. Осы мақсатта «Жер мен ел жарасын қалай сауықтырамыз?» атты Семей полигонының зардаптары туралы конференция–сабақты алуға болады.

Мұғалім «Полигон» бейнетаспа сюжетін көрсету арқылы қазіргі кездегі Семей өңірінің жағдайын баяндайды және де интерактивті тақтаны қолдану арқылы Қазақстанның көптеген экологиялық аймақтарына тоқтала келе, Семейдегі радиацияның зардаптары туралы суреттер, слайдттар көрсетеді. Оқушылар өздерінің дайындап әкелген «Жер–Ана жыламасын», тақырыптағы баяндамаларын оқиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аманғалиева А. Ауған соғысының қасіреті / А. Аманғалиева // Ақиқат. – 2022. – № 2. – 80–83 б.

Әбдірайымова А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің ерлігі / А. Әбдірайымова, А.Өтешова (Утешова) // Қазақ тарихы. – 2019. – № 9. – 35–38 б.

Әбілдәқызы Қ. Қазаққа Момышұлы керек / Қ.Әбілдәқызы // Жас Алаш. – 2021. – 14 қыркүйек. – 1–2 б.

Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы жайлы.

Баймұратова Г. Соғыс жылдарындағы Қазақстан тылы / Г. Баймұратова, З.Тастанова, З.Ақтамбердиева // Қазақ тарихы. – 2019. – № 10. – 46–48 б.

Бәкір Ә. Қайсар хатшы немесе Семей полигоны туралы ең алғаш дабыл қаққан кім? / Ә. Бәкір // Ана тілі. – 2019. – 20–26 маусым.

Семей облыстық партия комитетінің І хатшысы болған Мұхамедғали Әленұлы Сужиков туралы.

Данияров Т. Жасампаздық жолы: отыз жылдың отыз сәті / Т. Данияров // Алматы ақшамы. – 2021. – 13 мамыр. – 12–13 б.; 20 мамыр, – 12–13 б.; 27 мамыр. – 12–13 б.; 3 маусым. – 12–13 б.; 10 маусым. – 12–13 б.; 17 маусым. – 12–13 б.; 24 маусым. – 12–13 б.

Тәуелсіздік шежіресі.

Жандәулетов В. Жойқын жарылыстар жаңғырығы / В. Жандәулетов // Алматы ақшамы. – 2021. – 19 қазан. – 4 б.

Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары туралы.

Кәрібаев Б. Тәуелсіздік және ұлттық тарих / Б. Кәрібаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 маусым. – 4 б.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай.

Қабышұлы Ғ. Тәуекел немесе Кешірім Бозтаев туралы бір үзік сыр / Ғ. Қабышұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 22 желтоқсан. – 8 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері Кешірім Бозтаевтың «Семей ядролық сынақ полигоны» туралы жазған хаттары.

Қайнарұлы М. Қасірет тартқан қазақ даласы / М. Қайнарұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 27 тамыз. – 4 б.

Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл.

Қыдырәлі Д. Батыр Бауыржан және Алаш аңсары / Д. Қыдырәлі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 22 мамыр.

Бауыржан Момышұлы туралы.

Мәмет С. Алапат аштық, сұм соғыс өмірін қиды қаншаның... / С. Мәмет // Егемен Қазақстан. – 2020. – 20 мамыр.

Нүркеева С. Сабақтан тыс жұмыстың жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және оқыту жүйесіндегі орны / С. Нүркеева // Өзін-өзі тану. kz = Самопознание. kz. – 2021. – № 3. – 93–97 б.

Өзтюрк И. Шығыстың қос жұлдызы / И. Өзтюрк // Қазақ тарихы. – 2019. – № 7. – 31–33 б.

Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова туралы.

Садық М. Соғыста жасалған қиянаттар / М. Садық // Qazaqstan dauiri. – 2022. – 12 мамыр. – 9 б.

Сайлан Б. Мыңға жуық қазақстандық құрбан болған соғыс. Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына – 30 жыл / Б. Сайлан // Президент және халық. – 2019. – 14 ақпан.

Сайлан Б. Кеңес әскері Кабулды қалай қайырды? / Б. Сайлан // Жас Алаш. – 2019. – 24 желтоқсан.

1979 жылы басталған Ауған соғысы туралы.

Сейдуллаұлы Т. Көзсіз ерлік иесі / Т. Сейдуллаұлы // Жас Алаш. – 2021. – 6 мамыр. – 3 б.

Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының ерлігі жайында.

Сенбай Е. Семей полигонына тың көзқарас / Е. Сенбай // Айқын. – 2019. – 3 желтоқсан.

Тоқпақбаев С. Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы / С. Тоқпақбаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 26 мамыр.

27 қыркүйек – Дүниежүзілік туризм күні

Дүниежүзілік туристік ұйым – халықаралық ұйым. 1970 жылы ресми туристік ұйымдардың үкіметаралық одағы ретінде құрылды. Дүниежүзілік туристік ұйым мүшелері: толық, қауымдасқан және біріккен мүшелерге бөлінеді. Туристік ұйымның мақсаты – экономикалық дамуға, халықаралық өзара қарым-қатынасқа, бейбітшілікке, гүлденуге, адам құқыларын жаппай құрметтеп, сақтауға үлес қосу үшін туризмді дамытуға жәрдемдесу. Басқарушы органы – Бас Ассамблея. Секретариатының тұрған жері – Мадрид қаласы (Испания). Дүниежүзілік Туристік Ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының мекемесі болып табылады.

1980 ж. бастап, Дүниежүзілік Туристік Ұйым мүшелері жыл сайын 27 қыркүйек күні Дүниежүзілік туризм күнін атап өтеді. Мерекені атап өтуге қатысты іс-шараларға: сан қилы шерулер, концерттер, туристік жәрмеңкелер, семинарлар, мерекелік астар, би кештері және мұражайларға тегін кіру, сонымен қатар, туризмнің маңыздылығын атап көрсететін шараларға халықты тартатын орындарды көрсету кіреді.

27 қыркүйек күні «Халықаралық туризм күніне» орай «Жас турист» байқауын өткізуге болады. Аталған байқаудың аясында балалар келесі тапсырмалар орындайды: командалардың сап түзеуі, онда сыртқы түрлері, бірінғай формалары, таныстыру есепке алынады; палаткаларды құрастыру және жинастырудан, уақытқа от жағудан сайыс; «Өткел», «Тұрған орындарын бағдарлай білу» спортық сайыстары, туристік әндерді үздік орындау конкурсы. Байқаудың мақсаты – өңірде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту, дені сау өскелең ұрпақты тәрбиелеу. Жүлдегерлер дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Үкімет

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы: Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2008 ж. 23 желтоқсан № 1208 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 31 қаңтар.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Туристік қызмет көрсетудің үлгі шартын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 16 қазан № 957 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2008. – № 40. – 453–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

Туристік қызмет көрсету ережесін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 ж. 16 қазан № 958 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2008. – № 41. – 456–қ.

* * *

Арстанова С.А. Оқу тәртібінде және сыныптан тыс уақыттардағы денені шынықтыру, сауықтыру іс-шараларының тиімділігі / С. А. Арстанова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 3. – 5–7 б.

Асанкелдіұлы А. Ішкі туризмнің дамуына не кедергі? / А. Асанкелдіұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 1 наурыз. – 2 б.

Мәжілісте Үкімет сағаты өтіп, онда ішкі туризмнің проблемалары мен даму перспективалары талқыланды.

Әбділда Қ. «Елтану» – ертеңгілік жоба / Қ. Әбділда // Егемен Қазақстан. – 2019. – 22 қазан. – 6 б.

«Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша жүзеге асып жатқан жобалар, «Елтану» туристік-экспедиция жайлы.

Әбіш М. Өлкетанудың әдеби өрнектері / М. Әбіш // Егемен Қазақстан. – 2021. – 28 сәуір. – 11 б.

«Әдеби өлкетануды дамыту» жобасының бастау алуы.

Ғабдірешұлы Т. Ішкі туристердің саны 6 млн-ға жуықтады / Т. Ғабдірешұлы // Жас Алаш. – 2022. – 12 сәуір. – 4 б.

Саяхатшылар, негізінен, табиғаты әсем ұлттық парктерге жиі барады. Яғни дұрыстап ұйымдастырсақ, туризмге салынған әр тиынның еселеніп қайтатыны көрініп тұр.

Дағжан Ә. Мектептегі туризм. Патриоттық тәрбие туған жер табиғатын танудан, сүюден басталады / Ә. Дағжан // Алматы ақшамы. – 2021. – 23 ақпан. – 6 б.

«Жанды сабақтар» жобасы мектеп оқушыларын туризм мәдениетіне үйретеді.

Джавкаева Ф.Ж. Жасөспірімдерді салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында туризмнің тиімді әдістері / Ф. Ж. Джавкаева

// Оқу–инновациялық технологиялар=Учебно–инновационные технологии. – 2017. – № 4. – 4–6 б.

Ертай Е. Түркістандық студенттер туризмді дамытпақ / Е. Ертай // Егемен Қазақстан. – 2019. – 2 қазан. – 9 б.

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ–түрік университетінің Мәдениет орталығында «Қазақстан және Орталық Азиядағы мәдени және рухани туризмді дамыту мәселелері» атты халықаралық форумды өткізуі.

Еспенбетов Н.С. Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудағы анимациялық бағдарламаларды жобалау / Н.С. Еспенбетов, Р.Е. Жанузак // География в школах и вузах Казахстана. – 2021. – № 2. – 37–39 б.

Жолдасбекқызы А. Ел мен ЕХРО / А. Жолдасбекқызы // Түркістан. – 2021. – 10 маусым. – 1,4 б.

ЭКСПО–2017 көрмесі жайында.

Испулатова Д. Балалар және жасөспірімдер туризмінің даму мәселелері / Д. Испулатова // География в школах и вузах Казахстана. – 2021. – № 1. – 38–39 б.

Көлсай: отандық туризмнің тынысын кеңейтеді // Ege men Qazaqstan. – 2022. – 8 сәуір. – 13 б.

Еліміздің туристік әлеуетін дамытатын айшықты мекеннің бүгінгі келбеті туралы «Көлсай көлдері» ұлттық саябағының директоры Ержан Қалматаевқа сауал /әңгімелескен А.Октябрь.

Қамбаева Н. Астана. ЕХРО – 2017: болашаққа қадам / Н. Қамбаева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2017. – № 9. – 19–22 б.

Мейірбек Э.Е. Қазақстан мектептерінде туристік–өлкетану үйірмелерінің рөлі / Э. Е. Мейірбек, З. К. Калиаскарова // География в школах и вузах Казахстана. – 2020. – № 4. – 27–29 б.

Мектеп туризмін дамытудың маңызы зор // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 8 қыркүйек. – 18 б.

Маңғыстау облысында балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығының ұйымдастырумен туризм–өлкетану, қоршаған орта экологиясы үйірмелері мен музей, жылыжай жетекшілер арасында облыстық секциялық отырыстың ұйымдастырылуы.

Нәдірова Г. Жоспарлы жұмыстардың жемісі / Г. Нәдірова // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 1 қыркүйек. – 12 б.

Маңғыстау облысында жергілікті туристік өлкетану тобының атқарып жұмысы жайлы.

Оразова К. Білім беру ұйымдарының өлкетану және зерттеушілік жұмыстарының ғылыми–педагогикалық негіздері / К. Оразова // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2019. – № 8. – 25–28 б.

Сағындықова А.С. Туризм – балалар мен жасөспірімдердің демалуының және бос уақытын ұйымдастырудың тиімді тәсілі / А. С. Сағындықова, А. Т. Мыңжасарова // Биология, география және экологияны мектепте оқыту әдістемелігі=Биология, география и экология: методика преподавания в школе. – 2016. – № 2–3. – 8–9 б.

Төреғалиев Н. Балалар туризмін дамыту өзекті / *Н. Төреғалиев*
// Егемен Қазақстан. – 2018. – 28 мамыр. – 6 б.

Жастар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамытуды қолға алу мәселесі.

1 қазан – халықаралық музыка күні

Халықаралық музыка күні 1975 жылы 1 қазанда ЮНЕСКО шешімімен бекітілді. Халықаралық музыка күнін бекіту бастамашыларының бірі композитор Дмитрий Шостакович болып табылады. Мереке бүкіл әлемде жыл сайын үздік артистер мен көркем ұжымның қатысуымен ұйымдастырылған концерттік бағдарламалармен мерекеленеді. Бұл күні әлем мәдениетінің құндылығына енген туындылар шырқалады. Адам музыкамен ертеден таныс. Африка үңгірлерінде жер бетінен жоғалып кеткен тайпалардың жартастардағы суреттері сақталған. Суреттерде музыка құралдары бар адамдар бейнеленген. Біз енді ешқашан ол музыканы тыңдай алмаймыз, алайда олар бір кездері адамдардың өміріне сән берді, оларды қуантты немесе қайғыға салды. Музыканың әсері күшті. Музыканы жаны сүймейтіндер әлемде аз. Көптеген композиторлар музыка арқылы адамның сезімін беруге тырысты. Олардың аттары ұрпағымыздың жадында мәңгі сақталған. Музыка ескірмейді, адамзат жер бетінде өмір сүргенше ол да тіршілік етеді.

Музыкалық білімді оқушылар музыка сабағында және сыныптан тыс шараларды өткізу барысында алады. Музыка арқылы оқушылар әсемдік пен әрсіздікті, жақсы мен жаманды, мейірімділік пен зұлымдықты, қуаныш пен қайғыны, т.б. түсініп, ажырата біліп, эстетикалық мәдениетті қалыптастырады. Эстетикалық мәдениет оқушылардың қатынасын анықтаумен қатар, олардың өміріне қуатты рухани күш ретінде көрінеді.

Бүгінгі таңда қазақ музыкасының қайнар көзі – Ақан сері мен Біржан салдың, Құрманғазы мен Дина және т.б. өнер үлгілері – дәстүрлі ән мен күйлерін ұрпаққа жеткізу мұғалімнен көп шеберлікті талап етеді. Осыған орай мектептерде музыка күнін өткізу, музыка арқылы тәлім–тәрбие беру – ұстаздың міндеті. Осындай мерекеде қазіргі тәрбиеге сай етіп «Музыка адамзаттың әмбебап тілі» атты концерттік сабақ, «Музыка әлемі – тәрбие айдыны» атты ән байқауы және ұлттық музыканы дамыту мақсатында «Домбыра – қазақ халқының киелі аспабы» атты тәрбие сағаттарын өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абайдильданова С. Музыкалық білім мен тәрбие берудің психологиялық маңызы / *С. Абайдильданова* // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 4. – 19–20 б.

Адыбаева Ғ.Қ. Музыка сабағында оқушыларды ән және аспаптық мәдениетке баулу әдістері / Ғ. Қ. Адыбаева // Қазіргі білім мектепте, колледжде, ЖОО–да = Современное образование в школе, колледже и ВУЗ–е. – 2022. – № 4. – 7–10 б.

Асанова Ж.Ш. Музыка мектебінің тұлғаны қалыптастырудағы рөлі / Ж. Ш. Асанова // Мектеп – 45 минут. – 2022. – № 7–8. – 4–5 б.

Әлиев Ж. Қазақ күйінің бір пірі / Ж. Әлиев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 шілде. – 14 б.

Қазақтың киелі домбырасы жайында.

Беркімбаева Ш. Ұлттық музыкалық аспабымызды дүние жүзіне танытсақ... / Ш. Беркімбаева // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 шілде. – 14 б.

Дербісалин Т. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақтың жаны мен рухы / Т. Дербісалин // Алматы ақшамы. – 2021. – 1 шілде. – 1,6 б.

Домбыра күні – киелі аспапты ұлықтау.

Дуйсенғалиева С.З. Музыка өнерінің тәрбиелік ерекшеліктерін қазақтың ұлттық музыка өнері арқылы оқушыларға тәрбие берудің педагогикалық негіздері / С. З. Дуйсенғалиева // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 4. – 36–37 б.

Ерназарова А.С. Музыкалық білім беру мен педагогиканың қалыптасуы мен дамуы / А. С. Ерназарова // Тәрбие құралы. – 2022. – № 2. – 29–31 б.

Жексенгулова К. Музыка – мектеп оқушысы өмірінің маңызды бөлігі / К. Жексенгулова // Музыка әлемінде = В мире музыки. – 2020. – № 1. – 6–9 б.

Музыка сабағында жаңа әдістерді қолдана отырып, шәкірттерді әсемдікке, әдемілікке, эстетикалық талғамы жоғары тұлға қалыптастыру, тәрбие беру.

Жумагулова С. Балалар тәрбиесіндегі музыканың алатын орны / С. Жумагулова // Музыка әлемінде = В мире музыки. – 2021. – № 3. – 12–14 б.

Калиева К. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында музыка пәнін оқытудың заманауи аспектілері / К. Калиева // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = Открытый урок. Факультативные работы. – 2021. – № 7–8. – 11–12 б.

Коптилеуова А.М. Балалардың музыкалық және жалпы дамуы. Жеке тұлғаның жан–жақты дамуы үшін музыкалық тәрбиенің маңызы. Музыка баланың жеке басының дамуына қалай әсер етеді? / А. М. Коптилеуова // Мектеп – 45 минут. – 2022. – № 7–8. – 2 б.

Қасымханова Ш.А. Музыка сабағы арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру / Ш.А. Қасымханова // Ашық сабақ. Факультативті сабақтар = открытый урок. Факультативные работы. – 2021. – № 5–6. – 3–4 б.

Қоқымбаева Б. Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ музыка мәдениеті / Б. Қоқымбаева, З. Шавалиева // Ақиқат. – 2022. – № 11. – 89–99 б.

Домбыра, күй, күйшілер, музыка мәдениетінің дамуы жайында.

Мектепова Ж. «Қазақ музыка өнерінің Гималайы – Ахмет Жұбанов» (онлайн экскурсия) / Ж. Мектепова // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. – 2021. – № 6. – 14–15 б.

Сами Е.Т. Музыка өнері арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру / Е. Т. Сами // Тәрбие құралы. – 2021. – № 3. – 41–43 б.

Султанбекова Ж.Ш. Музыкалық оқу тәрбие әдістері және негізгі бағыттары / Ж. Ш. Султанбекова // 12 жылдық білім беру = 12-летнее образование. – 2020. – № 4. – 138–141 б.

Таткенова С.К. Музыкалық өнер, оның білім, тәрбие беру және дамыту мүмкіндіктері / С.К. Таткенова // Қазақстан кәсіпкері = Професионал Казахстана. – 2020. – № 4. – 46–51 б.

Тулегенова А. Дала музыкасының тарихы / А. Тулегенова // Сыныптағы тәрбие. – 2021. – № 1–2. – 20–24 б.

Қазақ халқының музыка өнері ерте заманнан бастау алып, қазіргі таңда жастар таңдай қақтырып отырғаны, қазақ музыкасының тарихы, туындылары, аспаптары жайында.

Қазан айының бірінші жексенбісі – мұғалімдер күні

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылы 20 қаңтардағы Жарлығына сәйкес жыл сайын қазанның бірінші жексенбісінде мұғалімдер күні атап өтілетін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандағы № 689 қаулысы бойынша бұл күн қазан айының бірінші жексенбісінде мерекеленетін болып қайта бекітілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі білім беру жүйесінің дамуына, қоғамдағы мұғалімдердің мәртебесін көтеруге көп көңіл бөліп келеді.

2012 жылдың 30 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы №393 Қаулысы және «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы № 394 Қаулысы шықты.

Конкурс тиімді педагогикалық және басқару тәжірибесін анықтау, қорыту және тарату, педагогтар мен орта білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби және жеке тұлғалық өсуін ынталандыру, Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінің даму үрдісін анықтау мақсатында өткізіледі.

«Үздік педагог атағы» меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, педагогикалық қызметте жоғары жетістіктері бар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне беріледі.

Қазақстанда білім беру және ғылым қызметкерлерінің 3 съезі өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің I Съезі 1998 жылы 3–5 желтоқсан күндері Алматы қаласында өткізілді. Съезд ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық және елде өтіп жатқан білім беру реформасы жағдайында ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптасу, даму және кәсіби шыңдалуының көкейкесті мәселелерін талдауға арналды.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым қызметкерлерінің II Съезі 2001 жылы 2–3 ақпан күндері Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығына, сонымен қатар еңбек нарқы жағдайында кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау мақсатында білім сапасын көтеру, жеке тұлғаның қызығушылығына, қабілетіне және білім алу қажетіне және мемлекеттік тілді игеруіне сәйкес білім беруді дифференциялау мәселелеріне арналып өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім беру және ғылым қызметкерлерінің III Съезі 2004 жылы 12 қазан күні Астана қаласында өтті. Съезд білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасын талқылауға арналды.

Съездің негізгі мақсаты – қоғамдық-саяси өмірдегі ғылыми-педагогикалық зиялы қауым рөлінің артуын, оның білім беру және ғылым саласында өскелең ұрпақты белсенді азаматтық ұстаным және Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеудегі ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын орындауға белсенді қатысуын жүзеге асыру.

Сонымен бірге 2011 жылдан бері бірнеше пән мұғалімдері съездері өткізілді. 2011 жылдың 11–12 мамыр күндері Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында **математика пәні мұғалімдерінің I Съезі** болып өтті.

2012 жылдың 27-28 маусым күндері Өскемен қаласында Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті базасында **химия және биология пәні мұғалімдерінің I Съезі** болып өтті.

2013 ж. 16-17 мамырда Білім және ғылым министрлігі Астанада **филология пәні мұғалімдерінің I Съезін** өткізді.

Мұғалім - тек ғылымдарға үйретуші емес, сондай-ақ рухани игіліктер мен адамгершілік ізгі ниеттерді оқушылар бойына сіңіруші де. Ұстаздар айрықша азаматтық парыз - жас ұрпақты тәрбиелеу міндетін атқарады. Олардың білімі мен тәжірибесі, дәстүрлер сабақтастығы мен жанашылдығы әрбір мектептің негізі боп қаланған.

Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат әліп үйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады.

Қазан айының алғашқы аптасында республика көлемінде тойланатын ерекше мереке - ұстаздар күні. Осы күні төменгі сынып оқушылығына арнап «Ұстазым менің» атты ертеңгілік, «Ұстаздық – ұлы іс», «Ұлағатты ұстазым» атты тәрбие сағаты, «Ұстаз – ұлы тұлға» атты кітап көрмесін өткізуге

болады. Оқушылардың күшімен мұғалімдерге арналған әдеби-сазды, концерттік бағдарламалар, «Мұғалімдер балы» ұйымдастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Педагог мәртебесі туралы : Қазақстан Республикасының Заңы. № 293–ҮІ ҚРЗ 2019 ж. 27 желтоқсан / Қазақстан Республикасы. Заң // Егемен Қазақстан. – 2019. – 31 желтоқсан; Білімді ел=Образованная страна. – 2020. – 14 января.

Қазақстан Республикасы. Заң.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы № 294–ҮІ ҚРЗ 2019 ж. 27 желтоқсан / Қазақстан Республикасы. Заң // Егемен Қазақстан. – 2019. – 31 желтоқсан.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру тәртібін және оның мөлшерін белгілей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №393 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 сәуір. – №152–156.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 394 қаулысы /Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 сәуір. – № 152–156

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

Қазақстан Республикасы Филологтарының съезін ұйымдастыру және өткізу туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 ж. 1 наурыздағы № 73 бұйрығы / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Бұйрық // 12 жылдық білім беру=12–летнее образование. 2013. – № 1. – 4 б.; № 2. – 4 б.

* * *

Аймағамбетов А. «Мұғалімдерді таңдау комиссия құзырында» / А. Аймағамбетов /әңгімелескен Е. Ержанұлы // Заң газеті. – 2021. – 8 қазан. – 1,5 б.

Білім және ғылым министрімен сұхбат.

Ақылова Ж.Б. Педагогикалық кәсіби мәдениет – өркениетке қадам ретінде / Ж. Б. Ақылова // Білім кілті = Ключ знаний. – 2021. – № 8. – 28–32 б.

Анаш Д. Еңбек нарығы: мектеп мұғалімдеріне сұраныс көп / Д. Анаш // Егемен Қазақстан. – 2021. – 10 қыркүйек. – 8 б.

Балықбаев Т. Педагог мәртебесі артады / Т. Балықбаев // Алматы ақшамы. – 2020. – 28 қаңтар. – 4 б.

Педагог мәртебесі заңының қабылдануы, ұстаздар құқығы, әлеуметтік қорғалуы жайында.

Бәкір Қ. Мұғалім мәртебесі немесе ұстаз беделі асқақтаған жыл / Қ. Бәкір // Қазақ. – 2020. – 11 ақпан. – 4 б.

Дурмекбаева Ж.Н. Коучинг – мұғалімдердің кәсіби білімдерін арттыру тәсілі / Ж. Н. Дурмекбаева // Мектеп – 45 минут. – 2021. – № 7–8. – 2–3 б.

Есназарова З.Ш. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі: жаңартылған бағдарламамен жұмыс істеу кімдерге қиын болды? / З. Ш. Есназарова // Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. – 2021. – № 4. – 36–43 б.

Жилбаев Ж. Педагог мамандығының құндылығы / Ж. Жилбаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 29 маусым. – 7 б.

Жолдасбекқызы А. Ұстазға құрметтің үлкені – еңбегінің әділ бағаланғаны / А. Жолдасбекқызы // Түркістан. – 2021. – 7 қаңтар. – 7 б.

Педагог мәртебесі жайлы А. Ахметжанұлы, Д. Смақова, С. Битаеваның пікірлері

Жылангөзова Ж.Е. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымына жұмысқа қалай қабылдайды / Ж. Е. Жылангөзова // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы = Справочник руководителя образовательного учреждения. – 2021. – № 8. – 38–42 б.

Иманбаева Ж.Б. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық–педагогикалық аспектілеріне сипаттама / Ж. Б. Иманбаева // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 4. – 17 б

Исалиева Ж.С. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі бәсекеге қабілетті тұлға дайындаудың негізі / Ж. С. Исалиева // Педагог. – 2021. – № 2. – 22–24 б.

Исмагулова М. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруда қашықтық технологияларды пайдалану / М. Исмагулова // Кәсіптік қазақ тілі. – 2020. – № 4. – 17 б.

Қашықтықтан оқыту курстары жайында.

Казакова В.В. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті қалай ұйымдастыруға болады / В. В. Казакова // Білім беру ұйымының әдіскері = Методист организации образования. – 2021. – № 8. – 33–41 б.

Қабдыкаримова Ж. Мұғалімнің кәсіби дамуындағы көшбасшылық / Ж. Қабдыкаримова // Ege men Qazaqstan. – 2021. – 7 желтоқсан. – 13 б.

Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының миссиясы – мұғалімнің кәсіби даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруы.

Қай елдің мұғалімдері көп жалақы алады? ал Қазақстанда ше?!. / дайынд. Б. Бейсенұлы // Ана тілі. – 2021. – 21–27 қазан. – 7 б.

2020–2021 оқу жылында әлем бойынша қай мемлекеттің мұғалімдер жалақысы салыстырмалы түрде берілген.

Құнапина Қ. Ұстаздың білімділігі мен біліктілігі, кәсіби іс–әрекет жетістіктерінің шарты / Қ. Құнапина, Қ. Жанықұлов // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 2. – 34–40 б.

Миразова А. Мектепке білімді мұғалімнің келгенін қалар едім

/ А. Миразова / әңгімелескен К. Борашова // Ақиқат. – 2021. – № 12. – 39–40 б.
Қазақстанның Еңбек Ері, ұстаз Аягүл Миразовамен сұхбат.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттырудағы заманауи талаптар: өзектілігі, шешу әдістері / Г.А. Абдикаримова және т.б. // Вестник АПН Казахстана. – 2021. – № 1. – 78–87 б.

Мұқашева А. Ұстаздың қоғамдағы беделіне бәріміз жауаптымыз / А. Мұқашева // Егемен Қазақстан. – 2020. – 17 қаңтар. – 7 б.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымымен сұхбат /әңгімелескен Д.Анаш.

Рахымбаев Б.М. Қазіргі заман педагогі қандай болуы керек? / Б. М. Рахымбаев // Педагог. – 2021. – № 1. – 11–12 б.

Рахымжанова Т.Б. Серік Асылбекұлының педагогикалық тақырыптағы әңгімелеріндегі жаңашылдық сипаты / Т. Б. Рахымжанова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 11. – 82–87 б.

Жазушы Серік Асылбекұлының «Мұғалімдер күні», «Әдебиет пәнінің оқытушысы» әңгімелерііндегі мұғалімдер келбеті.

Романқұл С.К. Құзыреттілік – болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды сапасы / С. К. Романқұл // Вестник образования. – 2020. – № 2. – 11–13 б.

Талдыбай А. Мұғалімнің кәсіби іс–әрекетіндегі оқыту технологиясы / А. Талдыбай // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 1. – 31–34 б.

Педагогтің кәсіби құзіреттілігі, шеберлігі, шығармашылығы, беделі, бейімділігі жайында.

Түсіпханова С. Педагог–зерттеушінің және тұлғалық ерекшеліктері / С. Түсіпханова // Бастауыш мектепте оқыту = Обучение в начальной школе. – 2021. – № 4. – 4–5 б.

Умбетова К.Ж. Мұғалімдердің өзіндік білімдерін көтеру туралы мәлімет / К.Ж. Умбетова // Мектеп директорының орынбасары: оқу–тәрбие жұмысы = Заместитель директора школы: методика по учебно–воспитательной работе. – 2021. – № 1–2. – 22–23 б.

Шотбайқызы А. «Қазақстан мұғаліміне» – 1 млн. доллар / А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 3 тамыз. – 7 б.

Педагог мәртебесін көтеру мақсатында «Қазақстан мұғалімі» байқауын өткізу туралы.

Шынтас М. Мұғалімдер мерекесі / М. Шынтас // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 9. – 15–17 б.

Мұғалімдер күніне арналған сценарий.

Қазан Филология ғылымдарының докторы, профессор,
4 жұлдыз әдебиеттанушы **Бейсенбай Кенжебаевтың** туғанына **120 жыл** (4.10.1904–17.07.1987).

Кенжебаев Бейсенбай 1904 жылы 4 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданында дүниеге келді.

1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін, М.Горький атындағы әдебиет институтының 2 курсы, Қазақтың Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) журналистика факультетін (1942) бітірді. Кенжебаев Б. қазақ баспасөзіне белсене қатысып келді. «Жас қайрат», «Лениншіл жас»(1923–1928), «Кеңес туы»(1929–1930), «Оңтүстік Қазақстан», (1932–1933), «Социалистік Қазақстан»(1928–1929), (1931–1932), (1933–1935) т. б. газет–журналдарда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор, «СССР Жоғарғы Советі Ведомосының» аудармашысы (1938–1941), Қазақтың Мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы (1961–1944) болып істеді. 1944–1953 жылдары және 1961–1975 жылдары Қазақ Мемлекеттік Университетінің кафедра меңгерушісі, 1975–1987 жылдары осы университеттің профессоры болды.

Б.Кенжебаев қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С.Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М.Сералин, М.Әуезов, С.Шәріповтың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулердің авторы. 1946 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаса, университеттің ғылыми кеңесі «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары» атты монографиясы үшін 1959 жылы филология ғылымдарының докторы атағын берді.

Б.Кенжебаев жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар мен бағдарламалардың авторы. 1967 жылы «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын», студенттерге арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын жазды. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон–Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. 1969 жылы «Көне әдебиет туралы», 1973 жылы «Қазақ әдебиеті тарихы» атты еңбектер жазды. Ол Қазақстанда ғалым–педагог кадрларын даярлауға көп еңбек сіңірді. Ленин орденімен және медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кенжебаев Б. Асау жүрек: С. Торайғыров өмірінен деректі әңгімелер, мақалалар, зерттеулер / Б.Кенжебаев. – Алматы: Рауан, 1995 – 160 б.

Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет: Жетінші кітап. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Б.Кенжебаев. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.

Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы / Б.Кенжебаев. – Алматы: Ғылым, 1973. – 160 б.

Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы / Б.Кенжебаев. – Алматы, 1949.

Педагогика және психология ғылымдарының докторы Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев 90 жаста.

Күзгі демалыс

5 қараша – 13 қараша

15 қазан мен 4 қараша аралығында дайындық жұмыстарын жүргізу: күзгі демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс-шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата-аналарға арналған қабырға стендін рәсімдеу. Ата-аналарды ата-аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында күзгі демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысанымен таныстыру. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шаралар жүргізу: ықшамаудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез-құлқы девиантты оқушылармен әңгімелер өткізу.

Құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер.

5 қараша – **Қазақстан күні**. Бастауыш және орта сатылы оқушылар үшін Мемлекеттік рәміздерге, Қазақстан тарихына арналған «Тәуелсіздік тірегім», «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш», «Ата заңым – ардағым», «Мемлекеттік рәміздер тарихы», «Қазақстан теңгесі» тақырыбында іс-шаралар циклын (танымдық және тақырыптық конкурстар, викториналар мен әңгімелер) өткізу.

6 қараша – **Жас ұлан күні**. «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын және қорғаушысымын» тақырыбындағы оқушылардың үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері өкілдерімен «Жас Ұлан» республикалық қозғалысының көшбасшыларымен «Жас Ұлан» –

Қазақстанның келешегінен үміт және үлес», интернационалист жауынгерлермен кездесулерін, тұрғылықты жері бойынша волонтерлық командаларын ұйымдастыру. Осы тақырыпта суреттер, плакаттар конкурстарын, ғылыми жобаларды, әскери–патриоттық эстафеталар, сап және ән байқауларын, «Туға қарай түзел!» ту топтарының конкурстарын өткізу. «Сынып/мектеп әнұраны», «Сынып/мектеп жәдігері», «Сынып/мектеп досы», «Біздің ардагерлер» фестивальдерін, мектеп әнұранының үздік мәтіні мен әуеніне шығармашылық конкурстар өткізу.

7 қараша – Спорт күні. Көпшілік спорт шараларын (жарыстарды, чемпионаттарды, денсаулық фестивальдерін, спартакиадалар), таза ауадағы қозғалысты ойындар мен серуендер) ұйымдастыру. Балаларға арналған шебер–сыныптар ұйымдастыра отырып, өңірдің табысты және танымал спортшыларымен кездесулер өткізу. «Спорт және біз», «Денің сау болсын десен», «Біздің чемпиондар», «Азиада жеңімпаздары» зияткерлік викториналарын өткізу.

8 қараша – Менің қалам / менің ауылым күні. Мектеп мұражайларындағы экспозицияларды жаңарту. Тарихи–өлкетану, көркемсурет мұражайларына, әдебиет және өнер мұражайларына, қала бойынша саяхатқа ұжыммен шығуды ұйымдастыру. «Біздің қаланың көшелері», «Қаламыздың (ауылымыздың) танымал адамдары», «Өлкеміздің тамаша адамдарының өмірі» және т.б. шығармалар мен эсселер конкурсы.

«Сүйкімді орындар», «Біздің көршілер», «Менің қалам», «Менің ауылым» тақырыбындағы суреттер, плакаттар мен газеттер конкурсы.

9 қараша – Жастар күні. Халықаралық жастар демократиялық қозғалысының көшбасшыларымен кездесулер ұйымдастыру, «Жастар салауатты өмір салты үшін!», «Жастар нашақорлыққа қарсы!», «Бірлігіміз жарасқан», «Бейбітшілік пен достық үшін!» акцияларын өткізу.

10 қараша – Ашық есік күні - Түлектер күні. Түлектер кеші. Түлектермен кездесу кештерін, педагогикалық еңбек ардагерлерімен, мектеп достарымен, шефтерімен, ата–аналарымен «Шын жүректен» атты кездесулер өткізу.

11 қараша – Көркемөнер күні. Көркемөнер циклын: концерттер, гала–концерттер, қызықты адамдармен шығармашылық кештерін, орамдарды, КТК–ларды, «Таланттар парады», «Сәттілік сәті», «Алтын күз», «Күзгі бал», «Күз аруы» конкурстарын, «Біздің кішкентай әртістер», «Біз өнерпаз жастармыз» концерттік бағдарламасын өткізу.

12 қараша – Мәдениет күні. Кино, театр және кітапханаларға бару. Қалалық, облыстық театрлардың тұсаукесерлері мен спектакльдеріне бару. Мектеп пен сынып өмірі туралы өзіндік бейнефильмдер жасау конкурсы. Мектеп, қалалық және ауылдық кітапханалардағы кітап көрмелері шолуы, облыстың ақын-жазушыларымен әдеби кештер мен кездесулер өткізу.

13 қараша - Күзгі демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды ұйымдастыру жұмысының қорытындыларын шығару (қатысу рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, күзгі демалыс

кезеңіндегі іс-шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпы мектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аймағамбетов А. Дебат – сыни ойлау дағдысын қалыптастырады / А. Аймағамбетов // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 23 ақпан. – 2 б.

Дебаттық қозғалыстарды жандандыру және мектептегі өзін-өзі басқару туралы.

Аймаханова А.Е. Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы (әдеби-қойылым) / А. Е. Аймаханова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 2. – 136–143 б.

Сыныптан тыс шара.

Ақжарбай М.М. «Мен – өз елімнің патриотымын» / М. М. Ақжарбай // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 45–46 б.

Тәрбие сағатын өткізу.

Апахаева М.Х. Адам әдептілігімен көрікті (тәрбие сағаты) / М. Х. Апахаева // Мектеп – 45 минут. – 2021. – № 5. – 12–13 б.

Ахметова Г. Әдеппен сөйлеп әдеттен / Г. Ахметова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 6. – 12–14 б.

Оқушыларды мәдениеттілікке, әдептілікке, әділеттілікке тәрбиелеу.

Әлішева Н. «Менің Қазақстаным» Мемлекеттік Әнұранның да үлкен-кішінің бойын шымырлатып әкететін сиқыры бар / Н. Әлішева // Almaty aqshamy. – 2022. – 2 маусым. – 7 б.

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні.

Ауелбеков Е. Дене тәрбиесі – салауатты өмір негізі / Е. Ауелбеков // Мектептегі дене шынықтыру. – 2022. – № 1–2. – 9–11 б.

Байдаулетова Б.Қ. «Киелі қара шаңырақ» / Б. Қ. Байдаулетова // Открытая школа. – 2020. – № 10. – 67–69 б.

Ата-аналар, мұғалімдер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, тәрбие сағатының сценарийі.

Белгібаев Е.Н. Жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеудің маңызы / Е. Н. Белгібаев // Алғашқы әскери және технологиялық дайындық = Начальная военная и технологическая подготовка. – 2021. – № 4. – 4 б.

Дене еңбегі және дене тәрбиесі / А. Әбішев // Қазақстан мұғалімі. – 2022. – № 11–12. – 5 б.

Ершекенова Н.Б. «Тәуелсіз елім – Қазақстан» / Н. Б. Ершекенова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 47–49 б.

Тәрбие сағатын өткізу.

Жолдыбай О. Ұлттық құндылықтар Рәміздер туралы қызықты деректер / О. Жолдыбай // Almaty aqshamy. – 2022. – 4 маусым. – 7 б.

Әр мемлекеттің даралығын дәлелдейтін нышандары болады. Сол арқылы барша ғалам алдында егемендігі айшықталып тұрады. Ол – Рәміздер.

Жұмақан С.Ж. Отбасында кітап оқу дағдысы / С. Ж. Жұмақан // Оқыту – тәрбиелеу технологиясы . – 2019. – № 5. – 37–39 б.

Жұматаева З.Ж. Халық даналығына баулуда мақал–мәтелдердің тәрбиелік рөлі / З. Ж. Жұматаева // Білім кілті = Ключ знаний. – 2021. – № 7. – 14–16 б.

Издибаева Г.А. Мектепте және мектептен тыс орындалатын жұмыстар барысында оқушыларға эстетикалық тәрбие беру / Г. А. Издибаева // Білім кілті = Ключ знаний. – 2021. – № 11. – 12–15 б.

Исалиев Ә.Т. Қазақстан Республикасындағы спорттық–бал биінің дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттары (1968–1988 жж. кезеңі) / Ә. Т. Исалиев, А. Б. Абакаева, А. Н. Карымбаева // Педагогика және психология. – 2020. – № 3. – 263–269 б.

Кәрібаева Л.Ә. Үйірме жұмыстарының қызметін ұйымдастыру / Л. Ә. Кәрібаева // Көркем еңбек = Художественный труд. – 2021. – № 2. – 3 б.

Мектептен тыс ұйымдардың қосымша білім беруі және бос уақытты ұйымдастыру қызметтері жайлы.

Қамзабекұлы Д. Жастар және рәмізтанудың жаңа міндеттері / Д. Қамзабекұлы // Ege men Qazaqstan. – 2022. – 3 маусым. – 5 б.

Қоспағарова Ә.Қ. Мамандық таңдаудың маңызы / Ә. Қ. Қоспағарова // Қала мен дала. – 2021. – 26 наурыз. – 15 б.

Бренд–менеджер, логистик, супервайзер, веб–мастер, копирайтер, интервьюер, фрилансер жаңа мамандықтарды таңдау жайлы.

Қоңырбаева С. Қазақстандық патриотизм – жастардың құндылық бағдарының өзегі / С. Қоңырбаева // Қазақстан мектебі. – 2022. – № 11. – 3–24 б.

Қуанышев Ж. Жастардың «Ақиқат» саяси пікірталас клубы. Нұртілеу Иманғалиұлы ұйымдастырған тамаша хабар еді / Ж. Қуанышев // Еге мен Қазақстан. – 2021. – 14 мамыр. – 9 б.

Мұсабаева С.Н. Еліміздің болашағы - ұрпақ тәрбиесінде / С. Н. Мұсабаева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 4. – 14–16 б.

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелерінің жұмыстары жайында.

Мутатын К. Оқушыларды эстетикалық тәрбие беру арқылы мәдениеттілікке тәрбиелеу / К. Мутатын // Көркем еңбек = Художественный труд. – 2020. – № 11–12. – 2–3 б.

Нұржаубаева Г.Қ. Салауатты өмір – денсаулық кепілі / Г. Қ. Нұржаубаева // Қызықты психология. – 2020. – № 5–6. – 8–9 б.

Рахметова Н. Мамандық таңдау – маңызды қадам / Н. Рахметова // Қазақ. – 2021. – 13 сәуір. – 6 б.

Салқынбек Д. Отанға сүйіспеншілік өзіңнен басталады / Д. Салқынбек // Қазақстан тарихы. – 2021. – № 2. – 3–10 б. – Отаншылдыққа тәрбиелеу.

Сариева Д.К. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы / Д. К. Сариева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 4. – 23–25 б.

Суюндукова Ш.У. «Ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде қолданудың тиімді тәсілдері» / Ш. У. Суюндукова // Отбасы және балабақша = Семья и детский сад. – 2022. – № 1. – 13 б.

Тағаев Б. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары / Б. Тағаев // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2021. – № 5. – 40–42 б.

Тилепова Л.К. «Сүйем сені, Туған ел» / Л. К. Тилепова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 56–60 б.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған тәрбие сағаты.

Тойшыбек А.А. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы / А. А. Тойшыбек // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2021. – № 2–3. – 41 б.

Тоқтамұрат Қ. Қазақ кітабының күні қажет / Қ. Тоқтамұрат // Егемен Қазақстан. – 2021. – 22 сәуір. – 7 б.

Еуропа елдерінде кітап мерекелері, кітап сыйлау үрдісі жақсы қолға алынған, «Буккроссинг» – кітаптың айналыста жүруі, қолдан–қолға өтуі, Қазақстанда кітап оқу челленджері, мектеп оқушылары арасында кітап оқудан сайыс ұйымдастыруды қолға алғаны жайында.

Удаева Ш.К. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау / Ш. К. Удаева // Бастауыш мектеп. – 2020. – № 11–12. – 44–45 б.

Салтанатты онлайн қабылдау рәсімі.

Уменова Б. Әдептілік – тәрбие бастауы / Б. Уменова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 6. – 25–29 б.

Әдептілік туралы ұғымды қалыптастыру, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Устакжанова Л.А. Көркем еңбек сабақтарындағы эстетикалық тәрбие / Л. А. Устакжанова // Көркем еңбек = Художественный труд. – 2022. – № 5–6. – 9–10 б.

Халитова И.Р. Жеткіншектердің субмәдениетке эстетикалық талғамын қалыптастырудағы әлеуметтік–педагогикалық жұмыстар / И. Р. Халитова // Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2021. – № 4–5. – 13–15 б.

Шарипов Т.С. Ұлттық ойындар арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру / Т. С. Шарипов // Қазіргі білім мектепте, колледжде, ЖОО–да = Современное образование в школе, колледже и вузе. – 2020. – № 2. – 11–12 б.

Шуришбаева Д. Қолөнер арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру / Д. Шуришбаева // Сыныптағы тәрбие. – 2020. – № 5–6. – 6–7 б.

7 қараша – «Балдәурен» Республикалық оқу– сауықтыру орталығының құрылған күні

Қазақ елінің «Артегі» атанып отырған «Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығында жыл бойы оқушылар демалысы ұйымдастырылып отырады. Отанымыздың 16 аймағынан бір ауысымда 300 балаға дейін демалуына мүмкіндік жасалған. Жаз мезгілінде 15 күн, ал сабақ жүріп жатқан уақытта 20 күн оқу мен демалыс қатар жүреді.

Бұл оқу–сауықтыру кешені тікелей Президент Н.Назарбаевтың тапсырмасымен, Үкіметтің арнайы қаулысымен 2004 жылы құрылған. Орналасқан жерінің өзі Сарыарқаның інжу–маржаны атанған Бурабайдың бір тамаша өңірі. Сонымен бірге кейін Алматы қасында «Балдәурен–Қапшағай» демалыс–сауықтыру орталығы да ашылды.

«Балдәурен» балалар лагері тек оқу–сауықтыру кешені ғана емес, оқушыларға қатысты отандық және әлемдік деңгейдегі білім жарыстары өтетін орынға айналған. Ой–сананы өсіретін әртүрлі бағдарламалар әзірлеп, отаншылдық рухыңды оятатын кештер ұйымдастырып, сапта жүру тәртібін бойға сіңіріп, денсаулықтың басты кепілі тазалық екені үйретіледі. Фестивальдар мен слеттер өткізумен бірге, табиғатқа саяхат жасау да жан–жақты ойластырылған. Айталық, слет бағдарламалары әр алуан болып келеді. Мәселен, бір жолы отаншылдық рухтағы әндерді айтуға арналса, екінші жолы «Қазақстанның болашағы біздің қолымызда» атты тақырыпқа сай ұйымдастырылады.

Жазғы демалыс пен оқу кезіндегі оқушылардың орталықта болуының айырмашылығына келер болсақ, сабақ уақытында балалар әрі демалады, әрі оқуларын жалғастырады. Яғни, лагерьде демалыс кезеңі мен мектеп өмірі бір арнада тоғысып жатады. Мектептегі сабақ беру тәсілі жаңашыл компьютерлік және пәндік–модульдік технологияларға негізделген. Мұнда үйге тапсырма берілмейді, әр бала өз білімін кәсіби біліктілігімен, ұстаздардың көмегімен жүзеге асыру бірінші кезекке шығарылған. Бұған қажеттің бәрі кешенде жеткілікті. Оқулықтармен қатар, иллюстративт–энциклопедиялық жинақтар, отандық, орыс және шетелдік әдебиеттердің озық үлгілері, өзге де құндылықтар жинақталған кітапхана жұмысы жақсы жолға қойылған. Оқушылар демалыс кезінде медицина кешенінде, нақтылай түссек мини–клиникада емделуіне, шынығу процедураларын, физиотерапия, оттекті коктейль, тыныс алу жаттығуларын, емдік дене шынықтырулар, тағы басқа алуына болады. Күніне алты рет тамақтанады.

Сауықтыру орталығына еліміздің барлық аймақтарында білім алып жүрген миллиондаған оқушылардың арасынан ең үздік оқыған, талантты, тәртіпті балалар ғана жіберіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

«Балдәурендегі» бал күндер // Алматы ақшамы. – 2021. – 15 шілде. – 24 б.

«Балдәурен–Қапшағай» демалыс–сауықтыру орталығында балалардың жазғы демалысын өткізуі.

Дауленова Г. Даланың дара ұстазы / Г. Дауленова // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 7 желтоқсан. – 23 б.

«Балдәурен» Республикалық оқу–сауықтыру орталығында «Кел, балалар, оқылық...» атты Ы. Алтынсариннің мерейтойына арналған мәнерлеп оқу шеберлерінің Республикалық кездесуінің өткендігі жайлы.

Ерполат Н. Ғұламаның қазіргі ізбасарлары / Н. Ерполат // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 27 қазан. – 18 б.

«Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығының атқарып жатқан істері жайында.

Есалы А. Мақтааралдық оқушылар олжалы болды / А. Есалы // Егемен Қазақстан. – 2020. – 8 маусым. – 8 б.

Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» Республикалық оқу–сауықтыру орталығында Мақтаарал ауданындағы мектептердің 5–9 сынып оқушыларының демалуы.

Қайдар Р. Қауіпсіз әрі көңілді каникул / Р. Қайдар // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 маусым. – 3 б.

«Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығында жазғы демалысты ұйымдастыру.

Құттымұратұлы Қ. Оқушылар жазғы лагерьге барады / Қ. Құттымұратұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 27 мамыр. – 10 б.

Жазғы сауықтыру лагерьлеріне зертханалық зерттеу мен вакцинаның толық курсы өткен қызметкерлер мен оқушылар қабылданатыны жайында.

Маратова Д. Жазғы демалыстағы онлайн лагерь / Д. Маратова // Ұлан. – 2020. – 21 шілде. – 5 б.

Пандемия кезінде «Балдәурен» Республикалық оқу–сауықтыру орталығы мен Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданына қарасты «Үржарайым» лагерінің жұмысы жайында.

Набиева Ш.О. Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі рухани құндылықтар ортасы / Ш. О. Набиева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 12. – 8–10 б.

Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығында «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының рөлі» тақырыбында мектеп кітапханашыларының республикалық семинарының өтуі жайлы.

Оқушылар жазғы демалыста қалай демалуда? / дайынд. Л. Қажымова // Қазақстан дәуірі. – 2021. – 22 шілде. – 8 б.

Орал қаласының мектеп оқушыларының жазғы демалысын «Атамекен», «Лесная сказка», «Балдәурен» лагерьлерінде өткізуі туралы.

Орда Г. Жаңа ұрпаққа – жаңа бағдарлама / Г. Орда // Алматы ақшамы. – 2019. – 2 наурыз. – 6 б.

«Балдәурен–Қапшағай» оқу–сауықтыру орталығында «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі» атты республикалық семинар–практикумның өтуі жайлы.

Сағындық М. Жаңаша бағыттың өзекті мәселелері / М. Сағындық // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 28 қаңтар. – 3 б.

«Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің қолдауымен «Инклюзивті білім берудің өзекті аспектілері» тақырыбында республикалық ғылыми»практикалық конференция ұйымдастыруы туралы.

Сатымхан А. Балалардың бал мекені / А. Сатымхан // Білімді ел = Образованная страна. – 2022. – 13 қыркүйек. – 14 б.

«Балдәурен» республикалық оқу–сауықтыру орталығында балалардың демалуы туралы.

Тухпатуллина С. Патриот ұрпақ тәрбиелеудегі «Балдәуреннің» рөлі / С. Тухпатуллина // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 9 қараша. – 13 б.

«Балдәурен» республикалық сауықтыру орталығында патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жүргізу барысы жайлы.

10 қараша – Дүниежүзілік жастар күні

Бұл мейрам 1945 жылы, Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан шамамен екі ай өткен соң бекітілді. «Дүниежүзілік жастар күнінің» тойлау мезгілі 29 қазан мен 10 қараша аралығында Англия астанасы Лондонда өткен Дүниежүзілік жастар конференциясының аяқталуына ұштастырылған. Конференцияның аяқталған күн маңызды болып есептелінеді, өйткені ең алдымен, бұл күн өзінің «Империализмге және кертартпалыққа қарсы, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік үшін, жастардың саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға әртүрлі жастар ұйымдарының бірігуі» атты мақсатын жариялаған Дүниежүзілік демократияшыл жастар федерациясының негізделген күні. Бұл ұйымда Кеңес Үкіметі «КСРО жастар ұйымдарының комитетін» ұсынды. «Дүниежүзілік жастар күнін» жаппай тойлау ықыласын білдірген дәл ДДЖФ болатын.

Жастар күнін өткізу жастар саясатын жүзеге асыру, жорамалданған жастар ұйымдарымен, қала жастары мен жоғары сынып оқушыларының және олардың бастамасын өздері жүзеге асыруға тамаша мүмкіндік. Жастар арасында маскүнемдік және нашақорлық, қылмыстың алдын–алу және күресу үшін құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық, мерекелік іс–шараларды өткізуде жастарды тартып және мәселелерді шешуге үйрету, жастар бірлестіктерінің қалыптасуы мен дамуы негізгі қағидалары болып табылады.

Кәсіби мектептер мен колледждердің жұмысын жетілдіру үшін шағын және орта бизнес өкілдері, оларды қолдау құрылымдары, кәсіпкерлікті қолдау орталығы мен кәсіпкерлер қауымдастығымен және т.б байланысын дамытып, тереңдету керек. Осыны ескере отырып жастар күніне орай «Жас кәсіпкер» атты семинар–тренинг ұйымдастыру, жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне орай жастар мен жасөспірімдерге сауықтыру жөнінде тренингтер, пікір–сайыс, ақпараттық кездесулер, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тынысы» атты жастар мен жасөспірімдер шығармашылығының көрмесін өткізуге де болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Заң.

Мемлекеттік жастар саясаты туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 ж. 9 ақпан № 285-V ҚРЗ / Қазақстан Республикасы. Заң. // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. – 2015. – № 3. – 12–қ.; // Егемен Қазақстан. – 2015. – 11 ақпан.

Қазақстан Республикасы. Президент (1991- ; Н.Назарбаев).

Жастар жылын жариялау туралы : Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 ж. 13 қараша № 784 жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (1991-; Н.Назарбаев) // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2018. – № 62. – 346–қ.

Қазақстан Республикасы. Президент (2019 – ; Қ. Тоқаев).

Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (2019 – ; Қ Тоқаев) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы = Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – 2019. – № 34–35. – 47–53 б. ; // Егемен Қазақстан. – 2019. – 28 тамыз. – 1.3 б. ;

Әліпбай С. Волонтерлік – қоғам ізгіленуінің белгісі / С. Әліпбай // Егемен Қазақстан. – 2021. – 23 маусым. – 3 б.

Үкімет отырысында елдегі санитарлық–эпидемиялық жағдай, бәсекелестікті дамыту және волонтерлікті дамытудың 2021–2023 жылдарға арналған жол картасының орындалу барысы туралы мәселелердің қаралғандығы жайлы.

Бәйәділ Б. «Серпіннен» неге серпін жоқ?! / Б. Бәйәділ // Егемен Қазақстан. – 2020. – 14 қаңтар. – 1,7 б.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен бастау алған «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірдегі оқу орындарында білім алып жатқан жастардың жұмысқа орналасуына, еңбек етуіне не кедергі мәселесі қаралған.

Бейсенбаев Е. Тәуелсіздік тірегі – жастар / Е. Бейсенбаев // Айқын. – 2021. – 12 ақпан – 5 б.

«Жастардың даму индексі» жобасының жастар мәселесін шешу, оларды

қолдаудағы іс-шаралардың жүргізілуі.

Бекқайыр Н. «Еріктілер ерекше мәртебеге лайық» / Н. Бекқайыр // Заң газеті. – 2020. – 7 ақпан. – 4 б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і жастар комитетінің төрағасымен сұхбат / әңгімелескен Н.Бақтығалиев.

Есмұханова Э. Волонтерлерлік негізі – шын ниет, шынайы амалдар / Э. Есмұханова // Түркістан. – 2020. – 23 қаңтар. – 8 б.

«Астана жастары» Жастар ресурстық орталығының еріктілер қозғалысын дамыту бөлімінің жетекшісімен сұхбат / әңгімелескен А.Жолдасбекқызы.

Жан К. Жастардың діни білімін жетілдіру өзекті / К. Жан // Жас Алаш. – 2022. – 14 сәуір. – 4 б.

Жастар жылы: дерек пен дәйек // Егемен Қазақстан. – 2020. – 16 қаңтар. – 7 б.

Жастар жылына орай дайындалған Жол картасында жастарды қолжетімді баспанамен, жұмыспен қамту, білім беру т.с.с. шаралардың орындалуына көз жіберу жайлы / дайындаған С.Ғалымжанқызы

Қамзабекұлы Д. Жастар және рәмізтанудың жаңа міндеттері / Д. Қамзабекұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 3 маусым. – 5 б.

Қуанышев Ж. Жастардың «Ақиқат» саяси пікірталас клубы. Нұртілеу Иманғалиұлы ұйымдастырған тамаша хабар еді / Ж. Қуанышев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 14 мамыр. – 9 б.

Қыдырбекұлы Ұ. Ел болашағы жастар / Ұ. Қыдырбекұлы, Т. Байымбетова // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики. – 2020. – № 1. – 4–6 б.

Жастардың қоғамдағы орны мен рөлі, тәрбиесі туралы.

Латинова С. Болашақ жастар тәрбиесіндегі мектептің рөлі / С. Латинова // Мектеп директоры = Директор школы. – 2022. – № 1–2. – 18–19 б.

Лепесова А. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі / А. Лепесова // Түркістан. – 2020. – 16 қаңтар. – 1–2 б.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ақордаға арнайы 300 жасты шақырып, Президенттік кадр резервіне жастарды іріктеу жұмысы жүргізілетіндігі жайында айтты.

Мәсімханұлы Д. Сөз түзелді, жас буын, сен де түзел немесе Президент Қ. Тоқаевтың жастар саясаты туралы / Д. Мәсімханұлы // Егемен Қазақстан. – 2020. – 12 ақпан. – 6 б.

Мәсімханұлы Д. Жастар – ел ертеңі немесе ел Президентінің болашаққа қатысты қадамы туралы / Д. Мәсімханұлы // Ана тілі. – 2020. – 10–23 желтоқсан. – 1,5 б.

Қ. Тоқаевтың жастар жылына орай айтқандары: кадрлық резервке өтуі, жастар саясаты, жастар тәрбиесіне қатысты қадамдары жайлы.

Мәсімханұлы Д. Сөз түзелді, жас буын, сен де түзел немесе Президент Қ.Тоқаевтың жастар саясаты туралы / Д. Мәсімханұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 12 ақпан. – 6 б.

Шолтанова З. «Жас маман» жастарға жол ашады / З. Шолтанова // Egeмен Қазақстан. – 2021. – 22 сәуір. – 7 б.

Бәсекеге қабілетті еңбек нарығының сұранысына орай мамандар даярлауда Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжіне «Жас маман» жобасының қолдау көрсетуі.

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

15 қараша – Қазақстанда ұлттық валюта теңге және қаржыгерлер күні.

1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» жарлығы шықты. Ал 1993 жылдың 15 қарашасында теңге айналымға енді.

Бір жыл ішінде әзірленген теңге жоғары сапамен ерекшеленеді. Купюрлерде 18 қорғау элементі бар.

Алғашқы теңгелер 1, 3, 5, 10, 20, 50 және 100, 200 теңге номиналдарында шығарылған. Кейіннен олар құнсызданып, қазір айналымда 500, 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңге номиналындағы банкноттар жүр.

Ұлттық теңге күнінде мектепте тәрбие сағатын өткізуде ақша ұғымдарына түсінік беру, айналымдардағы ақша түрлерін білуге үйрету; оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту; өз Отаны Қазақстанға мақтаныш сезімін ояту, төл теңгенің тарихын түсіндіру; ақша құнын, оны қолдана білуге үйрету, тәрбиелеу мақсатында сыныптарда тәрбие сағаты өткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аймағамбет А. Теңге қалай нығайды? / А. Аймағамбет // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 14 сәуір. – 1,5 б.

Ақпанның соңы, наурыздың басы қаржы секторы үшін қатерлі басталды. Тегеурінді интервенцияларға қарамастан теңге өз салмағын жоғалтып алды.

Әзімханова Т. Қазақтың ақшасы – теңге / Т. Әзімханова // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 11. – 10–11 б.

15 қараша Ұлттық валюта күні.

Әлханова А. Ұлттық валютамыз – теңге / А. Әлханова // Бала тәрбиесі. – 2020. – № 11. – 8–9 б.

15 қараша Ұлттық валюта күні.

Әліпбай С. Теңге салымдарын қорғау бағдарламасы жарияланды / С. Әліпбай // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 2 наурыз. – 5 б.

Премьер–Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында.

Дәулетхан М.Н. STEM білім беру арқылы оқушылардың экономикалық мәдениетін қалыптастыру / М. Н. Дәулетхан, Г. Т. Абилбакиева // Әлеуметтік

педагогика және өзін-өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2020. – № 6. – 12–13 б.

Елеусізов Е.М. Тәуелсіздік символы – ұлттық теңге / Е. М. Елеусізов, А. А. Жайлау // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2020. – № 11. – 28–31 б.

Касанова Ж.Ж. Ақша және банк жүйесі / Ж. Ж. Касанова // Ұлағат. – 2021. – 68–71 б.

Сабакта қарастырылған мәселелер: ақша ұғымы, шығу мен даму тарихы, банк жүйесі.

Мұратқали Ж. Тәуелсіздік тартуы / Ж. Мұратқали // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 15 қараша. – 1, 6 б.

Ұлттық валюта теңгенің жарыққа шығуы.

Смағұлов С. Теңге – тәуелсіздігіміздің экономикалық негізі / С. Смағұлов // Алматы ақшамы. – 2020. – 12 қараша.

15 қараша – теңге күні.

Токпеисова Г.Ш. Банк қызметіндегі несиелік ресурстардың көздері мен мәні / Г.Ш. Токпеисова // Қазіргі білім мектепте, колледжде, ЖОО–да = Современное образование в школе, колледже и ВУЗ–е. – 2021. – № 2. – 36–39 б.

Тоқтамұрат Қ. Дизайны – ерек, реңі – бөлек / Қ. Тоқтамұрат // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 15 қараша. – 8 б.

Ұлттық валютаның дизайны туралы.

Төлепберген Б. Төл теңгемізді төрге шығарған азамат / Б. Төлепберген // Қала& дала. – 2020. – 20 қараша. – 12 б.

Қазақстан дизайн орталығының бас директоры Х. Ғабжалилов теңгенің авторының бірі ғана емес, жарыққа шығаруды ұйымдастырушы.

Шәріп А. Тәуелсіздікті табанды еткен теңге / А. Шәріп // Айқын. – 2021. – 10 наурыз.

Шыңғысхан Ж. Төл теңгенің тарихы: 15 қараша – Ұлттық валюта күні / Ж. Шыңғысхан // Qazaq. – 2022. – 15 қараша. – 8 б.

Қарашаның үшінші бейсенбісі – Халықаралық шылымқорлықтан бас тарту күні

Бұл 2002 жылы қабылданған «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы» ҚР Заңының жалғасы десек те, ол тек жоғары жақтағылар болмаса, қалың қауымның құлағына тиісті дәрежеде жете қоймаған сыңайлы. Ойын-сауық орындарында ғана емес, жолаушылар көлігінің жүргізушілеріне дейін көк түтінді «сызылтып» келе жататыны сол білместігінен бе, әлде заңның солқылдақтығынан ба, кім білген?! Ал шетелде заң қатал. Соның бірнешеуіне тоқталайық. Мысалы: Англияда 2006 жылдан бері мейрамхана, клуб, мектеп, аурухана, түрме, қызмет орнында темекі тартқандарға 30–дан 200 фунт стерлингке дейін айыппұл салынады. Францияда мұндай шектеу 2007 жылы қолға алынған. Түркияда заң бұзғандар 45 АҚШ долларын

төлейді. Ватиканда 2005 жылдан бері сол ел аумағындағы барлық адамға заң бірдей, айыппұл 30 еуроны құрайды. Италияда заң 2005 жылдан күшіне енген, айыппұл 27 еуро тұрады. Бутан корольдігі 2004 жылдан бері темекі саудасына толықтай тыйым салған тұңғыш мемлекет. Елге темекі әкелгендерге 210 АҚШ доллары мөлшерінде айып салынып, темекі бизнесімен айналысқысы келгендер бірден лицензиясынан айырылады.

Шылымның адам ағзасына келтіретін зияны және одан туындайтын ауру мен өлім жайлы 4–6 сынып оқушыларына «Темекінің адам ағзасына зияны» аты әңгіме өткізуге, ал жоғары сынып оқушыларына арнап дәрігерлерді шақырып «Темекі туралы ащы шындық» атты кеш ұйымдастыруға, төменгі сыныптар үшін «Зиянды әдеттен аулақ бол» атты тәрбие сағатын өткізуге және осы тақырыптарға байланысты темекі туралы плакаттарды ілуге, темекінің зияны туралы слайдтар көрсетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Абилдаева У.А. Шынықсаң – шымыр боласың / У. А. Абилдаева // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 2. – 9–10 б.

Салауатты өмір салтын ұстануға баулу, спортқа қызығушылығын арттыру.

Адибеков А.К. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе / А. К. Адибеков // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 3. – 9–10 б.

Денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір сүру керектігі жайында.

Байғанаева А.С. Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу / А. С. Байғанаева // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 1. – 14–16 б.

Бейсенбекова Г.А. Дені сау азаматтар – мемлекеттің ең бағалы капиталы / Г. А. Бейсенбекова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 2. – 5–6 б.

Оқушылардың жеке бас гигиенасын сақтау және жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

Жұмабаева С. Оқушылардың денсаулық сақтау сауаттылығын қалыптастыру мәселелері / С. Жұмабаева // Қазақстан мектебі. – 2021. – № 5. – 44–45 б.

Қайдар Р. Балаңыздың қауіпсіздігі – бәрінен маңызды / Р. Қайдар // Егемен Қазақстан. – 2021. – 13 мамыр. – 8 б.

Кәмелетке толмағандар арасындағы жазатайым оқиғалардың алдын алу.

Қасымов С. Дене тәрбиесі – салауатты өмір салтының негізі / С. Қасымов // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 3. – 11 б.

Мендыгарина Қ. Спорт – жан серігі / Қ. Мендыгарина // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 4. – 30–32 б.

Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Өміртай Н.Б. Салауатты өмір сүру салты және оны бұзатын факторлар

/ Н. Б. Өміртай // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2022. – № 3–4. – 4–7 б.

Садыкова Г.М. Зиянды әдет – қоғамдық індет / Г. М. Садыкова // Дәрігер, логопед және психолог балабақшада және мектепте = Врач, логопед и психолог в школе и детском саду. – 2019. – № 3–4. – 16–18 б.

Ішімдік, нашақорлық, темекінің адам ағзасына зияны туралы түсінік беру, салауатты өмір салтын ұстануды насхаттау.

Қараша 15 жұлдыз Қазақ әдебиетінің негізін салушы, жазушы, қоғам қайраткері, ағартушы–педагог **Бейімбет Майлиннің** туғанына **130 жыл** (15.11.1894–26.02.1938).

Майлин Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы 1894 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Дамбар болысы, Аят өзені бойындағы Ақтөбе деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданына қарасты Майлин атындағы колхозда) кедей шаруаның отбасында туған. Әкеден сәби шағында жетім қалған Бейімбет анасының тәрбиесінде өседі.

Есейе келе, байға делбеші бала болып жүріп, ауыл молдасынан ескіше хат таниды, өз бетінше кітап оқып, қалалы жерде білім алуға талпынады. Троицк қаласындағы «Уазифа» медресесінде, Қостанайдағы орысша–қазақша мектепте, одан кейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып білім алады.

1916–1919 жылдары Бейімбет Майлин еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, болыс аралық оқу бөлімінің бастығы, Қостанай губерниялық оқу бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарады. Сол кездерден ол педагогикалық тақырыптарға әңгіме, очерк, мақалалар жазумен шұғылдана бастайды.

1919–1921 жылдары ауылдағы кеңес жұмысына белсене араласады. 1922–1923 жылдары республикамыздың сол кездегі астанасы Орынбор қаласына барып, орталықтағы баспасөзге қатысады, өлеңдер жинағын бастырады, 1923–1937 жылдары «Ауыл», «Еңбекші қазақ» және «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкерден бастап, редакторға дейін журналистік жұмыс атқарды.

Б. Майлин қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарды жасаушылардың, оқушыларға берілетін білім мазмұнын алғаш рет белгілеушілердің бірі. Ол «Шала сауаттылар үшін оқу кітабын» (1929), «Колхоз ауылы» (4–оқу жылына арналған оқу кітабы, 1930), «Күш» (Шала сауаттылар үшін оқу кітабы, 1930), «Жаңаша оқы» (1931), «Сауат үшін. Сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы» (1933), Ғабит Мүсірепов, Әміржан Сыдықовтармен бірігіп «Сауаттандырғыш. Сауатсыздар әліппесі» (1935, 1936) секілді оқулықтар мен оқу құралдарын жазды.

1938 жылы 26 ақпанда КСРО Жоғары соты әскери коллегиясының

үкімімен Б.Майлинге ату жазасы кесілді. Он бес–ақ минутте шығарылған үкім сол күні орындалды. Жиырма жылдан соң толық ақталды. Сол жылдардың қиыншылығын әйелі Гүлжамал және үш баласы: ұлдары Мереке, Еділ және қызы Гүлсім бастарынан өткізді. Енді өзі жоқ болса да артында қалған рухани мол мұрасы қалды, содан сусындап азық алу үлкен бір ғанибет. Мұрасы да, өз аты да елі барда, халқы барда мәңгі өлмейді, ұрпақтан ұрпаққа жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы / Б.Майлин. – Алматы:Жазушы

Т.1.:Өлеңдер, поэмалар. – 1986. – 343 б.

Т.2.:Пьесалар. – 1987. – 381 б.

Т.3.:Роман және повестер. – 1988. – 355 б.

Т.4.:Әңгімелер,романнан үзінді,повесть,сценарий. –1988. – 413 б.

Т.5.:Повестер мен әңгімелер. – 1988. – 435 б.

Майлин Б. Ел сыры: Повестер, әңгімелер, өлеңдер, фельетондар / Б.Майлин. – Алматы:Жазушы,1994. – 352 б.

Майлин Б. Повесі мен әңгімелері: X кл. оқушыларына арналған /құраст.:З.Бейсенбаев. – Алматы: Мектеп,1972. – 148 б.

Майлин Б. Раушан коммунист / Б.Майлин. – Алматы:Мектеп,1980. – 56 б. (Мектеп кітапханасы)

Майлин Б. Тұңғыш құрбан (Белгісіз шығармаларының жинағы) /құраст. С.Бейменшин. – Алматы: Рауан,1994. – 254 б.

Майлин Б. Тәй,тәй: Өлеңдер мен ертегілер / Б.Майлин. – Алматы,1986.

Майлин Б. Түйебай: Әңгімелер / Б.Майлин. – Алматы,1986

Майлин Б. Жырып жегендер; Мәдениет мұралары; Бекберген мектебі; Бір адамға / Б.Майлин // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы /құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 179–181 б.

Ол туралы:

Бейімбет Майлин (1894–1938жж.) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998. Т.2. – 188–190 б.

Бейімбет Майлин (1894–1939) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2.– 189 б.

Бейімбет Майлин // Тарихи тұлғалар: Танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған / құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы: Алматы баспасы, 2011. – 186 б.

Майлин Бейімбет // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 463 б.

Майлин Бейімбет (15.11.1894–26.02.1938) // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы,1989. – Т.4.– 414–416 б.

Майлин Бейімбет (Бимұхамед) Жармағамбетұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы,

2004. – Т.6. – 315 б.

Майлин Бейімбет (1894–1938) // Абай: эциклопедия. – Алматы, 1995. – 394–395 б.

Майлин Бейімбет: Библиографиялық көрсеткіш // Қазақтар.Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Библиография. – Алматы,1998. – Т.9. 382–402 б.

Майлин Бейімбет Жармағамбетұлы // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. –55–58 б.

Әбілов Д. Биаға // Ой толғауы: Естеліктер / Д.Әбілов. – Алматы,1981. – 71–91 б.

Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлин // Қызыл қырғын. 37–де опат болғандар /құраст. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. – Алматы, 1994. – 42–44 б.

Бейменшин С. Майлиннің Бейімбеті / С.Бейменшин. – Алматы: Білім, 1994.–157 б.

Бейісқұлов Т. Дарын даралығы / Т.Бейісқұлов. – Алматы: Қазақстан,1994. – 135 б.

Жазушы Б.Майлин жайында.

* * *

Асабаев З. Үш алыптың достығы / З. Асабаев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 14 ақпан.

Алаш алыптары Б.Майлин, Т.Жүргенов және Ж.Шанин туралы.

Асабаев З. Бейімбеттің «Қызыл бұрышы» / З. Асабаев // Ана тілі. – 2019. – 14–20 қараша.

Жазушы Бейімбет Майлин туралы.

Байменше С. Бейімбет – аудармашы һәм оның аудармасы / С.Байменше // Жұлдыз. – 2002. – № 10. – 194–199 б.

Б. Майлиннің аудармасы жайында

Байменшин С. Екеудің шындығы / С.Байменшин // Егемен Қазақстан. – 2001. – 19 мамыр.

Б.Майлин мен С.Сәдуақасов арасындағы рухани үндестік жайында

Байменше С. Бейімбетнама / С. Байменше // Егемен Қазақстан. – 2019. – 22 ақпан.

Жазушы Бейімбет Майлин туралы.

Байменше С. Бейімбет мұралары / С. Байменше // Егемен Қазақстан. – 2019. – 31 шілде.

Жазушы Бейімбет Майлин туралы.

Бейсенова Ш. Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығын оқыту (11 сынып) / Ш. Бейсенова // Қазақ және әлем әдебиеті=Казахская и мировая литература. – 2013. – № 3. – 16–18 б.

Бейімбет Майлин //Аңыз адам. – 2014. – № 11.

Осы номер толығымен Б.Майлинге арналған.

Бейімбет Майлин – 120 // Егемен Қазақстан. – 2014. – 1 қаңтар.

Қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі – Бейімбет Майлиннің туғанына 120 жыл

Бейімбетқызы Р. Аяулы әкем туралы естелік / Р. Бейімбетқызы // Жас Алаш. – 2014. – 24 шілде.

Жазушы Бейімбет Майлин туралы қызы Рәзия әңгімелейді.

Бейімбеттің бийігі. Қостанайда Бейімбет Майлиннің 125 жылдығы аталып өтті // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 4 қазан.

Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлин қазасының себептері / Т. Бейісқұлов // Таң–Шолпан. – 2010. – № 2. – 140–152 б.

Бейісқұлов Т. Сүйген жар. «Халық жауының» жары Гүлжамал Майлинаның ерлігі / Т. Бейісқұлов // Түркістан. – 2011. – 26 мамыр.

Бейімбет Майлиннің жары Гүлжамал Майлина.

Елікбаев Қ. Б.Майлин шығармашылығына жаңаша көзқарас / Қ.Елікбаев // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – № 3. – 21–25 б.

Жұмаділова А. Бейімбет Майлиннің оқу–ағарту ісіндегі қызметі / А.Жұмаділова // Бастауыш мектеп. – 1999. – № 11–12. – 7 б.

Қайырбеков Ә. «Достығы жыр болғандай жақсы өнеге» (Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық байланыстары туралы) / Ә. Қайырбеков // Егемен Қазақстан. – 2019. – 26 қыркүйек.

Ниеталина А.Н. Бейімбет Майлин поэзиясындағы кедей тақырыбы. Мырқымбай образы (Қазақ әдебиеті, 11 сынып) / А. Н. Ниеталина // Мұғалім шеберханасы=Мастерская учителя. – 2015. – № 3. – 24–25 б.

Салықов К. Үш арыс / К. Салықов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 28 сәуір.

Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин туралы.

Сыдықова Ж. Б.Майлин әңгімелеріндегі діни мотив көрінісі / Ж.Сыдықова // Ақиқат. – 2007. – № 8. – 88–91 б.

Табын Ж. Майлиндер әулеті немесе Бибағанның кейіпкері Шұға қызға неге ескерткіш орнатпасқа? / Ж. Табын // Жас Алаш. – 2014. – 13 қараша.

Жазушы Бейімбет Майлин туралы.

Тастемирова Д.Б. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасы / Д. Б. Тастемирова // Колледж: кәсіби білім беру=Колледж: профессиональное обучение. – 2016. – № № 3. – 13–14 б.

Б.Майлин шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы.

Хасан С. «Ғалияның» түлектері / С. Хасан // Айқун. – 2018. – 26 мамыр. – 23 б.

Б.Майлин оқыған «Ғалия» медресесінің тарихынан.

Қараша 15 жұлдыз Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі **Әжес Петрулы Сейтешевтің** туғанына **95 жыл** (15.11.1929)

Сейтешев Әжес Петрұлы 1929 жылы 15 қарашада Атырау облысы Құлағын ауданының 3 ауылында дүниеге келген.

1935–1938 жылдары Атырау облысының Жилой Косе поселкесіндегі бастауыш мектепте және Орликов бастауыш мектебінде оқыды. 1946–1948 жылдары Атырау қаласындағы № 3 ауыспалы орта мектебінде және сол жерде № 9 кәсіптік училищеде 7 сыныпты оқыған және училищенің «токарь–эмбебап» мамандығы бойынша үздік бітірді. 1948–1951 жж. Кировабад қаласындағы авиациялық училищесінде оқыды. 1952–1953 жж. Кировабад қаласының Ұшқыштар полкінің атқыш–ұшқышы болды. 1953–1956 жж. Ташкенттегі еңбек резервтері техникумының «техник–механик», өндірістік оқыту мастері мамандықтарын оқыды. 1956–1964 ж. Бішкек қаласындағы № 3 техникалық училищеде оқытушы және кәсіптік оқыту шебері болды.

1956–1962 жж. Бішкек қаласындағы Политехникалық институтының кешкі бөлімінде инженер-технолог мамандығын үздік бітірді. 1964–1966 жж. Бішкек қаласындағы Қырғыз Педагогикалық ғылыми зерттеу институтының аспиранты болды. 1956–1969 жж. Бішкек қаласында техникалық училищеде мұғалім, директордың орынбасары, 1971–1972 жылы № 3 техникалық училищенің директоры, 1970–1980 жж. Қырғыз Политехникалық ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болды. 1980 жылдан Қазақ ұлттық аграрлық институтының кафедра меңгерушісі болды, 1980–1990 жж. осы институттың инженерлік–педагогикалық факультетінің профессоры, 1990–1994 жж. осы институттың кафедра меңгерушісі. 1994–1998 жж. Қазақ Мемлекеттік Аграрлық университетінің инженерлік-педагогика кафедрасының профессоры. 1999 ж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің (қазіргі Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университеті), Спорт және туризм академиясының ғылыми кеңесшісі болды. 1999 ж. «Ұлттық кадрларды кіріктіріп және саралап дайындау мәселелері» бойынша ТМД елдерінің үйлестірушілік ғылыми Кеңесінің төрағасы. 1998–2002 жж. И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалатын мамандандырылған Кеңестер мүшесі.

1968 жылы Қырғыз мемлекеттік университетінде «Оқушылардың техникалық қызығушылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

1974 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында «Тұлғаны кәсіптік бағытта тәрбиелеу әлеуметтік–педагогикалық мәселе» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1985 жылы КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі, 1990 ж. КСРО ПҒА нақты мүшесі, 1990 ж. Берлин қаласында Кәсіптік білім берудің Әлемдік ассоциациясының мүшелігіне сайланды. 1994 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының нақты мүшелігіне сайланды. 1998 жылы Ресей Ғылым академиясының құрметті мүшелігіне сайланды, 1999 ж. «Кәсіптік білім берудің болашағы мен мәселелері» Еуроазиялық орталығының мүшесі.

Ғылыми еңбектері негізінен практикалық педагогика мәселелеріне арналған. 800–ден астам еңбегі, оның ішінде 38 монографиясы жарық көрген.

Ә.Сейтешев «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Жұмыстағы үздік жетістіктері үшін», «КСРО кәсіптік–техникалық білім беру үздігі» төсбелгілерімен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің мақтау қағазымен марапатталды. Н.К.Крупская атындағы сыйлықтың иегері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

(Ә.П.Сейтешевтің еңбектері орыс тілінде жазылған. 2024 жылға арналған орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз).

Ол туралы:

Ажес Петрұлы Сейтешев // Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар. – Алматы: Ғылым, 1999. – 18–22 б.

Сейтешев Әжес // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – Т.7. – С.634.

Сейтешев Әжес // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. –187 б.

Әбсаттаров Р. Жаңалыққа жаны құмар / Р. Әбсаттаров, Т.Қалдыбаева //Ана тілі. – 2014. – 20–26 қараша.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, КСРО педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Әжес Петрович Сейтешев туралы.

Кенжебеков Б. Кешегі көше баласы бүгінде көрнекті академик / Б.Кенжебеков // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 желтоқсан.

Ғалым, академик Әжес Сейтешев туралы.

Қараша Педагогика ғылымының кандидаты, қазақ тілі оқулықтары
21 жұлдыз мен әдістеме құралдарының авторы, **Балғаным Балғынбайқызы Құлмағамбетованың туғанына 95 жыл** (21.11.1929).

Құлмағамбетова Балғаным Балғынбайқызы 1929 жылы Астрахань облысы, Қарабайлы ауданы, Қарабайлы ауылында туған. 1951 жылы Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп шығып, Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты жанындағы аспирантураға қабылданды. Көп ұзамай «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аффистік түрленуі» деп аталатын тақырыпта кандидаттық диссертацияны табысты қорғап шығады.

1957 жылдан Б.Б.Құлмағамбетова көп жылдар бойы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдардың ғылыми–зерттеу институтында (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясы) орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту методикасы бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті.

Б. Құлмағамбетованың еңбектері, бүкіл республика жұртшылығына,

Түркия, Иран, Алмания елдеріндегі отандастарға арнап жазған «Қазақ тілі» оқулықтары Қазақстаннан тыс өңірлерге де танымал болды.

Б.Б.Құлмағамбетова үш монографияның, «Қазақ тілі» оқулықтарының, жалпы саны 80–астам методикалық оқу құралдарының, түсіндірме сөздіктің, дидактикалық материалдың, оқу диафильмдерінің авторы. Көптеген аспиранттардың ғылыми жетекшісі және тәлімгері. Орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелерімен айналысты

Б.Б.Құлмағамбетова зор еңбек сіңірде. Ол кісінің «Қазақ тілін үйренушілерге көмек», «Қазақ тілі» оқулықтары, кәсіптік–техникалық училищелер мен жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы республика жұртшылығының көңілінен шығуда.

Б.Б.Құлмағамбетованың еңбегі халық–ағарту саласында жоғары бағаланып: «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» толу құрметіне арналған медальмен, Қазақ КСР Халық ағарту министрінің «Халық ағарту ісінің озаты», «КССР халық ағарту ісінің озаты» белгілерімен, Білім министрінің грамоталарымен, Еңбек ардагері медалімен, Ы.Алтынсарин атындағы медальдармен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Құлмағамбетова Б. Аз комплектілі мектепте сабақты ұйымдастыру: (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал) / Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Мектеп, 1974. – 71 б.

Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану / Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Мектеп, 1984. – 52 б.

Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды пайдалану: IV–VIII кл. Арналған / Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Мектеп, 1973. – 80 б.

Құлмағамбетова Б. Құрмалас сөйлемді оқытудың кейбір мәселелері / Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1963. – 124 б.

Құлмағамбетова Б. Сабақта дыбыстық аппараттарды пайдалану жолдары / Б.Құлмағамбетова // Мектепте қазақ тілін оқыту проблемаларын жетілдіру. – Алматы, 1984. – 34–64 б.

Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту / Б.Құлмағамбетова, Ж.Елемесов, З.Қалауова. – Алматы, 1992. – 35 б.

Құлмағамбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге: Өз бетімен үйренушілерге арналған құрал / Б.Құлмағамбетова, Ж.Елемесова. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.

Құлмағамбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге арналған құрал. – 2–бас. / Б.Құлмағамбетова, Ж.Елемесова. – Алматы, 1992. – 190 б.

Құлмағамбетова Б. т.б. Қазақ тілінен 6 класқа арналған дидактикалық материал: мұғалімдерге арналған көмекші құрал / өңд. тол. бас. 2–бас. / Б.Құлмағамбетова, Р.Құтқожина, К.Әбуова. – Алматы: Мектеп, 1979. – 130 б.

Әділқаев Д., Құлмағамбетова Б. VIII кластың «Қазақ тілі» оқулығына арналған әдістемелік нұсқау / өңд.толық 3–бас. / Д.Әділқаев,

Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Рауан, 1994. – 104 б.

Нұрғалиева М., Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі: орыс мектептерінің 6 кл. арналған оқулық. 5–бас. / М.Нұрғалиева, Б.Құлмағамбетова. – Алматы: Рауан, 1997. – 144 б.

Қазақ тілі: Пәндік тестер: оқу қазақ және орыс тілдерінде жүретін мектептердің 5–9 сыныптарына арналған / әзірлегендер Б.Құлмағамбетова, А.Досмырзаева, Ж.Адамбаева ж.б. – Алматы: Рауан, 1997. – 71 б.

* * *

Құлмағамбетова Б. Аз комплектілі мектептерге сабақты ұйымдастыру жөніндегі методикалық нұсқау / Б.Құлмағамбетова // Қазақстан мектебі. – 1971. – № 10. – 47–52 б.

Құлмағамбетова Б. «Етістік» тақырыбын техникалық құрал пайдалана оқыту / Б.Құлмағамбетова // Қазақстан мектебі. – 1975. – № 10. – 34–37 б.

Құлмағамбетова Б. «Зат есім» тақырыбын оқытумен байланысты өздігінен орындалған жұмыс түрлері / Б.Құлмағамбетова // Бастауыш мектеп. – 1973. – № 1. – 23–24 б.

Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқытуда техникалық құралдарды пайдалану / Б.Құлмағамбетова // Қазақстан мектебі. – 1973. – № 8. – 38–40 б.

Құлмағамбетова Б. «Қазақ тілі» оқулықтарын пайдалану жөнінде әдістемелік нұсқау / Б.Құлмағамбетова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – № 2. – 83–91 б.

Құлмағамбетова Б. Мұғалім – оқулық авторы / Б.Құлмағамбетова // Бастауыш мектеп. – 1993. – № 10. – 25–27 б.

Құлмағамбетова Б. Өздігінен орындалатын жұмыстар: аз комплектілі мектеп үшін қазақ тілінен өтетін үлгі–сабақ жоспары / Б.Құлмағамбетова // Бастауыш мектеп. – 1972. – № 7. – 28–30 б.

Құлмағамбетова Б. IV–V кластарда етістікті оқыту. Ғылыми мақалалар жинағы / Б.Құлмағамбетова // Педагогика ғылымдарының Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми–зерттеу институты. 1972. – шығ.4. – 43–50 б.

Құлмағамбетова Б. Төртінші орыс класында қазақ тілін оқыту туралы: мұғалімдерге көмек / Б.Құлмағамбетова // Бастауыш мектеп – 1990. – №8. – 30–33 б.

Құлмағамбетова Б. Үлгерім – ұқсатудан. Республикадағы аз комплектілі мектептер жұмысынан / Б.Құлмағамбетова // Бастауыш мектеп. – 1973. – №6. – 14–16 б.

Құлмағамбетова Б. Шоқтығы биік болсын / Б.Құлмағамбетова // Қазақстан мектебі. – 1999. – № 7–8. – 26–27 б.

Құлмағамбетова Б. Кластан тыс оқуға дағдыландыру (2–4 кластар) / Б.Құлмағамбетова, К.Ақбаева // Бастауыш мектеп. – 1993. – № 9. – 33–34 б.

Қазақ тілі программасы (ересектер үшін). – Алматы, 1989. – 37 б.
Программаны дайындаған Б.Құлмағамбетова.

Қараша Қоғам және мемлекет қайраткері, Орта Азия мен
26 жұлдыз Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатушылардың бірі **Тұрар**
Рысқұловтың туғанына **130 жыл** (26.11.1894–1943).

Тұрар Рысқұлов 1894 жылы қарашаның 26 күні бұрынғы Жетісу облысы (қазіргі Алматы обл.) Верный уезі Шығыс Талғар болысы, Бесағаш деген жерде дүниеге келді.

Әкесі Рысқұл Жылқайдаров 1904 ж. желтоқсанда патша үкіметінің зорлық–зомбылығына қарсы шыққаны үшін 10 жылға каторгалық жұмысқа кесіліп, Сахалинге жер аударылды.

Әкесі Рысқұл Алматының түрмесіне түскенде жалғыз ұлы, он жасар Тұрарды оязға арыз жазып, өзінің қасына түрмеге алдырады. Камерада әкесімен бірге жатқан Александр Бронников деген революционердің көмегімен әліппе танып, орысша сауаты ашылады. Кейін әкесін Сібір айдап жібергенде, Меркіге қашып барып, сонда Қырғызбаев деген фамилиямен төрт жылдық орыс–қазақ интернат мектебіне түсіп оқиды. 1910–1914жж. Пішпектегі (қазіргі Бішкек) ауыл шаруашылығы мектебінде оқиды. 1916ж. Ташкенттегі мұғалімдер мектебінде оқып жүргенде ұлт–азаттық көтеріліске қатысқаны үшін оны патша үкіметі тұтқынға алады. 1917ж. ақпан революциясы жеңгеннен кейін түрмеден босатылады. 1917 жылдың басында «Қырғыз(қазақ) жастарының революциялық одағын» ұйымдастырады.

Т.Рысқұлов 1917–1926 жж. Әулие–ата уездік Совдепі атқару комитетінің төрағасы, Түркістан республикасының денсаулық сақтау халық комиссары, Түркістан республикасы ОАК төрағасының орынбасары, РКП(б)–ның Түркістандағы Мұсылман бюросының төрағасы, Түркістан республикасы ОАК–нің төрағасы, РСФСР Ұлт істері жөніндегі халкоматының Азербайжан республикасы бойынша уәкілі, РК(б)П Орта Азия бюросының төрағасы, Коминтерн Орталық Атқару Комитетінің Орта Шығыс бөлім меңгерушісінің орынбасары, Коминтерннің Монғолиядағы уәкілі, Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және өлкелік «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы болды. 1926 жылдан бастап РСФСР Халық Комиссарлар Советі төрағасының орынбасары болып тағайындалып, 1937 жылы жала жабылып жазықсыз жапа шеккенге дейін атқарды. Кеңестік қуғын–сүргінге ұшырап, Мәскеу түрмесінде жүрек ауруынан қайтыс болды. КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен 1956 жылы ақталды.

Тұрар Рысқұловтың мемлекет, халық алдында атқарған еңбегі орасан зор. Ол ондаған кітаптың, тарихи және экономикалық тақырыптарға арналған жүзден астам мақалалардың авторы.

Жамбыл облысының бір ауданына Рысқұлов есімі берілген. Тараз қаласында Рысқұлов есімімен аталатын демалыс бағы бар, оның орталық

алаңына ескерткіш орнатылған. Алматы қаласындағы басқару академиясына, даңғылдың біріне Рысқұлов есімі берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Тұрар Рысқұловтың В.И.Сталинге екінші хаты / аударған Ә.Мендекеев // Зауал: мақалалар, естеліктер. – Алматы, 1991. – 9–38 б.

Рысқұлов Т. 1916 жылғы көтеріліс және патша үкіметінің отарлау саясаты хақында / Т.Рысқұлов // Ақиқат. – 1996. – № 3 – 37–42 б.

Рысқұлов Т. РК/Б/П Орталық комитетіне, жолдас Сталинге! Көшірмесі жолдас Рудзутакқа // Қазақ тарихы. – 1998. - № 3. – 47-50 б.

Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып істеген кезіндегі екі хаты / хаттарды журналға даярлаған, сілтеме–түсіндірмелерін жазған Ж.Әшірбекова.

Рысқұлов Т. Қазақ оқырманының тіршілігіне көз салыңыз / Т. Рысқұлов // Ақиқат. – 2008. – № 10. – 3 б.

Тұрар Рысқұловтың 1926 жылы жазылған мақаласы.

Ол туралы:

Рысқұлов Тұрар // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – Т.7. – 502–503 б.

Рысқұлов Тұрар Рысқұлұлы // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 539–560 б.

Рысқұлов Тұрар // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Библиография. – Алматы, 1998. – IX том. – 431–436 б.

Тұрар Рысқұлов (1894–1943 жж.) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 1998. – II том. – 190–192 б.

Тұрар Рысқұлұлы // Тарихи тұлғалар: танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Алматы: Алматыкітап, 2005. – 54–55 б.

Тұрар Рысқұлов // Тарихи тұлғалар: танымдық–көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілік оқырмандарға арналған / құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы: Алматы баспасы, 2011. – 66–67 б.

Әбілтайұлы М. Тұрар Рысқұлов Монголияда / М.Әбілтайұлы, Н.Әбілдаев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 97 б.

Қожакеев Т. Жұлдызы биік жан еді (Тұрар Рысқұлов) // Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. – Алматы, 1992. – 99–107 б.

Қозыбаев М. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар / М.Қозыбаев // Қазақстан Респ. Ұлттық ғылым акад. Хабаршысы. – 1994. – № 6. – 16–69 б.

С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Т.Рысқұлов жайында

Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі / О.Қоңыратбаев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 447 б.

Мұртаза Ш. Қызыл жебе: роман / Ш.Мұртаза. – Алматы: Жазушы, 1978.

– 204 б.

Т.Рысқұлов жайлы.

Мұртаза Ш. Жұлдыз көпір, Қызыл көпір: «Қызыл жебе» романының үшінші және төртінші кітаптары / Ш.Мұртаза. – Алматы: Жазушы, 1991. – 464 б.

Мұртаза Ш. Тамұқ: «Қызыл жебе» ғұмырнамалық роман–эпопеясының бесінші кітабы / Ш.Мұртаза. – Алматы: Атамұра, 1994. – 223 б.

Мұртазаев Ш. Тұрар Рысқұлов // Мұртазаев Ш. Не жетпейді? – Алматы, 1990. – 128–136 б.

Мұртаза Ш. Халық үшін жан пида / Ш.Мұртаза // Зауал. – Алматы, 1991. – 3–8 б.

Тұрар Рысқұлов туралы.

Нұрпеисов К. Тұрар Рысқұлов / К.Нұрпеисов // Қызыл қырғын. 37–де опат болғандар / құраст.Қ.Қасенов,Ә.Төреханов. – Алматы, 1994. – 23–29 б.

Нұртазин Т. Тұрардың анты: Деректі роман / Т.Нұртазин. – Алматы: Жазушы, 1989. – 352 б.

Сарғожин Н. Қайта жалғасқан өмір / Н.Сарғожин. – Алматы: Рауан, 1995. – 111 б.

Т.Рысқұлов туралы деректерден.

* * *

Адырбекұлы К. Халқына қорған болған сом тұлға (Жуырда Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловқа арналған ғылыми–практикалық конференция болды) / К. Адырбекұлы // Түркістан. – 2014. – 6 қараша.

Айтжанбай Г. Тұрарды танып болдық па? / Г. Айтжанбай // Айқын. – 2012. – 29 наурыз.

Қоғам және мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың Ресей жерінде жерленген жері табылды.

Айтжанбай Г. Тұрартанудан – тұлғатануға дейін немесе Алматыда Тұрар Рысқұловқа ескерткіш неге орнатылмай қалды? / Г. Айтжанбай // Айқын. – 2010. – 1 сәуір.

Алпартегі Ж. Тұрар Рысқұловқа құрмет / Ж.Алпартегі // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2002. – 15 маусым.(№ 12)

Байғұт М. Тұрар Рысқұловтың 1896 жылы туғаны рас / М.Байғұт // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 10 қаңтар

Байменше С. Тұрар тұрған үй / С. Байменше // Егемен Қазақстан. – 2011. – 13 тамыз.

Мәскеуде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов 1931–1934 жылдары тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Боранғалиева А. Ұлт жанашыры – Тұрар Рысқұлов. Тұрар Рысқұловтың 125 жылдығына / А. Боранғалиева // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2020. – № 3. – 11–13 б.

Жүніс Н. Тұрар Рысқұловтың еңбектері – тарихтың дерек көзі / Н. Жүніс // Қазақ тарихы. – 2017. – № 10. – 37–39 б.

Есаман Х. Тұрар Рысқұлов тәлім алған мектеп / Х. Есаман // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 28 мамыр. – 11 б.

Қазақтың қайраткері Тұрар Рысқұловтың Жамбыл облысы, Меркі орыс–түземдік бастауыш мектепте оқығаныдығы және мектеп жайында.

Исахметұлы Ж. Алаш арыстары аңсаған тәуелсіздік және Тұрар Рысқұлов / Ж. Исахметұлы, М. Даутбаев // Ақиқат. – 2009. – №5. – 51–58 б.

«Коммунарка». Қазақ қайраткерлері жерленген құпия қабірстан немесе Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төрешұлов жерленген орын анықталды // Алматы ақшамы. – 2011. – 20 қазан.

Қазбекова Қ. Тұлғалар туралы туындылар / Қ. Қазбекова // Үш қоңыр. – 2020. – 21 ақпан. – 1 б.

Ұлттық кітапханада М. Қазыбектің «Қойбек би», «Ғалам таныған ғұлама», Ғ. Маймақовпен «Т. Рысқұлов. Материалы частного совещания националов. Архивные материалы» атты үш кітаптың тұсаукесері өтті.

Қазыбек М. Тұрарға қатысты құпия құжаттар / М. Қазыбек // Президент және халық. – 2014. – 26 желтоқсан.

Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы.

Қайратұлы Б. Мая мен Дэнсмаа / Б. Қайратұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 9 желтоқсан. – 8 б.

«Egeмен Qazaqstan» газетінің 1 желтоқсан күнгі №230 санында «Моңғолды мойындатқан Тұрар» атты көлемді жазба жарық көрді. Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері Т. Рысқұловтың Комитерн өкілі ретінде 1924 жылдың қазан айынан бастап, 1925 жылдың шілде айының аяғына дейін Моңғолияда атқарған саяси қызметі туралы баяндалыпты. Десек те, газет оқырмандарын елең еткізген дүние мақалада айтылған Тұрардың туған қызы туралы оқиға.

Қалижанов У. Тау тұлға. Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың «Еңбекші қазақ» беттерінде қалдырған ізі / У. Қалижанов // Egeмен Қазақстан. – 2014. – 26 желтоқсан.

Қозғамбаева Г. Тұрар Рысқұловтың Моңғолиядағы қызметі / Г. Қозғамбаева // Түркістан. – 2019. – 19 желтоқсан.

Қозыбақова Ф. Тұрар Рысқұлов және аштықпен күрес / Ф. Қозыбақова, Б. Тілеп (Тілепі) // Қазақ тарихы. – 2019. – № 1. – 29–30 б.

Қойшыбаев Б. Ұлт қайраткері / Б. Қойшыбаев // Жас Алаш. – 2019. – 5 қараша.

Алаш қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл толуына орай .

Қойшыбаев Б. Сұлтанбек пен Тұрардың ұлттық мемлекет үшін күресіндегі сабақтастық / Б. Қойшыбаев // Жас Алаш. – 2019. – 24 желтоқсан.

Сұлтанбек Қожанов пен Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл толуына

орай.

Қоңыратбаев О. Әлихан мен Тұрар / О. Қоңыратбаев // Ана тілі. – 2014. – 22–28 мамыр.

Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов пен Тұрар Рысқұлов туралы.

Қоңыратбаев О. Түркі тұтастығын аңсаған / О. Қоңыратбаев // Ана тілі. – 2019. – 26 желтоқсан.

Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл

Қуаныш Б. Тұрар мұрасы тасада қалмасын / Б. Қуаныш // Ана тілі. – 2010. – 11–18 наурыз.

Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы.

Қырықбайұлы Ж. Шерменде кеткен қабылан / Ж. Қырықбайұлы // Жас Алаш. – 2022. – 7 сәуір. – 6 б.

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Тұрар Рысқұлов.

Мәшһүр Жүсіп К. С.Сейфуллин өлеңдерін оқыту / К.Мәшһүр Жүсіп // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2001. – № 7. – 37–41 б.; № 8. – 38–42 б.

Нысаналин А. Заңғар / А. Нысаналин // Ана тілі. – 2019. – 5–11 желтоқсан.

Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл толуына орай.

Октябрь А. Тұрар туралы жаңа туынды / Октябрь Арман // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 29 қыркүйек. – 14 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловқа арналған «Қызыл жебе» фильмі түсірілді.

Онгарова А.А. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі / А. А. Онгарова, Б.Р.Сапарбекова // Қазақстанның ғылыми әлемі=Научный мир Казахстана. – 2012. – № 3–4. – 105–107 б.

Рахметұлы С. Моңғолды мойындатқан Тұрар / С. Рахметұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 1 желтоқсан. – 12 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері – Тұрар Рысқұлов.

Рысдәулет М. Шыңдалу. Үлкен жол Меркі мен Әулиеатада басталған еді / М. Рысдәулет // Егемен Қазақстан. – 2014. – 14 қазан.

Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың Меркіде оқыған, Әулиеатада Совдепте қызмет істеген кездері туралы.

Сабаева Г. Тұранның тұғырлы тұлғасы / Г. Сабаева // Егемен Қазақстан. – 2019. – 23 қаңтар.

Қазақ зиялысы Тұрар Рысқұлов туралы.

Сантаева К. Тұрар Рысқұловтың хаттары – Қазақстан тарихының дерек көзі / К. Сантаева // Қазақ тарихы: ғылыми-әдістемелік журнал. – 2015. – № 4. – 21–22 б.

Серікбайұлы М. Арыстарымызды ардақтай білейік... / М. Серікбайұлы // Айқын. – 2011. – 3 ақпан (№20).

Мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы / жазып алған Г. Айтжанбай

Смағұлова С.О. 1917–1918 жж. Қазақстандағы аштық нәубеті және Т.Рысқұлов / С. О. Смағұлова // Отан тарихы. – 2012. – № 4. – 60–66 б.

Тұрысбек Р. Алаш мұратына адалдық / Р. Тұрысбек // Ана тілі. – 2014. –

28 тамыз – 3 қыркүйек.

Қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы.

Шайзадаев Ұ. С.Қожанов пен Т.Рысқұловтың дүниетанымындағы әлеуметтік–мәдени көзқарастар / Ұ. Шайзадаев, М.Сұлтанбек // Қазақстанның ғылыми әлемі=Научный мир Казахстана. – 2010. – № 4. – 53–55 б.

Шарахымбай Б. Тұрартануға қосылған сүбелі еңбек / Б. Шарахымбай // Ана тілі. – 2019. – 7–13 ақпан.

2018 жылы шыққан Көлбай Адырбекұлының «Алты алаштың ардақтысы» атты қайраткерТұрар Рысқұловқа арналған кітабы туралы.

Қараша Педагогика ғылымдарының кандидаты, психолог **Абдолла**
28 жұлдыз **Құсайынұлы Темірбековтың** туғанына **120 жыл**
(28.11.1904–14.04.1972).

Темірбеков Абдолла 1904 жылы 28 қарашада Ақмола губерниясы, Көкшетау уезінде (қазіргі Айыртау ауданы, Қаратал ауылы) дүниеге келген. Әкесі Құсайын Айыртау өңіріне «Доктор Құсайын» деген лақап атымен танымал революцияға дейін оқыған қазақтың санаулы зиялы азаматтарының бірі және Абдолланың алғашқы ұстазы. Ол әкесінің ауылда ашқан орыс мектебінде оқып бітірген. А.Темірбеков 1924–1929 жылдары Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің шығыс факультетінің педагогика бөлімшесін бітіргеннен кейін біраз уақыт мектепте мұғалім болды. 1932–1937 жылдары Орал педагогика институты директорының сырттай оқу жөніндегі орынбасары, 1939–1948 жылдары Қызылорда педагогикалық институты директорының ғылыми–оқу жөніндегі орынбасары болып істеді.

А.Темірбеков 1950–1955 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) декан, 1955–1960 жылдары Өскемен педагогикалық институтының ректоры болды. Осы жылдары ол жақсы ұйымдастырушы ретінде танылды, оның тұсында Өскемен педагогикалық институты педагогтарының негізі қаланды, 440 орынға жатақхана салынды және институт республикада танымал бола бастады.

1960–1962 жылдары Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының доценті, ал 1962–1972 жылдары Шет тілдер институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақтың халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті) педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, 1962–1970 жылдары Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы болды.

А.Темірбеков жоғары оқу орындарына арналған психологиядан оқулықтар және көптеген ғылыми еңбектер жазды. 1953 жылы «Некоторые вопросы воспитания советского патриотизма у учащихся», 1956 жылы

«Развитие понятия советского патриотизма у учащихся» атты еңбектері жарық көрді. Педагогикалық институттар мен университеттер үшін 1966 жылы қазақ тілінде тұңғыш «Психология» оқулығын шығарды.

1946 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1972 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Темірбеков А. Психология (Педагогтық институттар мен университеттің студенттеріне арналған оқулық) / А.Темірбеков, С.Балаубаев. – Алматы: Мектеп, 1966. – 230 б.

Темірбеков А. Советтік патриотизм және оларды оқушыларды тәрбиелеудегі кейбір мәселелері /А.Темірбеков. – Алматы, 1953. – 28 б.

Темірбеков А. Оқушылардың кеңістік патриотизм сезімін тәрбиелеудің кейбір мәселелері /А.Темірбеков // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) II том. / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – 267–269 б.

Ол туралы:

Темірбеков Абдолла // Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1977. – Т. II – 25 б.

Абдолла Темірбеков // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т. 2. – 266–267 б.

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

Қазақстан халқы 2012 жылы 1 желтоқсан күні еліміз үшін елеулі оқиға – алғаш рет Тұңғыш Президент күнін атап өтті. 2011 жылғы 10 желтоқсанда парламент сенатының толық отырысында «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» заңына толықтырулар енгізу туралы» заңнамасына қол қойылды. 2012 жылы ел Парламенті 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен Тұңғыш Президент сайлауына қатысты осындай шешім қабылдаған болатын.

Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда, алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы – Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды.

1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақ КСР–ның Жоғарғы Кеңесі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын Қазақстан Республикасы деп өзгертті. Еліміз бүгінде бүкіл әлемге танымал жаңа атқа ие болды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан

Республикасының Конституциялық заңы 1991 жылғы 16 желтоқсан күні қабылданды. Осы заң негізінде еліміз өзінің Тәуелсіздігін жария етті.

Осы заңның 1–тарауында: «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттердің тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық», – делінген. Рас, содан бергі жылдары елдің іргесі сөгілген жоқ. Ұлтаралық татулыққа селкеу түспеді. Яғни Конституциялық заңның дер кезінде қабылдануы Қытай, Ресей, Қырғызстан, Түркменстан және Өзбекстанмен шекараны реттеуге ықпал етті. Заң Еуразиялық кеңістікте тұрақтылық пен серіктестік, сенім саясаты негіздерін қалыптастырды.

Шындығы сол, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдау жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің шынайы егемендігінің бастауы болды. Ең алдымен шынайы егемендікті жария етіп, сыртқы әлемге танылуға қол жеткізілді. Әлем Қазақстанды таныды, мойындады. Егемендік, Тәуелсіздік, Ана тілі ұлтты біріктіруші күшке, ұлттық идеологияның рухани тірегіне айналды. Осы жылдары Қазақстан әлемнің азулы мемлекеттерінің қатарынан өз орнын ойып алды. Ғасырға бергісіз отыз жылдан астам уақыт ішінде қазақ деген ұлтты, Қазақстан атты мемлекетті кәрі Еуропа да, мұхиттың арғы жағындағы АҚШ та, көрші Ресей мен Қытай да мойындап, стратегиялық әріптестікке қол қойды. Қазақтың шекарасы айқындалып, ол Ресей, Қытай, Өзбек елі Парламентінде тиісті ратификациядан өтті, заңды құжатқа айналды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні – 2012 жылдан 2022 жылға дейін 1 желтоқсанда жыл сайын тойланған Қазақстанның мемлекеттік мейрамы. 2022 жылдың 29 қыркүйегінде қабылданған «Мерекелер туралы заң» бойынша мемлекеттік мейрам деңгейін жоғалтты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әшімбаев М. Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан / М. Әшімбаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 5 шілде. – 4–5 б.

Баймолда А. Тұңғыш Президент күні / А. Баймолда, С. М. Қожабергенова // Оқу–инновациялық технологиялар = Учебно–инновационные технологии. – 2020. – № 6. – 26–27 б.

Бақтиярұлы М. Тұңғыш Президент күні – жалпыхалықтық мереке / М. Бақтиярұлы // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 30 қараша. – 7 б.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

Балықбаев Т. Елбасының ерен ерлігі / Т. Балықбаев // Qazaq. – 2020. – 7 шілде. – 6 б.

Президент күніне орай Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев туралы.

Бәкір Қ. «Арамыздағы нағыз металлург болды» (Елбасының курстасы Мақаш Тәтімөвтің ескірмейтін естелігі) / Қ. Бәкір // Qazaq. – 2020. – 7 шілде.

Касымова С.Т. 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Еңселі елдің Елбасы» онлайн тәрбиелік-іс-шара / С. Т. Касымова // Қазақстан мектебіндегі директор = Директор казахстанской школы. – 2021. – № 1. – 3–5 б.

Қожамжарова Д. Тұңғыш Президент және дамудың қазақстандық моделі / Д. Қожамжарова // Егемен Қазақстан. – 2020. – 1 желтоқсан. – 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

Құлманова А. Елбасы – ел тірегі, ел намысы! / А. Құлманова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2021. – № 3. – 12–16 б. – Тұңғыш Президент күні мерекесіне арналған тәрбие сағаты сценарийі.

Мәлібекұлы Ж. Елтаңбада Елбасының қолтаңбасы бар / Ж. Мәлібекұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 4 маусым. – 6 б.

Елтаңбаның авторы, архитектормен сұхбат / әңгімелескен А. Шотбайқызы.

Сансызбаева К.З. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде азаматтық – патриоттық тәрбиені қалыптастыру / К. З. Сансызбаева, Г. Қ. Жапақова, Ж. А. Бакенова // Вестник образования. – 2020. – № 6. – 10–13 б.

Тоқаев Қ. Тарихи тұлға тағылымы / Қ Тоқаев // Almaty aqshamy. – 2020. – 4 шілде. – 1–3 б.

Тұңғыш президент Н. Назарбаев туралы.

Тұңғыш Президент һәм Тәуелсіздік // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 30 қараша. – 1 б.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

Шәріп А. Мәңгілік ел – мемлекеттілік ұстыны / А. Шәріп // Айқын. – 2021. – 21 сәуір. – 4 б.

«Мәңгілік ел» идеясына 10 жыл.

Шериязданов Б. Президенттік басқару нысаны – тұрақты дамуымыздың кепілі / Б. Шериязданов // Ақиқат. – 2020. – № 12. – 9–12 б.

Тұңғыш Президент күніне арналған.

1 желтоқсан – Халықаралық ЖҚТБ /СПИД-ке қарсы күрес күні

Бүкіләлемдік Жұқпалы қорғаныш тапшылығының белгісімен (ЖҚТБ) күресу күні алғаш рет 1988 жылы 1 желтоқсан күні барлық елдің денсаулық сақтау министрлерінің кездесуінде Адам организмінде қорғаныш тапшылығының қоздырғышы (АҚТҚ) жөніндегі ақпаратпен алмасуды кеңейту және әлеуметтік төзімділікке шақыруға үндеу тастағаннан кейін

аталып өтті. Жыл сайын 1 желтоқсанда аталып өтілетін Бүкіләлемдік Жүре пайда болатын иммунитет тапшылығының синдромы (ЖИТС) күресу күні әлемнің барлық өңірлеріне тараушы АҚТҚ жұқпасы мен ЖҚТБ індетімен күрес жөніндегі ұйымдасқан күшті нығайту ісіне қызмет етеді.

Бүкіләлемдік ЖҚТБ–мен күресу күні алғаш рет 1987 жылы тамызда Женевада, Швейцарияда денсаулық сақтаудың бүкіләлемдік ұйымының ЖҚТБ–мен күресу жөніндегі Жаһандық бағдарламасы үшін қоғамдық ақпараттар мәселелері бойынша екі серіктес В.Джеймс Бун және Томас Неттермен жазылған. ЖҚТБ бойынша Жаһандық бағдарламаның директоры Д–р Джонатан Манн олардың идеясын қабылдады. Оған тұжырымдама ұнады және ол алғаш Бүкіләлемдік ЖҚТБ–мен күресу күнін өткізу 1988 жылы 1 желтоқсанда болуы керектігімен келісті. Бунн батыстық БАҚ жариялауды қамтамасыз ету үшін 1 желтоқсанды ұсынды, оның пікірінше Бүкіләлемдік ЖҚТБ–мен күресу күнінің жетістігі үшін өмірлік маңызы болды. Бүкіләлемдік ЖҚТБ–мен күресу күні көптеген елдерде жыл сайынғы оқиға болып қалыптасты. 1 желтоқсан бұл күнді өткізу уақыты болып белгіленсе де көптеген қоғамдастықтарда ресми мерекелеу күніне дейін және соңғы апта бойы өткізілетін іс–шаралар қатары ұйымдастырылады.

1 желтоқсан – Халықаралық СПИД–ке қарсы күрес күні мектептерде үлкен көлемде аталып өтіледі. Осыған орай 5–7 сынып оқушыларына арналған «Нашақорлық – ғасырымыздың нәубеті» атты әңгіме, «СПИД –XXI ғасыр зобалаңы» атты пікір талас, «Есірткі – адамның қасы, аурудың басы ..» атты 10–11 сынып оқушыларына арналған әдеби кеш, «Нашақорлықпен күрес – ортақ іс» атты 9–11 сынып оқушыларының, дәрігер–наркологтың қатысуымен өтетін кездесу кештерін өткізуге болады. «СПИД – XXI ғасыр індеті» атты тақырыпта өткен сабаққа онколог–дәрігер, терапевт, инфекционист маман дәрігерлерді шақырып СПИД туралы мәлімет алуға болады. Мақсаттары: кез–келген жасөспірім нашақорлықтың, XXI – ғасыр індеті СПИД–тің зияндылығын біліп, одан сақтануға және зиянды заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев)

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 29 қараша № 1113 Жарлығы / Қазақстан Республикасы. Президент (1991– ; Н.Назарбаев) Жарлық // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2011.– № 3–4. – 39–қ.

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

2008–2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 ж. 21 желтоқсандағы № 1260 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қаулы. // Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы

Үкіметінің актілер жинағы. – 2007. – № 47. – 577–бап.

Адибеков А.К. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе / А. К. Адибеков // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 3. – 9–10 б.

Денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір сүру керектігі жайында.

Аязбаева Г.Т. СПИД – ғасыр індеті / Г. Т. Аязбаева // Дәрігер, логопед және психолог балабақшада және мектепте = Врач, логопед и психолог в школе и детском саду. – 2019. – № 3–4. – 12–13 б. – Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ЖИТС жұқпалы аурудан сақтануға тәрбиелеу.

Далелхан Б.Д. Азаматтардың денсаулығы – қоғам байлығы / Б. Д. Далелхан // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2019. – № 3. – 4–6 б.

Салауатты өмір дағдысын ұстану, дұрыс тамақтану, зиянды заттардан аулақ болу.

Дюсембаев Ж.Б. Салауатты ұрпақ – болашақ кепілі / Ж. Б. Дюсембаев // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2021. – № 2. – 6–7 б.

Оқушы денсаулығын сақтау, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Естемесова А.И. Салауатты өмір сүру салты – ұзақ өмір сүру кепілі / А. И. Естемесова, М. Қ. Түгел, Н. Н. Боранбай // Колледж: кәсіби білім беру = Колледж: профессиональное обучение. – 2021. – № 11–12. – 37–38 б.

Жапарқұлова А.Б. Ауырып ем іздегенше, ауырмай жол ізде / А. Б. Жапарқұлова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2020. – № 3–4. – 11–13 б.

Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Каримова В.М. ЖИТС–тің алдын алу жолдары / В. М. Каримова // Валеология. Салауатты өмір салты = Валеология. Здоровый образ жизни. – 2019. – № 1. – 19–20 б.

ЖИТС (СПИД) ауруларына қарсы күрес.

Килибаева А.С. Денсаулық – зор байлық / А. С. Килибаева // Оқу–инновациялық технологиялар = Учебно–инновационные технологии. – 2019. – № 1. – 26–28 б.

Тәрбие сағатында оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттап, өз денсаулығын күте білуге, зиянды әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу.

Молдажанова А.Р. Есірткі адамға қаншалықты зиян? / А. Р. Молдажанова // Психологическая наука и образование. – 2019. – № 1. – 7–9 б.

Жас ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, есірткі, нашақорлықтың зияндығын түсіндіру.

Райымбаева Ш. ЖИТС – ғасыр дерті / Ш. Райымбаева

// Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 12. – 2–5 б.

СПИД дертінің алдын алу, оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Садыкова Г.М. Зиянды әдет – қоғамдық індет / Г. М. Садыкова // Дәрігер, логопед және психолог балабақшада және мектепте = Врач, логопед и психолог в школе и детском саду. – 2019. – № 3–4. – 16–18 б.

Ішімдік, нашақорлық, темекінің адам ағзасына зияны туралы түсінік беру, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау.

Сартова А.Т. Біздің болашақ – дені сау ұрпақ / А. Т. Сартова // Бастауыш сынып. – 2022. – № 3–4. – 8–9 б.

Төлеуханқызы А. Балаларымыз қауіп-қатерден қорғалған ба? / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 31 мамыр. – 13 б.

БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мен Денсаулық сақтау министрлігі ЖИТС–тің алдын алу, психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету жайында.

Желтоқсан 5 жұлдыз Педагог, әдіскер, орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының авторы **Жаңылхан Досымбекқызы Адамбаеваның** туғанына **95 жыл** (5.12.1929).

Адамбаева Жаңылхан Досымбекқызы 1929 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келді.

1951–1961 жылдары қазақ–орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ берді. 1966 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1964 жылдан көп жылдар Педагогикалық ғылымдардың ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы) аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Ж. Адамбаева оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнін оқытудың әдістемесін жасауда республика көлемінде зор еңбек сіңірді. Ол кісі оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәнінің I–XI сыныптар бағдарламасын құрастырды. V, X класс «Қазақ тілі» оқулығының авторы (1969, 1992), V, X класс «Қазақ тілі» оқулықтарының әдістемелік нұсқауларының авторы (1972, 1993), II–IV класс қазақ тілінің дидактикалық материалдар жинағының (1989), «II класта ерекше дыбыстарды оқытудың сабақ үлгілері» (1991), «I–VI класс сөздік минимумы» (1990), 4 оқу диафильмінің авторы (1979, 1983, 1985, 1986), «Орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстары» (1978). «Орыс мектептерінің 2–3 кластарында қазақ тілін оқыту методикасының кейбір мәселелері» (1993), 2–4 кластарға арналған қазақ тілі таблицаларының (1979, 1983, 1989, 1990), орыс мектебінің 2, 5, 10 кластарына (1991) және «Абай Құнанбаев» (1992), «Қазақ әншілері» (1993) деген 5 фото–хрестоматияның авторы.

Ж.Адамбаеваның педагогика–әдістеме саласындағы еңбегін халқымыз жоғары бағалап, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамотасымен (1983), Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты белгісімен (1971), Қазақ КСР Оқу

министрлігінің Құрмет Грамотасымен (1979), «Еңбек ардагері» медалімен, 1991 жылы Б.Алтынсарин медалімен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Адамбаева Ж. Д. Қазақ тілі / Ж.Д.Адамбаева. – Алматы: Рауан, 1997. – 159 б.

Орыс тілінде жүретін мектептің 5–кл. арналған.

Адамбаева Ж. Д. Қазақ тілі. – 20–бас. / Ж.Д.Адамбаева.– Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.

Орыс мектебінің 5–кл. арналған оқулық.

Адамбаева Ж. Д. «Қазақ тілі» бойынша дидактикалық материалдар: (Орыс мектептерінің 2-4 кл. арналған) / Ж.Д.Адамбаева. – Алматы: Рауан, 1990. – 160 б.

Адамбаева Ж. Д. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері / Ж.Д.Адамбаева. – Алматы: Рауан, 1993. – 147 б.

Адамбаева Ж. Д. Орыс мектептерінің 1–4 класс оқушыларына қазақ тілін үйретуге арналған сөздік / Ж.Д.Адамбаева. – Алматы: Рауан, 1990. – 46 б.

Адамбаева Ж. Д. Орыс мектебінің 4–8 кластарына қазақ тілін оқыту / Ж.Д.Адамбаева. – Алматы: Мектеп, 1984. – 56 б.

Адамбаева Ж. Д. Тіл дамыту текстері: 4 сыныптарға арналған / Ж.Д.Адамбаева, Ш.Жұмағұлова. – Алматы: Рауан, 1996. – 127 б.

Орыс мектептері үшін.

Адамбаева Ж. Қазақ тілі: 2–бас. / Ж.Адамбаева, К.Оңалбаева. – Алматы: Рауан, 1995. – 175 б.

Орыс тілінде жүретін мектептердің 10–сыныбына арналған оқу құралы.

Адамбаева Ж. «Қазақ тілі» оқулығына әдістемелік нұсқау. 10–сынып орыс мектептеріне арн. / Ж.Адамбаева, К.Оңалбаева. – Алматы: Рауан, 1993. – 72 б.

Адамбаева Ж. Қазақ тіліне тән тоғыз дыбысты орыс мектептерінде оқыту тәсілдері / Ж. Адамбаева // Ғылыми мақалалар жинағы. Пед ғылымдарының Б. Алтынсарин атындағы ғылыми–зерттеу институты. – 1972. – Шығ.4. –3–43 б.

* * *

Адамбаева Ж. Бағалау нормалары // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2001. –№4. –24–29 б.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде.

Адамбаева Ж. Бағдарлама талабы және сауаттылық // Қазақ тілі мен әдебиеті.– 1997.– №9-10. – 22–25 б.

Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту жайлы.

Адамбаева Ж. Бастауыш сыныптар бойынша қазақ тілі сабақтарының жоспары (Сабақтың жоспары. III сынып – 105 сағат) // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2003. – № 1. – 44–53 б.

Адамбаева Ж. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептің V сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығына әдістемелік // Білім. – 2000. – № 1. – 23 б.

Адамбаева Ж. Мәтін бойынша тіл дамыту: (Мақала автордың «Орыс мектебінің бастауыш сыныптарында тіл дамыту» оқу құралынан қысқартылып алынды) // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2002. – № 2. – 3–18 б.; № 3. – 3–15 б.

Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту жүйесі // Қазақ тілі мен әдебиет. – 1999. – № 12. – 15–17 б.

Ол туралы:

Адамбаева Жаңылхан Досымбекқызы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 12 б.

Дәулетбекова Ж. Туған тіл жанашыры // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 12. – 18 б.

Адамбаева Жаңылхан Досымбекқызы жайлы.

5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер (волонтерлер) күні.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылы жасаған ұсынысымен бұл күн жыл сайын 5 желтоқсанда аталып өтеді. Еріктілер бос уақыттарын қоғам игілігі үшін жұмсайтын адамдар тобы. Ақысыз қызмет етушілердің жұмысын әрбір саладан түрлі бағытта көруге болады.

Мысалы, мұндай адамдар қоғамдық аумақтарды тазалауға, әлеуметтік компаниялардың плакаттары мен кітапшаларын таратуға, туған қалалары бойынша экскурсия жүргізуге, халықаралық спорттық шараларда аудармашылық қызметке дайын. Сонымен қатар, еріктілер көбінесе балалар және қарттар үйіне қолғабыс етіп, апаттық жағайлардың салдарын жою жұмыстарына қатысады.

Еріктілердің дүниежүзілік декларациясында олар өздерінің таланттары мен уақыттарын, энергияларын ешқандай ақы күтпестен жеке және ұжымдық шараларға жұмсауға құқылы екені айтылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Байұзақов А. Еріктілер – патриоттар! / А. Байұзақов // *Ana tili*. – 2020. – 30 қаңтар – 5 ақпан. – 2 б.

Қазақстандағы волонтерлер жайында.

Еріктілер ел алғысына бөленді / дайынд. Т. Есдәулет // *Qazaqstan dauiri*. – 2021. – 11 наурыз. – 3 б.

Волонтерлердің белсенді атқарған еңбектері жайында.

Еріктілер елге қызмет етеді // Заң газеті. – 2020. – 17 қаңтар. – 3 б.

Волонтерлер жылы шеңберінде Талдықорғанда облыс еріктілерінің 1–ші форумын өткізуі.

Жетпісбай М. Еріктілер қатары еселеп артты / М. Жетпісбай // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 24 қараша. – 19 б.

Қызылорда облысындағы еріктілер туралы.

Жиғанбаева М. «Адал ұрпақ» еріктілер клубы / М. Жиғанбаева // Almaty aqshamy. – 2020. – 13 ақпан. – 27 б.

Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы № 131 мектеп–лицейінің клубы жайлы.

Иманбекқызы Қ. Ізгілік елшісі. Алматыда еріктілердің республикалық съезі өтті / Қ. Иманбекқызы // Almaty aqshamy. – 2020. – 25 ақпан. – 2 б.

Исәділ А. ҚазҰАУ «Еріктілер орталығы» ашылды / А. Исәділ // Almaty aqshamy. – 2020. – 8 ақпан. – 10 б.

Қадыр Б. Елімізде еріктілік қаншалықты дамыды? / Б. Қадыр // Түркістан. – 2021. – 25 наурыз. – 1,5 б.

ҚазҰАУ-де «Еріктілер орталығы» ашылды // Қала&мен Дала. – 2020. – 7 ақпан. – 2 б.

Қайырымдылық қазақты ұлт ретінде сақтап қалды. Елордадағы еріктілер жиынында Тоқаев айтқан 4 тезис // Қала&мен Дала. – 2020. – 14 ақпан. – 3 б.

Елордада «Birgemiz» республикалық фронт–кеңесінің ресми ашылуына ҚР Президенті Тоқаевтың қатысуы.

Қуанышев Ж. Жастарды әлеуметтендіру және азаматтық бірегейлік мектебі / Ж. Қуанышев // Egemen Qazaqstan. – 2019. – 9 қазан. – 9 б.

Еріктілердің мәртебесін, құқығы мен міндеттерін және мемлекеттік қолдау шараларын бекіткен «Волонтерлік қызмет туралы» арнайы заңы жайында

Оралова А. Ерікті болу – қайырымды іс / А. Оралова // Қала&мен Дала. – 2020. – 28 ақпан. – 10 б.

Сырғабаев Н. Ел үшін еңбек еткен еріктілер, бойыңда сарқылмасын ерік–жігер / Н. Сырғабаев // Qazaq. – 2020. – 2 маусым. – 7 б.

Еріктілердің түрлі бағытта жұмыстар атқарғандығы жайлы.

Түркістандық еріктілерге жігер берген 7 бағыт // Qazaqstan dauiri. – 2020. – 22 қазан. – 8–10 б.

Университетте «Еріктілер орталығы» ашылды // Qazaq. – 2020. – 11 ақпан. – 2 б.

ҚазАҰУ–де «Парасаттылық – ізгіліктің белгісі» атты халықаралық жастар форумын өткізуі.

Ширинбаев Г.К. Еріктілердің әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру аспектілері / Г. К. Ширинбаев, І. Т. Молдрахым // Әлеуметтік педагогика және өзін–өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2022. – № 2–3. – 26–27 б.

Ширинбаева Г.К. Әлеуметтік–педагогикалық жұмыстың еріктілік жұмысты ұйымдастыру технологиялары / Г. К. Ширинбаева, Г. М. Қалдыбай, Д. Б. Мұхаметова // Әлеуметтік педагогика және өзін–өзі тану = Социальная педагогика и самопознание. – 2020. – № 4–5. – 13–15 б.

10 желтоқсан – адам құқықтары күні

Бұл күн 1950 жылдан бастап атап өтіледі. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын қабылдады. Онда адам дүниеге келгенінен бастап нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына, тіліне, қандай дінді тұтынатынына, саяси, басқа да көзқарастарына, ұлттық және әлеуметтік шығу тегінен, мүлігіне қарамастан қандай құқықтарға ие екендігі көрсетілген. Барлық адамдар нәсіліне, терісінің түсіне, жынысына қарамастан дүниеге ерікті және тең болып туылады.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру бүгінгі күннің басты талабы. Бұлай деуімізге себеп құқықтық сауатсыздықтан, яғни баланың өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын аяққа таптаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайлар орын алуы мүмкін. Құқық бұзушылық – қылмыс, адам тағдырын адастыратын іс. Оқушы санасында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті сіңіріп, баланың өзін және айналасындағы адамдардың жеке басын кәдірлеп, құрметтеуі үшін дұрыс тәрбие беру – әрбір педагогтің басты міндеті.

Мектеп қабырғасында жасөспірімдер арасында қылмысты, құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу, сондай-ақ оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Құқықтық сауаттылық бүгінгі күннің басты талабы» тақырыбында заң қызметкерлерімен кездесу, 8–11 сыныптар арасында «Мен өз құқығымды қаншалықты білемін?» атты семинар – тренинг өткізуге болады. Өйткені заң қызметкерлерімен кездесіп, көкейінде жүрген сауалдарын ашық жолдап, еркін пікір алмасуы, сондай-ақ адамдар арасында орын алған құқық бұзушылық пен жеке адамдардың құқы, ар-ожданы тапталына байланысты шынайы өмірден нақты мысалдарды заңгерлердің аузынан есту оқушының көкірегінің оятып, қоғамның бір мүшесі ретінде өз айналасындағы адамдарға оң көзқараспен қарауына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы. Үкімет.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 950 қаулысы / Қазақстан Республикасы. Үкімет // Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы = Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – 2020. – № 69–70. – 39–46 б.

* * *

Айтбаев Ғ.К. Құқықтық сауаттылық – заман талабы / Ғ.К. Айтбаев // Білім кілті = Ключ знаний. – 2021. – № 4. – 5 б.

Мектептегі құқықтық тәрбие.

Айтхожин К. Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру мәселелері / К. Айтхожин, Ж. Тарап // Заң. – 2022. – № 2. – 14–17 б.

Ахметова А. Құқықтық тәрбиенің мемлекеттік бағдарламасын бекіту орынды / А. Ахметова // Заң газеті. – 2020. – 26 маусым. – 2 б.

Жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық мәдениетін арттыру.

Әділжан Б. Қауіпсіздік бәрінен қымбат / Б. Әділжан // Егемен Қазақстан. – 2021. – 16 наурыз. – 8 б.

Кәмелетке толмағандар құқығы, қауіпсіздігі, зорлық–зомбылық, ата–аналардың бейқамдығы жайлы.

Бирманова Н. Бетімен кеткен бала ата–ананың соры / Н. Бирманова // Заң газеті. – 2020. – 7 қаңтар. – 7 б.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылармен мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру, келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу, тәрбиелік шаралар қолданылуы.

Божимова Р. Өз құқықтарымызды білеміз бе? / Р. Божимова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2022. – № 4. – 18–19 б.

Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту.

Газизова Н. Қазіргі жағдайы мен болашағы / Н. Газизова // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 6 сәуір. – 15 б.

Құқықтық білім мен тәрбие, құқықтық мәдениет жайында.

Дайрбаева Р. Парасатты азамат тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті / Р. Дайрбаева, А. Әбілғазиева // Алматы ақшамы. – 2020. – 8 ақпан. – 11 б.

Алматы қаласының № 184 жалпы білім беретін мектебінде «Жастар арасында құқық бұзушылық, нашақорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыруда тәртіп бұзушылықтың алдын алу кеңесінің рөлі» атты дөңгелек үстелдің өткендігі.

Ескендір Р. «Баланың ең үлкен мектебі – өз үйі» / Р. Ескендір // Алматы ақшамы. – 2021. – 19 қаңтар. – 2 б.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында бала құқығын қорғауға қатысты 2009 жылы «Тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу туралы» арнайы заң қабылданғаны туралы.

Жарықбаева Д.Р. Болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беруге даярлау / Д. Р. Жарықбаева // Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері = Иностранные языки в школах Казахстана. – 2020. – № 3. – 3–6 б.

Ибрайымов А. Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады / А. Ибрайымов // Qazaq. – 2022. – 8–15 наурыз. – 11 б.

Идрышева С. Адам құқықтарын асқақатқан Ата Заң / С. Идрышева // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 30 тамыз. – 4 б.

Капарова А. Құқықтық сауаттылық – заман талабы / А. Капарова

// Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 6. – 36–37 б.

Мақсұтбаева Қ.Б. Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру жолдары / Қ. Б. Мақсұтбаева // Білім кілті = Ключ знаний. – 2020. – № 1. – 8–10 б.

Мейрманова Н. Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесіне тәуелді / Н. Мейрманова // Заң. – 2021. – № 4. – 23–25 б.

Балаға құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті сіңіру.

Мукамеден Д. Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі / Д. Мукамеден // Заң. – 2022. – № 2. – 38–42 б.

БҰҰ–ның Бас ассамблеясы 1948 жылы «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын» қабылдады.

Мұсабекқызы А. Құқықтық сауаттылық: бұл – үлкен жауаптылық / А. Мұсабекқызы // Ана тілі. – 2022. – 17–23 ақпан. – 4 б.

Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді ең қажетті заңды біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Сүтенов Ж.Ж. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес / Ж. Ж. Сүтенов // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 53–54 б.

Құқықтық тәрбие беруге арналған тәрбие сағаты.

Төкен Н. Жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру маңызды / Н. Төкен // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 12 қаңтар. – 8 б.

Шымкент қалалық Полиция департамент тарапынан кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жасөспірімдер», «Түнгі қаладағы балалар», «Қауіпсіз мектеп» іс-шаралар өткізуі.

Шотбайқызы А. Баланы қорғау – болашақты қорғау / А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 маусым. – 1, 3 б.

Балалар мен жасөспірімдер құқығына орай 45–тен аса нормативтік–құқықтық актілердің қабылданғаны, қашықтан оқыту кезіндегі компьютерден келетін қауіптердің орныққаны жайында.

Хамзина Ж. Оқушыларға құқықтық тәрбие берудің психологиялық маңызы / Ж. Хамзина // Мектептегі психология = Психология в школе. – 2020. – № 5. – 33–35 б.

Желтоқсан 13 жұлдыз Филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, түрколог, ұйғыртанушы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Әбдуали Туғанбайұлы Қайдаровтың туғанына 100 жыл** (13.12.1924–27.02.2019).

Қайдаров Әбдуали Туғанбайұлы 1924 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы, Талдыбұлақ селосында дүниеге келген.

1942–1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан, 1951 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) бітірген. Қазақ КСР Ғылым Академиясының аспиранты (1951–1954), ғылыми қызметкері (1954–1959), бөлім меңгерушісі (1959–1960) болды, 1961–1979 жылдары Тіл білімі институты директорының орынбасары, ал 1979–1995жж. осы институттың директоры болды. 1995 жылдан А.Байтұрсынов атындағы Тіл білім институтының құрметті директоры.

Ә.Қайдаров түркологияға байланысты жүзден астам мақалалар мен бірнеше оқулық және көптеген монографиялық еңбектердің авторы. Олардың дені ұйғыр тілінің стилистикасы, синтаксисі, лексикасы мен лексикографиясы, диалектологиясы мен теориясына арналған. Қайдаровтың алтаистика саласында да елеулі еңбектері бар. Әсіресе оның түркі–монғол, түркі–славян және түркі тілдерінің бір–біріне әсері жайлы зерттеулері көңіл бөлерлік.

«Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» еңбегі үшін (1956) филология ғылымының кандидаты, «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969) еңбегі үшін 1970 жылы филология ғылымының докторы атағын алып, 1971 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты болды.

Қайдаров Ә.Т. – ұйғыр мектебінің 8–10 сыныптарына арналған «Ұйғыр тілі» мен «Ұйғыр әдебиеті» оқулықтарының авторы.

Қайдаров Ә. түркология саласынан докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мүшесі және 1989 жылдан «Қазақ тілі» қоғамының Президенті. Башқұртстан Ғылым Академиясының құрметті академигі. «Известия НАН РК», «Советская тюркология» ғылыми, ғылыми–танымдық журналдарының редакторы, редакциялық алқасының мүшесі

III дәрежелі «Данк» ордені, екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Халықтар достығы», «Отан», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ана тілінің айбары» (Түркия) алтын белгісімен, көптеген медальдармен марапатталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қайдаров А. Ұйғыр тили: 8–синип учун дәрислик. 4–нәшри / А.Қайдаров. – Алмута: Мектеп, 1977. – 132 б.

Қайдаров А. Ұйғыр тили: 8 синип үчүн дәрислик. 3–нәшри / А.Қайдаров. – Алмута: Мектеп, 1975. – 136 б.

Қайдаров А. т.б. Ұйғыр тили: Оттура мәктәпләрнің 9–синипи үчүн дарислик / А.Қайдаров, Ш.Бартов, Б.Рахмитуллаева. – Алмута: Рауан, 1996. – 144 б.

Қайдаров А. Ұйғыр тили грамматикиси: Сәккиз жилик мәктәпнің 7–8 синиплири үчүн дәрислик 3 кисин: Синтаксис. 4–нәшри / А.Қайдаров, Ш.Кибиров. – Алмута: Мектеп, 1968. – 96 б.

Қайдаров А. Түркологияға кіріспе: оқу құралы / А.Қайдаров, М.Оразов. – Алматы: Мектеп, 1985. – 165 б.

Қайдаров А. Түркологияға кіріспе: оқу құралы. 2–бас. / А.Қайдаров, М.Оразов. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 248 б.

Қайдаров А. т.б. Сырға толы түр мен түс / Ә.Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Т.Ахтанбердиева. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 95 б.

Қайдаров Ә. т.б. Түр–түстердің тілдегі көрінісі / Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиев, Б.Өмірбеков. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

Қайдаров Ә. Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі / Ә.Қайдаров // Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы, 1998. – 42–56 б.

Қайдаров Ә. Қазақ әдеби тілі тарихының проблемаларына арналған ғылыми–теориялық конференциядағы қортынды сөзі // Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары (ғылыми–теориялық конференциясының материалдары) / Ә.Қайдаров. – Алматы, 1987. – 166–167 б.

Қайдаров Ә. Қазақ әдеби тіл тарихының проблемаларына арналған ғылыми–теориялық конференцияда сөйлеген кіріспе сөзі // Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары (ғылыми теориялық конференцияның материалдары) / Ә.Қайдаров. – Алматы, 1987. – 5–9 б.

Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері / Ә.Қайдаров // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988. – 7–39 б.

Қайдаров Ә. Қазақ эпосындағы жер–су атаулары мен кісі аттары жайында («Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастаны негізінде) / Ә.Қайдаров, А.Мұқатаева // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986. – 5–16 б.

Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері / Ә.Т.Қайдаров, Ө.А.Айтбаев // Проблемы казахской терминологии. – Алма–Ата, 1986. – 9–30 б.

Қайдаров Ә. Ұлтты ұйымдастыратын күдіретті ұйытқы / Ә.Қайдаров. – Алматы, 2003.

Ол туралы:

Қайдар Әбдуәли Туганбайұлы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: 1998. – 233 б.

Қайдар Әбдуәли Туганбайұлы // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 399 б.

Қайдар Әбдуәли Туганбайұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.– Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. –Т.5. – 467 б.

Қайдар Әбдуәли Туганбайұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. –Т.2. – 61 б.

Қайдар Әбдуәли Туганбайұлы // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. –156 б.

Қайдаров Әбдуәли Туганбайұлы // Қазақ ССР. Төрт томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 316б.

Қайдаров Әбдуәли Туганбайұлы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 59 б. (Қазақ КСР Ғылым Академ. Қазақстан Ғылым библиографиясына материалдары)

Қайдаров Әбдуәли Туғанбайұлы // Жетісу: энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 380–381 б.

Қауынбаев Т. Толғауы тоқсан / Т.Қауынбаев // Самғау. Он бірінші бесжылдықтың шежіресі. Төртінші жыл / құрастырған А.Сейдімбеков. – Алматы, 1986. – 100–110 б.

Академик Ә.Қайдаров туралы.

* * *

Айтбайұлы Ө. Жауынгер, ғалым, азамат (тіл білімінің ірі тұлғасы, академик Ә.Т. Қайдаров туралы) / Ө. Айтбайұлы // Түркістан. – 2014. – 30 қазан.

Айтбайұлы Ө. Төрткүл дүниеге анымал түрколог (академик Әбдуәли Қайдар 85 жаста) / Ө. Айтбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 15 желтоқсан.

Айтбайұлы Ө. Ғұлама келбеті (Академик Әбдуәли Қайдардың туғанына 95 жыл) / Ө. Айтбайұлы // Ана тілі. – 2019. – 5–11 желтоқсан.

Әбсаттаров Р. Абыз академик / Р. Әбсаттаров, Т.Қалдыбаева // Ана тілі. – 2014. – 2–8 қазан.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, академик Әбдуәли Қайдар туралы.

Әбдуәли Қайдар (академик, ғалым, түркітанушы) // Президент және халық. – 2019. – 28 ақпан; // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 1 наурыз. Қазанама

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар (13.12.1924–28.02.2019) - белгілі түркітанушы, ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымдарының докторы, профессор // Егемен Қазақстан. – 2019. – 28 ақпан. Қазанама

Әнес Ғ. Жауынгер академиктің үш ерлігі / Ғ. Әнес // Ана тілі. – 2009. – 10–16 желтоқсан.

Ғалым, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың туғанына 85 жыл толуына орай.

Балаубаева Б. Үш құрдас – үш бәйтерек / Б. Балаубаева // Ана тілі. – 2015. – 5–11 ақпан.

Ғылым ордасының «Ғылым сардарлары» клубының аясында Ана тіліміздің үш алыбы, академиктер Рәбиға Сыздықованың, Шора Сарыбаевтың, Әбдуәли Қайдаровтың 90 жылдық мерейтойларына арналған салтанатты жиын болып өтті.

Бизақов С. Тіл білімі ғылымының тарланбозы / С. Бизақов // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 17 қазан.

Ғалым Әбдуәли Қайдаров туралы.

Қажыбек Е. Сөз төркінінің білгірі / Е. Қажыбек // Алматы ақшамы. – 2014. – 6 қараша.

Академик Әбдуәли Қайдар – 80 жаста.

Құрманәлиев К. Қазақ тілінің қорғаны / К. Құрманәлиев // Айқын. – 2014. – 1 қараша.

Тіл білімінің ірі тұлғасы, академик Ә.Т. Қайдаров туралы.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы / Ш. Құрманбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 15 желтоқсан.

Ғалым, түрколог Әбдуәли Қайдар туралы.

Түймебаев Ж. Түркі сөзінің тамыршысы / Ж. Түймебаев // Егемен Қазақстан. – 2009. – 11 желтоқсан.

Академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар туралы.

Тіл білімінің тамыршысы // Жас Алаш. – 2019. – 28 ақпан.

Белгілі түркітанушы, академик Әбдуәли Қайдар туралы.

Тіл сардары еді // Алматы ақшамы. – 2019. – 28 ақпан.

Қазақстан ҰҒА академигі, түркітанушы Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар 95 жасында дүниеден озды.

Желтоқсан 15 жұлдыз Филология ғылымдарының докторы, профессор, түрколог, қазақ тілі оқулықтарының авторы **Әзиза Нұрмаханқызы Нұрмаханованың** туғанына **100** жыл (15.12.1924–2001).

Нұрмаханова Әзиза Нұрмаханқызы Қарақалпақ АКСР-і Мойнақ ауданы, Аққала ауылында 1924 жылы дүниеге келген.

1949 жылы Нүкіс педагогикалық институтын бітіріп, 1944–1948 жылдары Орта мектептің директоры болып, ал 1948 жылдан 1951 жылға дейін Нүкіс педагогикалық училищесінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1951 жылдан 1954 жылға дейін Мәскеу қаласында КСРО Ғылым Академиясының жанындағы тіл білімі институтының аспирантурасында оқыды. 1954 жылы «Прямая и косвенная речь в современном каракалпакском литературном языке» («Қазіргі карақалпақ әдеби тіліндегі төл және төлеу сөз») деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ташкентте «Түркі тілдеріндегі сөйлем түрлерінің модальдігі мен интонациясы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ә.Нұрмаханова 1954–1957 жылдары Өзбек КСР Ғылым Академиясының Қарақалпақ филиалында аға ғылыми қызметкер, ал 1957–1960 жылдары Өзбекстан Компартиясы Қарақалпақ облыстық бөлім меңгерушісі, 1960–1962 жылдары Қарақалпақ АКСР-і Оқу министрі, 1962–1968 жылдары Өзбек КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкер, түркология тобының меңгерушісі, 1968–1973 жылдары Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университеті) қазақ тілі кафедрасының профессоры, ал 1973–1988 жылдары Алматы шетел тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақтың халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті) қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды, 1988 жылы осы кафедраның профессоры болды.

Ә.Н.Нұрмаханованың жемісті еңбегі жоғары бағаланып, Өзбекстан мен Қарақалпақстан Жоғары Кеңестерінің Құрмет Грамоталарымен, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін», «Үздік еңбегі үшін», «Ерен еңбегі үшін» (В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай), «Білім» Бүкілодақтық қоғамының «Белсенді жұмысы үшін» төсбелгісімен,

ҚазКСР Жоғары және арнаулы оқу орындарының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қарақалпақ АКСР еңбек сіңірген қайраткері. КСРО ағарту ісінің үздігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Нұрмаханова Ә. Мәдениетті сөйлеу – ішкі сезім айнасы / Ә.Нұрмаханова // Социалистік Қазақстан. – 1968. – 24 ноябрь.

Нұрмаханова Ә. Махабатты қастерлей білу керек / Ә.Нұрмаханова. – Алматы: ҚазССР «Білім» қоғамы, 1970. – 35 б.

Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы / Ә.Нұрмаханова. – Алматы, 1971

Нұрмаханова Ә. Шығыс шынары: Деректі повесть / Ә.Нұрмаханова. – Алматы: Жазушы, 1973. – 192 б.

Нұрмаханова Ә. Ұлбала. Деректі повесть / Ә.Нұрмаханова. – Алматы: Жазушы, 1976. – 144 б.

Нұрмаханова Ә. Мәнерлеп оқу мәселелері. Университеттер мен пед. институттардың филология факультеттеріне арналған. / Ә.Нұрмаханова. – Алматы, 1976. – 77 б. (ҚазССР оқу министрлігі. респ. оқу–метод. кабинеті)

Нұрмаханова Ә. Совет әйелдері – коммунизмнің белсенді құрылысшылары / Ә.Нұрмаханова. – Алматы, 1976.–23 б. (ҚазКСР «Білім» қоғамы. Лекторларға көмекші материал)

Нұрмаханова Ә. Қазақ тіліндегі сөйлемдердің интонациясын оқыту мәселелері: (метод.талдау.) Жоғары оқу орындарының филол. фак. арналған / Ә.Нұрмаханова, К.Жүнісбекова. – Алматы: ҚазССР Оқу министрлігі, 1979. – 67 б.

Нұрмаханова Ә. Лектор тілінің бейнелілігі... / Ә.Нұрмаханова. – Алматы: ҚазССР «Білім» қоғамы, 1981. – 44 б.

Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі / Ә.Нұрмаханова. – Алматы: Мектеп, 1982.–182 б.

Шет ел тілдері институты студенттеріне арналған.

Нұрмаханова Ә. Лекцияның терең сезімдік әсері / Ә.Нұрмаханова. – Алматы, 1984. – 38б. (ҚазССР «Білім» қоғамы)

Ол туралы:

Нұрмаханова Әзиза Нұрмаханқызы // Қазақ КСР. Төрт томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 396 б.

Нұрмаханова Әзиза Нұрмаханқызы // Қазақ тілі: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 293–294 б.

Нұрмаханов А. Орта Азияның ортақ қызы // Егемен Қазақстан. – 2002. – 22 қаңтар.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Әзиза Нұрмаханова жайлы.

Айтмағамбетов Е. Бұрабайдағы басқосу / Е. Айтмағамбетов // Ана тілі. – 2015. – 5–11 ақпан.

Ғалым, педагог, жазушы Әзиза Нұрмаханқызы Нұрмаханова туралы.

Аралбаев Қ. «Мен туған елдің ардағы...» Қарақалпақстанның білім министрі болған Әзиза Нұрмаханова туралы аз білетініміз өкінішті / Қ. Аралбаев // Түркістан. – 2014. – 6 наурыз.

Негимов С. Дарын қуаты / С. Негимов // Егемен Қазақстан. – 2014. – 21 қаңтар.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, ұстаз, қайраткер Әзиза Нұрмаханова жайлы.

Усманова З. Ана, ғалым, қайраткер / З.Усманова // Қазақстан әйелдері. – 1968. – № 7. – 5 б.

Ә.Нұрмаханова туралы.

Ыдырысова Р. Арман асуында / Р.Ыдырысова // Білім және еңбек. – 1969. – № 3. – 9–11 б.

Ә.Нұрмаханова жайлы.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16–желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан 16–17 желтоқсан күндері күнтізбекте демалыс болып табылады.

1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16–желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25–қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті.

Жыл сайын республика азаматтарының арасында мәдениет қайраткерлері, әлеуметтік саладағы ерекше қызметімен көзге түскен мамандар, әскери шенділер мен офицерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлері және ел өміріндегі белсенді өзге де сала өкілдері елеулі еңбек еткендері үшін мемлекеттік марапаттармен (наградалар) марапатталады. Тәуелсіздік күнінің құрметіне абақтыдағыларға рақымшылық жасалады. 16–желтоқсан күні Қазақстанның барлық жерлерінде мерекелік мәдени ойын–сауық іс–шаралары ұйымдастырылады. Кешке қарай үлкен орталықтардың аспаны отшашумен көмкеріледі. Тәуелсіздік тек Қазақстан тұрғындары үшін емес, сонымен бірге, шетелдердегі қазақ қандастарымыз үшін де маңызы зор мереке.

Оқушыларға тәуелсіздік ұғымын түсіндіру, тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ халқының ерлігімен таныстыру, туған жерді, елін сүйетін, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу өте маңызды мәселелер. Осы мерекеге байланысты «Тәуелсіздік – желтоқсан жемісі» атты

тәрбие сағатын өткізуге болады. Осы тәрбие сағатына арналған қабырға газетін, «Желтоқсан ызғары» атты кітап көрмесін ұйымдастыруға болады. Жоғарғы сыныптар үшін «Тәуелсіздік үшін күрес тарихынан» тарих –әдеби кеш ұйымдастырып және осы кешке арнап кітап көрмесін ұйымдастыруға, «Тәуелсіз Қазақстан» атты патриоттық әндер байқауын өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақстан Республикасы Президент. (1991– ; Н.Назарбаев).

2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтар №1144 Жарлығы / Қазақстан Республикасы Президент. (1991– ; Н.Назарбаев). Жарлық // Ақиқат. – 2011. – №2. – 3 б.

Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік / М.Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 448 б.

Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан / құрастырған О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2009. – 184 б.

* * *

Аймаханова А.Е. Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы (әдеби-қойылым) / А. Е. Аймаханова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 2. – 136–143 б. – Сыныптан тыс шара.

Әшімбаев М. Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан / М. Әшімбаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 5 шілде. – 4–5 б.

Бағдатова Г. Тәуелсіздік – азаттығым, бақ күнім / Г. Бағдатова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2021. – № 6. – 2–3 б.

Тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сынып сағатын өткізу.

Бейсенбаев Е. Тәуелсіздік тірегі – жастар / Е. Бейсенбаев // Ақын. – 2021. – 12 ақпан. – 5 б.

«Жастардың даму индексі» жобасының жастар мәселесін шешу, оларды қолдаудағы іс-шаралардың жүргізілуі.

Бектенова М. Тәуелсіздік тірегі – ұлт бірлігі / М. Бектенова // Егемен Қазақстан. – 2021. – 15 қаңтар. – 3 б.

ҚР Президенті Қ. К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына орай.

Берікқызы А. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» / А. Берікқызы // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 61–62 б.

Тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағаты.

Данияров Т. Тәуелсіздік һәм ұлттық жауапкершілік. Біз үшін қашанда қастерлі, қасиетті құндылық хақында / Т. Данияров // Алматы ақшамы. – 2021. – 7 қаңтар. – 1,5 б.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай

Данияров Т. Жасампаздық жолы: отыз жылдың отыз сәті / Т. Данияров // Алматы ақшамы. – 2021. – 13 мамыр. – 12–13 б.; 20 мамыр, – 12–13 б.; 27

мамыр. – 12–13 б.; 3 маусым. – 12–13 б.; 10 маусым. – 12–13 б.; 17 маусым. – 12–13 б.; 24 маусым. – 12–13 б.

Тәуелсіздік шежіресі.

Дәулетқызы Ж. Ордалы елге – отыз жыл. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні / Ж. Дәулетқызы // Qazaq. – 2021. – 14–21 желтоқсан. – 1,4 б.

Тәуелсіздікке – 30 жыл. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні.

Ержанұлы Е. Азаттық жолындағы күресті бір ғана желтоқсан оқиғасымен өлшеу мүмкін емес / Е. Ержанұлы // Заң газеті. – 2022. – 16 желтоқсан. – 4 б.

Ершекенова Н.Б. «Тәуелсіз елім – Қазақстан» / Н. Б. Ершекенова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 47–49 б. – Тәрбие сағатын өткізу.

Жолдасбеков М. Тәуелсіздік – қазақтың теңдігі / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2021. – 6 шілде. – 5 б.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қоғам қайраткерімен сұхбат / әңгімелескен А. Бектұр

Камбарова Л. Тәуелсіздік – ең қымбат қазынамыз / Л. Камбарова // Білімді ел = Образованная страна. – 2022. – 6 желтоқсан. – 14 б.

Тәуелсіздік күні – желтоқсанның 16–сы, қасиетті ұлттық мереке туралы.

Көшім Д. Тәуелсіздік: ұтқанымыз бен ұтылғанымыз / Д. Көшім // Жас Алаш. – 2021. – 16 қараша. – 3 б.; 18 қараша. – 6–7 б.

Күмісбек М. Елдік пен ерлік киесі / М. Күмісбек // Егемен Қазақстан. – 2021. – 11 наурыз. – 1,3 б.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай.

Қайнадин Б.К. «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні» / Б. К. Қайнадин // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 49–52 б.

Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеуге арналған тәрбие сағаты.

Қайратұлы Б. Желтоқсаншы / Б. Қайратұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 қаңтар. – 7 б.

«Тәуелсіздігіміздің хабаршысы» Желтоқсан оқиғасына – 35 жыл.

Қасиетті де қастерлі құндылық: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі // Almaty aqshamy. – 2021. – 16 желтоқсан – 2 б.

Қуанышев Ж. Тәуелсіздікті тұғырлы еткен тұлға / Ж. Қуанышев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 18 наурыз. – 4–5 б.

Мемлекет қайраткері Н.Ә.Назарбаев туралы.

Мәми Қ. Тәуелсіздік тұғыры / Қ. Мәми // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 27 тамыз. – 3 б.

Ата Занды насихаттау және дәріптеу

Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік тағылымы / Н. Ә. Назарбаев

// Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 6 желтоқсан. – 1–3 б.; Aiqyn. – 2021. – 6 желтоқсан. – 1–3 б.; Almaty aqshamy. – 2021. – 7 желтоқсан. – 1–4 б.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай.

Негимов С. Тәуелсіздік және Тұңғыш Президент / С. Негимов // Egeмен Қазақстан. – 2021. – 10 наурыз. – 4–5 б.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай.

Сәки Қ. Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуі / Қ. Сәки // Egeмен Qazaqstan. – 2022. – 16 желтоқсан. – 1,3 б.

Смағұлов С. Тәуелсіздік – қасиетті де киелі ұғым / С. Смағұлов // Almaty aqshamy. – 2022. – 15 желтоқсан. – 3 б.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы жарияланды. Осылайша Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі заңнама тұрғысынан рәсімделді.

Тәуелсіздік шежіресі атты тарихи–музыкалық кештің сценарийі // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2021. – № 10. – 58–65 б.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай.

Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат / Қ. Тоқаев // Egeмен Қазақстан. – 2021. – 5 қаңтар. – 1–3 б.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған бағдарламалық мақала.

Тоқпақбаев С. Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы / С. Тоқпақбаев // Egeмен Қазақстан. – 2021. – 26 мамыр. – 3 б.

Түймебаев Ж. Ұлт және тәуелсіздік / Ж. Түймебаев // Egeмен Қазақстан. – 2021. – 13 қаңтар. – 5 б.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай.

Шәріп А. Тәуелсіздікті қастерлеу - елдігіміздің нышаны / А. Шәріп // Aiqyn. – 2022. – 16 желтоқсан. – 1,4 б.

Шериязданов Б. Тәуелсіздік стратегиясы / Б. Шериязданов // Ақиқат. – 2021. – № 3. – 10–18 б.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай.

Хамза Р. Тәуелсіздік нышаны мемлекеттік рәміздер қалай қабылданды? / Р. Хамза // Qazaq. – 2021. – 14–21 желтоқсан. – 7 б.

Мемлекеттік рәміз – Тәуелсіздіктің нышаны, 1992 жылдың 4 маусымында Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы заң қабылданып, бекітілді.

Желтоқсан 19 жұлдыз Ағартушы–педагог, тіл білімінің негізін салушы, түрколог, профессор **Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың** туғанына **125 жыл** (19.12.1899–25.02.1938).

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы қазіргі Ақтөбе облысы Жұрын ауданында дүниеге келген. Алғашқы білімді ауыл мектебінен, кейін Орынбордағы «Хусайния» медресесінен алды. 1918 жылы Еліктегі екі кластық орыс училищесін тамамдады. Өмір жолын ол мұғалімдіктен бастап,

Темір уездік, Ақтөбе губерниялық халыққа білім беру мекемелерінде, Қазақстан оқу–ағарту министрлігінде инспектор болып қызмет атқарды.

1928 жылы Ленинградтағы Шығыстану институтының толық курсын бітіріп, 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Тіл және ойлау институты жанындағы аспирантураны бітіреді. 1932 жылы оған қазақ филологиясы саласында тұңғыш рет профессор атағы берілді.

1932–1937 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып істеді. Сонымен қатар Қазақ КСР Оқу халық комиссариатының ғылыми және оқу–әдістеме, кеңесінің төрағасы, КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасының сектор меңгерушісі болды 1933 жылы терминологиялық тәржіме жөніндегі Мемлекеттік комитетті басқарды.

Қ.Жұбанов – ағартушы–педагог. Ол тек қана оқыту ісімен шұғылданып қоймай, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен ғылыми–зерттеу еңбектерін жазды. Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында, семинарында сабақ беріп, әрдайым олармен консультация–кеңес өткізді. Араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасауға қатысты.

Қ.Жұбанов – Кеңестердің бүкіл Ресейлік 16–съезінің делегаты, 1935 жылғы мәдениет құрылыс қызметкерлерінің бүкіл Қазақстандық съезін ұйымдастыру комитетінің төрағасы, 1935 жылы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мүшесі болды. Ол «Мәдениет құрылысындағы екпінді жұмысы үшін» және «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталды.

1938 жылы «халық жауы» деген жаламен атылып, 1957 жылы КСРО Жоғары Соты коллегиясының үкімімен ақталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер / құраст. А.Жұбанов. – Алматы: Өнер, 1990. – 207 б.

Қазақстанның өнері жайында.

Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы: орта мектепке арналған. – Алматы: Қазбас, 1937. – 74 б. 1 бөлім жалпы морфология 5 кл.

Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 361 б.

Жұбанов Қ. Қазақстан екпінді мұғалімдер съезінде сөйлеген сөзі; Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы; Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі // Қазақтың ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) /құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2.– 220–224 б.

Жұбанов Қ. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі // Жалын. – 1989. – № 6. – 80–82 б.

Жұбанов Қ. Төрт қызық, мың бейнет, жарық өмір: әңгіме // Жалын. – 1989. – № 6. – 82–84 б.

Ол туралы:

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы (19.12.1899–25.02.1938) // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т.4. – 54–55 б.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы // Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1974. – Т.4. – 49 б.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы // Қазақ ССР. Төрт томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. – Т.3. – 243 б.

Жұбанов Құдайберген (1899–1938) // Абай: энциклопедия. – Алматы, 1995. – 255 б.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы // Түркістан: халықаралық энциклопедия – Алматы, 2000. – 325 б.

Жұбанов Құдайберген (19.12.1899–25.2.1938) // Ақтөбе: энциклопедия. – Ақтөбе: Отандастар–Полиграфия, 2001. – 436 б.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы (19.12.1899–25.2.1938) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 52 б.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 35–38 б.

Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі (Қазақ ССР Ғылым академ. редкол.Ә.Қайдаров және т.б. – Алматы: Ғылым, 1990. – 368 б.

Құдайберген Жұбанов (1899–1938) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 220 б.

Мендекеев Ә. Сегіз қырлы бір сырлы // Зауал: Мақалалар, естеліктер. – Алматы, 1991. – 220–235 б.

Ғалым Қ.Жұбанов туралы.

* * *

Айтбайұлы Ө. Құдайберген Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері / Ө. Айтбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2019. – 19 желтоқсан.

Арен Ж. Құдайберген Жұбанов рухына тағзым / Ж. Арэн // Білімді ел = Образованная страна. – 2017. – 19 қыркүйек.

Ақтөбе обл. Мұғалжар ауданында ұлт ұстазы Қ.Қ.Жұбановтың ұрпақтарымен кездесу өткізілді.

Байғұлқызы С. Жұбановтар рухы ұлықталды / С. Байғұлқызы // Білімді ел = Образованная страна. – 2019. – 5 қараша. – 4–5 б.

Ақтөбе мемлекеттік университетінде Жұбановтар мерейтойының өтуі

Бектібаева Л. Ғылым көгінің жарық жұлдызы / Л. Бектібаева // Республика ұстаздары. – 2020. – № 5–6. – 5 б.

Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапханада қоғам қайраткері, ағартушы–педагог, репрессия құрбаны Құдайберген Жұбановқа арналған «Ғылым көгінің жарық жұлдызы» деген тақырыптық кеш өтті.

Жақыпов Қ. Құдайберген және күпі киген екеу / Қ.Жақыпов // Республика ұстаздары. – 2004. – 28 қаңтар.

Жұбанов А. Тіл ғылымының тұңғыш профессоры / А. Жұбанов // Егемен Қазақстан. – 2015. – 26 ақпан.

Тіл ғылымының тарихында профессор атағын алғаш алған тілші-ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туралы.

Имахамбетова Р. Қос бәйтерек / Р.Имахамбетова // Ана тілі. – 2004. – 25 қараша.

Ғұлама ғалымдарымыз Ахмет Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов жайлы.

Исаева Ж. Ғұмырын тілді зерттеуге арнаған (профессор Құдайберген Жұбановтың еңбектері неге оқулықтарына енгізілмей келеді?) / Ж. Исаева // Ана тілі. – 2013. – 4–10 сәуір.

Қарабалина А.А. Қ.Жұбанов танымдарындағы басқа тілді меңгерудің психологиялық ерекшеліктері / А.А.Қарабалина // Білім. – 2004. – № 4. – 67–70 б.

Құдайберген Жұбанов дәрісханасы ашылды
// Ана тілі. – 2017. – 22–28 маусым.

Малбақов М. Біртуар / М. Малбақов, А.Жұбанов // Ана тілі. – 2014. – 15–21 мамыр.

Ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов туралы.

Нұрсұлтанқызы Ш. Елден ерек тұлға. Қ.Жұбанов мұраларының тағылымы мол / Ш. Нұрсұлтанқызы // Ана тілі. – 2011. – 7–12 қаңтар.

Ғалым Құдайберген Жұбанов туралы.

Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов және қолжазба журнал дәстүрі / Ә.Оралбай // Ақиқат. – 2005. – № 1. – 62–65 б.

Самиғұллақызы А. Қорға түскен құнды жәдігерлер / А. Самиғұллақызы // Ана тілі. – 2021. – 23 желтоқсан. – 5 б.

Киесі мен қасиетін сақтаған құнды жәдігерлер Жұбановтардың мемориалдық музейінің қорына тіркелді.

Сыздық Р. Ғылым көгінің жарық жұлдызы. Құдайберген Жұбанов және қолданбалы тіл білімі (Асқар Жұбановтың мақалаларынан үзінді) / Р. Сыздық // Ана тілі. – 2013. – 4–9 қаңтар.

Тайжанов А. Қ.Жұбанов – халқымыздың этномәдени тарихын зерттеуші / А.Тайжанов // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. – № 12. – 42–51 б.

Тайжанов А. Құдайберген Жұбановтың Абайды тануы / А.Тайжанов // Ақиқат. – 2004. – № 11. – 58–64 б.

Тайжанов А. Құдайберген Жұбановтың Қожа Ахмет Ясауиді тануы / Қ.Жұбанов // Ақиқат. – 2006. – № 10. – 60–68 б.

Желтоқсан 20 жұлдыз Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қартбай Бекемұлы Бержановтың** туғанына **100 жыл** (20.12.1924–23.02.1975).

Бержанов Қартбай Бекемұлы 1924 жылы 20 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында дүниеге келген. Ата-анадан ерте жетім

қалған ол балалар үйінде тәрбиеленді. Орал қаласындағы арнаулы музыка мектебіне оқуға түседі, оны 1943 жылы үздік бағамен бітіріп, сол жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының (қазіргі Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) тарих факультетіне түседі, оны 1947 жылы айрықша дипломмен аяқтайды. Оқып жүріп № 12 қазақ орта мектебінде тарих пәнінен сабақ берді. 1947–1951 жылдар аралығында осы институттың педагогика кафедрасының аспиранты мен ассисенті болды.

1951 жылы профессор Р.Г.Лембергтің жетекшілігімен «Қазақстан мұғалімдерінің қоғамдық және мәдени-ағартушылық қызметі тарихынан» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол кезде ҚазПИ–де (қазіргі Қазақтың Ұлттық педагогикалық университеті) аға оқытушы болды. 1954 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына проректор және педагогика кафедрасының меңгерушісі болды. 1955–1957 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясы Алматы обкомы мектептер мен жоғары оқу орындарының меңгерушісі болды. Қартбай Бекенұлы 1957 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына қайтып келіп, институтта проректор және педагогика кафедрасын меңгерді. 1966 жылы «Халық ағарту саласындағы орыс–қазақ ынтымағы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1967–1975 жж. Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды. 1969 жылы профессор атағына ие болды.

Үлкен ғалым, педагог, педагогика ғылымының докторы, профессор Қартбай Бекенұлы еліне, халқына еңбек сіңірген, жас мамандар даярлауда үлкен қызмет еткен, оның басқаруымен 35 адам кандидаттық диссертация қорғады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Бержанов Қ. Оқу ағартудағы халықтар достығы / Қ. Бержанов. – Алматы: Мектеп, 1976. – 143 б.

Бержанов Қ. Қазақ жеріндегі тұңғыш мектептер / Қ. Бержанов // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 362–365 б.

Бержанов Қ. Педагогика тарихы: Қысқаша курс. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Өңделіп 2-ші бас. / Қ. Бержанов. – Алматы: Мектеп, 1984. – 256 б.

Бержанов Қ. Педагогика тарихы. Қысқаша курс: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Қ. Бержанов. – Алматы: Мектеп, 1971 – 244 б.

Бержанов Қ. Тарихи–педагогикалық зерттеу / Қ. Бержанов. – Алматы, 1965.

Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі / Қ. Бержанов. – Алматы, 1974.

Ол туралы:

Бержанов Қартбай Бекемұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.. - Алматы, 1999. – Т.2.– 290 б.

Бержанов Қартбай // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия.. – Алматы, 1988. – Т.3. –133 б.

Бержанов Қартбай Бекемұлы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – Т.1. – 243 б.

Бержанов Қартбай Бекемұлы (20.12.1924–23.2.1975) // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1. – 400 б.

Қартбай Бержанов (1926–1976) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы.(XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап 1995 жылға дейінгі кезең) /құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. –361–362 б.

Қартбай Бержанов (1924–1976) // Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 306–308 б.

Қартбай Бержанов (1924–1976) // Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуір 1920–1999) – Алматы, 1999. – 106–109 б.

Құнантаева К.К. Ғалым педагог /К.К.Құнантаева // Бастауыш мектеп. – 2000. – № 2. – 60–61 б.

Үлкен ғалым, педагог, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Бержанов туралы.

Қысқы демалыс

28 желтоқсан – 11 қаңтар

2 қарашадан 28 желтоқсанға дейін жаңа жылды қарсы алуға дайындық: мектеп құжаттамаларын әзірлеу (бұйрықтар, нұсқаулар журналы, хаттамалар, педагогикалық кеңес, әкімшілік кеңестер материалдары), жаңажылдық таңертеңгіліктер мен кештер кестелерін әзірлеу, мұғалімдерден, ата–аналар мен оқушылардан құрылған шығармашылық топтың сценарийді әзірлеу жұмысы, репетициялар өткізу, шырша орнату, шыршаға ілінетін әшекейлер мен ойыншықтарды дайындау, ішкі бөлмелерді, ғимараттың қасбетін (фасадын) безендіру.

Қысқы демалыс кезеңінде жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу: қысқы демалыс күндеріндегі жалпымектептік іс–шаралар жоспарын, спорт залы мен компьютер сыныбының жұмыс кестесін, үйірмелер мен секциялардың сабақ кестелерін әзірлеу, оқушылар мен ата–аналарға арналған қабырғалықты рәсімдеу. Ата–аналарды ата–аналар жиналыстарында, оқушыларды мектеп жиналыстарында қысқы демалыс күндеріндегі жұмыспен қамтылу нысанымен таныстыру. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс–шаралар жүргізу: ықшам аудан бойынша рейдтерге шығу, пәтерлерге бару, мінез–құлқы девиантты оқушылармен

әңгімелер өткізу. Құтқару қызметтерінің, құқық қорғау, жол полициясы, денсаулық сақтау органдарының, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдерімен кездесулер.

28, 29, 30 желтоқсан – **Жаңа жылдық таңертеңгіліктер мен кештер.** Жаңажылдық шырша жанындағы «Аяз атада қонақта», «Жаңажылдық ертегі», «Сиқырлы орманда» мерекелік–көңіл көтеру шаралары. Мерекелік концерттер, дискотека кештері немесе жаңажылдық киімдер таныстырылатын бал маскарадтар.

31 желтоқсан – **Спорттық ойындар күні.** Қысқы мектеп олимпиадалық ойындары. Спорттық ойындар, таза ауадағы «Көңілді», «Аязды», «Қарлы» старттар, қозғалысты ойындар, шаңғылармен, конькилермен жарыстар, «Жас мәнерлеп сырғанаушы» конкурстарын өткізу.

Аяз аталар парадтарына, орталық алаңдардағы карнавалдық шерулер мен көпшілік серуендерге қатысу.

1 қаңтар – **Көңілділер мен тапқырлар күні.** Ең күшті, сабырлы, ең дәл, аса тапқыр жеткіншекті анықтауға арналған балалар мен жасөспірімдер арасындағы жалпымектептік және сыныптық конкурстарды (акт залында және таза ауада) өткізу.

2 қаңтар – **Тілдер күні.** Республика халқының бірлігі, тілдер фестивальдерін өткізу. Оқушыларды Қазақстан халқы ассамблеясының, ұлттық жаңғыру мектептерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру, Қазақстанды мекендеген халықтардың мәдениетімен, тарихымен танысу. Жергілікті емес ұлт оқушылары арасында қазақ тілінің білгірлері байқауын ұйымдастыру.

3 қаңтар – **Қайырымдылық күні.** Оқушылар күшімен балалар үйлерінде, мектеп интернаттарда, жаңажылдық қайырымдылық шағын кештер, спектакльдер, мерекелік концерттер өткізу.

4 қаңтар – **Қызықты кітап күні.** «Кітап – рухани қазына!» атты қалалық және ауылдық кітапханаларда, мектеп кітапханаларында әдеби-танымдық және поэзиялық кештер, әдеби сайыстар ұйымдастыру. Өлке әдебиеті тарихы жөнінде зияткерлік викториналар мен конкурстар. Кітапханалардың ескі кітаптарын «емдеуге» қолғабыс ету. Өңірдің әдебиетшілерімен, ақын–жазушыларымен кездесулер.

5 қаңтар – **Өнерлі балалар күні.** Таза ауада «Қар сағатын»: үздік мұз пішіндер, қар қамалдар, қар ойындарын, қозғалмалы ойындар, шанамен сырғанау, төбеден сырғанау конкурсын немесе мектеп ішінде үздік сурет, үздік қолөнер бұйымын жасау жарысын ұйымдастыру және өткізу.

6 қаңтар – **Достар күні.** «Менің досым», «Менің сүйікті фотосуретім», «Бірлігіміз жарасқан», «Біргеміз, берік іргеміз», «Мектеп достығы» атты сынып ұжымдарындағы шығармашылық іс-шаралар: дос туралы тақпақ, өлеңдер оқу, досқа арнап өз өнерлерін көрсету.

7 қаңтар – **Адам құқықтары күні.** Сөзсайыс турнирлерін, пікірталастарды өткізу. Төменгі сынып оқушылары үшін «Менің құқықтарым» таңертеңгілігін, орта және жоғарғы сыныптарда «Мемлекеттің Ата заңы» тақырыбында сұхбаттар өткізген жөн. Билік органдары

өкілдерімен «Заң және біз» кездесу кешін, «Мен және Заң» құқық білгірлері конкурсын өткізу. Жұмыста Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін пайдалану.

8 қаңтар – **Шеберлер күні**. Жоғарғы сынып оқушыларына арналған әртүрлі шебер–сыныптар, семинар–практикумдар, слеттер, форумдар, саммиттер, құрылтайлар өткізу. Қоғамдық балалар–жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау. Тілек білдіргендер үшін тұлғалық және көшбасшылық қабілеттерді дамыту жөніндегі психологиялық тренингтер өткізу. Балалар мен жеткіншектерді жастар қозғалыстарының, үкіметтік емес ұйымдардың көшбасшыларымен және балалар қозғалыстарының белсенділерімен кездесулер.

9 қаңтар – **Волонтерлер күні**. «Қарттар – алтын қазынам» атты Соғыс және еңбек ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, жалғызбасты және қарт тұрғындарға, мектеп мұғалімдеріне, көпбалалы отбасыларға, мүгедек балаларға және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күтпеген қайырымдылық волонтерлік істерді өткізу.

10 қаңтар – **Шахматшылар күні**. Шахмат пен шашкиден немесе тоғызқұмалақтан клубаралық, жалпымектептік, аулааралық ойындар, достық ойындар мен чемпионаттар өткізу.

11 қаңтар – Қысқы демалыс кезеңінде мектептен тыс жұмыспен қамтылуды ұйымдастыру **жұмысының қорытындыларын шығару** (қатысу рейтингі, үйірмелер және т.т. жұмысының рейтингі). Қанаттас сыныптар бойынша сынып сағаттарын, жиналыстар, қысқы демалыс кезеңіндегі іс–шараларға белсене қатысқаны үшін марапаттар тапсыра отырып, жалпымектептік оқушылар жиындарын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Айдарқызы А. Волонтер дейтін бір топ бар / А. Айдарқызы // Айқын. – 2020. – 10 маусым. – 4 б.

Төтенше жағдай кезіндегі еріктілердің атқарған қызметі.

Айшуақов М. Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы / М. Айшуақов // Өзін–өзі тану = Самопознание. – 2020. – № 4–6. – 16–18 б.

Аликбаева А.К. Кітаппен дос бол! / А. К. Аликбаева // Өзін–өзі тану. kz = Самопознание. kz. – 2021. – № 9. – 38–39 б.

Өзін–өзі тану пәнінде мектеп оқушылары үшін жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойларына сіңіріп, оқуға деген құштарлықтарын ояту, «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты оқу сауаттылығын дамыту.

Ахметова Г.А. Н. Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп–интернатта өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы / Г. А. Ахметова // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2022. – № 3. – 24–27 б.

Ахметова А. Құқықтық тәрбиенің мемлекеттік бағдарламасын бекіту орынды / А. Ахметова // Заң газеті. – 2020. – 26 маусым. – 2 б.

Жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық мәдениетін арттыру.

Әлішбаева И. Жүзден жүйрік / И.Әлішбаева // Мектептегі сценарийлер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 6. – 21–24 б.

Тілге байланысты 4 сыныпқа арналған топтық сайыс.

Байұзақов А. Еріктілер – патриоттар! / А. Байұзақов // Ана тілі. – 2020. – 30 қаңтар – 5 ақпан. – 2 б. – Қазақстандағы волонтерлер жайында.

Байбол Ә. Бүгінгі баланы кітапқа қалай қызықтырамыз? / Ә. Байбол // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 3 желтоқсан. – 23 б.

Балаларға арналған кітаптар жайында.

Бәкір Қ. Жүзден астам ұлтқа құт мекен болған Қазақстандағы тіл саясаты / Қ. Бәкір // Қазақ. – 2020. – 4 ақпан.

Бүркітбай М. Кітап оқу мәдениеті қалыптасып келеді / М. Бүркітбай // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 13 қараша. – 10 б.

«Bolashaq» қауымдастығының жастарды кітап оқуға баулуы.

Газизова Н. Қазіргі жағдайы мен болашағы / Н. Газизова // Білімді ел = Образованная страна. – 2021. – 6 сәуір. – 15 б.

Құқықтық білім мен тәрбие, құқықтық мәдениет жайында.

Еріктілер ел алғысына бөленді // Қазақстан дәуірі. – 2021. – 11 наурыз. – 3 б.

Волонтерлердің белсенді атқарған еңбектері жайында / дайындаған Т. Есдәулет.

Ескендір Р. Кітаппен – әлемге! / Р. Ескендір // Almaty aqshamu. – 2021. – 17 сәуір. – 4 б.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалар қорын көркем әдебиетпен толықтыру, материалдық–техникалық базасын нығайту жұмыстарының жүргізілуі.

Ибишева Б. Ай дидарлы анашым: тәрбие сағаты / Б.Ибишева // Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері. – 2020. – № 3. – 34–37 б.

Исабаев П. Түркістандық өнертапқыштар шағын трактор құрастырып шығарды / П. Исабаев // Қала & мен Дала. – 2020. – 17 қаңтар. – 15 б.

Түркістан облысына қарасты Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжінің өнертапқыштары жайлы.

Кабимолдина А.К. Қазіргі заман талабына сай жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру / А. К. Кабимолдина, Ә. Д. Шамшиев // Тәрбие құралы. – 2021. – № 3. – 15–16 б.

Кәрібаев Б. Тәуелсіздік және ұлттық тарих / Б. Кәрібаев // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 маусым. – 4 б.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай.

Көптілеуова Ж.С. Жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру / Ж. С. Көптілеуова // Педагог. – 2021. – № 1. – 18–21 б.

Қадыр Б. Елімізде еріктілік қаншалықты дамыды? / Б. Қадыр // Түркістан. – 2021. – 25 наурыз. – 1,5 б.

Еріктілер (волонтерлер) қозғалысы туралы.

Қайырымдылық қазақты ұлт ретінде сақтап қалды. Елордадағы еріктілер жиынында Тоқаев айтқан 4 тезис
// Қала & мен Дала. – 2020. – 14 ақпан. – 3 б.

Елордада «Birgemiz» республикалық фронт–кеңесінің ресми ашылуына ҚР Президенті Тоқаевтың қатысуы.

Құдасова Ш. Қызықты қысқы демалыс / Ш. Құдасова // Ұлан. – 2021. – 19 қаңтар. – 6 б.

Ж.Тәшімов атындағы № 68 мектептің сынып жетекшісі Р.Молдабекова оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, кітапқа қызығушылығын ояту, С. Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасына саяхат жасағаны жайлы.

Мақсұтбаева Қ.Б. Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру жолдары / Қ. Б. Мақсұтбаева // Білім кілті = Ключ знаний. – 2020. – № 1. – 8–10 б.

Мамырұлы Е. Екі ішекте – ел аманаты / Е. Мамырұлы // Егемен Қазақстан. – 2021. – 3 маусым. – 10 б.

Ұлттық домбыра күніне орай.

Менеева А. Қыз бала қандай болу керек?: тәрбие сағаты / А. Менеева // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2020. – № 3. – 5–6 б.

Мұқаметқали М. Серпін сыйлаған студенттер сайысы / М. Мұқаметқали // Білімді ел = Образованная страна. – 2020. – 17 наурыз. – 13 б.

ЖОО–ының студенттер арасындағы спорт сайысының өтуі.

Мұрат Д. Өнертапқыш өрен Диас Жансерік кабельдік жүйелерді қиыннан қиыстыратын маман / Д. Мұрат // Almaty aqshamy. – 2021. – 23 желтоқсан. – 6 б.

Алматы қаласындағы политехникалық колледжінде VI «Worldskills Kazakhtan» ұлттық чемпионатына қатысқан жүлдегер иесі жайлы.

Мырзаханқызы Д. Үш тілді меңгеру – заман талабы. № 110 мектеп–гимназияда химия, физика, информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылады / Д. Мырзаханқызы // Алматы ақшамы. – 2020. – 4 ақпан. – 8 б.

Алматы қаласындағы мектеп туралы.

Нұсқабаев Ж. Көтеріңкі көңіл сыйлады / Ж. Нұсқабаев // Қазақстан мұғалімі. – 2021. – 23 ақпан. – 8 б.

Түркістан облысы, Жетісай ауданының № 11 «Жеңіс» мектеп–гимназиясының ұйымдастыруымен қысқы демалысты «Қазақстан балалары – қысқы ғажайып» іс–шарасын онлайн түрінде қашықтықтан өткізуі.

Өміртай А. Ынта мен ықылас. Мемлекеттік тілді қайтсек меңгереміз? / А. Өміртай // Егемен Қазақстан. – 2021. – 22 ақпан. – 1,9 б.

Серікқызы Э. Балалардың робот бесігі / Э. Серікқызы // Egeмен Qazaqstan. – 2020. – 28 сәуір. – 16 б.

Алматы қаласындағы математика–физика бағытындағы № 178 лицейде робототехника үйірмесіне қатысып жүрген балалардың техникалық шығармашылығы жайында.

Тасмагамбетова А. Кітап – адамзаттың асыл қазынасы (Кітапханалық сабақ) /А.Тасмагамбетова // Мектептегі тыс жұмыстар. – 2020. – № 1. – 7–8 б.

Тилепова Л.К. «Сүйем сені, Туған ел» / Л. К. Тилепова // Қазақстан орта мектебі = Средняя школа Казахстана. – 2020. – № 11–12. – 56–60 б.

Отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған тәрбие сағаты.

Тоқтамұрат Қ. Қазақ кітабының күні қажет / Қ. Тоқтамұрат // Egeмен Qazaqstan. – 2021. – 22 сәуір. – 7 б.

Еуропа елдерінде кітап мерекелері, кітап сыйлау үрдісі жақсы қолға алынған, «Буккроссинг» – кітаптың айналыста жүруі, қолдан–қолға өтуі, Қазақстанда кітап оқу челлендж, мектеп оқушылары арасында кітап оқудан сайыс ұйымдастыруды қолға алғаны жайында.

Тоқсанбай Қ. Кітап оқудан кім алда? / Қ. Тоқсанбай // Егемен Қазақстан. – 2021. – 22 ақпан. – 10 б.

Мектеп оқушылары арасында өткен «Кітап оқығанды жақсы көремін» республикалық байқауының өтуі.

Уюмдасова А. Құндылықтың басты белгісі / А. Уюмдасова // Qazaqstan dauiri. – 2021. – 22 шілде. – 7 б.

Мемлекеттік тіл – сол елдің халқын біріктіретін, қалыптыстыратын құрал.

Хасен Т. «Бала дауысы» бала арманын орындайды / Т. Хасен // Егемен Қазақстан. – 2021. – 28 сәуір. – 13 б.

«Бала дауысы» байқауының продюсерімен сұхбат / әңгімелескен А. Өміртай.

Шарипова З. Қолөнер арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру / З. Шарипова // Көркем еңбек = Художественный труд. – 2021. – № 9–10. – 3–9 б.

Көркем еңбек сабағында оқушыларға қолөнерден кәсіби бағдар беру.

Шуршитбаева Д. Қолөнер арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру / Д. Шуршитбаева // Сыныптағы тәрбие. – 2020. – № 5–6. – 6–7 б.

Айы мен күні белгісіз 2024 жылы аталатын даталар

Мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым-педагог,
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі (1974–1983)

Тұрғанбек Қатаевтың туғанына 105 жыл (1919–2004).

Қатаев Тұрғанбек 1919 жылы Алматы облысы Іле ауданындағы Елі ауылында туған. Алматы қаласында орта мектепті бітірісімен, 1939 жылы Кеңес әскеріне шақырылып, Ұлы Отан соғысы тұсына тап болады. Алғашқы күндерден-ақ ол соғыс майданына белсене қатысады, әскерде танкке қарсы қару-жарақ бөлімшесінің командирі, взвод командирі, саяси жетекші, рота командирі болды. 1942 жылы Вавуза өзенін басып алу кезіндегі көрсеткен

ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталады. 1942 жылы КОКП қатарына өтеді.

1943 жылы соғыс кезінде ауыр жараланып, госпитальде ұзақ емделгеннен кейін, әскери қызмет етуге жарамсыз деп, әскер қатарынан оралады.

1944–1950 жылдары Алматы облысы Іле аудандық комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі.

1950–1954 жылдары Республиканың партия мектебін бітірген соң Қазақстан КП ОК үгіт–насихат бөлімі секторының нұсқаушысы және меңгерушісі.

1954–1955 жылдары Мәскеуде КОКП ОК жоғары партия мектебінде оқиды, оны бітіргеннен кейін, Павлодар облыстық партия комитеті үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі болып жіберіледі.

1960 жылы Мәскеуде КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға жіберіледі, онда іргелі білім алып, кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, 1963 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады.

Оқуды бітірген соң 1963–1968 жылдары Қазақстан КП ОК үгіт–насихат бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары болды.

1968 жылы Алматы облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы. 1973 жылы Қазақстан КП ОК ғылым және білім бөлімінің меңгерушісі болды.

1974–1983 жылдары Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі қызметін атқарды.

1976 жылдан Қазақстан КП ОК мүшесі, 9–10 шақырылған Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін жазушылықпен айналысқан.

Тұрғанбек Қатаевтың министрлікті басқарған кезеңі республиканың жоғары және арнаулы орта орындарының күрт дамуы, Қазақстанның жоғары оқу орындары орталықтарын құру кезеңі, білім беру жүйесінде жаңа нысандар мен құрылымдар іздестіріп бекіту жылдары болды. Ол басшылық еткен жылдары 10–нан астам жоғары оқу орны мен олардың филиалдары, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында бірнеше ондаған арнаулы оқу орындары ашылды. Мамандар даярлау сапасын басқаруды одан әрі жетілдіруге зор көңіл бөлінді. Оның бастамасымен одақ елдері жоғары оқу орындарының озық тәжірибесі толық зерттеліп, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен байланысты жақсартуға қол жеткізілді. Жоғары оқу орындарының басшылары мен ірі ғалым–педагогтары қатарынан әртүрлі жұмыс топтары құрылды. Т.Қатаевтың ұйымдастыруымен жыл сайын еліміздің орталық жоғары оқу орындарына Қазақстаннан оқуға жіберілген студенттермен, аспиранттармен және қазақстандықтар оқып жүрген жоғары оқу орындарының басшыларымен кездесулер өткізіліп тұрды.

Университеттер мен институттар негізінде есімдері әлемге әйгілі танымал, көрнекті ғалымдар қатысқан одақтық съездер мен конференциялар өткізілді.

Ол туралы:

Катаев Тұрғанбек Катаевич // Батырбеков М.Б. Высшая школа Казахстана в лица. Кн.2. Алматы, 2000. – С.16 /орыс тілінде/

Катаев Тұрғанбек // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2001. – 58–59 б.

Катаев Тұрғанбек // Қазақстан Республикасының Білім министрлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. К.Ж.Иманбекова; ред. А.Ә.Насырова. – Алматы: Республикалық ғылыми–педагогикалық кітапхана, 2020. – 71–74 б.

Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: мақалалар, баяндамалар жинағы / Ә. Қайдар. – Алматы: Сардар, 2014. – Т. 4. – 520 б.

Ғалымдар туралы мақалалар жинағында Тұрғанбек Қатаев туралы естелік берілген.

* * *

Ахметова С. Катаев Тұрғанбек (1919–2004) / С. Ахметова // Открытая школа. – 2016. – 64–67 б.

Қазақ КСР Білім министрі, Ұлы Отан соғысының ардагері, тәлімгер ұстаз Тұрғанбек Қатаұлы Қатаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы.

Ахметұлы А. Тарланбоз / А. Ахметұлы // Жетісу. – 2009. – 12 қыркүйек.

Қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Тұрғанбек Қатаев туралы.

Батырбеков М. Тау алыстаған сайын биіктейді / М. Батырбеков // Егемен Қазақстан. – 2007. – 20 қараша.

Профессор Тұрғанбек Қатаев жайлы.

Дәуір тарланы // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 12–18 қыркүйек.

Білім мен ғылым саласында аты мәлім Тұрғанбек Катаев туралы ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов пен ҚР ҰҒА академигі Кенжеғали Сағадиев және Олжас Сүлейменов ой–толғамдарын оқырмандарға ұсынады.

Жолдасбеков М. Ағамыз еді ардақты / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2005. – 11 наурыз.

Жоғары және арнаулы орта білім министрі, ірі мемлекет қайраткері Тұрғанбек Катаев жайлы.

Жолдасбеков М. Абыз еді ағамыз / М. Жолдасбеков // Егемен Қазақстан. – 2009. – 9 қыркүйек.

Қоғам қайраткері, ғалым, жоғары оқу орындары мен ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан Тұрғанбек Қатаев туралы.

Кәрібаев Б. Қазақ білімін қарыштатқан – Қатаев / Б. Кәрібаев // Түркістан. – 2019. – 10 қазан. – 7 б.

1974–1983 жылдары ҚазКСР Жоғары және арнаулы білім беру министрі Т.Қатаевтың өмірі мен еңбек жолы жайлы.

Муталапханқызы С. Т.Қатаевтың қайраткерлігі хақында / С. Муталапханқызы // Білімді Ел=Образованная страна. – 2016. – 22 қараша.

Қазақ КСР білім министрі, Ұлы Отан соғысының ардагері, тәлімгер ұстаз Тұрғанбек Қатаулы Қатаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы.

Нәрібаев К. Жоғары мектептің көшбасшысы / К. Нәрібаев // Жалын. – 2009. – № 8. – 83–86 б.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, жоғары білім жүйесінің білікті жетекшісі Тұрғанбек Қатаев туралы.

Нәрібаев К. Жоғары мектептің жанашыры еді / К. Нәрібаев // Алматы ақшамы. – 2014. – 16 қыркүйек.

Білім мен ғылым саласына аты мәлім Тұрғанбек Қатаев туралы.

Рәш М. Тарлан тұлға / М. Рәш // Ана тілі. – 2019. – 24–30 қаңтар.

Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрғанбек Қатаев туралы естелік.

Тұрғанбекқызы Р. Әкемнің атында көше бар / Р. Тұрғанбекқызы // Айқын. – 2015. – 9 мамыр.

Ұлы Отан соғысының ардагері, профессор Тұрғанбек Қатаев жайлы.

Мемлекет қайраткері, саяси қуғын–сүргін құрбаны
Ораз Жанұзақұлы Исаевтың туғанына 125 жыл
(28.05.1899–29.08.1938).

Исаев Ораз Жанұзақұлы 1899 жылы бұрынғы Орал облысы Ілбішін уезі, Қарасу болысының Көнекеткен ауылында дүниеге келген. Қарасудағы 6 жылдық орыс–қазақ мектебінде оқыған. Ораз орыс–қазақ тілдеріне жүйрік, сол кездің сауатты жастарының бірі болып шығады Қоғамдық қызметін 1916 ж. ауыл әкімшілігінде хатшы болып бастаған. 1917 ж. Шалқар болысында земство басқармасының хатшысы және уездік милиция хатшысы, 1919–1920 жылдары Ілбішін және Жымпиты уездерінде милиция хатшысы, қылмысты істерді іздестіру органы бастығының орынбасары болды. 1921 жылы большевиктер партиясы қатарына кірді. Орал губерниясында комсомол, кәсіподақ ұйымдарын құруға ат салысқан.

1924–1925 жылдары РК(б)П Қазақстан өлкелік бақылау комиссиясының орынбасары, Қазақ ОАҚ–нің хатшысы, 1925–1929 жылдары БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің 2 хатшысы болды. Осы аралықтарда, яғни 1926 жылғы жаз айларында «Еңбекші қазақ» газетіне де басшылық жасады.

1929 ж. сәуірден 1938 жылдың мамырына дейін Қазақстан Халком кеңесінің төрағасы, КСРО БОАК және ОАК төралқасының мүшесі, өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды. 1935 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы ерен еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған.

1938 жылы 31 мамырда жалған жаламен тұтқындалып Мәскеуге жіберілген, 1938 жылы 29 тамызда Ресейде ату жазасына кесілді. Әйелі

Сара Сәтбайқызы Есова да «халық жауының әйелі» деген жаламен балаларымен бірге қуғын сүргін көрді.

О.Ж. Исаев 1956 жылы 19 мамырда толығымен ақталды.

Алматы, Орал қалаларында Ораз Исаев атындағы көше бар. Алматы облысында О. Исаев атындағы село, өзінің туған ауылы Көнеккеткен мектебіне О.Исаев аты берілген.

Ол туралы:

Исаев Ораз Жанұзақұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т.4. – 316–317 б.

Исаев Ораз Жанұзақұлы // Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2006. – 307 б.

Исаев Ораз Жанұзақұлы // Қазақстан: ықшам энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2005. – 255 б.

Қыстаубаев Е. Ораз Исаевтың еңбегін неге ескермейміз? / Е. Қыстаубаев, Б.Ғұбайдуллин // Айқын. – 2019. – 31 мамыр.

Салқынбек Д. Қазақ үкіметін басқарған Ораз Исаев / Д. Салқынбек // Qazaq. – 2021. – 18 мамыр. – 9 б.

Исаев Ораз Жанұзақұлының халқымыздың болашағы жолындағы саяси күресі.

Ағартушы–педагог, әдіскер, тарихшы, әдебиеттанушы **Телжан Шонановтың туғанына **130 жыл (1894–1938)****

Шонанұлы Телжан қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы Аманкөл ауылында 1894 жылы 17 желтоқсанда дүниеге келген.

1912 жылы Орынбордағы екі кластық орыс–қазақ училищесін бітіріп, Орынбордағы қырғыз(қазақ) мұғалімдер институтына түскен. 1915 жылдан ұстаздық жолын бастайды.

Т.Шонанов «Жаңа мектеп» журналының негізін қалап, оның редакциялық алқасының мүшесі болды. Сонымен қатар ол «Жаршы», «Ақ жол», «Лениншіл жас» газет, журналында оқыту мәселелерін көтерді. Т.Шонанов мектептерде қазақ тілін оқытып, Халық Ағарту комиссариатының методикалық кеңесінің ғылыми қызметкері болған. Өмірінің соңғы жылдары Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университеті), әрі Әл–Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценті қызметін атқарған.

Ол отыздан аса оқулықтардың, ондаған мақалалардың авторы: «Әліппе», «Жаңа арқа» (алғашқы жылғы оқу құралы), «Жаңалық» (колхоз мектептері үшін әліппе), «Тіл дамыту», «Қазақ тілі» (грамматика мен емле)», «Қазақ тілінің оқу құралы», т.б. Ол орыстарға арналған «Самоучитель киргизского языка для русских» деген кітаптың және А.Байтұрсыновпен бірлесіп жазған «Оқу құралы» хрестоматиясының да авторы болды.

Т.Шонанов 1937 жылы 21 шілдеде Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты тарапынан тұтқынға алынып, «Халық жауы» деген жала жабылғанша көрнекті ғалым ретінде танылып қалған. Саналы да қысқа өмірінде зерделі зерттеулер жасаған Телжан Шонанұлының күндер өткен сайын еңбектері мен нақты оқулықтары – бүгінгі күн кәдесіне жарайтын, уақытпен үндесіп жатқан ғылыми мұра. Телжан Шонановтың әйелі Шахзада Шонанова 1938 жылдың 9 наурызында ері Телжаннан (25–ші ақпан) он күннен кейін Алматы түрмесінде атылады. Аяулы ер–азаматтардың арасында ату жазасына кесілген жалғыз әйел Шахзада еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Шонанов Т. Зерттеу әдісі (үзінді) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.ІІ. – 186–189 б.

Шонанұлы Т. Қазақ жері мәселесінің тарихы: араб әрпінен көшіріп дайындаған З. Ижанов // Таң–Шолпан. – 2006. – № 1. – 8–123; 2006. № 4. 76–105 б.; 2007. - № 3. – 78–103 б.

Ол туралы:

Телжан Шонанов (1894-1938) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.ІІ. – 186 б.

Шонанов Телжан (1894-1938) // Қазақстандағы білім беру мен педагогиканың даму тарихы (ҮІ–XX ғғ.) ІІ бөлім. (Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші). – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 92–93 б. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы).

Шонанов Телжан // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. Т.1. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – 104 б.

Шонанов Т. // Сарыбаев Ш.Ш., Сарыбаев Қ.Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. Алтыншы бөлім. – Алматы, 1994. – 18, 28, 44, 63, 96, 101, 102, 104, 118, 175, 183, 193, 194, 195, 198, 199 б.

Шонанов Телжан // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: библиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 71–73 б.

* * *

Әнес Ғ. Қос мұңлық: Телжан мен Шахзада / Ғ. Әнес // Ана тілі. – 2017. – 10–16 тамыз.

Репрессия құрбандары болып, атылып кеткен қоғам қайраткері, педагог, тілші–ғалым, аудармашы Телжан Шонанов пен оның әйелі педагог–әдіскер Шахзада Аронқызы Шонанова туралы.

Есекешова М. Т.Шонанұлы – тіл жанашары / М.Есекешова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998. – № 3–4. – 111–112 б.

Есекешова М. Телжан Шонановтың қазақ әліппесіне қосқан үлгісі / М. Есекешова // Қазақстан жоғары мектебі. – 1998. – № 5. – 3–5 б.

Есекешова М. Телжан Шонановтың педагогикалық мұралары / М.Есекешова // Бастауыш мектеп. – 1998. – № 1. – 17–19 б.

Есекешова М. Т.Шонанов пен Қ.Жұбановтың педагогикалық қызметтері / М.Есекешова // Қазақстан мектебі. – 1999. – № 9. – 75-б.

Есекешова М. Т.Шонанұлының ғылыми-педагогикалық еңбектері / М.Есекешова // Бастауыш мектеп. – 2005. – № 3. – 44 б.

Есекешова М. Телжан Шонанұлының аудармашылық жазбалары / М.Есекешова // Бастауыш мектеп. – 1998. – № 12. – 6–7 б.

Есқалиев С. Ел деп, жер деп өткен ер Телжан Шонанұлын ұрпақ ұмытпақ емес / С. Есқалиев // Түркістан. – 2014. – 18 желтоқсан.

Педагог, ғалым, оқулық кітаптардың авторы, тарихшы.

Жорабекова Н. Т.Шонанұлы еңбегіндегі патша өкіметінің жер саясаты мәселесі / Н. Жорабекова // Қазақстанның ғылыми әлемі=Научный мир Казахстана. – 2010. – № 1. – С.67–69.

Зайкенова Р. Телжан тағылымы / Р. Зайкенова, С.Баймұратова // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 21–27 қараша.

Энциклопедист–ғалым, педагог, қазақ тілінің білгірі, әдебиетші, тарихшы Телжан Шонанов туралы.

Мектеп–тегі А. Телжан Шонанұлы – әмбебап ғалым / А. Мектеп–тегі // Ана тілі. – 2017. – 23 ақпан – наурыз.

Саланчина Н. Телжан Шонанұлынан қалған мұралар / Н.Саланчина // Тәрбие жұмысы. – 2006. – № 3. – 2–4 б.

Сарыбаев Ш. Телжан Шонанұлы / Ш.Сарыбаев // «Қайнар» университетінің хабаршысы – 1999. – № 1. – 19–21 б.

Сымайылов М. Телжан Шонанов – ағартушы–педагог / М.Сымайылова, Б.Баймұратова // Қазақстан мектебі. – 1996. – № 11. – 59–63 б.

Тәкенов Ә. Телжан Шонанов және мектептегі өлкетану / Ә.Тәкенов, Б.Баймұратова // Қазақстан мектебі. – 1997. – № 3. – 61–63 б.

Телжан Шонанұлы кім болған? /Материалды газетке дайындаған А.Еркінбаева //Қазақ батыры. – 2004. – №1. – қаңтар

Тойкен С. Телжан Шонанұлы кім еді /С.Тойкен. – Ақиқат. – 2004. – № 9. – 38–42 б.

Жазушы–драматург, ақын,аудармашы,
ғалым, педагог **Жүсіпбек Аймауытовтың**
туғанына **135 жыл (1889–1931)**

Аймауытов Жүсіпбек 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылту облысының бірінші ауылында туған. Ауылда ескіше хат таныған соң, 1904–1911 жылдары орыс–қазақ мектептерінде оқыды. 1911–1914 жылдары Керекудегі орыс–қазақ мектебін бітіріп, 1914–1918 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыды. 1919 жылы Алашорда партиясына кіріп, «Абай» журналын шығаруға атсалысты.

Кейін Алашордадан бөлініп, 1919 жылы Коммунистік партия қатарына өтеді. Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып,

1920 жылы Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады.

Ж.Аймауытов 1919–1920 жылдары Павлодар, Семей қалаларында партия, кеңес қызметін атқарды. Ол 1921 жылы Семейдегі губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922–1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, ал 1924–1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Бұдан кейін 1926–1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының директоры болды.

1929 жылы басталған кеңестік қуғын–сүргін кезінде «Қазақстандағы ұлшылдық ұйыммен байланысы бар» деген жаламен тұтқынға алынып, ұзақ тергеуден кейін, 1931 жылы ату жазасына кесілді.

Жүсіпбек Аймауытовтан қалған мұра аса бай. Оның ішінде «Қартқожа», «Ақбілек» романдары «Күнікейдің жазығы» повесі мен көптеген әңгімелер, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия–Шарбану», «Шернияз» атты пьесалар, өлеңдер мен «Нұр күйі» поэмасы, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар мен көптеген аударма кітаптар, оқулықтар бар.

Ол халық ағарту комиссариатында, педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты тәрбиелеуге бағышталған ғылымның әр саласында жан–жақты білім алуын көздеген еңбектер мен оқу құралдарын жазды. Оның ішінде 1924 жылы «Тәрбиеге жетекші», 1926 жылы «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», 1929 жылы «Комплексті оқыту жолдары» т.б. еңбектері бар. Бұлар, әрине бүгінгі жетілген педагогика мен психологияның әдістемелік тұрғысынан әлсіз көрінсе де өз дәуірі үшін аса пайдалы қызмет атқарды.

Ж.Аймауытов кезінде бірқатар саяси тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақша аударуға қатысқан. Оның аударуымен Н.И.Бухарин мен Е.А.Покровскийдің «Коммунизм әліппесі», М.Н.Покровскийдің «Ресейдің ХІХ–ХХ ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан», «Орыс тарихы», В.Верховскийдің «Химияның бірінші тәжірибе сабақтары» атты оқулығы басылған. Бұлар Ж.Аймауытовты өз заманының жан–жақты білімді, ағартушы, педагог, ғылымы ретінде тұлғаландыра түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы / Ж. Аймауытов, Қазақстан Респ. Ұлттық Ғыл. Акад. М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ғылым.

Т.1.: Романдар – 1996. – 326 б.

Т.2: Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 1997. – 271 б.

Т.3: Пьесалар, өлеңдер. – 1997. – 237 б.

Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / құраст. М.Атымұмов, Қ.Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

Аймауытұлы Ж. Психология / Араб жазуынан көшірген А. Қажанова. – Алматы: Рауан, 1995. – 311 б.

Аймауытов Ж. Шернияз: Пьесалар жинағы / құрас. Б. Құндақбаев. – Алматы: Өнер, 1990. – 336 б.

Аймауытов Ж. «Абай» журналының бас мақаласы (үзінді); Психология (жан жүйесі) мен өнер таңдау (үзінді); Тәрбиеге жетекші (үзінді); Комплекспен оқыту жолдары (үзінді); Әдет заңы // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 122–143 б.

Аймауытұлы Ж. ...Бұлар (А.Затаевич пен Ковалев) ән-күйдің қазақ тонының өңін келтіреміз деп, қыра-қыра кейбір ән-күйдің қара қыртысын айналдырып барады // Жас алаш. – 2002. – 13 тамыз.

Аймауытов Ж. Су жүзінде (Мопассаннан) // Жас алаш. – 2002. – 8 қаңтар.

1924 ж. Ташкент қ. Ж. Аймауытовтың өзі шығарған «Сәуле» әдеби журналында жарияланған. Өңгіме Ги де Мопассанның шығармасынан аударған / шығарманы тауып, кирилл әліпбиіне түсірген Н.Қуантайұлы.

Аймауытұлы Ж. Ұлтты сүю // Жас алаш. – 2001. – 6 наурыз.

Қазақтың классик жазушысы Ж. Аймауытұлының осы мақаласы 1918 жылы «Абай» журналына шыққан, содан алынып отыр.

Аймауытұлы Ж. Әскери жастар туралы / Ж.Аймауытұлы // Алматы ақшамы. – 2007. – 5 мамыр

Ж.Аймауытұлының 1926 жылы жазған мақалалары.

Аймауытұлы Ж. Ұлтты сүю әр түрлі / Ж. Аймауытұлы // Мәдени мұра. – 2011. – № 5. – 24–27 б.

«Абай» журналы. 2 қазан 1918 жыл. Туындыны төте жазудан кирилл қарпіне түсірген – жүсіпбектанушы Н.Қуантайұлы.

Аймауытов Ж. Ұлтты сүю. (Ж.Аймауытов «Абай» журналы 2 қазан 1918 жыл) / Ж. Аймауытов // Ақиқат. – 2013. – № 6. – 3–5

Ол туралы:

Аймауытов Жүсіпбек (1889–1931) // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеулер, мақалалар. – Алматы, 1992. – 376 – 453 б.

Аймауытов Жүсіпбек // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1989. – 97 б.

Аймауытов Жүсіпбек // Қазақстан: ұлттық энциклопедия..– Алматы, 1998.–Т.1 – 138 б.

Аймауытов Жүсіпбек // Түркістан: халықаралық энциклопедия.– Алматы, 2000. – 31–32 б.

Аймауытов Жүсіпбек // Қазақстан ғалымдары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – Т.1 – 9 б.

Аймауытов Жүсіпбек // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын-сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 4–8 б.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Қазақ халқының халық ағартушылары (Халыққа білім беру саласындағы кітапханаларға методикалық–библиографиялық көмек құралы). – Алматы, 1991. – 39–45 б. (Қ.Р Білім мин–гі. РҒПК)

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996. – 102–110 б.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Даналар туралы әңгімелер. – Алматы, 2000. – 85–86 б.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.– Алматы, 1998. – Т.2.– 174–175 б.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы / құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2 120–122 б.

Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) // Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім–тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 264–278 б.

Жүсіпбек Аймауытов // Қызыл қырғын. 37–де опат болғандар / құраст. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. – Алматы, 1994. –30–32 б.

Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары // Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуір 1920–1999). – Алматы, 1999. – 55–60 б.

Байғабылов Б. Қайта оралған қаламгер / Б.Байғабылов // Зауал: Мақалалар, естеліктер. – Алматы, 1991. – 191–204 б.

Жүсіпбек Аймауытов туралы.

Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық көзқарастары (студенттер мен мұғалімдерге арналған көмекші құрал) / Қ.Жарықбаев. – Алматы: Білім, 2000. – 76 б.

Елеуқенов Ш. Әсем сөздің зергері / Ш.Елеуқенов // Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан: Әдеби портреттер, зерттеулер. – Алматы, 1989. – 108–129 б.

Ж.Аймауытовтың творчествосы туралы.

Қалиев С. Аймауытовтың педагогикалық мұралары / С.Қалиев // Қазақ халқының тәлім–тәрбие тарихынан. – Алматы, 1992. – 210–224 б.

Қожақеев Т. Дарқан дарын (Жүсіпбек Аймауытов) / Т.Қожақеев // Қожақеев Т. Көк сенгірлер. – Алматы, 1992. – 30–56 б.

Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов / С.Қирабаев. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.

Өмірі мен шығармашылығы.

Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов / С.Қирабаев. – Алматы, 1990. – 36 б. (Қазақ КСР «Білім» қоғамы)

Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) / С.Қирабаев // Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. – Алматы, 1989. – 3–22 б.

Құсайынов Д. Өнегелі өмір: Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) / Д.Құсайынов, Қ.Шүлембаев // Дала даналары / құраст. Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы, И.Тасмағамбетов, А.Құдабаев. – Алматы, 2001. – 526–540 б.

Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері / Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Атамұра, 1995. – 204 б.

Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл, Көкбай, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар жайында.

Тәжібаев Ә. Жүсіпбек Аймауытов / Ә.Тәжібаев // Тәжібаев Ә. Есімдегілер. – Алматы, 1993. – 336–339 б.

Тұрысбеков Р. «Күнікейдің жазығы» повесінің көркемдік және реалистік мәні туралы // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы / құраст. Т.Қожакеев. – Алматы, 1993. – 68–76 б.

Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек (Өмірі мен қаламгерлік қызметі) көмекші оқу құралы / Р.Сағынбекұлы. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек Аймауытұлы / Р.Сағынбекұлы. – Алматы: Рауан, 1997. – 103 б.

Өмірі мен қаламгерлігі хақында.

* * *

Ақтілеуов А. Асылдың сынығы – Ақтөбеде / А.Ақтілеуов // Айқын. – 2007. – 30 наурыз.

Ж.Аймауытовтың қызы Муза Ресейдің Тамбов қаласында тұрады.

Байбосын С. Сұлтанмахмұт Жүсіпбектің ағасы... / С. Байбосын // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 13–19 сәуір. – 3 б.

С.Торайғыров пен Ж.Аймауытов жайында.

Бөлеев Қ. Қазақ ағартушы–педагогикаларының халықтық салт–дәстүрлер арқылы ұлттық тәрбие беру туралы ой–пікірлері / Қ. Бөлеев, М. Е. Әбікеева // Ұлттық тәрбие. – 2010. – № 3. – 132–138 б.

Бапаева М. Төлеген Тәжібаев – Ж.Аймауытовтан кейінгі төл психология оқу құралдарының авторы / М. Бапаева // Мектептегі психология. – 2010. – № 4. – 9–10 б.

Жақыпова Ә. Ұлт мүддесін көздеген сыншы / Ә.Жақыпова // Ақиқат. – 2010. – № 11. – 60–63 б.

Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов жайлы.

Мекебаева Л. Шығарма шебері. Ж.Аймауытұлының әңгімелері хақында / Л.Мекебаева // Жалын. – 2004. – № 12. – 61–64 б.

Пірәлиева Г. Аймауытов – Абайтанушы / Г.Пірәлиева // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 1 шілде.

Тұрысбек Р. Аймауытұлының әдеби–сын еңбектері / Р. Тұрысбек // Айқын. – 2010. – № 7. – 55–59 б.

Жүсіпбек Аймауытұлының әдеби мұрасы жайлы.

Ысқақұлы Д. Сан қырлы дарын немесе Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы туралы сыр / Д. Ысқақұлы // Қазақ және әлем әдебиеті = Казахская и мировая литература. – 2018. – № 1–3. – 19–23 б.

Ісімақова А.М. Жүсіпбек Аймауытұлының әдебиеттанулық зерттеулері / А. М. Ісімақова // Қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ, орыс сыныптарында. – 2014. – № 2. – 2–3 б.

Жазушы, ақын, драматург, педагог
Тайыр (Тайлақбай) Жомартбаевтың
туғанына **135 жыл (1884–1937)**

Жомартбаев Тайыр Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей обл.) Абай ауданындағы Мұқыр ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінде ескіше хат танып, кейін Уфа қаласындағы Ғалия медресесін бітірді. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бастап өмірінің соңына дейін мектептерде, техникумдарда сабақ берді. 1915–1928 жылдары Зайсан қаласында, Маңырақ болысында мұғалім болып қызмет істеді. 1928–1930 жылдары Семейдегі № 14 мектептің директоры, 1930–1937 жылдары Семей педагогикалық техникумында оқытушы болды.

Т.Жомартбаев мұғалім бола жүріп, балаларға арналған «Ыждаһатты бала», «Жалқау бала», «Балаларға насихат», «Жетім баланың мұңы», «Рахымды жолдас», «Үлкен әке мен немере» т.б. халықтық тәлім–тәрбиеге негізделген адамгершілік тақырыбында бірнеше өлеңдерін жазып, 1914 ж. Семей баспаханасынан «Балаларға базарлық» атты оқулық шығарды. 1912 жылы тұңғыш «Қыз көрелік» романын жазды. Онда 20–ғасырдың басындағы қазақтың тұрмыс–тіршілігін, теңіне қосыла алмаған қазақ қыздарының өмірі суреттеледі. «Айқап», «Жаңа мектеп», т.б. журналдарға мақала, фельетондар жазып тұрды. «Сары сүйек, құла», «Осы ма, қазақ өмірің» атты пьесалары Зайсан, Семей қалаларындағы театрларда қойылды. Т.Жомартбаев қазақ әдебиеті тарихына ағартушы, ақын ретінде енді. Кузнецк қаласында № 23 мектепте жұмыс істеп жүргенде, Сталиндік қуғын–сүргінге ұшырап, тұтқынға алынады да, 1937 жылы ату жазасына кесіледі. 1956 жылы ақталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Жомартбаев Т. Қыз көрелік // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст.Қ.Жарықбаев, С.Қалиев / Т.Жомартбаев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 94–97 б.

Жомартбаев Т. Туған жерді сағыну: өлең / Т.Жомартбаев // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 13 қаңтар.

Ол туралы:

Жомартбаев Тайыр // Қазақ ССР. Төрт томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1988. Т.4. – 259 б.

Жомартбаев Тайыр (1884–1937) // Абай: энциклопедия. – Алматы, 1995. — 254 б.

Жомартбаев Тайыр (1884–1937) // Қазақстан: ұлттық энциклопедия..– Алматы, 2002. –Т.4. – 31б.

Жомартбаев Тайыр // Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 270 б.

Жомартбаев Тайыр // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 270 б.

Жомартбаев Тайыр (1884–1937) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы (XX ғасырдың 20–жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) / құраст.Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, 1998. – Т.2. – 94 б.

Жомартбаев Тайыр // Отанына қайта оралған есімдер. Қуғын–сүргінге ұшыраған білім беру саласының қайраткерлері: биобиблиографиялық көрсеткіш / құраст. С.С.Бүркітбаева, К.Ж. Иманбекова; ред. А.А.Насырова. – Алматы, 2007. – 33–35 б.

Құлбарақов С. «Қыз көрелік» – қазақ прозасының қарлығашы //Абай. – 2002. – № 1. – 54–56 б.

Педагог, ақын–жазушы Тайыр Жомартбаевтың еңбегі жайлы.

Мұхаметханов Қ. Ақын жазушы, педагог // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 23 қаңтар.

Педагог–жазушы Тайыр Жомартбаев туралы.

Ақын, ағартушы, журналист
Мұхаметсәлім Көшімовтың
туғанына **140 жыл (1884–1935)**

Көшімов Мұхаметсәлім 1884 жылы бұрынғы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында діндар отбасында туған. Жас шағында әкесімен қажыға барып, «Галач қажы» атанған. Ол бірнеше тәлім–тәрбиелік еңбектердің авторы «Үгіт», «Әдеп», «Сабак», «Насихат қазақия», «Ақыл кітабы», т.б. Бұл кітаптар қазақ шәкірттеріне арналған ақыл–кеңес, тәрбие тағылымдарын қамтиды. 1911–1914 жылдары «Айқап» журналында қызмет істей жүріп, ел ішіндегі мектеп–медреселердің жай–күйі, олардағы оқу–тәрбие істерінің барысы жайлы ой қозғаса, жетісу, қырғыз, қытай қазақтарын аралаған кезінде этнографиялық очерктер жазған.

М.Көшімов – ұстаз бен шәкірт қарым–қатынасында әдепті, мәдениетті қарым–қатынас болу әрбір адамның міндеті деп ұғады. Баланың әдептілігін, білімге ұмтылушылығы, халқына деген махаббатын жас кезінен тәрбиелеудің маңызын жоғары бағалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Көшімов М. Үгіт: үзінді // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 91–92 б.

Көшімов М. Әдеп: үзінді // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 92 б.

Көшімов М. Тамақтану әдептері // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 92–93 б.

Көшімов М. Қонақ шақыру әдептері // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 93 б.

Көшімов М. Сөйлеу әдептері // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.. – Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 93 б.

Ол туралы:

Мұхаметсәлім Көшімов // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы.– Алматы: Рауан, 1998. – Т.2. – 90-91 б.

**Ақын Махамбет Өтемісұлының
туғанына 220 жыл (1804–1846)**

Өтемісұлы Махамбет Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданының Нарын құмында 1804 жылы туған. Ауыл молдасынан дәріс алған. Жас кезінде Махамбет хан ордасында болды. Жәңгір хан оны Зұлқайнар деген ұлымен бірге Орынбор қаласына жіберді, оған хандықтың мирасқоры – ханзаданы бағып, тәлім-тәрбие беру міндеті жүктелді. Ханның Махамбетті өз адамы, өз ақыны етуге тырысқан ниетінен ештеңе шықпады. Ол халықтың мұңын мұндап, жырын жырлағаны үшін хан сарайынан қуылады. Исатай бастаған шаруалар көтерілісіне қатысады. Онда ол сол қозғалыстың ұйымдастырушы, басқарушы көсемдерінің бірі, жалынды үгітшісі, жауынгер жыршысы болады.

Өзінің өлеңдерінде ақын жастардың тәні мен жаны бірдей шынығуына, олардың күшті ерік-жігері мен қайсар мінез-құлқын тәрбиелеу ісіне зор маңыз береді. Жастарды бұқара халыққа қиянат жасайтын хан-сұлтандарға қарсы күрестің мәнін терең түсіне білетін қас батыр етіп шығару үшін Махамбет тәрбие мәселесін халықтың абыройы жолындағы күреспен ұштастыруға, өскелең ұрпақтың мұрат-мүддесін, әлеуметтік мәнін ашуға тырысады.

Ақынның құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кеткен жоқ. Махамбет жырлары халқымыздың мәдени мұрасының, рухани қазынасының ең асылынан саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай; Ұлы арман; Толарсақтан саз кешіп; Еңселігім екі елі; Махамбеттің Жәңгірге айтқаны; Атадан туған аруақты ер; Ерлердің ісі бітер ме? ; Исатай деген ағам бар; Мұнар күн; Тайманның ұлы Исатай; Жәңгірдің ісі; Тарланым; Мен едім; Жайықтың бойы көк шалғын; Махамбеттің Баймағамбет Сұлтанға айтқаны; Қызғыш құс; Исатай сөзі; Мен Нарыннан кеткенмін; Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай!: өлеңдер / Махамбет // Бес ғасыр жырлайды. –Алматы,1989. – Т.1. – 180–196 б.; Үш томдық.– Алматы,1984. – Т.1. – 202–240 б.

Өтемісұлы М. Ереуіл атқа ер салмай: Өлеңдер / баспаға дайындаған, алғысөз, түсініктерін жазған Қ.Сыдиқов / М.Өтемісұлы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 141 б.

Өтемісов М. Жыр – семсер: өлеңдер / М.Өтемісов. – Алматы: Жазушы, 1979.–136 б.

Өтемісұлы М. Өлеңдер / М.Өтемісұлы. – Алматы: Казмемкөркемәдеббас, 1951. –138 б.

Өтемісұлы М. Шашақты найза, шалқар күй / күйлерді нотаға түсірген Қ. Ахмедияров / М.Өтемісұлы. – Алматы: Өнер,1982. – 56 б.

Өтемісов М. Тарланым: өлеңдер / М.Өтемісов. – Алматы: Жалын,1985. – 44 б.

Өтемісұлы М. «Ереулі атқа ер салмай», «Әскер жинап аттандық»; «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі»; «Мен, мен едім, мен едім»; «Исатай деген ағам бар»: өлеңдер / М.Өтемісұлы // XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1985. – 62–81 б.

Өтемісұлы М. Ереуіл атқа ер салмай; Мінкен ер; Тарланым; Тайманның ұлы Исатай; Ерлердің ісі бітер ме?; Толғау; Нарын; Күн қайда; Мен едім; Қызғыш құс: өлеңдер / М.Өтемісұлы // XIX ғасыр әдебиеті. Хрестоматия. 6–шы кітап / құраст.Х.Сүйіншәлиев. – Алматы,1992. –35–39 б.

Өтемісұлы М. Ереуіл атқа ер салмай; Мұнар күн; Тарланым; Қызғыш құс: өлеңдер / М.Өтемісұлы // Дау шешеді дана сөз. –Алматы,1996. –73–76 б.

Өтемісұлы М. «Тарланым», «Тайман ұлы Исатай»: өлеңдер / М.Өтемісұлы // Қазақ әдеби тілінің тарихы. Хрестоматия. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 112–114 б.

Ол туралы:

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) // Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1984. – Т.1. – 340–346 б.

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) // Абай: энциклопедия. – Алматы,1995. – 400–401 б.

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең) / құраст.Қ.Жарықбаев,С.Қалиев. – Алматы,1994. – Т.1 155–157 б.

Махамбет (1804 – 1846) // Тарақты А. Қазақтың әйгілі күйшілері IX–XX ғғ. – Алматы, 1992. –10 б.

Махамбет Өтемісов // Қазақстан тарихының библиографиясы (Революцияға дейінгі дәуір) Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1979. – 786-790,793,796,800,813,814,816–820,823,825,826,847–855,858.

Өтемісов Махамбет (Ақынның туғанына 175 ж. толуына арналған әдеби –музыкалық композиция). – Алматы,1979 – 25 б.

Өтемісұлы М. (1804–1846) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Тарихи тұлғалар. –Алматы,1998. –Т.2. –102–103 б.

Өтемісұлы М. (1804–1846) // Жарықбаев Б., Қалиев С. Қазақ тәлім–тәрбиесі. – Алматы,1995. – 150–154 б.

Адамбаев Б. Алтын сандық: әдеби мақалалар / Б.Адамбаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 180–185 б. Жинақта «Махамбеттің Шонты биге айтқаны» деген жаңа табылған өлеңі берілген.

Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры: роман және әдеби зерттеулер / Б.Аманшин. – Алматы: Жазушы,1991. – 387 б.

Аманшин Б. Дауылпаз ақын // Махамбет. Жыр семсер. – Алматы, 1979. – 5 –14 б.

Досмұхамедұлы Х. Исатай–Махамбет. Махамбет жырларының тұңғыш басылымы / Х.Досмұхамедұлы. – Алматы, 1991. – 72–77 б.

Жұмалиев Х. Махамбет Өтемісұлы (1804–1846). Махамбеттің өмірі мен шығармасы туралы көпшілікке арналған ғылыми очерк / Х.Жұмалиев. – Алматы, 1948. – 112б.

Жұмалиев Қ. Махамбет Өтемісов / Қ.Жұмалиев // Сөз зергерлері. – Алматы, 1966. – 272–300 б.

Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы: Өмірі мен қызметі туралы қысқаша тарихи очерк / И.Кенжалиев. – Алматы, 1978. – 127 б.

Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы / И.Кенжалиев. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 104 б.

Қозыбаев М. Жыр құдіреті (Махамбет туралы сыр) / М.Қозыбаев // Жауды шаптым, ту байла. – Алматы, 1994. – 121–125 б.

Қорқытов Б. Дара да дана тұлға: М.Өтемісұлы туралы / Б.Қорқытов // Атырау билері мен батырлары. – Алматы, 1993 – 47–50 б.

Рязанов А. Исатай Тайманов көтерілісі / ауд.М.Неталиев / А.Рязанов. – Алматы Қазақстан, 1996. – 176 б. Кітапта М. Өтемісұлы туралы деректер бар.

Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры / Ж.Тілепов. – Алматы: Білім, 1995. – 192 б.

Тілепов Ж. Махамбет пен Шернияз / Ж.Тілепов // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы, 1988. – 322–349 б.

* * *

Ақтажиева М. XXI ғасыр Махамбеті / М. Ақтажиева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2017. – № 9. – 132–139 б.

«XXI ғасыр Махамбеті» атты танымдық кеш.

Дүйсенбаева Ж. Қызғыш құс / Ж.Дүйсенбаева // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 1. – 110–115 б.

Махамбет өлеңдері туралы.

Кекілбайұлы Ә. Наркескен: Деректі тарихи баян / Ә.Кекілбайұлы // Таң–Шолпан. – 2003. – № 6. – 8–63 б.

Махамбет және қазақтың ұлт–азаттық қозғалысы.

Қазақ әдебиетінің классиктері=Классики казахской литературы // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005. – 15 ақпан.

Махамбет Өтемісұлы (1803–1846).

Құлияс Т. Махамбеттің соңғы сөзі / Т. Құлияс // Егемен Қазақстан. – 2018. – 1 наурыз.

Махамбет Өтемісұлының қазасы туралы.

Қылышбаева Г. Махамбет жырларының ұлттық мұраты – «Азаттық. Тәуелсіздік. Мәңгілік Ел» / Г. Қылышбаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2016. – № 9. – 23–26 б.

Мәмбетзаева Г. Махамбет өлеңдерінің талдамасы (2 сағат) / Г. Мәмбетзаева // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2014. – № 5. – 81–87 б.

Махамбет Өтемісұлының шығармашылығын оқыту.

Тәжіғалиева А. Баба биігіне тағзым /А.Тәжіғалиева // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 21 қыркүйек.

Махамбет Өтемісұлы туралы.

Шамғонов А. Исатай–Махамбет көтерілісі хақында / А. Шамғонов // Отан тарихы. – 2015. – № 4. – 50–59 б.

Шотанов Қ. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс / Қ. Шотанов // Жалпы тарих және құқықтану мектепте, колледжде және ЖОО–да=Всеобщая история и правоведение в школе, колледже и ВУЗ–е. – 2015. – № 2–3. – 10–12 б.

Тарихшы, әдебиетші
Мұхаммед Хайдар Дулатидің
туғанына **525 жыл (1499-1551)**

Дулати Мұхаммед Хайдар Ташкентте дүниеге келіп, Үндістандағы Кашмир уалаятында қайтыс болған. Мұхаммед Хайдардың балалық шағы Мұхаммед Шайбанидың өзбек көшпенділ Дулати ері қысымшылығымен Орта Азиядағы Темір әулетінің мемлекеті өмір сүруін тоқтата бастаған кезеңінде, Моғолстанның күйреуі мен Қазақ хандығының өрлеген тұсында өтеді.

Бабырдың сөздері байынша, Мұхаммед Хайдар Дулатидің бойында энциклопедиялық білім болған. Ол барлық саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді, саяси қайраткерлерді де білетін. Ол Моғолстан, Орта Азия мен Қазақстанның, әсіресе дулат тайпасының феодалдық бөлігінің тарихын жетік білген. Ол «Тарих–и Рашиди» және «Джаннама» атты еңбек жазған. Даңқын дүние жүзіне әйгілі еткен «Тарих–и–Рашиди» деген еңбегі. Бұл қазақ тарихы туралы жазылған алғашқы төлтума. Орта ғасырлардағы қазақтардың көшпелі тұрмысы мен шаруашылығын, саяси тіршілігін нақтылы келтіріп, маржандай тізіп жазған. Қазіргі кезде бұл еңбек мәдениетті елдердің біразының тіліне аударылып, дүниежүзілік әдеби мұраның алтын қорына еніп отыр. 1999 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде Ташкент қаласында аталып өтілді. Тараз қаласында ескерткіш қойылды. Тараз мемлекеттік университетіне Мұхаммед Хайдар Дулати есімі берілді. Ұлы ғұламаға арналып бірнеше ғылыми конференциялар өткізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Дулати М.Х. Тарих–и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.

Дулати М.Х. Тарих–и Рашиди / парсы тілінен аударған М.Қазыбек, Ә.Нұрғалиев / М.Х.Дулати. – Алматы: Мирас, 2015. – 768 б.

Ол туралы:

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Түркістан: халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2000. – 493–494 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Тарихи тұлғалар. – Алматы: Алматыкітап, 2005. – 80–81 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати // Қазақстан: ұлттық энциклопедия.— Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. — Т.6.— 635 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: халықаралық ғылыми–теориялық конференцияның материалдары. — Алматы: Қазақ университеті, 1999. — 276 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. Тарихи тұлғалар. — Алматы, 1998. —Т.2. —64–66 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Қазақтың тәлімдік ой–пікір антологиясы. (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең) / құраст.Қ.Жарықбаев,С.Қалиев. —Алматы,1994. — Т.1 .—136–137 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Ұмытылмас есімдер / құраст.Б.Ысқақов. — Алматы,1994. — 86–96 б.

Дербісәлиев Ә. Тарихтан сыр тартқан: Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) / Ә.Дербісәлиев // Дала даналары / құраст.Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы, И.Тасмағамбетов, А.Құдабаев. — Алматы, 2001. — 248–257 б.

Көмеков Б.Е. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих, тұлға, уақыт / Б.Е.Көмеков, Б.Кәрібаев. — Алматы: Аруна, 2004. — 96 б.

Қазақ хандары және М.Х.Дулати // Молдақасов Р.Б. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой–пікірлер. Қазақ және шетел педагогика тарихы пәніне қосымша оқу құралы. — Тараз, 2000. — 4–9 б.

Қожабекұлы Б.А. Мұхаммед Хайдар Дулати (ғылыми–зерттеу мақалалар мен тарихи эсселер) / Б.А.Қожабекұлы. — Алматы: Ататек, 2000. — 312 б.

* * *

Әбдезұлы Қ. «Жаһаннаме» дастаны әсіресе түркілік рухтағы халықтардың жан дүниесіне терең әсер етеді // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. — 2003. — № 5 (65). — 38 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) туралы.

Байсерке Л. «Тарих–и Рашиди» қазақ тілінде / Л.Байсерке, Б.Әбділдаұлы // Егемен Қазақстан. — 2003. — 19 желтоқсан.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих–и Рашиди» еңбегін аудармашы Ислам Жемей қазак тіліне аударды.

Дербісәлиев Ә. Жақсыдан қалған жәдігер (Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһаннаме» поэмасы жайлы) / Ә.Дербісәлиев // Ақиқат — 2001.— № 3.— 46–58 б.

Дербісәлиев Ә. Талғам тарланы (Мұхаммед Хайдар Дулати Орта Азияның VI–XVI ғ.ғ. әдебиеті мен мәдениеті, ғылымы мен өнері туралы) / Ә.Дербісәлиев // Парасат. — 2001. — № 5. — 2 – 4 б.

Жалбағай Ә., Рамазан Т. Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Әлем әдебиеті. — 2013. — № 3. — 191–213 б.

Жарықбаев Қ. Мұхаммед Хайдар Дулатидің психологиялық идеялары / Қ.Жарықбаев, Г.Айтжанова // Білім. — 2006. — № 3. — 75–78 б.

Кенжебаев Т. М. Х. Дулатидің тарихи мұрасындағы педагогикалық ой-пікірлер / Т.Кенжебаев, Р. Молдакасов, И. Сусаев // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2000. – № 3. – 130–133 б.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.

Қазыбек М. Мұхаммед Хайдар Дулати // Ана тілі. – 2012. – № 24 (1125). – 14–20 маусым. – 6–7 б.

Қазыбек М. Тарихи сабақтастық арналары (Төле би Мұхаммед Хайдар Дулатиді білген бе?) // Түркістан. – 2013. – 12 желт. – 14 б.

Қалиева М. М. М.Х.Дулат және оның «Тарих–и Рашиди» еңбегі (Ресей және Орта Азия ғалымдарының еңбектерінде) // Қазақ тарихы. – 2009. – № 3 (96). – 7–9 б.

Қозыбаев М. Алтын көпір (Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати дала өркениетінің шежірешісі) / М.Қозыбаев // Парасат. – 2000. – № 1. – 10–12 б.

Қойгелдиев М. «Тарих–и–Рашиди» және «Қазақ мәдениеті» (тарихи сабақтасты мәселелері) / М.Қойгелдиев // ҚазМҰУ–ң хабаршысы. Ақпарат сериясы. – Алматы, 2000. – № 1. – 7–32 б.

1999 ж. 3–4 маусым «Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы» деген атпен халықаралық ғылыми–теориялық конференция өткізілген, сондағы мақаласы.

Мұқай Ө. Дулати туған тілінде сөйлейді!: Алматы қ. Достық үйінде орта ғасырлық саяси тұлға, көрнекті қайраткер, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһаннаме» дастанының тұсаукесері өтті / Ө.Мұқай // Алматы ақшамы. – 2007. – 24 мамыр.

Мырзабеков Б. Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасы – ұлттық байлығымыз / Б.Мырзабеков, Д.Жолдасов // Ақиқат. – 2000. – № 6. – 56–65 б.

Мырзахметұлы М. Қазақстанда дулаттану саласында тұңғыш үн көтерген Шоқан Уәлиханов // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам.– 2013. – № 5 (65). – 52 б. Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551).

Негимов С. Дулатидің көсемдерге қатысты ой-пікірлері / С. Негимов // Ақиқат. – 2008. – № 10. – 65–66 б.

Мемлекет қайраткері, оқымысты Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих–и Рашиди» шығармасы туралы.

Омарханұлы Қ. Хұдайдад Алланың рақымы жауған бұл бабамыз кім? / Қ.Омарханұлы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 25 шілде.

Мұхаммед Хайдар Дулати туралы.

Өтениязов С. Шоқан Уәлиханов және «Тарих–и Рашиди» // Ана тілі. – 2014. – № 35 (1241). – 4–10 қырк. – 9 б.

Пищулина К. «Тарих–и Рашидидің» тәржімесі туралы / К.Пищулина, Н.Атығай // Қазақ тарихы. – 2004. – № 4. – 129–133 б.

Халықаралық конференция өтті // Қазақ тарихы. – 2000. – № 1. – 53 б.

М. Х. Дулатидің туғанына 500 жыл. Алматыдағы Ғалымдар үйінде өткен конференциядан.

Мазмұны

2024 жылға арналған білім беру саласындағы атаулы даталар күнтізбегі.....	3– 21
Айы мен күні белгісіз 2024 жылы аталатын даталар.....	21–22
Қазақстан Республикасы білім саласындағы маңызды оқиғалар.....	22–24
Атаулы даталарға қысқаша анықтама және әдебиеттер.....	24–282

**2024 жылға арналған білім беру саласындағы
атаулы даталар күнтізбегі
(Библиографиялық ұсыныс көрсеткіші)**

Құрастырушы: **Клара Жұмағалиқызы Иманбекова**

Жауапты редактор: **Алия Шуратқызы Сайдембаева**